

Қырықбай Аллаберген

ТАРИХ ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ
(Қазақ мерзімді баспасөзінде тарихтың
«ақтаңдақ» мәселелерінің жазылуы).

БІРІНШІ КІТАП

УДК 070

ББК – 76.02

А – 44

**Пікір жазған: филология ғылымдарының докторы, профессор
Сейфидин Сүтжанов.**

Қырықбай Аллаберген

**Тарих және баспасөз (Қазақ мерзімді баспасөзінде тарихтың
«ақтандақ» мәселелерінің жазылуы). – Бірінші кітап.**

**С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің «Кереку» баспасы, 2009 жыл, 148 бет.**

ISBN

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қырықбай Аллабергеннің бұл зерттеу монографиясының бірінші кітабында XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың соңына дейінгі аралықта Қазақстанның түрлі қалаларында әртүрлі бағытта шығып тұрған «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» және тағы да басқа газет-журналдарда қазақ халқының тарихына, әдет-ғұрпына, отырықшылық, егіншілік, жер мәселелеріне арналып жарияланған «тарихтың ақтандақ мәселелеріне» бүгінгі күн тұрғысынан баға беріледі. Кітап жоғары оқу орындарының тарих, филология және журналистика факультеттерінің оқытушылары мен студенттеріне және көпшілік оқырман қауымға арналып жазылған.

ISBN

ББК –

Алдабергенов Қ.

АЛҒЫ СӨЗ

2010 жылы қазақ мерзімді баспасөзінің тарихына 140 жыл толады. Бұл Еуропа елдерінің журналистикасымен салыстырғанда онша көп те емес. Бірақ, осы кезеңдердің өзі біздер үшін әлі де болса қыры мен сыры толық ашылмаған, құпиясы мол қамал болып отыр. Оның себебі көп. Ең бастысы XIX ғасырдың екінші жартысында шыға бастаған қазақ тіліндегі газет-журналдардың тарихы өткен XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қана зерттеле басталғандығы белгілі. Оның өзінде бұл зерттеулер бір жақты болды. Кеңес өкіметінің сойылын соқты. Патшалы Ресей тұсында шыққан басылымдар буржуазиялық, Алашорда кезінде шыққан газет-журналдар ұлтшыл делініп жеті қат жер астына тығылды. Көпшілігі жыртылып, өртеліп, келмеске кетті. Аман қалғандары басқа елдердің меншігіне айналып, өзімізге қайтарылмай отыр. Оның үстіне жоғарыда айтқанымыздай Кеңес үкіметі кезеңінде біздер өз халқымыздың тарихын жартылай бұрмаланған күйі оқып келдік. Оған біздер ешкімді кінәлай алмаймыз. Себебі, заман солай болды. Бір жақты идеология мен кеңестік саясат екі қолымызды жіпсіз байлап, өткен-кеткен тарихымызды тереңінен зерттеуге мүмкіндік бермеді. Ал, егер оған бел буғандар болса, қуғынға ұшырап, жер аударылды.

Міне, кеңес үкіметі тұсында «Қазақ баспасөзіндегі «ақтаңдақтар» мәселесін» жазу, оны болашаққа жеткізу жайлары осындай болды.

Алайда, кеңес үкіметі тұсында да бұл тақырыпқа арналып шыққан талай құнды зерттеулер мен монографиялар бар. Мәселен, М.Әуезовтың «Әдеби мұра және оны зерттеу» [1], С.Мұқановтың «Халық мұрасы» [2], Б.Кенжебаевтың «Сұлтанмахмұтты зерттеу, тану мәселесі», «Қазақ баспасөз тарихынан мәліметтер», Қ.Бекхожиннің «Қазақ баспасөзі тарихының очеркі» және т.б.. [3]

1917 жылғы Қазан төңкерісінен соң қазақ жерінде де Кеңес үкіметі орнады. Содан 79 жыл бойы біздер біржақты идеологияның құрсауында болдық. Социализм дәуірінде мәдениетіміз бен әдебиетіміз қарыштап алға кеткенімен, солақай саясаттың «ақтаңдақ» тұстары да көп болды. Олар осы кезең аралығында Қазақстанда болып өткен жаппай ашаршылық пен репрессия, Ұлы Отан соғысының қаратүнек жылдары, «Ұлтшылдық сарынға қарсы күрестің» құрбандары, тың игеру зардаптары, 1986 жылғы желтоқсан ызғары...

БІРІНШІ БӨЛІМ
ҚАЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІНДЕ ТАРИХТЫҢ
«АҚТАҢДАҚ» МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЖАЗЫЛУЫ

БІРІНШІ ТАРАУ

**«Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті»,
«Торғай газеті» қазақ халқының саяси және
әлеуметтік-экономикалық мәселелері туралы**

XIX ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап Қазақстанда мерзімді баспасөз дүниеге келіп, жазба мәдениеті жаңа және ескі араб әрпі негізінде даму кезеңін бастан кешірді. Осы дәуірде (1870-1917 жылдар) үш ұлы ағартушымен қатар және олардың соңын ала өмір сүрген әдебиет, мәдениет, ғылым қайраткерлері Шоқан, Ыбырай, Абай дәстүрін аттап өткен жоқ. Қайта олардың қызметіне әлгі үш тұлға құбылнамадай жол көрсетті.

Орта Азия баспасөзінің тұңғышы болып саналатын «Түркістан уалаятының газеті» XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында дүниеге келгендігі мәлім. Анығына көшсек бұл басылым 1870-1882 жылдары қазақ тілінде Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы Ташкент қаласында патша үкіметінің ресми газеті «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде шығып тұрған. Онда негізінен қазақ халқының тұрмысы, тарихы, экономикасы жайындағы материалдар басылған.

Кезінде «Туркестанские ведомости» газетінің бас редакторы болған зерттеуші, ғалым Н.П.Остроумов «Түркістан уалаяты» газетінің Орта Азия халықтарының мәдени өміріндегі алатын орны ХҮІІ ғасырда бірінші Петрдің «Ведомствосы» Ресей үшін қандай болса, сондай болып отыр деген пікірді айтқан».

Осы және XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ тілінде шығып тұрған басқа да газет-журналдар туралы қазақ баспасөзінің зерттеушісі, профессор Х.Бекхожиннің көп жылдық зерттеу еңбектерінде жан-жақты жазылғандықтан және екінші бір ғалым Ү.Сұбханбердина құрастырған «Қазақтың революцияға дейінгі мерзімді баспасөзінің материалдары» атты екі кітаптан тұратын библиографиялық еңбегінде (1961, 1963 жылдар) толық сипаттама берілгендіктен біздер бұл тарауда оқырмандардың назарын өткен ғасырда шыққан орыс басылымдарының материалдарына да

аударғымыз келіп отыр. Себебі, жоғарыда айтқанымыздай тек «Түркістан уалаятының газетінде» ғана емес, сонымен қатар «Туркестанские ведомости» газетінде де Ш.Уәлиханов еңбектерінің ізімен жарияланған материалдар баршылық болатын.

Орыс ғалымдары және жергілікті ұлт арасынан шыққан ғылым қайраткерлері шығыстануға байланысты мақалалар, ғылыми еңбектер жазғанда Ш.Уәлихановтың шығармаларымен жақсы таныс болғандығы байқалады. Мысалы, орыс шығыстану мектебінің негізін салушы В.В.Бартольд, белгілі ғалым Ә.Диваев, Н.Пантусов, Н.Остроумов, И.Кастаньенің еңбектерінде Ш.Уәлихановтың зерттеулеріне сілтеме жасалынады.

Қазақ баспасөзінің қарлығашы «Түркістан уалаяты газетінің» редакторларының бірі – И.Ибрагимовтың «Қазақ тұрмысының очерктері» деп аталатын этнографиялық циклды мақалалары 1870 жылы «Русский Туркестан» жинағында, 1876 жылы «Древняя и Новая Россия» журналында жарияланған. Ал, оның 1878 жылы Санкт-Петербургтен жарық көрген «Қырғыз соты туралы заметкалар» атты жеке еңбегі Ш.Уәлихановтың «Сот реформасы туралы жазбалар» атты публицистикалық эпистолярлық үлгісіне жататын хатының заңды жалғасы дерлік дүние.

Осы орайда «Түркістан уалаяты газетінің» негізгі редакторы Ш.Ибрагимовтың «Қырғыз даласының молдалары туралы» очеркін айрықша атауға болады. Еңбекте Қазан татарларының қазақ арасына кіріп, аярлықпен байып алып, момын халықты қанау жолдары әшкереленеді.

Белгілі ғалым, шығысты зерттеуші И.Кастаньенің 1911 жылы Орынборда «Қырғыз даласының бейіттері» деген еңбегі жарық көрді. Осы зерттеудің оқылған әдебиеттер көрсеткішінде Ы.Алтынсариннің Императорлық Орыс География қоғамының Орынбор бөлімшесінен 1870 жылы жарық көрген «Орынбор ведомствосы қырғыздарының құда түсу, қыз ұзату және өлген адамды жерлеу, оны еске түсіру ғұрпының очерктері» мақаласын бірінші қойған И.Кастанье өзінің шығармасын тікелей Ы.Алтынсариннің ізімен жазған.

А.С.Пушкиннің «Капитан қызын» алғаш рет қазақ тіліне аударған М.Бекімовтың «Ташкентский курьер» журналында «Қазақтағы бақсылықтың қалдықтары» мақаласы жарияланған. Ол Ш.Уәлихановтың шаман дініне байланысты айтқандарын түгелдей қостай отырып, материалының тақырыбын Шоқанның еңбегімен ұйқастырып қойған.

Қазақтың белгілі ағартушыларының өз халқының алдына қойған ең өзекті проблемалары орысша оқу, өнер-білім үйрену, отырықшылыққа шақыру, елді қалайша дұрыс билеуге болады, қазақ тілінің тазалығын сақтау мәселелерінде «Дала уалаятының газеті» (1888-1902) «Түркістан уалаяты газетінің» ағартушылық жолын жалғастырушы, оны байытушы болды.

Басқа басылымдар сияқты «Дала уалаятының газетінде» де ресми және ресми емес бөлімдер болды. Ресми емес бөлімінде ұдайы көпшілікке пайдалы, ғылым-білімге қатысы бар материалдар жарияланды. Патша үкіметі тарапынан шыққан газет болғанымен, саяси қуғын көрген, бостандықты аңсаған адамдардың ықпалында болды. Олар, яғни Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцев, Л.К.Чермек бұл басылымның халықтық сипат алуына көмектесті. «Дала уалаятының газетінде» Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев жөнінде мақала, хабарлардан басқа Абайдың өз шығармалары да басылды. «Күлембайға» («Болыс болдым, мінекей») деген өлеңі біраз өзгерістермен жарияланды. 1888 жылы мамыр айында Ақшатау деген жерде Семей облысы мен Жетісу облысының төтенше съезі болғанда «бір уездің ел билеушілерінің съездегі түрі» деген кіріспе сөзбен авторы көрсетілмей жарияланған. Абайдың «Жазды күн шілде болғанда» атты екінші бір өлеңі «Семей уезі Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбай ауылының Бақанас өзенінде Көпбейіт деген жерде қонып жатқандағы түрі» деген атпен соңынан Көкбай Жанатайұлының қолы қойылып басылған.

«Дала уалаятының газеті» Шоқан туралы да арнайы материалдар жариялап, онда Шоқан Уәлихановтың «Жоңғария уалаятын һәм Қытайдағы Нань-лу уалаятына қараған күншығыстағы алты шаһардың мән жайын баян етіп жазған еңбегін патша құзіретінің дүние ғылымын басқарып тұратұғын мекемесіндегі Россия хүкім иелері басып шығарғанын және бұл ғылым иесі, парасатты қазақтың жазғандарына олардың рас жаны ашып, ықыласын қойғандарын» айтады [4]. Тағы да «Шоқан Уәлиханов өзінің Орта Азиядан жинаған халықтардың мінез-әдеттерін баян ететұғын ғылымдарға керекті нәрселердің көбін жаза алмастан кетті...», -деп жазды [5].

Бұл айтылған пікірдің Шоқан дәстүріне адалдығын айтпағанның өзінде, қазақ зиялылары Ш.Уәлихановтың 1861 жылы Орыс География қоғамы жазбаларының үшінші кітабында жарияланған «Алты шәрдің немесе қытайдың Нян-лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жағдайы туралы» еңбегімен жете таныс болғанын байқатады [6].

«Дала уалаятының газетінде» бұдан басқа әдебиеттің даму жолы, тіл тазалығы, қазақ тілін орыс алфавитімен белгілеу мәселесі ерекше талас туғызды [7]. Шоқан мен Ыбырайдың идеясын жақтаушылар, әсіресе Дінмұхамед Сұлтанғазин (Шоқанның туысы) мен Асылқожа Құрманбаевтың мақалаларында айқын сипатқа ие болды. Д.Сұлтанғазин бұл тақырыпқа көлемді-көлемді, әрқайсысы газеттің екі нөміріне жарияланған «Біздің қазақ тілі турасында бес-алты сөз», «Қазақ тілінше жазу туралы» атты материалдарын арнады.

Қазақ тілінің басқа түркі тілдерінен өзіндік ерекшелігін саралай келіп Дінмұхамед қазақ тілінде араб, парсы тілінен енген сөздер бар, сол сөздерді қалай жазу керек деген мәселеге тоқталады. Шеттен кірген сөздерді қазақтың әдетінше жазу керек дейді. Мысалы, арабша «ғұлама» деп жазу керек, яғни қазақтар қалай сөйлесе, солай жазу керектігін айтты [8].

«Басқалардың істеген ісін меңгеруде және олармен қатарласып жүру үшін барлық мүмкіншіліктерді пайдалану керек. Бұл жәйтті «Дала уалаяты газетінің» құрылғандығынан-ақ байқауға болады [9]. Сөз жоқ, көшпелі халықтардың көпшілігі газеттің қаншалықты пайдалы екендігін жақсы білетін болды, әсіресе қазақтар. Барлық сауатты адамдардың, ақындардың, жыршылардың, қолынан хат жазу келетіндердің барлығының оқырмандардың санасын ояту үшін газет ісіне ат салысады деп сенеміз» деген ой білдірді одан әрі Д.Сұлтанғазин өзінің «Кейінгінің камын ойлап жазылған ақыл» атты мақаласында [10].

Бұл үндеудің нәтижесін Мәтен Ботбаев пен Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің айтысынан, ескі өлең-жыр, аңыз-ертегілерді редакцияға жіберіп отырушылардың хаттарынан көруге болады.

«Дала уалаятының газетінде» жоғарыда аталған Д.Сұлтанғазинмен қатар көрінген, онымен идеялық көзқарасы сәйкес келген көрнекті публицистердің бірі – Асылқожа Құрманбаев еді.

Қазақ ағартушылары өз халқына көшпенділік тұрмыстан отырықшылыққа ауысудың барынша қажеттігін айтқан болатын. Осы орайда Ы.Алтынсариннің де «Оренбургский листок» газетінде отырықшылық, егіншілікпен айналысу жайында бірқыдыру материалдары жарияланғаны мәлім. Сондай-ақ, «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесінде де осы егіншілікпен айналысу мәселесіне тоқталады. Осы тақырып «Түркістан уалаятының газетінде» де маңызды орын алған болатын. Ал, А.Құрманбаевтың осы мәселеге арнап жазып «Дала уалаятының газетінде» жариялатқан шығармалары, қыр қазақтарына нақты кеңестер беріп, егіншілікпен айналысу, кездейсоқ жұтқа, не

ашаршылыққа мойынсұнбайтындығын, әрі шаруалар арасында ынтымақшылдық пайда болып, үстем тап өкілдерінің қоқан-лоқысына тегеурінді қарсылық көрсетуге мүмкіншілік туатындығы жайлы мәселелерге арналды.

Ы.Алтынсарин дәстүрі мен «Дала уалаятының газетін» сөз еткенде біз Ыбырай дәстүрін мықтап ұстанған Рақымжан Дүйсенбаев есімін атамай кете алмаймыз. Ол «Қызылжарда деп қазақ газетінің тоғызыншы нөміріне басылған хатқа жауап» атты мақаласында [11] көшпенділіктің құрсауындағы ұлттық артта қалушылықты сынап, егіншілікпен, қолөнермен айналысу туралы мәселе көтерсе, «Қаріп турасының сөзі» мақаласында қазақ тілінің тазалығын проблема етіп көтереді.

«Дала уалаятының газетінде» ең өнімді еңбек еткен тілшілердің бірі – Қорабай Жапанов. Оның мұнда 17 материалы жарық көрген. Қ.Жапанов басылымда Ыбырай, Абай дәстүрін публицистикалық тұрғыдан жалғастырушылардың бірі болды деп мақтанышпен айта аламыз. Ол партияға бөлінген жікшілдік, ру таласы туралы, егін шаруашылығымен айналысу, қазақ даласына капиталистік қатынастардың кіре бастауы, теміржол құрылысының пайдалылығын, сот, әкімшілік мәселелері, оқу-ағарту және медицина мәселелері туралы қадау-қадау проблемаларды қаламының ұшына іліктірді.

Қазан төңкерісіне дейінгі ағартушылар тобының ірі өкілдерінің бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев еді. Оның жазғандарының үлкен қоғамдық сипаты болды. М.Ж.Көпеев бізге негізінен ақын ретінде белгілі. М.Ж.Көпеев философ жөнінде Қ.Бисембиевтің монографияларында егжей-тегжейлі зерттелген. Енді ол публицист ретінде әлі де болса зерттей түсуді қажет ететін сияқты. Себебі, оның тек «Дала уалаятының газеті» мен «Айқап» журналында ғана жиырмадан астам дүниелері жарияланған. Осыншама еңбектің тең жарымы мақала, очерк, корреспонденция екен.

М.Ж.Көпеевтің «Дала уалаятының газетіне» үлкен ықпалы болған. Ол «Баянауылдан» [12] деген мақаласында Баянауылдағы ел басқару мәселесін айта келіп, «Дала уалаяты газетінің» маңызына былай деп тоқталады: «Біз газетке бір-бірімізді жаңа мәліметтермен, шындықты ашып көрсететін деректермен толықтыратын материалдар ұсынуымыз керек. Осындай жолмен газетімізді дамытуға ұмтыла отырып және металдарды керексіз қоспасынан арылтқан сияқты шындық пен өтірікті шендестіре отырып, біз ақыл-ойдың абзал қасиетінің салтанат құруын жеделдетуге тиіспіз» [13].

Қазақ тілінің грамматикасы мәселесіне арнап ол «Түрік лұғаты журналындағы сөзге» атты сын мақала жазды. Онда араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздердің қалай жазылуы керектігін айта келіп, қазақ тілін көздің қарашығындай сақтау керек деп қорытады. «Әгәр араб-парсы әдісімен жазар болсақ, онда біздің сезіміміз халық үшін жетімсіз әрі пайдасыз болар еді. Міне, сондықтан да біз таза қазақ тілімен жазуымыз керек».

Патша өкіметінің қатал цензурасы өз тарапынан жария түрде шыққан газетте әлбетте, өзіне қарсы пікірлерге жол бермейді. Осы қысымшылық «Дала уалаятының газеті» қызметкерлеріне, тілшілерінің еркін көсілуіне, өз ойларын ашық және айқын білдіруіне мүмкіншілік туғызбады. Осындай жағдайға қарамастан «Найманның жеті атасынан билік үзілмегендерді баян қыламыз» деген Демеубай ақынның өлеңін сынауы Мәшһүр Жүсіптің бұқара халықтың мұңын жоқтаған ақын, публицист екендігін шегелей түседі.

М.Ж.Көпеев әйел теңдігі мәселесіне біраз мақалаларын арнады. Оның өзіндік ой-пікір, тұжырымдарына таң қалмасқа болмайды. Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов қазақ қыздарының теңсіздігін үлкен әлеуметтік зиян деп тауып, одан құтылудың сол кезге сай жолын іздеген болатын. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында ерекше сипат алған осы өзекті мәселеге ақын, жазушы, әдебиетші, публицистердің бәрі үн қосты.

Қазақ қыздарының тең хұқылыққа қолы жете бастауы, оларды оқыту мәселесі Ы.Алтынсарин тұсында біраз алға жылжыды. Ы.Алтынсариннің «Орынбор ведомствосы қырғыздарының құда түсу, қыз ұзату және өлген адамды жерлеу, оны еске түсіру ғұрпының очеркі» деп аталатын этнографиялық еңбегінде қазақ қыздарының феодалдық-рулық қатынастар мен надандыққа байланысты әдет-салттарының құрбаны болып келгенін ашына жазған болатын.

М.Ж.Көпеев Шоқан, Ыбырай еңбектерін қандай бір жағдайда болса да сөзсіз оқыған деп айта алмаймыз, бірақ қоғамдық жағдайдың өзі тудырған осы мәселенің төңірегіндегі олардың ой үндестігі байқалады.

Ұлы Абай қазақ қыздарының әр алуан ғажап бейнелерін жасаумен бірге, әйел теңсіздігін туғызып отырған феодалдық салт-сананы да аяусыз әшкерелеп, сынаған десек, М.Ж.Көпеевтің де осы мәселе жөнінде ұстанған бағыты Абай пікірімен төркіндес.

Мәшһүр Жүсіптің «Тұрмыс жайында болған хабарлар» [14] тақырыбымен жарияланған мақаласының педагогикалық маңызы ерекше

дерлік. Мұнда негізінен әйел теңдігі мәселесі қозғалса да, соның төңірегінде тұрмыс жағдайының әлеуметтік сырына терең талдау жасалады. Білімді ерімен қатар әйелі де үйренуі керектігін, ақылды, білімді, әдепті әйелден туған баланың да жақсы болатынын, оның дұрыс тәрбиеленетінін, «адамның білгіш, өнерлі болуына әуелі ата-ананың жақсылығы себеп» екендігін, құда түсудің зияндылығын айтады.

«Дала уалаятының газетінде», «Айқап» журналында жарияланған, әр саланы қамтитын материалдарын оқи отырып, біз М.Ж.Көпеевтің өз кезеңінде қоғамдық өмірге белсене араласқанын аңғарамыз.

1869 жылдың 2-қаңтарында Орынбор және Сібір ведомствосына қарайтын территория қайта құрылып, Торғай облысы атала бастады. Құрамына 4 уезд, 28 болыс енген облыс сол кездегі Қазақстанның біраз жерін алып жатты.

Ал, 1879 жылы осы облыстың орталығы Орынбор қаласында облыстық басқарманың газет столы құрылып, оның ресми органы «Тургайские областные ведомости» газеті шыға бастады. 1895 жылдан бастап бұған қосымша «Тургайская газета» деген атпен ресми емес бөлімі басылып, ол 15 жылдай өмір сүрді. «Торғай газетінде» Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің өмір жолымен, қызметімен таныстыратын материалдар берілді.

«Торғай газеті» көпшілікке пайдалы, маңызды деген мәселелерді қазақ және араб әріптерімен теріп, оқырмандарына ұсынып отырды. Әсіресе, сол кездегі жұтқа, түрлі індетке байланысты хабарлар, қоғамдық қатынастарды сынайтын фельетондар, халық ауыз әдебиетінің үлгілері үлкен сұранысқа ие болды.

Орыс алфавитін икемдеп, таза қазақ тілінде материалдар жариялау баспасөз тарихында алғаш рет осы «Тургайская газетадан» басталды. Орынборда шығатын бұл баспасөз органына басшылық жасаған адам Торғай облыстық басқармасы газет столының бастығы Ғ.Балғымбаев болды.

Ғ.Балғымбаев туралы деректі толық болмаса да Қазақ совет энциклопедиясынан алуға болады. Оның журналистік қызметіне байланысты энциклопедияда «Торғай облыстық ведомстволары» газетінің редакторы (1902 жыл)», - деген бір-ақ сөйлем жазылған[15].

Ғ.Балғымбаев тек әкімшілік жұмыспен ғана айналысып қоймай, өзі де газетке жиі мақалалар жазып тұрған. Сонымен қатар қазақ тіліндегі материалдарды орыс газеттеріне аударып беріп отырған.

Ғ.Балғымбаевтың публицистикалық қызметі «Тургайская газетаның» 1895 жылғы 45-нөмірінде «Қарабұтақтағы қыздардың орыс-қазақ училищесінің ашылуы» мақаласынан басталады.

Осы басылымның 1904 жылғы 48-нөмірінен бастап «Қырғыз тұрмысының очерктері» деген қосалқы тақырыпшамен жарияланған «Бесіктен молаға дейін» фельетоны көшпелі қазақ халқының денсаулық сақтау ісіндегі кемшіліктерді өлтіре сынап, олардың тұрмысы мен әдет-ғұрпының тозығы жеткен көлеңке жақтарын әшкереледі.

1941 жылы жазып қалдырған естелігінде Ғ.Балғымбаев, Ы.Алтынсарин туралы қызықты, тың дерктер береді. Ол Ы.Алтынсариннің бай кітапханасы және онда Ш.Уәлиханов шығармалары бар жинақтың болғанын айтады. Сондай-ақ, Ы.Алтынсариннің «Оренбургский листок» газетінде «Қазақтың қайғысы» («Горе киргиза») атты мақаласы 1879-1880 жылдардың аралығында басылғандығын еске алады. Әрі осы материалдың зерттеушілердің назарына ілікпей келе жатқандығына өкініш білдіреді.

Орынборда 1887 жылдан 1917 жылға дейін бірден-бір үлкен ғылыми мекеме – Орынбор ғылыми Архив комиссиясы өмір сүрді және сол аралықта өздерінің 35 томдық еңбектерін жарыққа шығарды. Бұл – кезінде Ресейдің барлық ғылыми орталықтарымен толық байланыста болған, соның ішінде Орыс География қоғамымен тікелей қатынас жасасып, өте бай кітапханасы жасақталған мекеме болатын. Сондықтан да белгілі ғалымдар, журналистер, баспасөз қызметкерлері осы ғылыми ошақтың төңірегінен табылатын.

Қазақ халқының арасынан Ғ.Балғымбаев осы комиссияның (қоғамның) толық мүшесі болды. Жоғарыда аталған 30 том еңбектің бір томы тұтастай Орынбор баспасөзінің тарихына арналды. Комиссия сондай-ақ 1917 жылы жарық көрген соңғы шығармаларының бірін Орынбордағы оқу-ағарту, баспа, баспасөз ісіне бағыттады. Осы кітапта Ы.Алтынсариннің педагогтік қызметі өте жоғары бағаланды. Ең бастысы, комиссия еңбектерінің жартысынан астамы дерлік қазақ халқының мәдениет ескерткіштерін зерттеуге арналған. Мұнда Ғ.Балғымбаевтың ұсынысымен шағатай тілінен орысшаға тәржімаланған «Ақсақ Темір туралы аңыз» басылған.

ЕКІНШІ ТАРАУ

Қазақ тіліндегі алғашқы биресми газет-журналдар және онда қызмет істеген ірі тұлғалар

Қазақ тіліндегі ең алғашқы биресми басылым болып «Қазақстан» газеті саналады. Ол 1911 жылдың 16 наурызы мен 1913 жылдың шілде айларының аралығында – алғашқыда Ордада, одан соң Орал қаласында шығып тұрған. Бұл газеттің ресми редакторы Елеусін Бұйрин болған. Ол кезінде тек газет редакторы болумен шектелмеген. Өзі басқарып отырған басылымның неғұрлым халықтық болуы үшін күрескен. Газет маңына прогресшіл адамдарды топтастырып, олардың патшалық отаршылдық саясатына, байлардың өктемділігіне қарсы халық атынан жазған материалдарын ешбір өзгеріссіз, қорқынышсыз бастырып отырды.

Өзі де қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық, саяси қиындықтарына ой жүгіртіп, тұйықтан шығар жол іздеп, жұртшылықты бірлікке, еңбек етуге шақырған мақала, өлеңдер жазды [16].

Соның бірі Ғ.Қарашевпен бірігіп жазған «Баку» атты жолсапар очеркі еді. Онда авторлар Бакудегі қыздар училищесінде алған әсерлерін жалаң баяндап қана қоймай, сондай училищелердің қазақ жерінде де ашылып, жұмыс істеу қажеттігін мәселе етіп көтереді.

Сондай-ақ Е.Бұйриннің 1913 жылы осы «Қазақстан» газеті баспаханасынан өз халқын мәдениетті елдердің қатарына жетуге шақырған, 27 беттен тұратын «Ызың» атты өлеңдер жинағы жарық көреді.

Ғұмар Қарашев «Қазақстан» газетінің ең белсенді де, құрметті авторларының бірі болып саналады. Оның шығармашылық жолы өте күрделі. Ескішілікке кетпей үнемі ілгерілеп отырады. Ол өз дәуірінің ең жақсы, жаңашылдық армандарын мақтап қамти білген және оны өзінің шығармаларына арқау етіп, халыққа жеткізіп айта білген ақын.

Ғұмардың 1905 жылға дейінгі және одан кейінгі шығармаларының басты тақырыбы – патша үкіметінің отаршылдық қысымына қарсылық, қазақ халқының жақсы жер, ата қонысынан айырылғанын, саяси бостандықты аңсау, халықты ғылым-өнер жолына үндеушілік, елді билеу жүйесіндегі әділетсіздікті әшкерелеп, батыл сынау, әйел теңдігі мәселелері болып келеді.

Міне, осындай халқының әр нәрсеге енжарлығын, берекесіздігін түзеймін деп саналы күрес жолына түскен Ғ.Қарашевтің көзі тірісінде Уфа, Қазан, Орынбор қалаларында «Ойға келген пікірлерім»(1910),

«Өрнек» (1911), «Қарлығаш» (1911), «Бала тұлпар» (1911), «Бәдел қажы» (1913) прозалық шығармалары, «Аға тұлпар»(1914), «Тұрымтай» (1918) және т.б. кітаптары жарық көреді.

Сондай-ақ 1911-1913 жылдары оның «Қазақстан» газетінде түрлі тақырыптарға жазылған көптеген мақала, очерк, фельетон, өлеңдері жарияланады. Мысалы, «Бұл қай заман?» [17] деген мақалада тарихтың даму процесіне қысқаша шолу жасай келе, қазақ жастары ғылымның әр саласын жетік меңгерсе деген ниет, өсиет айтады. Онда ол: «Бізде бір қалыптасқан қате пікірдің барлығын, ол – біз ғылымды орыстікі деп бөлеміз, мейлі, солай-ақ болсын, онда басқа дін, жағрапия, тауарих, т.б. ғылымдарды басқа тілде оқыған күннің өзінде, мамандығын жақсы біліп, халқына жақсы пайда келтірсе болды емес пе?»- деген ой, тұжырымын айтады.

Екінші бір «Газет деген не зат?» атты мақаласында баспасөздің қажеттігі жайында оқырман қауымға: «Бізде бір ниет, бір тілекке жиятұғын зат – газет! Сол себепті газет біздің басшымыз! Газет біздің достар алдындағы – көркіміз! Дұшпандарға қарсы құралымыз» Газет біздің қараңғыда жарық беріп, тура жолға салатын шамшырағымыз», – деп түсіндірді.

«Қазақстанның» келесі авторы, қазақ халқының аяулы азаматтарының бірі, қоғам қайраткері, публицист Бақытжан Қаратаев. Бірақ, оның публицистік қызметі «Қазақстан» газетінен ертерек басталған. Себебі, Орынборда 1907 жылғы қаңтардың 4-інен сәуірдің 27-іне дейін шығып тұрған большевиктік «Орал» газетінде қазақ еңбекшілерінің орыс халқына жолдаған «Ашық хаты» жарияланған. Кезінде белгілі ғалым, қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші, профессор Б.Кенжебаев «Ашық хаттың» авторы Б.Қаратаев болуы мүмкін деген болжау айтқан болатын. Өйткені, «Ашық хат» жарияланғаннан кейін, Думаның 1908 жылғы шілде айында өткен мәжілісінде Б.Қаратаев сөз сөйледі. Ондағы айтылғандардың мазмұны «Ашық хатпен» үндес келеді.

«Ашық хатта» патша шенеуніктерінің қазақ еңбекшілерін ежелгі ата мекендерінен қуып, жерлерін тартып алғаны туралы мәселе қозғалған. «Біз жоғарыда жазылған сөздерді орыс халқына дұшпандықпен айтып отырғанымыз жоқ. Орыс халқы бізге дұшпан емес. Біздің бәріміздің дұшпанымыз бір, ол әуелден самодержавие дүр», – деп жер мәселесін әр халықтың мүддесіне сай шешуді талап еткен. Бірақ, Думаның олай шеше алмайтынын, патша өкіметі жойылмай жер мәселесінің халық талабына сай шешілмейтінін ашық айтқан.

Б.Қаратаев осы проблема төңірегінде екінші бір басылым «Айқап» журналының бетінде жарияланған «Шідерті болысы елінің отырықшы болып жер алулары» [18] атты корреспонденциясында: «Қара шекпендер қырық тоғыз қала салдырып алды. Қара шекпендерге ең жақсы, бірінші дәрежелі жерлер кетті. Жеті руға ең жаман жерлер қалды», - дей келіп, «көшпелі халық – қабір ұлы деген сөз бар», «көшпелі болмақ балиғилық емес, сәбилік белгісі дейді», - деп қазақ халқын отырықшылыққа шақырады.

Енді Б.Қаратаевтің «Қазақстан» газетінде жарияланған материалдарына келетін болсақ, онда әлгіндей айтқан тақырыбымыздың жалғасы ретінде оның «Азаматтарға бір-екі ауыз сөз» мақаласын алуымызға болады[19]. Ол «көшпелі» өмірдің дәурені өтіп бара жатқанын, көшпелі өмір және ескі әдеттер қазақты ғылым-білімнен артта қалдырғанын «балуан бірді, білімді мыңды жығатынын» айтып, жұртты отырықшылық өмірге бет бұруға, пайдалы кәсіппен айналысуға, балаларды оқытуға шақырады.

«Қазақстан» газетінде қаламын ұштап, оқу-ағарту мәселесіне байланысты проблемалық материалдарын жариялап тұрған, кейіннен ірі қоғам қайраткері, педагог атанған Сейітқали Меңдешевпен қатар Ғ.Мұсағалиев пен Ғ.Бердиевтер де болған. Мысалы, Ғабдолғазиз Мұсағалиев газетте Жетісу өлкесі бойынша меншікті тілші болып, қаражат жинаған, газеттің жұртқа таралуына көмектескен. Ол ашқан мектепте Ілияс Жәнсүгіров оқыған. Ал, Ғұбидолла Бердиев болса, Қазан университетін бітірген. «Қазақстан» газетінде бірнеше мақалалары жарияланған.

Келесі сөз 1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың қыркүйек айына дейін Троицк қаласында шығып тұрған «Айқап» журналында қызмет істеп, материалдарын жариялаған қазақтың игі жақсылары туралы болмақ. Ең алдымен айтарымыз бұл бейресми журналдың шығарушысы да, редакторы да қалың жұртқа танымал Мұхаметжан Сералин болды.

Ол өз басылымы үшін сол кездегі ең көкейкесті жайларға арнап, бас мақала жазып отырған. Мәселен, М.Сералин «Қазақ халқының мұқтаждығы» материалында жер мәселесі туралы проблема көтеріп, оны ауыл қазақтарына бөліп беру идеясын ұсынды.

«Айқап» журналында оның ірілі-уақты қырықтан аса мақаласы басылған. Бұл мақалалардың көпшілігі сол замандағы қазақ халқының саяси-шаруашылық, мәдени халі мен болашағы туралы жазылған. Оның бір еңбегінде бірнеше мәселені сөз ететіні де, әр түрлі тақырыпқа жазылған бірнеше мақаласының аттас болып келетіні де кездеседі.

Сондай-ақ ол мақалаларының көбіне саралап, арнайы ат қоймайды, көбін күнделік, хат сияқты етіп жазады.

М.Сералиннің «Қызмет иесі мырзаларға», «Қадірмен оқушыларға!», «Басқарушыдан», «Айқап», «Басқармадан» деген сияқты бірқатар мақалалары «Айқап» журналы туралы, оның мақсаты мен міндеттері туралы жазылған. Мәселен, ол өзінің жоғарыда аталған «Қызмет иесі мырзаларға» деген мақаласында: «Журнал шығарудағы мақсат, атақ шығару, білім сату емес, халыққа қызмет ету болады», – деп жазса, ал екінші бір «Құрметті оқушылар» атты мақаласында «Айқап» журналын жұрттың оқи бастағанына бір жыл толғанын, «Айқап» журналы жер мәселесі туралы жұрттың ойын қозғауға себеп болғанын халық соты, әйел теңдігі, балаларды оқыту, сайлауға таласудың зиянды жағы тәрізді зәру мәселелерді жазуды қолға алып отырғандығын айтты.

М.Сералин патша отарлау саясатының түпкі мақсатын дәл тани біліп, оны жұртқа дұрыс түсіндіруде де білгірлік танытты. Мәселен, оның мына пікіріне құлақ түрелік: «Соңғы он жыл ішінде үкімет ... қырғыз-қазақтарды отырықшы қылып өнер үйретейін, өнерге алғызайын, салдырап көшіп азап шеккенше отырықшы болып жан тыныштық қылсын деп емес, отырықшы болып 10-15 десятина жер алып, ала алмағандардың жерін кесіп алмақ» [20].

Бұдан басқа «Айқап» мемлекеттік Думаларға, Дума сайлауларына байланысты мақалалар жариялады. Қазақтарға да сайлау құқы берілуін, Думаға қазақтан да депутаттар сайлануын, онда халқымыздың көкейкесті мәселелерінің қаралып, шешімін табуын талап етті. Осыған орай М.Сералин «Айқаптың» 1912 жылғы үшінші санында «Юбилей туралы» атты мақала жариялап, онда Романов тұқымдарының патшалық құрғандарына 300 жыл толу мерекесіне қатысатын қазақ өкілдеріне мынадай тапсырма жүктеді:

1. Қазақтан Думаға депутат сайланатын болсын;
2. Қазақ жеріне енді шеттен көшпенділер келтіру тоқтатылсын;
3. Казак, орыс орналасқаннан қалған жер қазақ пайдасына берілсін;
4. Мал шаруашылығын жаңаша өркендетуге орыспен қатар қазақтарға да учаске болсын;
5. Қазақстандағы қазынадан сатылатын жерлерді орыспен қатар қазақтың да сатып алуына рұқсат етілсін;
6. Дін туралы, мектеп, медресе ашу туралы, халық сотын өзгерту туралы сұралсын.

Осы барған мырзалар өздерінің Петерборды көріп қайтқанына мәз болмай, азырақ халық пайдасы туралы оны-мұны ескеріп қайтса дұрыс болар еді. Кеңесіп, тиісті орындарға мұң-мұқтажымызды айтып, арыз ұсынса екен... Кезі келгенде мұқтажымызды сұрау өкімет алдында ешбір теріс болмас деп ойлаймын» [21].

Кеңес үкіметі тұсында «Айқап» журналын көтере мадақтауға жол бермей, оның редакторы М.Сералиннің атын да бірде айтқызып, бірде бұркемелеп келгендігі де біздің ойымызша осындай ашық пікірінен туған болуы керек.

«Айқап» журналы жұртшылықты Абайдан үлгі алуға, соның жолымен жүруге шақыра отырып, бұл жөнінде: «Біз Самарқан, Түркістан, Бұқара, Ташкент жағынан келген бас қатырғыш дін жаһиеттерінен арылып, енді Еуропа мәдениетіне суарылған өнерлі тілді жасалық. Ол өнерлі тілдің үлгісін бізге Абай берді. Абайдан үйренейік, одан соң сынаптай таза, күмістей кіршіксіз қазақтың ауыз әдебиетінен, бұрынғы сөз тапқыр шешен сөздерінен үйренейік», – деп жазды [22]. Бұл тұрғыда С.Торайғыровтың 1913-1914 жылдары «Айқапта» жауапты хатшы болып жүрген кезінде жазған «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Өлең және айтушылар», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» мақалаларын айтуымызға болады.

Әйел тендігі мәселесі де «Айқапта» ең өзекті тақырыпқа айналды, оны жаңаша көтерді. С.Торайғыровтың «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Өскемен уезінен», «Елден» атты мақалалары бұған куә. Онда Өскемен уезіндегі Қаратай елі (найман) қызды атастырмай теңіне беру туралы үкім шығарады. Тіпті, осы орайда Мақыш Қалтаев сынды діншіл деген ағартушылардың өздері-ақ әйелдерге бостандық беруге талпынды. Бұл жөнінде: «Іштен шыққан балаға жанымыз ашымайды. Енді кімге жанымыз ашиды? Көзіміздің ағы мен қарасындай ғазиз қыздарымызды не үшін надан қалдырамыз? Не үшін жәбірге ұстап, шалға береміз? Осы ісіміздің ақыретте пайдасы бар ма, екі дүниеде пайдасы бар ма? Пайдасы болса жазып көрсетіңіз. Қыз да түсінсін, біз де түсінейік. Жоқ болса, кел жұрт, қыздарды не оқыталық, һәм жылатпай теңіне қосалық. Осы надандығы да, осы жылағаны да жетер, енді осыдан сақтаналық. Өзімізден өзіміз дүние, ақыретте бірдей ұялып, қор болмайық», – деп жазды М.Қалтаев [23].

«Айқап» журналы кеңес өкіметі жылдарында көрнекті қоғам қайраткерлері болған, қазақ баспасөзінің ірге тасын қаласқан Мұхамеджан Сералиннің, Сабыржан Ғаббасовтың, Ғұмар Қарашевтің,

Бақытжан Қаратаевтің қызмет етіп, шыныққан, шындалған мектептері болды. Сондай-ақ бұл басылым туралы әңгіме қозғағанда «Бақытсыз сұлу» романының авторы Әкірам Ғалымов пен Жиһанша Сейдалинді де ұмыт қалдыруымызға болмайды.

Бұл тақырып аясында келесі сөз болатын мәселе «Қазақ» газеті туралы болмақ. «Қазақ» – қоғамдық-саяси және әдеби газет. 1913 жылы екінші ақпаннан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. Таралымы 3000, кейбір мағлұматтарда 8000-ға жеткен. Бірінші редакторы – белгілі ғалым, жазушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы – қоғам қайраткері, жазушы Міржақып Дулатов, бастырушысы – «Азамат» серіктігі. Хусаиынов-Каримов баспаханасында басылып тұрған. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзақ Жәнібеков. Барлығы 265 нөмірі жарық көрді.

Газетте XX ғасырдың басындағы қазақ жұртының саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, шаруашылық жайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған Ә.Бөкейхановтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Жұмабаев пен С.Дөнентаев, Б.Майлин, С.Торайғыров, Ғ.Қарашев, Ә.Мәметов, Б.Серікбаев, Р.Малабаев, Қ.Қоңыратбаев сынды әдебиетіміздің дамуына үлес қосқан ардақты ағаларымыздың ғылыми шығармалары, әңгіме, өлеңдері басылып, аудармалар туралы сын мақалалары жарық көрді [24].

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ ағартушылары мен ақын-жазушылары аңсаған ілім-білімге үндеу XX ғасырдың бас кезінде нәтижесін беріп, алдыңғы қатардағы азаматтарды елді ояту, азаматтыққа ұмтылу мақсатына жетеледі. Осынау зиялылар арасында ел бағытын айқындар сара жолды жаңылмай нұсқап, адастырмас даңғылға алып шығуға ұмтылған жаңа тұлғалар көріне бастады. Сол көш бастаушылардың ең танымалысы – Ахмет Байтұрсынов болды. Ол М.Әуезовтің сөзімен айтқанда қазақ халқының «рухани көсемі» еді.

Оның баспасөзге қатысы туралы айтқанда алты алашқа әйгілі «Қазақ» газетінің редакторы болған, оған дейін «Айқап» журналының бетінде жиі ой жарыстырып отырғандығын айтпай кетуімізге болмайды. Оның публицистикасы көбіне мақала түрінде жазылған. Мәселен, 1911-1914 жылдар аралығында «Айқап» пен «Қазақта» жарияланған «Қазақ өлкесі», «Оқу жайы», «Бастауыш мектеп», «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Қазақ һәм 4-дума», «Жауап хат» (Жанша Сейдалин мырзаға), «Шаруа

жайынан», «Бұл заманның соғысы», «Земство», «Бас қосу турасында» мақалалары осының айғағы іспеттес.

Егер, А.Байтұрсыновтың жоғарыда аталған еңбектерінің қайсыбіріне нақтырақ тоқталатын болсақ, онда «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Көшпелі һәм отырықшы норма» атты мақалаларында патшаның жер саясаты, сот, адам хұқы, билік саясатының теріс пиғылын түсіндіруден бастап, қазақ жері қазақтың қолынан қалай кетіп бара жатқанын, жер алудағы орыс шенеуніктерінің жергілікті халыққа көрсетіп отырған қысымын әшкерелейді.

Ал, бұған керісінше «Шаруа жайынан» деген мақаласында болса: «Отырықшылық – ол да бір білім, өнер. Бұған бұрынғы мал бағу мен егін егуге жарап жүрген білімдерінен басқарақ білім керек. Ол – көп малдың есесіне аз малдың асылын ұстап, толықтыратын ілім – аз жерді аздырмай, көп жердің орнына тұтынатын білім. Бұл екеуі де қазақ қолданып көрмеген білімдер», - деп жазды. Ол бұл ойын екінші бір «Аңдаспаған мәселе туралы» деген мақаласында: «Біз қазаққа қала болма демейміз. Жақсы жеріңе жиналып, қалаңды сал, мешітіңді орнат, мектеп, медресенді аш, рұқсатсыз неге қала болдың деп ешкім айтпайды дейміз, 15 десятинамен қала боламыз десендер, күн көре алмайсыңдар», – деп одан әрі жалғастырады.

«Қазақтың» басты бағыты ағартушылық мәселесін қамтыды. Өнер, білім жағынан қалың қазаққа бас-көз болды. Мысалы, «Оқу жайы» [25], «Қазақша оқу жайы» [26] атты мақалалар оқудың мән-жайын, маңызын, әсіресе, «Қазақтың шаруасына, бір жақтан надандықтан кемшілік келгенде, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдігінен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат істеп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қол жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгіл өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызда бір жұрт екенімізді білдірер едік», – десе, «орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, қазақша оқы, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу керек», – дейді. Газет 1913 жылы жарияланған материалдарында оқудың мән-жайын, маңызын айтып, көпке түсіндіруге тырысса, екінші 1914 жылғы «Бастауыш мектеп» (№61), «Мектеп керектері» (№62), «Оқу мезгілі» сияқты мақалаларында мектеп, медресе жайларын нақты көрсетіп, мұқтаждарын айтады.

Бұдан басқа А.Байтұрсынов экономика, халық саулығы, халық соты тақырыптарына да қалам тартқан. Бұл мәселелерге арнап ол «Уақ қарыз» (1913), «Ауру жайынан» (1913), «Тәні саудың – жаны сау» (1922)

және т.б. мақалаларын жазған. Әсіресе, патша сотының жетімсіз, қазақ заңының толымсыз тұстарын «Біздің заман – өткен заманның баласы, келер заманның атасы» – дей отырып қатты сынаған.

Оның жоғарыда айтқандай «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Орысша оқушылар», «Оқыту жайынан», «Мектеп керектері», «Оқу мерзімі» атты мақалалары «Қазақ» газетінің беттерінде жарық көрсе, «Айқап» журналында басылған «Жазу тәртібі» [27] атты мақаласында қазақ жазуын араб алфавиті негізіне түзеп, қазақ халқының тілдік ерекшелігіне сәйкестігін жазу үлгісін ұсынудың тұңғыш қадамын жасады.

Сонымен қатар А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің редакторы. Ол басшылық еткен газетке кезінде М.Әуезов: «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді?... Ахаңның екпіні болатын», - деп әділ бағасын берген.

«Қазақ» газетіне Ахаңмен бірдей атсалысып, мол үлес қосқан публицистердің бірі М.Дулатов болды. Оның ақындық, қайраткерлік, журналистік түрлі қырлары бар. Мұның әрбірі – арнайы үлкен бір сала. Оның редактор-журналист, публицист ретінде «Айқап», «Серке», «Қазақ» газет-журналдарына атқарған қызметтерінің өзі неге тұрады?

Міржақыптың өмір жолында, әсіресе, Ахаңмен бірігіп шығарысқан «Қазақ» газетіндегі қызметі ерекше атап айтуға тұрарлық. Ол 1914 жылдың 12 мамырынан бастап екінші редактор, 1917 жылдың 28-шілдесінен газеттің негізгі ұйымдастырушысы болды. Бұған жалпықазақ съезінен кейінгі жарияланған «Ашық хаты» дәлел: «...съезд Учредительное собраниеде мені екінші қылып көрсеткен еді. Мен төменгі себептер бойынша списоктан шығамын» дейді ол бұл хатында. Сонан соң басты себебі ретінде «Қазақ» газетіндегі басшылықты алға тартады: «Ахмет һәм мен екеуіміз де депутат бола қалсақ, газет иесіз қалар. Бір кісі бір іске жарайтын болса да аз болмас. Халыққа қызмет етемін деген кісіге бәрібір: депутат бол, газет шығар...» [28].

«Қазақты» оқи отырып жалпы алуан тақырыптарды газет қабырғасын көтеріп тұрған ірі публицистің – А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейхановтың теңдей бөліп алғанын көреміз. Қай тақырыпқа да қалам тербейтін хас шеберлер болғанымен Ахмет

көбінесе мәдени-ағартушылық, Міржақып әдебиет-өнер, Әлихан саяси-экономикалық жайларға көп қалам тербеп отырған.

Әдеби туындыларынан басылымда Міржақыптың әдебиеттің теориялық мәселелерін қарастырған «Манап драмасы», «Надандықтың құрбаны» мақалаларын, «Айтыс» [29] аударма өлеңі, «Шәкірт» [30], «Сағыну»[31] өлеңдері, «Алашқа»[32] реквиемі жарияланды.

«Қазақ», бір атап өтетін жәйт, денсаулық сақтау мәселесіне де бұрынғы басылымдардай емес, жете назар аударып отырған. Осы ретте Міржақыптың «Чума жайынан», «Чума съезінен» деген мақалалары жарық көрді. Мұнда ол «Орал облысындағы қазақтың саны 600 мың, неше жүз шақырымға жайылған осыншама халыққа һүкіметтің қойғаны – үш дәрігер. Бәлкім үштен де кем болар еді, егер Орал облысында мұнан бұрын чума болып шошытпаған болса. Жаздыгүні басталған дертті әкімдер қазанның аяғында білді, сонда чумаға қарсы қару қылуы, чума қазақ жерінен казак-орыс (Калмыков) жеріне ойысып бара жатқан соң деуге болады», – деп ел жайынан хабар береді. Үкіметтің осы жайға көңіл бөлуін сұрайды.

«Қазақ» газетінде кеңінен көтерілген, дау-дамайы бар мәселенің бірі – 1916 жылғы бұратана халықтардан солдатқа адам бөлу мәселесі. Бірнеше жылдар бойына алашордашылар халық қамын ойламады, әскерге адам жіберуді жақтады деп қараланып келді. Ол кездегі зиялылардың іс-әрекетінен Міржақып та шет қалмады. Ол өзінің мақаласында: «Төңкеріс жолында қазақ жұрты құрбан болып кетсін деуге дәтіміз бармады. Сондықтан біз екінші жолды таңдадық, көну керек дедік. Оған бел байлағаннан кейін елге көзіне айтатын сөзіміз де, басшылығымыз да осы бетте болды. Тек неше түрлі сылтаумен соза түсу жағын ескеріп отырдық», – дейді [33].

Басылым үкіметтің қатал шаралары мен цензураларына қарамастан алған беті мен қайсар рухынан онша қайта қоймайтын. Кейін, 1920 жылдардағы жылымық кезінде М.Дулатов 1916 жылғы «Қазақ» газетінің жай-күйі туралы: «Ол заманның жуан ортасында болмаған, ащы-тұщысын татпаған бүгінгі бақытты жастар «Қазақ» газетін енді оқыса, «Бейшара, қандай жасқаншақ, қорқақ, былай жазса болмас па еді?», – дер еді. Ол кездегі газеттердің бет-аузын алапес қылып шығаратын цензураны бүгінгі жастар көрген жоқ қой. Өз ойынды, өз атынды өзің ұрлап «осылай жазсам, жұрт бірдеңе қып түсінер-ау» деп ишаралап, жасқанып, жалтақтап отыруды бүгінгі жастар көрген емес», – деп жазды [34].

Сол сияқты «Г.Дума солдаттық мәселесі» [35] дейтін мақаласында да көтеріліс кезіндегі көптеген жайлар ашып айтылған. Онда ол халықтың саяси ұйымдастырушылығына көңілі толмай, «бұл істі қалың қазақтан күту қашпаған қашардың уызына қарағандай болған соң дума ашылуына қарсы Самарадан Ә.Бөкейханов, Орынбордан А.Байтұрсынов, Ақтөбе уезінен Н.Бекметов жүріп кетті», - деп мәлімет береді. Автордың хабарлауынша: «...олар Петерборға: 1) қазақтан соғыс үстінде солдат алынбауын; 2) солдат алудан бұрын метрике түзеу; 3) лажсыз алынатын болғанда, жаяу солдат болмай атты ғаскер болуын, қазақ жер-су хәм правода орыспен тең болуы керек деген нақты, бірізден шыққан тілекпен аттанған... Бүкіл қазақ болып бір адам жібере алмауымыз масқаралық болар. Қазақ жайына қандырмайынша, сөзіңді сөйлеп, думаға жеткізе алатын депутат жоқ деп біліңдер».

Осы көтерілістен кейінгі бірлікке ұмтылу жылдарында, осы айтылмыш қайраткерлердің барлығы, бар қазақ зиялылары 1917 жылдың қазанында 1-жалпықазақ съезінің қаулысына сүйене отырып «Алаш» партиясын құрған болатын. Жылдар бойы осы партия жөнінде де кереғар пікірлер айтылып келді. Міржақыптың осы бағыттағы шығармалары да жетерлік. «Қазақтың үш жүзге бөлінуі хәм Алаш атануы» деп аталады.

Тағы бір айта кететін нәрсе, «Қазақ» және «Айқап» басылымдарының арасындағы бас араздық болатын. М.Дулатовтың «Айқап» журналы» [36] деген мақаласында осы айтыстың басталуын көрсететін дерек бар: «Қазақ» та, «Айқап» та өз бетімен келе жатқан кезде сәтсіз күні басталған бас қосу мәселесі шыға келді. Міржақып «Тіл туралы» [37] атты мақаласында да «Айқап» журналының кейбір кемшіліктеріне тоқталып кетеді: «Шын қазақша жазылып, қазақ тілі мәселесін қолына ала тұрған осы «Қазақ» екенін ешкім бекер дей алмас... Екі жылдан бері шығып тұрған «Айқап», шығып тоқтаған «Қазақстан» бұл жағын жете ескерген жоқ». Қалай десек те, қос басылым арасында пікір қайшылығы болғанымен, өшпенділік, араздық болды деуге ешқандай негіз жоқ.

Қарымды қайраткерлердің ел ішіндегі кемшілік жайларды мінеп-сынаған фельетон, сықақтары да жарияланып тұрды. Мысалы, «Даукұмар» [38], «Жүзі қаралар» [39] және т.б.

«Қазақ» газеті айыптан, қуғын-сүргін мен арыз-шағымнан көз ашпады. 1914 жылы 23-қазанда Орынбор губернаторына газет үстінен арыз беріледі. Онда мынадай жолдар бар: «Біз қазақ газетінен өзіміз хәм балаларымыз үшін аса қорқамыз. А.Байтұрсыновты хәм М.Дулатовты

Орынбордан айдап жіберсеңіздер екен. Мұндай зиянды адамдар Орынборда тұрса, қазақпен һәм қазақ жастарымен араласпай тұрмайды». Мұның бәрі Міржақыптың «Қазақ баспаханасы» [40] мақаласында егжей-тегжейлі баяндалған.

Ол көбінесе баспасөз беттерінде жарияланған өз мақалаларын «Арғын», «Тургайский», «М.Д.», «Түрік баласы», «Азамат», «Мадияр», «М-яр», «Байқаушы», «Азамат Алашұлы», «Алашбайұғлы», «Таймінер», «Тайбағар», «Алакөз», «Қолғанат» және т.б. бүркеншік аттармен жазып отырған.

«Қазақ» газеті 1918 жылдың наурыз айында шығуын тоқтатады. М.Дулатов бұдан соң 1920 жылы Ташкентке келіп, «Ақ жол» газетіне қызметке орналасады. Онда көп тұрақтай алмай, 1921 жылы облыстық сотта істейді. 1922 жылы тұтқындалады да, 1922-1926 жылдары Орынбор халыққа білім беру институтында оқытушылық қызмет атқарады. Бұдан кейінгі төрт жылда Қазақ Мемлекеттік баспасында бөлім бастығы, «Еңбекші қазақта» редактордың стилистика жөніндегі орынбасары болады.

Жоғарыда біздер «Қазақты» қоғамдық-саяси газет деп атадық. Осыған орай редакция алқасының үкімет саясатының жазылуына көп мән бергендігі байқалады. Ондағы басты мақсат – қазаққа үкімет жайын, оның не екені, мүдделері түсіндіріліп, жиылыс-мәжілістермен таныстыру еді [41]. Мысалы, «Г.Дума» (1915 жыл, №145), «23 қаңтар» (1913 жыл, №98), «30 қаңтар» (1915 жыл, №100), «Орынбор, 22 ақпан» (1915 жыл), «Г.Дума ашылды» (1916 жыл, №169), «Г.Дума» (1916 жыл, №179), «Дума һәм хүкімет» (1916 жыл, №207) атты материалдарда мемлекеттік дума және кеңес жұмыстары жөнінде жан-жақты түсінік берілген.

Басылымда бұл мақалалардың көпшілігін Ә.Бөкейханов «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен жазған. Ол «Қыр баласымен» қатар «Ү» деген бүркеншік атты да қолданған. Бұл жөнінде оның өзі «Айқап» журналының №2 санында былай деп көрсеткен: «Бақытжан, Сералы (бұл жерде Б.Қаратаев пен С.Лапинді айтып отыр) «Алаш» деп бұлдыратып жүргенде, мен абақтыда жатқанда қазақ жері туралы мақалаларым «Сибирские вопросы» деген орыс журналында 1908 жылғы 16-17, 18, 21-22, 27-28, 33-34, 35-36, 37-38, 45-46, 47-48 сандарында «Ү» деген белгімен қол қоюыммен шыққан». Ол осы бүркеншік атпен тұңғыш рет К.Маркс пен Ф.Энгельстің «Коммунистік партияның манифесін» 1926 жылы Қызылорда қаласында қазақшаға аударып шығарған.

Ә.Бөкейханов XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында орыс басылымдарында («Степной край», «Иртыш», «Омичь», «Голос степи») қазақ халқының рухани, әлеуметтік мәселелерін көтеріп жаза білген бірден-бір қазақ авторы болды. Сондай-ақ ол қазақ газет-журналдарының беттерінен де саяси және экономикалық проблемаларды камтуда басқаларға үлгі-өнеге бола білді.

Мәселен, 1910 жылы Санкт-Петербургтен А.И.Костянский редакциясымен жарық көрген «Қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыс түрлері» деген жинаққа Әлиханнның «Қазақтар» атты мақаласы енгізілді. Онда автор қазақтар мекендейтін Қазақ және Түркістан өлкелері мен Астрахань губерниясының ұлттық құрамына демографиялық талдау жасай келіп, қазақтардың ішкі тұрмысын баяндар алдында мынаны ескертуге тиіспін дейді: «Қазақтардың шаруашылық тіршілігі малына жаятын жер мен суаратын өзен-көл іздеу жолында үнемі қоныс аударып, бір орнында тұрақтамайтын жартылай жабайы көшпенділік формулаға симайды», - дей келіп ол көшпелі мал шаруашылығының орнын аралас егіншілік, малшылық шаруашылықтың алмастыра бастағанын нақты цифрлармен дәлелдеп, қазақ, крестьян бюджеттерін, олардың табыстарының түрлерін талдайды.

Бұл еңбекті ғылыми очерк деп атауға да болады. Оның алғашқы екі бөлімі қазақ даласындағы саяси құрылыстың шын жайын, қазақтардың арасындағы саяси, мәдени ахуалды таныстыруға арналған. Автор патша өкіметінің отаршылдық саясатын сенімді деректер арқылы көз алдына елестетеді.

Ал, кітаптың төртінші бөлімінде қазақтардың саяси белсенділігінің артуы жайында бай мәліметтер бар. Автор бірінші орыс революциясы жылдарында қазақтар баршаның теңдігі туралы, ождан бостандығы жөнінде, халық өкіметі жайында айтып шаттанған интеллигенцияға қосылып, «өздері білетін орыс халқының атын ғасырлар бойы қыр үстінде жаманатқа қалдырып келе жатқан ескі таныстарына орыстардың ұқсай бермейтінін қазақтар енді көрді», - деп жазды.

Жоғарыда айтқанымыздай 1913 жылдың көктемінде Орынборда А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың қолдауымен жалпы ұлттық бағыттағы «Қазақ» газеті шыға бастады. Осы басылымда 1913 жылғы 3-наурызда шыққан «Думадағы партиялар» деген мақаласы мейлінше тартымды болды. Мақалада IV мемлекеттік Думадағы күштердің орналасуын автордың қалай қабылдайтындығы байқалады. «Ескі

көзқарастарды ұстанатын партиялар – оңшылдар, ал жаңа көзқарастағылар – солшылдар», – деп аталады дейді Ә.Бөкейханов.

Оңшылдарға «орыстар партиясы», «қара жүзділіктер», «ұлттық партия» жатады. Олардың негізгі позициясы: Ресей орыстар үшін, яғни өзге діндегі, нәсілі бөлек, басқа халықтардың бәрі одан төмен болу керек. Бұл партиялардың аттары олардың позицияларының мазмұнына сәйкес келеді.

Солшыл партиялар: «Период» партиясы, «Социал-демократтар» (жұмысшылар) партиясы...

Сондай-ақ Ә.Бөкейханов өзінің көптеген мақалаларында белгі беріп жатқан ұлттық партия ауқымында саяси тұрғыдан бірігудің қазақтар үшін аса қажет екенін ерекше бөліп көрсетеді.

Өзінің 1913 жылғы 23-шілдеде жарияланған «Дума және қазақтар» деген мақаласында ол: «Думадағы 442 депутаттың 40-50 депутаты ғана шаруалардан, егер орыс патшалығын асырап отырған шаруаларға деген көзқарас осындай болғанда, саны аз, бөлшектенген, надан, қазақ халқы одан не күтпекпіз? Қазақты Думадан шығарып тастады...», – деп ашу-ыза білдірді.

Ә.Бөкейханов 1922 жылдан бастап Москвада тұрғаны белгілі. Осы кезде ол көп, өнімді жазып, артына мол мұра қалдырған. Тек, 1923 жылдың өзінде ғана Москвадан оның: «Потаниннің өмірбаяны», «Марабай», «Ер Тарғын» (түзетіп бастырған), «Короленко», «Макардың түсі» аудармалары өмірге келді. Барлығын да аударған «Қыр баласы».

Ә.Бөкейханов Москвада тұрғанда аудармашылықтан басқа, Шығыс халықтары баспасының қазақ бөлімін басқарды. Маркстік әдебиеттерді қазақ тіліне аударумен де шұғылданды. Ғылыммен айналысты. «Темірқазық» журналына шаруашылық, оқу, білім мәселелері бойынша мақалалар жариялады.

Қолжазба «Садақ» журналы 1915 жылдың 9-қарашасынан бастап Уфа қаласында шыға бастаған. Оның ұйымдастырушысы, шығарушылары – Бейімбет Майлин және Жиенғали Тілепбергеновтар болған. Бұл туралы баспасөз зерттеушісі С.Байменшин: «Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген кезінде Бейімбет «Қазақ» газетінің редакторы Ахмет Байтұрсыновпен кездескенін жазып, оған дәлел ретінде башқұрт жазушысы Сайфи Құдаштың төмендегідей естелігін ұсынады:

«Бейімбет подошел ко мне.

- Знаешь, – заговорил он, явно желая поделиться своей радостью, – я только что побывал у больших людей. В Уфу приехал редактор нашей газеты «Казах» Ахмет Байтұрсынов. Вчера он собрал всех казахских

шакирдов и беседовал с ними. Я попросил, чтобы он принял меня для разговора о моих стихах. Байтурсынов охотно согласился. Вот сегодня я пошел к нему в гостиницу. Вошел в номер и чуть не ахнул: у него сидят Галимджан Ибрагимов и Мажит Гафури. И хотя мне было неловко, я все же остался, присел в уголке. Мы говорили о вопросах, интересующих казахскую молодежь. Байтурсынов похвалил мои стихи и обещал напечатать в газете «Казах» [42].

Бұл Бейімбеттің 19-ға шаққан кезі. Өлеңдері медресенің «Садақ» қолжазба журналында жариялана бастаған шағы. Ал «Қазақ» газетіне шығармаларын жариялауы Ахметпен жүздесуден кейін басталды деп сеніммен айтуға болады», - деген жорамал айтады [43].

«Садақта» Б.Майлиннің «Өлең туралы», «Күн шықты» және «Сүйгеніме айтамын» деген өлеңдері жарияланған. Оның «Өлең туралы» туындысында ақын халық үшін қандай пайдасы бар екендігі жайында толғанса, «Күн шықты» өлеңінде табиғатты суреттеу арқылы жарық дүниенің адамзат тірлігіне тигізетін әсерін жырлайды [44].

Бейімбеттің тұңғыш кітабы 1925 жылы Қызылорда қаласында С.Садуақасовтың алғысөзімен «Бейімбеттің өлеңдері» деген атпен жарық көрген. «Осы күнгі қазақ әдебиетінің көбі де, күштісі де көркем әдебиет, – дейді Смағұл алғы сөзінің бастауында.- Көркем әдебиеттің көбі өлең. Көркем әдебиет туралы сөз қозғағанда ең әуелі ауымызға ақындардың аты түсетін себебі де сол. Соңғы кезде қазақ ақындарының жазғандары сынға түсе бастады. Бірақ сыншылардың көбі кейде ақындарымыздың затын сынамай, атын сынап жүр. Себебі, қазақ ақындарының жазғандары бір жерге құралған жоқ. Анда-санда газет бетінде көрінген бір-саран өлеңдеріне қарап ешкімге толық сын беруге болмайды. Бейімбеттің бұл басылып отырған өлеңдері 15-жылдан бері жазғандары. Әрине, бұл өлеңдердің ішінде нашары да бар, жақсылары да бар, тіпті жақсылары да бар. Бейімбетті толық білу үшін, оның ақындығын толық сипаттау үшін оның өлеңін түгел оқып шығу керек».

Ал оның жазушылығы жөнінде Ғаббас Тоғжанов «15 жылдағы қазақ әдебиеті» деген мақаласында: «Бейімбет 1915 жылдарда-ақ үлкен жазушы, талант екенін көрсеткен еді. 1915 жылда жазылған Бейімбеттің "Шұғасы" әлі күнге дейін қазақ әдебиетіндегі өте терең, мағыналы, қызықты, мазмұнды, әдемі, шебер тілді әңгіменің бірі», - деп жазған [45].

Сондай-ақ Ж.Тілепбергенов те өзінің ұстаздық, ақындық, жазушылық қызметін осы «Садақ» журналынан бастаған. Мысалы, ол «Жазғы көш» [46] деген әңгімесінде жайлауға көшу сәтін, жол бойғы

қыз-жігіттердің ат жарыс, көкпар ойындарын, шырқаған әндерін нанымды суреттейді. Әсіресе, оның байдың жылқышыға ұрсып жатқан сәтін, жастар думанына торы шолақ атын тақымдай шаба жөнелген кедей баласының жақын қылығын бейнелеуі де сол кездегі ауыл бейнесін көз алдына айқын елестетеді.

Екінші мәселе, Ж.Тілепбергеновтың сыншылығы туралы. «Садақтың» 1917-1918 жылдары он санында қатарынан Халелиден Жүсіпұлы Сарталиевтің «Мақтым» деген ұзақ повесі жарияланған. Міне, Жиенғали шығармаға талдау жасап, сын жазу барысында оның кемшіліктерін, роман дәрежесіне жете алмағанын, егер қайта құрып өндесе баспаға ұсынуға болатынын атап көрсеткен.

Журнал өз оқырмандарының деңгей-сипатын ескере отырып оқу-ағарту ісіне баса көңіл бөлген. Журналдың 1917 жылғы бес санында жарияланған «Мұғалімдік туралы» деген екінші бір үлкен мақаласында прогресшіл педагогиканы және озат ағартушылық идеяларды насихаттады. Алдымен ол медресе бітіріп шығатындарға «бұрынғы алдаушы, сатылғыш арамза молдалардың ізіне түсіп кетпеуді» айтады. Екіншіден, жаңа әліппен төте оқытатын мұғалім балаларға мейірімді карап, білім негіздерін және жазуды бірге үйретуге, жұрт алдында тәртіпті, ұстамды болуға тиістігін ескертеді. Сондай-ақ, Ж.Тілепбергенов мұғалім тек балаларды оқытумен тыңбай, ел арасында мәдени-ағарту жұмыстарын, атап айтқанда сауаттандыру, газет, кітап оқып беру, мұғалімдер дайындайтын курстар ашу сияқты шараларды жүзеге асыруға тиіс екендігін, бұл жаңа, халықтық мұғалімдердің ардақты борышы екенін жазады.

□ ШІНШІ ТАРАУ

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жер мәселесінің жазылуы

Жер дауы, жесір дауы қазақ қазақ болғалы күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселе десек күпір бола қоймаспыз. Өйткені, бұл екі мәселе кейде тіпті бірін-бірі туғызатын, біріне екіншісі себеп болатын аса бір шікәмшіл, әсіресе сақтықты, айрықша қағылғездікті, кісінің ойын тауып, көңілін аулай білетін, насырға шауып кеткелі тұрған мәселенің түйінін шешіп, тігісін жатқызып, алаң көңілді сабасына түсіре білетін шеберлік істің қиюын тауып, қисынын келтіре білетін парасат, шешендік керексінетін, айтқанынан істегені ауытқымайтын мәрт, қара қылды қажарғандай әділдікке ғана жүгініп саябыр табатын аса бір кірпияз мәселе болып келді.

Біздің пайымдауымызша жерге талас екінің бірінде ру мен рудың, әлді мен әлсіздің немесе кең-қоныштардың арасында жанжал туғызып, үдей келе арты кейде адам шығынына, қырқысқа соғып жататын. Ал сойыл жұмсалған, атыс-шабыста, әлбетте, адам шығыны болатыны күмәнсіз. Соғысқа, сойыл соғуға тек ересек ер азаматтар қатысқанын ескерсек, жесір көбіне осындайдан пайда болатыны айтпаса да түсінікті.

Жер жанжалы бітпейтұғын дауға, бітпейтін жауға себепкер болатыны тарихтан да мәлім. Ал, жыл он екі ай бойы дерлік қоныс іздеп, мал жағдайымен көшіп-қонып жүрген қазақтың біреудің жеріне малын жайып жіберуі, біреудің қонысына, құдығына, суатына рұқсатсыз қол сұғуы екінің бірінде күні бүгінге дейін болып жатқан жағдай. Ендеше жер дауы – қазақ халқының тұрмыс-салтынан туындаған, ешқашан түпкілікті шешімін таппаған, күрмеуі күрделі мәселелердің бірі.

Қазақ өзара қырқысқанда байға, биге жүгінетін. Әйтеуір, ел болып бұл жанжалдың зауалын табатын. «Тұлпардың өз тұяғы өзіне дәрі» дегендей, жеген таяғы үшін кек тұтпай, әділ шешімге разы болып, кейде тіпті өзара бауырласып, құда-жекжат болып та тарасып жатады. Бұл даулы мәселе түпкілікті шешімін тапқанда, енді қайта дауласпау, жауласпау үшін жасалатын асыл дәстүр еді.

Тарихқа көз жіберсек, қай елде, қай жерде кім-кімге қарсы шапқан соғыстарды алып, сырына зер салсаңыз, бәрі де жер үшін болған қырғындар екеніне еш күмәніміз қалмайды.

Коммунизм құруды қолдаған кешегі кеңес көсемдерінің бірі Брежнев «Дән болса, ән де болады» демекші, жат елге шабуыл бастаған басқыншы да, елін жаудан қорғауға аттанған мемлекет те, байлық та, бақыт та жері болса ғана болатынын, жері неғұрлым кең, байтақ болса, байлық та солғұрлым мол болатынын жазбай таныды. Сондықтан да жер үшін айқас – жан беріп, жан алысқан шайқас, яғни өмір үшін, халықтың болмысы, болашағы үшін арпалыс екенін біздің көреген бабаларымыз өзгелерден де ерек сезінген. Ұрпағына ұлан-байтақ жер қалдырғаны соның дәлелі... Елін, жерін қорғау, оны жауға бермеу әр азаматтың өз арын, намысын қорғауы, өзінің аяқ асты болмауы деп бағаланғанына «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген бір мәтел-ақ кепілдік етері даусыз.

Міне, сол жер мәселесі өткен ғасырдан бері ұдайы сөз болып келеді. Өйткені, жердің бостандығы – елдің бостандығы, халықтың еркіндігі, азаттығы.

Сан ұрпақ сан ғасырдан аман алып өткен қазақ жеріне соңғы ғасырларда да көз тігушілер, ындыны құрып, сілекейі шұбырғындар аз болған жоқ. Солардың ішіндігі ең аяры да арсызы, не уәдеге тұрмайтын, не сөзге парық бермейтін, обал-сауапты білмейтін имансызы, қазақтың түбіне жетіп, тұқымын тұздай құртуға сәл-ақ қалған обыры – Ресей патшалығы қазақ сахарасына көз тіккелі не заман!

Он екінші сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің 1993 жылғы 18 қаңтарда өткен тоғызыншы сессиясында қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының «Қоғам, оның құрылыс негіздері» деп аталатын екінші бөлімнің сегізінші тарауындағы «Меншік және кәсіпкерлік» тақырыбының 46 бабында «Жер, оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи байлық тек мемлекеттік меншікте ғана болады. Аталған объектілерді меншіктеуінің құқықтарын мемлекет атынан жүзеге асырудың шектері мен субъектілері заңмен белгіленеді» деп көрсетілген. [47]

Алайда, осыған қарамастан, бүгінгі таңда уақытша болып отырған саяси, әсіресе, экономикалық қиыншылықтарды пайдаланып Қазақстанның кең байтақ территориясын, оның табиғат, кен байлықтарын талан-таражға салып, соның есебінен байып, пайда тапқысы келетіндер де аз емес сияқты.

Атап айтсақ, солардың бірі – 1993 жылдың мамыр айының 28 жұлдызында құрылған «Лад» славяндар қозғалысы. Олардың «Қазақстан жеріндегі славян халықтарының әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін сақтап қалу» жолындағы қызметі құптарлықтай іс. Ал, керісінше, «Казачествоның»

Қазақстан жерін бөліп алу туралы идеясын қолдап, шовинистік көзқарас көрсетулері қазақтарға да, басқаларға да ұнамайды-ақ.

Екіншіден, өздері жергілікті ұлттың өкілдері бола тұра «үй ішінен үй тігуді» мақсат еткен, түрлі партиялар мен қозғалыстар құрып алып, халықтың әртүрлі топтарын сондарына ертуге тырысқан көсемсымақтар да жоқ емес.

Мәселен, 1994 жылдың күзінде құрылған «Қазақстан болашағы үшін» қозғалысын алайықшы. Олар, Президенттен «Жекешелендіру, жерді халыққа сатуды» және «Кәсіпкерлердің әлеуметтік статусын» бекітуді талап етеді, сол үшін күреседі. Ал осы Қазақстан кәсіпкерлерінің Конгресі басқаратын «Қазақстан болашағы үшін» қозғалысынан өз алдына отау тігіп бөлініп шыққан «Новое поколениеның» құрамында өздерін «экономиканың жиендеріміз» деп есептейтін «Бутя», «Акцепт», «Райымбек», «Астана-моторс», «Астана-холдинг», «Казкоммерцбанк» сияқты Алматыдағы ірі фирмалар және олардың басшылары бар.

Бұл фирмаларды ерекше бөліп алып атап отырған себебіміз, олардың басшылары жас бизнесмендер мен кәсіпкерлердің Қазақстанда шығатын орыс тілді басылым «Казахстанская правда» газетінің бетінде ел басшысының атына «Қазақ жерін бөлшектеп сатуды» мақсат тұтқан үндеуге ұқсас материалдары кезінде елім деп еңіреген әрбір қазақ азаматының, еңбектеген баладан еңкейген қартқа шейін барлығының ашу-ызасын тудырғаны белгілі.

Осыған орай профессор Ф.Оразаев өзінің жекеменшік «Қазақ үні» газетінің бетінде «Илияс Есенберлин тірі болса...» (әрине, бұл әкесін баласынан арашалау емес) деген материалын жариялады. Онда автор жоғарыда аталған үндеуге қол қоюшылардың бірі Қ.Есенберлиннің адресіне арнап: «Қозы інім халқынан ғафу өтінер, Ілекеңнің баласы ақылға жеңдірсе керек еді ғой», – деп, «адасқанның айыбы жоқ, айналып қазығын тапса» дегенді меңзейді.

Бұдан басқа «Түркістан» газетінің 1994 жылғы 28 қаңтар күнгі нөмірінде жарияланған Ж.Қуанышәлиннің «Ертеңгінің тағдырын бүгінгінің ар-намысы шешеді» мақаласы да осындай жер сату мәселесіне қарсы көптеген ойлардың тоғысқан жерінен шыққан, жүрек жарды пікірдің бірі дер едік. Себебі, бұл материалда қазақ халқының тағдыры бүгінгі жас буынның қолында екендігі айтылған.

Ал, осыған орай «Жас алаш» газеті қазақ ұлтының аты мен абыройының ешқандай саяси саудаға салынбауы қажеттігі жайында

Ж.Кейкіннің «Азаматтық, ұлт және жер» деген мақаласын жариялаған. Онда автор: «Қандай мемлекеттің болса да негізін белгілі бір халық қалайды. Мемлекет те сол ұлттың атымен әлемге танылады. Мысалы, негізін француздар құрған – Франция, жапондықтар құрған – Жапония, орыстар құрған – Ресей, сондай-ақ біздің Ата заңымызда да Қазақстан Республикасы «өзін-өзі билейтін» қазақ ұлты мемлекеттігінің түрі екендігі заңдастырылған. Ресей азаматтығы туралы заңды дау-дамайға салғандары аздай-ақ, соңғы жылдары бір мемлекеттен екіншісіне көші-қон көбейді. Қоныс аударушылар негізінен ата-жұртын іздегендер емес, «Үй арқада, бала белде», «Жақсы, жайлы мекен – жиделібайсын іздеушілер. Біз білетін оншақты отбасы бірер жылда Ресейге үш рет көшіп, үш рет қайта оралды. Мындаған отбасының ерсілі-қарсылы көшуі тоқтар емес. Оларды біреулер босқын, өзгелер қоныс аударушылар дейді. Шындығына жүгінсек, көпшілігі қара бастың қамын күйттеп, отандық, азаматтық парызын ұмытқандар, мемлекет алдында міндеті мен жауапкершілігін сезінбеген бұл заманның көшпенділері», – деп қоныс аудару мәселесінде орын алып отырған кемшіліктер туралы өз ойын ортаға салады.

Атап айтар болсақ, егемендік, жер, ел тағдыры туралы, тіл мен саясат, нарық пен экономика жайлы да баспасөз бетінде жазылып, жарияланып, соңы пікір-таласқа ұласып жатқан материалдар аз емес.

Бірақ, осы мәселелердің осыдан жиырма, отыз, қырық жыл бұрын да тіпті бір ғасыр бұрын да кеңес үкіметі құрылмай тұрған кезеңде де үнемі күн тәртібінде тұрғандығы белгілі.

Әйтпесе, қазақ үшін азаттық жолы азапты да, ауыр болғанын қалай ғана ұмытуға болады. Кезінде Иван Грозныйдан бастап, орыс патшалары бірінен соң бірі Шығысқа қарай көз алартып, сұғын қадап, шолғыншы-қарақшыларын жібере бастаған. Ал, І Петр қазақтың ұлы даласын отарлауды ойластырып қана қоймай, оны тікелей іске асыруды да қолға ала бастаған. Осы алдыңғылардың қомағай мақсатын баянды ету жолында одан кейінгі қатын патшалар да қалыспаған. Әйтсе де, олардың қазақ елін желкеден алып, бірақ қылғып тастауына халқымыз қаһарлы, жеріміз тым үлкендік етсе керек. Сондықтан айла қолданып, амалдауына тура келді. Яғни, қазақ еліндей алыппен бірден өзі жағаласа кетпестен, жоңғарлардың қолтығына су бүркіп, атып-шабатының анау деп айтақтап қазақты көрсетіп, қолдарына мылтық ұстатты.

Сөйтіп, бейбіт, бейқам жатқан қазаққа жоңғардың жойқын шапқыншылығы басталды. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама»

дейтін сұмдық замандар келді. От оранған қазақ даласында «халқымды қалай аман алып қаламын» деп Төле би, Қазыбек, Әйтеке билер жанталасты. Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек, Қосы, Қойгелді, Рысбек, Саңырақ сияқты мыңдаған батырлар жан алысып, жан берісті. Абылай сынды даналар қазақтың басын қосып, жаулардың көзін жойды.

Бірақ... Ата-бабаларымызды содан соң да азаттықтың ақжарқын заманы күтіп тұрмаған екен. Отарлықтың ойраны, құлдықтың қыл бұрауы алдарынан шықты. Қазақтың сайын сахарасын қара түнек басты. Сол түнек ішінде оқта-текте ұлт-азаттық күресінің жай оты жарқ-жұрқ етіп жылыстап жатты. Патшалық қанау бертін келе қызыл өктемдікке, оның арты қып-қызыл қырғынға ұласты. Әупіріммен қазақ «қырғыз» деген ағайын халықтың атын өзіне беріп, алғашқыда автономия, кейіннен «одақтас республика» дейтін қолжаулық бірдеңелерге ие болған. Сөйтіп, мемлекеттің заты жоқ, атын ғана алғансыған. Әйтпесе, сол баяғы құлшылық, сол баяғы отарлық, тонаушылық жалғасып, елдің берекесін алған.

Халқымыз тілінен, дінінен, жерінен, дәстүрінен айрылып, халықты үрей басты, аспанымызды атом тозағы жайлады. Атар таң, көрінер күн болмады. Ең жаманы – ұлтымыздың әлденеше ұрпақ-буынының құлдыққа бойы үйрене бастады. Құлығына құрық бойламайтындардың зымиян идеологиясының уы санаға дарыған сайын мәңгүрттік белең ала берді. Басқа да қандас, діндес ұлттар секілді қазақ та жар жағасына, құрдымға жақындап қалып еді.

Бірақ... Тағы да бірақ дейміз. Ғасырлар бойы зорлық-зомбылық көрген қазақ халқының да атар таңы бар екен. 1985 жылдың қайта құруы мен 1986 жылдың желтоқсанынан кейін 1991 жылдың егемендігіне ілінген тәуелсіз Қазақстанның да аузы көкке ілініп, бұрынғы үйелеп қалған жерінен, аяғынан тік тұрып, өз бетімен жүріп кетуге бет алған сияқты.

Алайда, жоғарыда айтқанымыздай оның алдында кесе көлденең тұрған кедергілер көп. Соның бірі – жер мәселесі. Қазақстанның болашағы да осы жер мәселесінің қалай шешілуіне байланысты болмақ. Егер жеріміз көп деп көрінгенге таратып, сата беретін болсақ, ертең өз жерімізге өзіміздің қолымыз жетпей, табалдырықтан да аттай алмай қалмайтынымызға кім кепілдік бере алады.

Оған патшалы Ресейдің қазақ жерінде жүргізген отарлау саясаты толық дәлел. Бұған XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында патша үкіметінің отарлау саясатын бұрынғыға қарағанда да өрістетіп, бар шұрайлы

жерлерді орыс қоныс аударушыларына бөліп беру арқылы қазақ жерін орыстардың меншігіне айналдырғандықтары туралы патша генералдары Ф.Грис пен Л.Баллюзектің хабарламаларында ашық көрсетілген:

«Қырғыз даласына шекаралардан казактарды, сондай-ақ ішкі және Сібір губернияларының орыс шаруаларын кіргізу, оларды казактардың тегіне алу – орыстардың көп мөлшерде қазақ даласына тереңдей енуіне мүмкіндік берді. Приказдардың тұрақты орналасқан жерлері қоныс аударушы орыстардың легін көбейте түсті. Орыс қоныс аударушылары Жайық пен Ертіс өзендерінен есептегенде мың шақырымға жуық оңтүстік аймақты басып алып, бұрындары Ресейдің шекаралық аудандары болып келген қазақ даласы патшалықтың ішкі бөлігіне айналып шыға келді». [48]

Кезінде мұндай деректер құжат күйінде ғана сақталмай, түрлі басылым беттерінен де орын алған. Мәселен, бұл туралы «Степной край» газетінің 1896 жылғы 42 нөмірінде: «Еуропалық Ресейдің әр түкпірінен қоныс аударған он бес мыңға жуық шаруалардың Челябі қаласындағы теміржол вокзалының маңында жиналып қалғандығы туралы хабар берілген. Басқа сөзбен айтқанда, қала тұрғындарынан да көп бұл тобыр баспанасыз, тамақсыз көлік күтумен күндерін өткізген. Олардың бұл қалада жиналып қалу себебі, Батыс Сібір темір жол басқармасында шаруаларды жөнелтетін паровоздар мен вагондар саны жетпеген.

Сөйтіп, әсіресе, Батыс Сібір темір жолы құрылысын салуға байланысты және оның Обь өзеніне дейінгі аралыққа жеткізілуіне орай, XIX ғасырдың соңында орыс үкіметіне бағынышты кең-байтақ өлкенің өмір-тынысы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда ұлғая түскен.

Мысалы, Ақмола, Павлодар уездерінің аймағынан табылып, кәдеге жаратыла бастаған тас көмірдің өзінен-ақ мыңдаған сом пайда алынған. Сондай-ақ Батыс Сібір темір жолы құрылысының аяқталып, іске қосылуы патша үкіметінің жүргізіп отырған көші-қон саясатына да сөз жоқ, оң әсерін тигізген, әу бастан қоныс аударушы орыс шаруаларының аялдама, бекетіне айналған Түмен шаһары өзінің бұрынғы мәнін жоғалтқанымен, оның орнына Челябі, Петропавл, Омбы қалалары келіп қосылды» [49], – деп жазылды.

Бұл туралы кейінірек «Қазақ» газеті өзінің 1913 жылғы төртінші санындағы мақаласында: «Бір кездегі іргесі ыдырамай жатқан» халық келімсектер келісімен, күшті жұрттың «аяқасты болып, азып-тозып, жоғалуға жақын». Сондықтан да саяси күреске шығу, езгіден босанар жолды анықтау ісі бүгінде алдыңғы кезекке шыққандығын айта келе:

«Істің мәні жалғыз-ақ тамақ асырап күн көруде қалмас, өз бетімен күн көре алмаса, өзге жұрттың есігінде жүріп, малайлықпен тамақ асырап, қазақ тіршілігін етер ғой... өз алдына дербес ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға шейін тұтас тұрған халық едік. Арамызға әртүрлі жұрт кіріскенде, солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы бізді төсекте дөңбекшітіп, ұйқымызды бөлетін нәрсе» [50], – деп жазды.

Әрине, бұдан «Қазақ» газетіне дейін бұл мәселе еш басылымда жазылмаған деген қорытынды туындамауға тиіс. Бұл орайда Ы.Алтынсаринның 1880-1886 жылдар аралығында «Оренбургский листок» газетінде жариялаған төмендегідей материалдарын көлденең тартуға болады.

Мәселен, ол «Қазақ даласындағы аштық» деген мақаласында патша өкіметінің жергілікті әкімдерінің қазақтарды бірден күшпен отырықшылыққа итермелеп, артық жерлерін тартып алып жатқанын сынап жазса, «Торғай облысындағы Ырғыздан» деген екінші бір мақаласында «Биылғы қыс та Торғай қазақтары үшін өткен қыстан жеңіл боп өткен жоқ. Аштық пен сүзек тағы да халық арасында кең жайылды. Тіпті, ауқатты, әлді отбасының өзінде сүзек ауруы көп болып, талай адамдар өліп кетті. Мұның немен аяқталарын алдымызда ненің күтіп тұрғанын, кім білсін. Шынымен-ақ бүтін бір халық осылайша құрып кете ме?» деп толғанды.

Сондай-ақ «Оренбургский листок» газетінің 1880 жылғы 11 мамырындағы нөмірінде жарияланған «Торғайдан жолданған корреспонденциясында» Ы.Алтынсарин қазақ кедейлерінің аштыққа ұшыраған ауыр халін, оларды аман сақтап қалу шараларын сөз етті. Ол үшін ауқатты адамдардың аш адамдарға көмектесуі, балық аулау, жаңа егістің қамына кірісу, жем-шөп, азық қорын мол жасау қажеттілігі туралы кеңес берді. Мұндай қамқорлық танытуы, халықты аштықтан аман алып қалу туралы ойлары оның басқа мақалаларына да тән болды.

Кейінірек жер мәселесі төңірегінде туындаған пікір-талас тек «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің арасында емес, сондай-ақ 1911-1913 жылдар аралығында Орда, одан кейін Орал қаласында шыққан «Қазақстан» газеті мен «Айқап» журналы арасында да болған.

Оған мысал ретінде «Қазақстан» газетінің белсенді авторы Ғұмар Қарашевтің «Айқаптың» бетінде жарияланған Ахмет Жантөриннің «Қазақ халқы қала болуы тиіс емес, қала болудың соңында біздің үшін

бек көп қорқыныштар сезіледі», – деген мақаласына орай «Ахмет Жантөринге» атты қарсы материалын атап өтуге болады.

Онда: «Крестияндардың ата кәсібі – егін. Біздің ата кәсібіміз – мал өсіру. Қала бол деген сөзден мал өсірме деген шықпайды. Орал облысындағы қала болуға жазылған қазақ ауылдарының тұс-тұсынан оброчной аталып, мал бағуға жарақты жерлер қалдырып жатыр. Мал бағу біздің маңдайымызға жазылып, былайғы кәсіппен тіршілік ете алмаймыз деген хәкім (заң) дұрыс хәкім емес. Жөні келсе, егінмен де, саудамен де қазақ тіршілік ете алады. Осы күндегі орыс, татар секілді отырықшы елдердің бәрі де әуелде көшпелі, мал бағып күнелткен халық болған» деген салиқалы ойлар бар.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы өзінің жағынан феодалдық-патриархалдық даму кезеңінде болы. Ол кезде капиталистік қатынастардың кейбір элементтері (сауда-саттық, ұсақ кәсіпшілік) көрініс тапқанымен, ұзақ жылдар, ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық қатынастар сол күйінде қалған болатын. Бұл туралы зерттеуші Г.Чуланов өзінің «Революцияға дейінгі Қазақстанның өнеркәсібі» деген еңбегінде: «Өткен ғасырда қазақтардың мал шаруашылығы табыстың 60 процентін құраса, егіс 30 процентін, ал өнеркәсіп бар болғаны 10 процентін құрады» [51], – деп жазды.

XIX ғасырдың екінші жартысында, яғни 1863 жылы Черняевтің әскері Әулиеата, Шымкент қалаларын жаулап алуымен Ресейдің қазақ жерін жаулап алуы аяқталды. Соның нәтижесінде патшалық Ресей қазақ жерінде саяси-әкімшілік қысымды күшейте түсті. Сөйтіп, олар қазақ жерінің саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуына тек отарлық саясат көзқарасы тұрғысынан қарап, қазақ елінің халық, ұлт ретіндегі өзіндік даму жолдарын айқындауына, салт-дәстүрінің сақталуына, ұлттың табиғи жолмен өркендеуіне мүмкіндік бермеді.

Алдымен патшалық Ресей өзінің отарлау саясатын қазақ жерінде қалай жүргізді, соған тоқталалық.

Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ жері үнемі шекаралас мемлекеттердің шабуыл нысанасына айналып келгендіктен, ХҮІІІ ғасырдың алғашқы жартысында қазақ хандығының бір бөлігі патшалық Ресейдің қол астына кіріп, бағынуға мәжбүр болған. Осы кезеңнен бастап, қазақтардың өздерінен қай жағынан болсын басым солтүстік көршілеріне деген бағыныштылығы, яғни бодандығы нығая түскен.

Мәселен, 1822 жылы патша үкіметі қабылдаған «Сібір қазақтары туралы» жарғысында қазақтың бұрынғы қоғам өміріне көп өзгерістер

енгізді. Бұл жарғы қазақтарға тән ғасырлар бойы қалыптасқан басқару жүйесін жоққа шығарып, оның орнына әлеуметтік бөлудің еуропалық тәсілдерін таңды. Соның нәтижесінде патша Орта жүздегі хандық билікті жойып, оның орнына округтар мен приказдар құрды. Ал, Кіші жүз болса, осы жарғының негізінде Орынбор шекаралық комиссиясына бағынатын болды.

Міне, осының барлығы да кезінде ұлттық сананың дамуына ұзақ жылдар бойы қасақана құрылған тор болып келді. Сондай-ақ жергілікті байлардың қанау тәсілдері мен патша әкімшілігінің ауыр алым-салықтары, казактардың күш көрсетуі – қазақ халқын қайыршылыққа әкеп тіреді. Ал, патшалы Ресей XIX ғасырдың 60 жылдарында Қазақстанды толық жаулап алғаннан соң, оның жерін шикізат қоймасы мен арзан жұмыс күшіне айналдыруды армандады. Өйткені бұл өлкенің өнеркәсібін дамыту көп экономикалық шығынды қажет етті. Сондықтан, Ресей пайдалы қазбалар мен мал шаруашылығының өнімдерін қанағат тұтты. Оларға Қазақстанда астық шаруашылығын дамыту пайдасыз болды.

Сөйтіп, қазақ даласында өнеркәсіп те, ауылшаруашылық та нашар дамыды. Қазақстан бар тіршілігін Ресей мен байланыстырғандықтан, Шығыспен арадағы дәстүрлі саудасынан айрылып, күнделікті өмірлеріне қажетті заттарды шығару мүмкіндіктерінен қол жазып, Ресейге мүлдем кіріптар болып қалды. Соның салдарынан Қазақстанда XIX ғасырдың соңында мал шаруашылығы шаруашылықтың басты түрі ретінде қала берді.

Міне, осыдан-ақ патша үкіметінің тарапынан кезінде қазақ елін басқару қандай дәрежеде жүргізілгендігін байқауға болады. Оның үстіне, 1868 жылғы далалық облыстарды басқару жағдайының жобасын талқылаған Министрлер кабинеті қазақтарға қатысты барлық заңдардың бұрмаланып отырғанын атап көрсеткен.

Ал, осы кезде қазақ жеріне Ресейден орыстардың шектен тыс көп қоныс аударуы демократиялық бағыттағы зиялыларды қатты ойлантқан. Бұл орайда Н.Ядринцевтің «Сібір бұратаналары және олардың құрып бітуі» деген мақаласындағы: «Жер мәселесі барлық жүгенсіздіктер мен кедейшіліктің бастауы болды», – деген жолдар патшаның оспадар саясатының нәтижесінде бір ұлттың құрып кету қаупінің туғанын меңзеді. Өзінің әріптесінің бұл ойын қостай отырып Л.К.Чермек «Қырғыздар (қазақтарды айтып отыр) қырылып бара ма?» деген мақала жазып, онда: «Қырғыздардың барлық тағдыры тек жеке басының қамын күйттеген орталықтардағы бишігештерінің қолында болды», – деп қазақ жеріндегі отарлау саясаты халықты құрту мен қанауға бағытталғанын ашық көрсетті.

Патша үкіметінің барлық шет аймақтардағы сияқты Қазақстанда да жергілікті халықтың хал-жағдайымен есептеспей «мамандандырылған» шаруашылық саясатын жүргізді. Халықты орыстандыру саясаты бел алды.

Осының бәрі жергілікті халықтың өміріне, әдет-ғұрпына үлкен залалын тигізді. Соның нәтижесінде қазақ халқы XX ғасыр табалдырығын жерінен айырылып, шаруашылығы күйзеліп, білім-ғылымнан алшақтап, елдігі мен мемлекеттігін жоғалтып, арып-ашып, қалжырап аттады.

Қазақ жерін отарға айналдыру саясатының ең тиімді түрі болып миграция тәсілі саналды. Егер Қазақстанға Ресейдің орталығы мен оңтүстігінен 1896 жылдан 1905 жылға дейін 249 мыңнан астам шаруалар көшіп келсе, тек 1906-1910 жылдары олардың саны 707 мыңға артқан.

Қазақ даласына орыс шаруаларын ресми қоныстандырудың алғашқы кезеңі 1879 жыл. Бірақ, бұл тек бастамасы ғана еді. Ең алғаш рет Көкшетау уезіне 11 елді мекенге орыс шаруалары орналастырылған. Оларға егін алқабына жарамды деген 18090 десятина жер бөлініп берілген. 11 елді мекенге 240 отбасы иелік жасаған.

Мұндай өз Отанынан қуғын-сүргінге ұшырап, жер иелігіне құмартқан қоныс аударушылар саны жыл өткен сайын көбеймесе азаймаған. Көпшілігі, әсіресе, бірден жер үлесі тимегендер өздерін жатсынбай құшақ жая қарсы алған қазақтың жеріне қалай ие болудың жолын ойластырған.

Әрине, келе-келе өз атамекенінен қуылып, құнарлы жерлерге орыс шаруаларының орналасуы қазақтардың арасында заңды наразылық тудырған. Олар орыстарға қарсы бас көтеріп, егіс алқаптарына өрт қойған.

Ал, орыс мемлекетінің арнайы рұқсатынсыз өз беттерімен көшіп келгендер тек Ақмола облысының өзінде ғана мыңдап саналған. Мысалы, осы облыстың Атбасар, Петропавл және Көкшетау уезінде кезбелікпен келгендердің саны 9 мыңнан (тек ерлер ғана) асып кеткен. Олардың бақытына қарай осы кезде дала өлкесіне жаңадан сайланған генерал-губернатор барон Таубе келіп, орыс шаруаларының қазақ жеріне ешкімнің рұқсатынсыз-ақ қоныстануына жағдай жасаған.

Сөйтіп, қазақ даласында бұрын қоныстанған орыс шаруаларының поселкілерін қоспағанда, жаңадан тағы да оннан астам село бой көтерген. Әрине, мұның өзі яғни барон Таубенің қазақ жеріне орыс шаруаларының үлкен тобын еш қиналмай-ақ қоныстандыра салуы ерлік ретінде қабылданып, жалғасын тауып отырған. Ақыр соңында жергілікті

әкімшіліктің олардың жаңа легі үшін басқа учаскелер іздестіру жұмыстарымен арнайы айналысуларына тура келген.

Әсіресе, патша үкіметінің 1889 жылғы 13 шілдеде қабылдаған «Қоныстандыру саясаты туралы» жаңа заңынан соң еуропалық Ресейдің түпкір-түпкірінен жерсіз кедей орыс шаруалары Батыс Сібірге қарай жұмақ өмір іздеп, лек-легімен ағыла бастаған.

Көктем мен жаз айларында Пермь мен Түменнің жолдарында көлік күтумен күндерін өткізген мыңдаған қоныс аударушы шаруалардан қала тіршілігі қиындап кететін болған. Әсіресе, 1891 жылы бұл қалаларда еуропалық Ресейде болған құрғақшылық пен аштықтан соң Сібір жерлеріне лап қойған ішкі губерниялардың шаруалары жүздеп емес, мыңдап жиналып қалған болатын.

Сондықтан оларды дiттеген жерлерiне жоспарлы түрде кеме немесе басқа көлікпен уақытында жеткізу мүмкін емес-тiн. Әрi мыңдаған адамдарды тасымалдайтын көлік саны да жетiспедi. Бiрақ, осындай қиыншылықтарға қарамастан, шаруалар емшектегi жас нәрестелерiн құндақтап, қартайған шалдарын балаларын сондарына ертiп, Сiбiрге бет түзеп, иен жатқан бай өлкеге орнығуға асықты.

1894 жылғы құрғақшылық, әсіресе, су тапшылығы қоныс аударушылар үшін өте қиын тиді. Бұл жайында «Степной край» газеті өзінің 1895 жылғы нөмірлерінің бірінде: «Шаруалар бір жұтым суға жету үшін құдық басында сағаттап кезекте тұрады. Алайда, олардың көпшілігі уақыттарын босқа өткізіп, бала-шағаларына сусыз қайтушы еді. Оның үстіне шаруаларға арналған асхана да нашар жұмыс істеді. Себебі ыстық су жетіспеуші еді», – деп жазды.

Бірақ, осыған қарамастан еуропалық Ресейден Сібірге қоныс аударушылардың тасқыны толастамаған, қайта көбейе түскен. Мысалы, 1894 жылдың 20 мамырында Түмен бекетінде жиналған шаруалардың саны 4124 адам болса, 22 мамырда 6935-ке жеткен. Араға бес күн салып, олардың саны жеті мыңға артса, 3 маусымда 17804 адам болған. Бүкіл маусым ішінде Түменнен Батыс Сібірге жол қатынасы арқылы 8071 адам, кемемен 22051 адам аттандырылған. Мұның өзі күн сайын орта есеппен мың адамнан жөнелтіліп отырылды деген сөз. Сондықтан, Түмен бекетіне жиналған 17 мың адамды тасымалдау үшін 17 күн қажет болған. Олар баржамен Батыс Сібір өзендері арқылы – Тоңды, Барынауыл, Омбы, Павлодар, Семейге аш-жалаңаш күйлерінде жандарын шүберекке түйіп аттанған.

Мұндай көріністер XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Сібір жерінде үйреншікті жайға айналған. Өйткені, әр көктем сайын еуропалық Ресейдің халқы тығыз орналасқан губернияларынан өз жерінде болашақтан күдер үзген шаруалар алдарындағы азын-аулақ мал иеліктерін болмашы қаражатқа сатып, алыс Сібірге амалсыз күн көрістің қамымен аттанатын болған. Себебі, бұрынғы Отандарында олар үшін орын болмаған.

Сондықтан да, сол мыңдаған қоныс аударушы шаруалар беймәлім Сібірге ынтық болып, миссионерлік жолға түскен, бір бөлігі бөтен жерді басып алушы, тонаушы, зорлықшы болып шыққан.

Өткен ғасырдың соңында көші-қон қозғалысы қыр облыстарына қарай ығысты. Мәселен, Алтай таулы округіне, Тобыл және Тоңды губернияларына, сондай-ақ, салынып жатқан Сібір темір жолын жағалай шығысқа қарай бет алды. Қыр облыстарының ішінде отарлық қозғалыстың дәл ортан жолында жатқан Ақмола облысы қоныс аударушыларды ең көп қабылдаған өлке болды. Ал, Семей, Жетісу, Орал және Торғай сияқты облыстардың жерлері Батыс Сібір темір жолынан біршама қашықта орналасқандықтан, бұл тұста орыс шаруаларының саны Ақмола облысына қарағанда әлдеқайда аз болған.

Бірақ, бұл облыстарда да олармен іргелес жатқан Тоңды және Тобыл губернияларының жерлері сияқты артық ауыз, құнарлы бөліктері көп болған. Алайда, бұл жерлердің ең шұрайлысын негізінен 1895 жылы қоныс аударған шаруалар иемденген. Ал, қалған жерлер соңғы екі жылда қоныс аударғандардың қолына көшкен. Ол аз болғандай енді орыс миссионерлері теміржолдан алыста жатқан қазақ жерінің ішкі бөліктерінен казактар мен орыс шаруаларына арнап егіс алқаптарын дайындау жұмыстарымен айналысқан.

Қазақ даласында XIX ғасырдың соңына дейін өз шаруашылығын дамыту түрлі әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерге орай өз шешімін таппай келгендігі белгілі. Сол кезеңде қазақ жері қоныс аударушы орыс шаруалары есебінен толықтырылып отырылса да егіншілікке жарамды жерлер және диқаншылықпен айналысатын адамдар жайлы нақты деректер жоқ болатын. Бұл басқыншы орыстардың қазақ даласындағы жұмысын қиындатты.

Сондықтан, орыс миссионерлері патша әкімшілігінен XIX ғасырдың сексенінші жылдарында Батыс және Шығыс Сібір шаруалары мен бұратаналарының шаруашылық және экономикалық хал-ахуалдарын зерттеп, білу үшін арнайы зерттеу ісін ұйымдастыруды талап етті.

Өйткені, тек осындай жан-жақты зерттеуден соң ғана көптеген құпия сауалдарға жауап алып, ең бастысы кең сахараның егіншілікке және көшпелі шаруашылыққа жарамды жерлерін айқындауға, сөйтіп, бұратана халықты басқаруды жеңілдеткен болар еді. Сонда қазақ халқының өмір сүру дәрежесі мен сан қырлы шаруашылығына байланысты мына мәселелер анықталуы қажет деп есептеді:

1. Көшпелі шаруашылықтың қоршаған ортаға қатысы;
2. Көшпелі шаруашылық жағдайында әрбір отбасының күн көру дәрежесі;
3. Қандай жағдайда ол экономикалық жағынан тиімді болады;
4. Көшпелі шаруашылық жүргізу үшін қандай жер иелігі қажет;
5. Қазақ тұрғындарының жерге қожалық ету құқықтары;
6. Жерді иеленудің және оны пайдаланудың негізі мен олардың көшпенділердің шаруашылықтарына әсері;
7. Қазақ даласын отарлау барысында олардың көшпелі шаруашылықтарын ығыстырып, жойып жібермеу үшін не істеу керек?

Қазақ даласында егіншіліктің нашар дамуына халықтың көшпелі өмірінің зияны тиді дейтін тұжырым қате. Керісінше, қазақ халқы топырағы құнарлы жерлерде, әсіресе, оңтүстікте жалпы, астық шаруашылығымен, егіншілікпен мейлінше көп айналысқан. Бірақ, қазақтың тұрмыс жағдайы, басқа да ерекшеліктері көшпелі халықтың өмірлік қажетін қамтамасыз ететін мал шаруашылығын олардың негізгі кәсібіне айналдырғаны белгілі.

Мал басының аман болуы қазақтың тұрмыс-тіршілігіне тікелей әсер ететін. Қазақ амандасқанда ең әуелі: «мал-жаның аман ба?» деп алдымен малын сұрайтыны, сірә, сондықтан шығар... Ал, малынан айырылған қазақтар қолы қысқарып, кедейлердің қатарын толықтырып отырды. Олар көбінесе, келімсек орыстарға немесе Сібір казактарына жалданып, ең қиын, ең ауыр жұмыстарды атқарған.

Көшпелі қазақтардың арасынан астық шаруашылығын дамытуда өткен ғасырда ерекше табысқа жеткен Жетісу, Орал және Торғай облысының егіншілері болды. Мәселен, Жетісу облысының халқы астық шаруашылығымен орыстар жаулап алғанға дейін де шұғылданған. Ал, кейіннен қонысын жиі ауыстыруына, рулар арасындағы қақтығыстарға байланысты қазақтардың бар құнарлы жерлері мен мал жайылымдары орыстарға берілген. Осыдан соң, бұрынғы жартылай көшпенді халық амалсыз астық шаруашылығымен айналысу үшін егістікке жарамды жер

іздей бастаған. Сөйтіп, олар енді облыстың басты өзендері Іле, Шу, Қаратал, Лепсі сияқты суы мол алқаптардың бойына ауысқан.

Қазақтардың егіншілікпен айналысуы қауымдық құрылыс сипатын еске салады. Жерді бірнеше отбасының қожалары бірігіп өңдеген. Олар көбіне рулас адамдар болған. Егіс алқаптары онша көлемді болмаған. Бірақ, оның есесіне кейбір ауқатты қазақтардың 40-50, тіпті 100-200 десятина егіс алқабына тұқым себетін кездері де кездескен.

Әдетте қазақтардың егіс алқаптары мал қыстаулары мен жайлауларынан алыста жатқан. Жерді өңдеп, тұқым сепкен соң жер иелері өздерінің туыстарымен бірге мал соңынан кеткен. Ал, қос басында, егінді баптап, суаратын бірнеше адамдар ғана қалдырылған. Олар жайлаудан орақ кезінде ғана қайтып оралған. Астық өнімін өзара тең бөліске салған. Болашақ жылдың тұқымын қыстау маңындағы қоймаларда сақтап, артылғанын сатуға шығарған.

Уақыт пен қажеттілік біздің ата-бабаларымыздың табын-табын малдарын ашық аспан астындағы кең далада бағуға дағдыландырған. Кезінде қазақтардың мал шаруашылығы туралы орыс саяхатшылары мен миссионерлері, жазушылары бір-бірімен жарыса, ауыздарының суы құрып, таңданыса жазған болатын.

Мәселен, Броневский деген миссионер: «Қырғыздардың бар байлығын сан мыңдаған жылқы үйірлері, түйе, ірі қара мал табындары мен қой-ешкі отарлары құрайды. Олардың жылқылары ірі әрі жүйрік келеді. Түйелерінің барлығы да қос өркешті, 12-20 пұт жүк көтеретін, шөлге шыдамды жануарлар. Орыс саудагерлері олардың ақбас сиырларын көптеп сатып алып, Екатеринбургке, тіпті Мәскеуге дейін әкеледі. Қойлары ірі, салмақтары 80-100 килограммға дейін жетеді», – деп жазса, орыстың белгілі саяхатшысы, ғалымы Г.Н.Потанин өзінің «В юрте последнего киргизского царевича» деген еңбегінде қазақтардың қоныс аудару себептерін: «Жаз бойы болыс-болыс болып, көшіп-қонып жүрген ел қыс түсе ауыл-ауылға бөлінеді. Бөтеннің жеріне көз алартпайды. Әр рудың өз қыстақтарына көшу себептерін айтсақ, біріншіден, олар жылдың әр мезгілін белгілі бір жерде өткізіп үйренген. Екіншіден, жаз бойы мал тұяғы баспаған таулы аймақтың шөбі шүйгін болады. Үшіншіден, ата-бабалары жерленген зиратты олар ерекше қастерлейді. Алайда, осының бәріне де қарамастан, адам өлімі, мал шығыны көп болған қыстаудан қырғыздар бұл жердің қайырымы жоқ деп, көшіп кетеді», – деп суреттейді.

Осы кезде қазақ жерін өрмекші торындай ерсілі-қарсылы шырмап алған отарлау көзі – миссионерлер де бос жатпаған. Мәселен, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Шербина экспедициясы деген атымен танымал болған отарлаушылар ең алдымен қазақ даласының бес облысының тұрғындары мен мал санының есебін шығарған:

Облыстар	Тұрғындар саны	Ірі қара	Ұсақ мал	Барлық мал саны
Торғай	364647	1143989	1743623	2878612
Орал	559552	916485	2127180	3043665
Жетісу	666319	1274240	3696273	4970543
Семей	576578	793455	2006431	2799886
Ақмола	500174	976733	1414287	2390060
Барлығы	2667290	5103942	8851614	13995556

Осы бір дерек-көрсеткіштен-ақ, бір ғана мал шаруашылығы кәсібінің өзі мемлекеттік маңызы бар іске айналып, отаршылдардың тәбетін бостан-босқа ашпағаны байқалады.

Сөйтіп, XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың басында Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай сияқты кең-байтақ бес облыстың алып жатқан жері кімді болсын қызықтырмай қоймаған. Деректерге қарағанда бұл бес облыстың жалпы жер көлемі 1.914.013. шаршы шақырым, халқының саны 2.667.290. адам болған. Енді ұшан-теңіз қазақ даласына қоныстану сипаты қандай болған деген сауалға келсек, онда мысалы, Торғай облысының әрбір тұрғынына бір шаршы шақырымнан, ал Жетісу мен Орал секілді халық неғұрлым шоғырланған облыстардың өзінде әр шаршы шақырым жерге орта есеппен екі адамнан келген.

Осы ұлан-ғайыр бес облыстың тұрғындары негізінен жергілікті халықтар – қазақтар болған. Сол кездегі ішкі істер министрлігінің нақты деректеріне қарағанда қыр облыстарының қазақ тұрғындары шамамен 2.153.011. адам болған. Ал, қалған 514.276-сы орыстардың – Сібір, Жетісу, әсіресе, Орал казак әскерлерінің және қоныс аударған шаруалар мен қала адамдарының есебінен толыққан.

Қазақ даласына жаңа қоныстанушылар тек теріскейден ғана келген жоқ. Қытай елінің қыспағынан қорыққан ұйғыр, дұнған секілді халықтардың бұрын Құлжа мен Іле өлкесін мекендеген бір бөлігі мекенінен ығыса көшіп, қазақ жеріне келді.

Қоныс аударғандардың саны ерлері мен әйелдерді қоса есептегенде 56981 адам болған. Олардың 46786-сы ұйғырлар, 10 мыңы дүңғандар екен. Бұл екі ұлттың өкілдері Жаркент, Верный, Пржевальскі мен Бішкек уездерінде жаңадан 45 елді мекен құрып, 273768 десятина жерді иемденген.

Қорыта айтар болсақ, патша үкіметінің қазақ жеріндегі отарлау саясаты – Қазақстанның орасан зор табиғат байлығын тек шикізат қоры ретінде пайдалану арқылы прогресті дамуына жол бермей, қапаста ұстап, этнос ретінде жойып жіберуді көздеген зұлым саясат болды.

Бұған дейін де айтқанымыздай, отарлау саясатының ең бір қауіпті де қасіретті тұсы жер мәселесі еді. Өйткені, жаңа ғасырдың басында Ресейден қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру бұрынғыдан да күшейе түскен болатын. Бұған осы кезеңде еуропалық Россияны 4-4,5 миллион шаруалардың тастап кетіп, Сібір, Қазақстан, Орта Азия жерлеріне келіп қоныстануы дәлел.

Оның үстіне бұл қоныс аударушылар қорына бөлінген жерлер неғұрлым шұрайлы, егістікке пайдалы болып келсе, жергілікті халық керісінше қуаң далаға, сортаңды жерге, таулы аймаққа ығыстырылды. Осыдан, негізінен мал шаруашылығымен айналысатын халықтың жағдайы күрт төмендеп, тіпті жер бетінен жойылып кету қаупін туғызды.

Міне, біз сөз еткелі отырған екі басылым ел басына төнген осы қатердің қаншалықты ауыртпалық әкелетінін, әуелі елді күйзеліске ұшыратып, түптің-түбінде оның болмысына қауіп төндіретінін күңірене жазды. Сөйтсе де, нақты мәселеге көшпей тұрып, ұлттық, қоғамдық-саяси және биресми басылымдар – «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіне қысқаша сипаттама беріп кетуді жөн көріп отырмыз. Себебі, бұл екі басылым да кезінде, XX ғасырдың басында, қазақ халқының өміріндегі азаттық жолындағы күрестің, яғни, саяси-әлеуметтік қозғалыстың үрдісі дамып, құлаш жая бастаған тұсында күрескерлік бағыт ұстанған саяси топтың күшімен шығарылған болатын.

«Айқап» журналының алғашқы саны Троицк қаласында 1911 жылдың қантар айынан бастап шыға бастаған. Оның шығарушысы, редакторы – демократ ақын, жазушы М.Сералин еді. Ол журналды алғаш жұрттан қарызға ақы алып, пай жинап жүріп шығарады. Ақыры оның бейнеті ақталып, біраз уақыттан соң оған жәрдемдесушілер табылады, көп ұзамай-ақ журнал өз қаржысымен шыға бастады. Солай бола тұра қаржының тапшылығынан ол алғашқы жылы айына бір рет, шағын көлеммен жарық көрді.

Жәрдемдесушілер көбейіп және өзі де қор жинай бастаған соң, яғни 1912 жылдан бастап журнал айына екі реттен 12-24 бет көлемде жарияланды. Тиражы 1000 дана, бес жылдың ішінде 89 саны жарық көрген.

«Айқаптың» алғашқы санындағы «Қызмет иесі мырзаларға» деген мақалада: «Журнал шығарудағы мақсат – атақ шығару, білім сату емес, халыққа қызмет ету болды... Журналымызға «Айқап» деп есім бердік... Біздің қазақтың «Ай, қап» демейтұғын қай ісі бар! «Қап» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң, журналымыз өкінішімізге лайық «Айқап» болды», – деп жазылды.

«Айқап» әр материалдың мазмұны мен тақырыбына жете көңіл бөліп отырды. Бірінші бетіне елдің ішкі өмірінде болған жаңалықтар, ресми хабарлар, екінші, үшінші беттерінде «Ашық хат» деген айдармен оқырмандар хаттарын жариялаған. Проблемалық мақалалар (жер туралы, съезд, сайлау, т.б. тақырыптар) 4-6 беттерінде орналасқан. «Фельетон», «Хабарлар» айдарымен берілген материалдар журналдың орта тұсынан орын алған. Ал, шетел жаңалықтарын, көңіл айтулар мен басқармадан ескертулерді, жаңа кітап туралы рецензияларды журналдың соңғы беттерінен оқуға болатын.

«Айқаптың» – «Өлең-жыр», «Фельетон», «Хабаршыларымыздан», «Ашық хат», «Басқармадан жауап» деп аталған тұрақты айдарларының болуы оның жұмысындағы ұқыптылықты, жүйелілікті танытады. Журналдың безендіру мәселесіне де жете көңіл бөлінгенін жоғарыдағы айдарлар бойынша жариялаған материалдардан айқын аңғаруға болады.

«Айқап» өз кезі үшін үздік журнал болды. Оның әр санын жұрт асыға күтті. Оған Қазақстанның барлық облысынан және Астрахань губерниясына қосылған Бөкей ордасы мен Кавказ округына қарайтын Маңғыстау, Атырау, Оралдан үзбей хат келіп тұрды. Әсіресе, Ақтөбеден. Қостанайдан, Қызылжардан, Торғайдан, Көкшетаудан, Қарқаралыдан, Семейден, Аягөзден, Қапалдан, Шиеліден, Қызылордадан, Жамбылдан, Шымкенттен, Зайсаннан мақалалар жиі жарияланды.

Журнал бетінде кейде «Одан-бұдан», «Уақиғалар», «Мұсылмандар түсінуге тиісті мәселелер» деген айдарлар бойынша да материалдар жарық көрді. Кейін оларды алмастырған «Хабаршыларымыздан», «Хабарлар» айдары журналдың соңғы кезіне дейін тұрақты шығып тұрды.

«Айқаптың» тұрақты хатшысы болып 1911-1912 жылдары Әкірам Ғалымов, 1913-1914 жылдары Сұлтанмахмұт Торайғыров істеді. Қызметкер, тілші, автор болып Жақанша Сейдалин, Спандияр Көбеев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев, Бақытжан

Қаратаев, Молдағали Жолдыбаев, Бекмырза Бекжанов, Нұралды Айтмұханбетов, Есенғали Қасаболатовтар қатысты.

«Айқап» мемлекеттік Думаларға, Дума сайлауларына байланысты мақалалар жариялады. Қазақтарға да сайлау құқы берілуін, Думаға қазақтан да депутаттар сайлауын, онда халқымыздың көкейкесті мәселелерінің қаралып, шешімін табуын талап етті. Ол үшін бүкіл қазақ съезін шақыру керегін ұсынды.

Осыған орай «Айқап» редакторы М.Сералин журналдың 1912 жылғы санында «Юбилей туралы» деген мақала жариялап, онда Романов тұқымдарының патшалық құрғандарына 300 жыл толу мерекесіне қатысатын қазақ өкілдеріне мынадай тапсырма жүктейді:

1. Қазақтан Думаға депутат сайланатын болсын;
2. Қазақ жеріне енді шеттен көшпенділер келтіру тоқтатылсын;
3. Казак, орыс орналасқаннан қалған жер қазақ пайдасына берілсін;
4. Мал шаруашылығын жаңаша өркендетуге орыспен қатар қазаққа да учаске бөлінсін;
5. Қазақстандағы қазынадан сатылатын жерлерді орыспен қатар қазаққа да сатып алуына рұқсат етілсін;
6. Дін туралы, мектеп, медресе ашу туралы, халық сотын өзгерту туралы сұралсын.

Сондай-ақ «Айқап» және оның редакторы сол кездегі саяси-әлеуметтік мәселенің ең бастысы – жер мәселесі екенін жақсы түсінген.

Мәселен, 1867 жылы 11 шілдеде «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі уақытша ереже» шықты. 1868 жылы 21 қазанда «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторларының қырлық облыстарын басқару туралы ереже» бекітілді. Барлық жер мемлекет меншігі, тек хан әулетіне патша «сыйлаған» жер ғана жеке меншік болып табылады. 1895 жылға дейін «Щербина экспедициясы» патшаға қазақ даласының ең шұрайлы жерлерін мәлімдеп отырды. 1870-1890 жылдары ұйғырлар мен дұңғандар көшіп келді.

«Қазақ» – қоғамдық-саяси және әдеби газет. 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. Таралымы 3000, кейбір мағлұматтарда 8000-ға жеткен. Бірінші редакторы – әйгілі ғалым, жазушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы – қоғам қайраткері, жазушы Міржақып Дулатов, бастырушысы – «Азамат» серктері. Хусаинов-Кәрімов

баспаханасында басылып тұрған. «Қазақ» газетінің 1918 жылғы сандарының редакторы – Жанұзақ Жәнібеков. Барлығы 265 нөмірі жарық көрді.

Газетте ХХ ғасырдың басындағы қазақ жұртының саяси-әлеуметтік өмірінің түйінді мәселелеріне, шаруашылық жайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев пен С.Дөнентаев, Б.Майлин, С.Торайғыров, Ғ.Қарашев, А.Маметов, Б.Серікбаев, Р.Малабаев, Қ.Қоңыратбаевтардың сан қилы материалдары жарияланып тұрған.

Кезінде басылым әскери цензураның қатаң бақылауында болған. Оны «Қазақтың» әр нөміріндегі «Дозволено военной цензурой» деген бұрыштамадан көреміз. Мысалы, газетте 1914 жылғы тамыздың үші күні бас мақаласы жарияланбай қалған. Осыған байланысты: «Бас мақала цензураның рұқсат етпеуінен басылмай қалды», - деп жазған.

Сондай-ақ, «Қазақтың» бетінде жарияланған әрбір мақаланы, хабарды барынша мұқият тексеріп отыруды, баспасөз заңын бұзса, редакторларын жауапқа тартуға, соттауға бұйырған баспасөз ісінің бас басқармасы граф Татищевтің Орал, Орынбор губернаторларына жазған құпия хаттары архивте сақталған. Онда «Қазақ» газетін тексеру-бақылау жұмысын Торғай облыстық басқармасының тілмашы, татар тіліндегі мерзімді баспасөздерді бақылаушы Тұнғаншинге тапсыру қажеттігі жайында Орынбор губернаторы, генерал-лейтенант Сухамилиновтың бұйрығы да бар.

Қазіргі зерттеушілеріміздің Тұнғаншиннің есіміне күдікпен қарайтындықтары да сондықтан болар. Патша үкіметінің осындай жазалаушылық шараларынан «Қазақ» көп қиянат көрген. Мәселен, газеттің 1917 Жылғы 78 нөмірінде жарияланған «Алашқа» және 79 нөміріндегі «Ресейдегі ұйымшылдық» деген мақалаларында қоғамда болып жатқан шындықтың бетін ашып көрсеткені үшін, патша саясатына қарсы шықты деп А.Байтұрсыновты екі жылға соттау үкімі шығарылған. Сондай-ақ, «Бұл қалай?» мақаласы үшін редакторға 50 сом айып салып немесе екі апта абақтыда отыруға кесілген. Ал «Заң жобасының баяндамасы» деген мақаласы үшін Орынбор генерал-губернаторы А.Байтұрсыновқа 1500 сом айып немесе үш ай түрме кескен.

Осындай зор қиындықтарға қарамастан газет 1918 жылдың қыркүйек айына дейін үзбей шығып тұрған. Қазақтың ұлттық баспасөзінің қалыптасу дәуірінде мұндай ұзақ уақыт жарық көрген басылым жоқ. Оның 265 нөмірінің әрқайсысы қазақ тарихындағы ояну

дәуірінің күнтізбесі іспеттес. Замана шежіресіндей болған басылым Омбы атқару комитетінің 1918 жылға 4 наурыздағы Орынбор кеңесіне берілген «просим немедленно закрыть газету» деген нұсқауы бойынша көп ұзамай жабылды. Сөйтіп, патша үкіметінің отарлау саясатына бағынбай толассыз шығып тұрған басылым кеңес өкіметі тұсында біржола тоқтатылды.

Ал, енді «Айқап» пен «Қазақ» арасындағы жер мәселесі туралы пікірталастарға келетін болсақ, онда кезінде бұл екі басылым да өздері негізгі деп есептеген мәселелер төңірегінде үнемі бірауызды болмай, айтысып та отырды. Бұл туралы С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген кітабында: «Айқап» шала пісірген нәрселерді дұрыс пісірді, көмескі пікірлерді айқындады, сонымен қатар «Қазақпен» қазақтың тілі туды, таза қазақ тілінде шыққан баспасөз «Қазақ» газеті ғана болды, көпшіліктің пікір көші «Айқаптан» «Қазаққа» ауысты» [52], – деп жазған.

«Қазақ» газетінің 1914 жылғы 56 нөмірінде М.Дулатовтың «Айқап» мақаласы жарияланып, онда «Қазақ» та, «Айқап» та өз бетімен келе жатқан кезде сәтсіз күні басталған бас қосу мәселесі шыға келді», – деп айтылған.

Мұндай пікірді «Айқаптың» редакторы М.Сералин 1912 жылғы 4-5 сандарында алғашқылардың бірі болып көтерген еді. Онан соң бұл мәселені журналдың 10 санында Жұбекен Тілеубердин және Жақанша Сейдалиндер одан әрі жалғастырды.

Бірақ, «Қазақ» бұл мәселеге өте сақтықпен қарады. Бұған А.Байтұрсыновтың «Қазақтың» 1913 жылғы 18 нөмірінде жарияланған «Бас қосу турасында», – деп аталатын мақаласы дәлел. Онда «Бас қосуға бұл күнде қолайсыз шақ, оны басқа кезге қарата тұру керек. Қазақтың керегін өзге жолмен сөйлей тұралық, бұрынғыдай емес, қазақта қазірше бір журнал, бір газет бар, сыйғанынша солар арқылы кеңесейік, сыймағанын хатпен сөйлеуге болады. Съезде сөйлесіп, кеңескенмен, түбі барып істеушілерге тіреледі. Ісімізді іздеушілер, жоғымызды іздеушілер көбейсе, ойлаған пікір, көздеген мақсат жан бітіп тірілмекші», – деп жазылған.

Съезд туралы айтыс «Қазақ» газетінің бетінен де орын алды. Себебі, оның 24-36 нөмірлерінде Жақанша Сейдалиннің осы съезд туралы мәселе көтерген хаты басылған болатын. Оған А.Байтұрсынов «Бір қазақтың баласы» деген бүркеншік атпен «Бас қосу турасынан» атты қарсы мақала жазып жауап қайтарады. Ол бұл жолы Жақаншаның мақаласындағы сегіз түрлі қателікті көрсетіп, соның бірі: «Қазақ» газетасы мен «Айқап» журналын Жақанша мырза «Шалажансар» деп екі

мезгіл айтыпты... Жақанша өзі сол газета мен журналға жазып тұрады және ол екеуін құрап сөз айтады. Жақанша мырзаға ол екеуі жақпаса, неге жазады. Жақсы газет, жақсы журнал неге ашпайды?», – деп ең алдымен өзі шығарып отырған басылымды, одан соң қазаққа бола бейнет тартып жүрген Әлихан Бөкейханов, Бақытжан Қаратаев, Жақып Ақбаевтардың оң ісін қорғап, араға түседі.

Сөйтіп, қазақ зиялылары баспасөз бетінде де, одан тыс жерлерде де съезд шақыру мәселесінде ауызбірлік таныта алмады.

1905-1907 жылдардағы бас көтерулерден кейін қазақтар патшалық Ресей тарапынан бұрынғыдан да қатты қысым көре бастады. Олар енді табиғат байлығы мен малынан ғана емес жерінен де айырыла бастады. Бұл туралы «Қазақ ССР тарихында»: «Егер 1893 жылдан 1905 жылға дейін, яғни 12 жылдың ішінде қазақ халқынан 4млн. десятинадан артығырақ жер тартып алынса, 7 жылдың ішінде 1906 жыл мен 1912 жыл аралығында 17 млн. десятинадан астам жер тартып алынды» [54], – деп көрсетілген.

Бұл «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті жарыққа шыққан тұста халық басына патша үкіметі төндірген үлкен қауіп, қайғылы қасірет болатын. Сондықтан да «Айқап» пен «Қазақ» айналасындағылардың бұл тақырыпты көтермеуі, ол жөнінде түрлі айтыс-тартысқа бармауы мүмкін емес еді.

Бұл туралы «Айқап» журналының редакторы М.Сералин: «Соңғы он жыл ішінде үкімет... қырғыз-қазақтарды отырықшы қылып, өнер үйретейін, өнерге алғызайын, салдырап көшіп, азап шеккенше, отырықшы болып, тыныштық қылсын деп емес, отырықшы болып 12-15 десятина жер алып, ала алмағандардың жерін кесіп алмақ» [55], – деп отарлау саясатының түпкі мақсатын дөп тапса, «Қазақ» газетінің редакторы А.Байтұрсынов: «Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры – жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі я өлі болу мәселесі. Бұл турасында түсінік жетпей қаталасып, қазақты теріс жолға салғанымыз – 5 миллион адамның обалын мойнымызға жүктегеніміз. Сондықтан бұл турасында ақыл айтқанымыз, қазақты һәм басқаларды да қата ұқпастай етіп, анықтап ашық сөйлескеніміз абзал» [56], – деп жазды.

Осы арада бір ескерте кететін жай Ахаң (А.Байтұрсынов) жер мәселесін жазуды ең алдымен «Айқапта» бастап: «Қазақ жерінің қазыналық болғанына өкіну – білмегендік, әуелі қазыналық етемін дегенге көнбеске шара жоқ. Екінші, жер өзінде болса қазаққа пайдалы емес, бәле болар еді. Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны жер қазыналық болғандықтан. Бүгінгі тойғанына мәз болып, ертеңісін ұмытқан қазақ

бүгін жерін сатып қойып, ертең тентіреп кетер еді. Жер жалдаған қазақ аз ба? Жерді жалдаудан тартынбағандар сатудан да тартынбайды. Қазақ облыстарының... қалаларының көбіне мұжықты хакім қондырған жоқ, қазақ өзі қондырған. Шәй, қант, шүберекке қызығып, жер жалдап, мұжықты ішке кіргізіп алған өзің емес пе?» [57] – деп шырылдап, халыққа дұрыс жөн сілтеуге тырысқан.

Осы тұста Ахаңның бұл ойын «Айқап» одан әрі іліп әкетіп, «Бөкей ордалықтары» деген корреспонденциясында: «Бұрыңғы үй басына жүз десятина жер қазір үй басына жиырма десятинадан келеді. Жарлы болдық дейміз, енді біз жарлы болмай кім жарлы болсын. Әлі біз бұлай отыра берсек, мұнан да жарлы болармыз», – деп халықтың намысын қайрағандай болды.

Бүгінгі таңда кейбір зерттеушілер «Айқап» пен «Қазақ» арасындағы жер туралы пікір-таластарды сөз еткенде көбіне «Қазақты» жақтап, «Айқапты» жанай өтіп немесе оның рөлін көмескірткісі келетін сияқты. Мәселен, филология ғылымының кандидаты Өмірхан Әбдіманов өзінің «Қазақ газеті» атты зерттеу монографиясында: «Бұл кезде «Айқап» төңірегіндегілер және «Қазақстан» газеті отырықшылдықтың жақсы қасиеттерін барынша насихаттап, оның озық жетістіктерін таныту үшін, руластарына отырықшылдық нормамен жер алдырып, поселке салдырып, үлгі көрсетіп және осыған бар қазақты үндеп жатқан еді. Мәселен, Мұхаметжан Сералин Қостанай уезінің болысында ұйымдастырған елді мекен кейін Сералы поселкесі, Орал облысынан Б.Қаратаев ұйымдастырған елді мекен – Қаратаев ауылы аталды. Әлбетте, бұл пікірлердің де терістігі жоқ. Дегенмен, қазақ шаруашылығының табиғи тініне байыппен қарайтын болсақ, бірден отырықшылдыққа көше қалу өзін-өзі ақтамайтындығы анық еді», [58] – деп жазады.

Енді бұл ойға өзіміздің не себепті қосылмайтынымызды «Айқап» пен «Қазақстан» газетінде жер туралы жарияланған материалдар арқылы дәлелдеп көруге тырысалық.

Ең алдымен «Қазақстан» газетінен басталық. Оның 1911 жылғы бірінші нөмірінде «Хал-жағдайымыз» деген бас мақала жарияланған. Онда жер-судың тарылу себептерін, мысалы Ішкі Орданың көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданатын шаруашылық қарамағында 1801 жылы 700 десятинадан жер болса, XX ғасырдың басында әрбір шаруаға 25 десятинадан ғана үлес тигенін, оның себебі патшаның отарлау саясатын жүргізуші әкімшілік орындарының жерді көп бөліп алғандығынан, жайылымдарды құм басып кеткенінен деп түсіндіреді.

Ал, осы газеттің 1911 жылғы екінші нөмірінде жарияланған «Еңбек етсең емерсің» деген екінші бір мақала жоғарыда айтқан «Хал жағдайымыздағы» ойды одан әрі дамытып: «Енді аз жерді күтіп, берекетті етіп ұстайтын кез келді. Тар жер көшіп жүруді, шашып отыруды көтермейді және көшіп жүрген халықтың мынау менікі дейтін бір заты бұрын да болмаған, қашан бір жерге мекен теуіп, жерге еңбек сіңірген халықтың еңбегін басқалар жемеген. Күндердің күні болғанда жерге еңбек сіңірген халық, сол жердің иесі болып қалған. Егер, ол күніміз әлі жалғаса берсе, қазақ халқы өз жер-суына қожа бола алмайды», – деп үлкен әлеуметтік ой қозғайды.

Бұл ой «Қазақстанның» 1911 жылғы 15 қараша күнгі нөмірінде орыс тілінде жарияланған «Как проживают киргизы?» деген мақалада: «Біздер барлық облыстың және орданың қырғыздары жыл сайын кедейленіп, өз қол күші, маңдай терімен күн көретін жартылай аш пролетарлардың қатарын толықтыра түсіп келеміз.... Қолымызда жалғыз өмір сүру құралы бар. Одан айырылмағанымыз жөн. Ол құрал – біздің еңбегіміз, ұқыптап күте білсек, құнарсыз жерден жай кездегіден де көп өнім алатынымыз сөзсіз», – деп одан әрі жалғастырған.

Бұдан біз бұл басылымның екі жақты қанаудың кесірінен туындаған жер, су тапшылығына байланысты сарыуайымшылыққа салынбай, тұйықтан шығу жолын іздестіріп отырғандықтарын байқаймыз. Мәселен, газеттің тұрақты авторларының бірі Ғабдолла Көпжасаровтың серіктік туралы: «Оқыған адамдар бас болып, халықтың басын құрап, екі я үш болысты біріктіріп, товарищество жасап, жиналған ақшаға жер-жерден лавка ашып, сай-саланы бөгеп, товариществеда үлесі барлардың егіндік, пішендік жерлерін суарып беріп көрсетсек, халық пайдасын көрген соң өздері-ақ ұмтылар еді. Товариществоның бір пайдасы – халықты бірлікке үйретеді, бірінің біріне сенімін арттырады», – деп мақала жазуының өзі осының бір айғағы іспеттес.

Жоғарыда айтқанымыздай «Қазақстан» газетінде Б.Қаратаевтың «Азаматтарға бір-екі ауыз сөз» деген мақала жазып, қазақтарды отырықшылық өмірге бет бұруға, пайдалы кәсіппен айналысуға, балаларды оқытуға шақырған. Волга өзенінің сол жақ жағалауында ондаған тұрғындардың басын құраған жаңа қырғыз поселкесі пайда болды. Поселке бұл істі ұйымдастырушы Күнтура Сармантаевтың есімімен – «Сармантай» деп аталды, немесе «Айқап» журналының 1911 жылғы екінші санында «Орал облысында Шідерті болысына қараған сегіз ауылнай халық қала саламыз деп бас әкімдерге арыз берген екен.

Бұлардың берген арыздары қабылданып, өткен жазда жер өлшеушілер шығып, бұларға 14 учаске кесіп беріпті. Салатын қаланың бірі «Қаратаев» аталыпты. Бұл Қаратаев қаласына 194 еркек жан жазылған», [62] – деген сияқты отырықшылыққа насихаттаған материалдар да жоқ емес, әрине.

Бірақ, бұған қарап біржақты қорытынды жасауға болмайтын сияқты. Себебі, «Қазақстан» газетінде жер туралы отырықшылыққа шақырудан басқа небір құнды материалдардың жарияланғандығына көзіміз жеткендей болды ғой.

Енді «Айқап» журналына келетін болсақ, ең алдымен бұл басылым Думаға, Дума сайлауларына байланысты мақалалар жариялады. Онда қазақтарға да сайлау құқы берілуін, Думаға да қазақтар сайлануын, онда халқымыздың көкейкесті мәселелерінің қаралып, шешімін табуын талап етті. Ол үшін бүкіл қазақ съезін шақыру керегін ұсынды. Бірақ оны басқалар қолдамады. Тараудың басында «Айқап» пен «Қазақтың» арасындағы пікірталастың да осы мәселеден басталғанына жан-жақты тоқталып өткендіктен, бұдан әрі журнал беттерінде тікелей жер мәселесіне байланысты жарияланған материалдардың мән-мазмұнына тоқталайық.

«Айқаптың» 1912 жылғы 31 санында патша үкіметінің басқару әкімшілік істері жөніндегі отаршылдық саясатын сынаған бас мақала жарияланды. Онда 1867-1868 жылдардағы Ережелерді патша үкіметінің тек үстем тап өкілдері кеңесімен шақырғанын, комиссия мүшелері – болыс, билер өз пайдаларын ғана көздегені, оны тек марқұм Ш.Уәлиханов ғана әшкерелеп, Дала генерал-губернаторына хат жазғаны, қазақ үшін сайлаған халық судьяларының пайдасыз екенін мәлімдегені айтылды.

Бұл тұрғыда журнал редакторы М.Сералин патшалы Ресейдің отарлау саясатының түпкі мақсатын дәл тани біліп, оны жұртқа дұрыс түсіндіруде де білгірлік танытты. Мысалы, ол «Отырықшы болған қазақтар туралы» деген мақаласында: «Жаңа болыстық соттардың қазақы дау-жанжалдарды шешуге икемсіз болып отырғанын мысалдармен дәлелдеп, болыстық сот құны 300 сомнан артық мал дауын тексере алмайды. Қазақ арасындағы жесір дауларының құны көбіне 300 сомнан асып кететіндіктен дау-дамай қалай шешіледі», – деп жұртқа сұрақ қояды да, ол үшін «Қазақ әрекеттері» деген кітап шығару қажет дегенді айтады.

Мақаланың екінші бөлімі отырықшы өмірдің артықшылығына арналған. «Түпкілікті қоныс болуға жарайтұғын жерлер шетке кетіп бітетұғын. Қазаққа қолайсыз жерлер қалатұғын. Түбінде мұндай жерде

бытырап жүріп оңбаспыз»,[63] – деп автор басына төнген қатерден қорықпай, халық қамқоры дәрежесінде сөйлейді.

Ал, Бақытжан Қаратаев болса, бұл тақырыпқа «Шідерті болысы елінің отырықшы болып жер алулары» деген корреспонденция жариялап, «Қара шекпендер қырық тоғыз қала салдырып алды. Қара шекпендерге ең жақсы бірінші дәрежелі жерлер кетті. Жеті руға ең жаман жерлер қалды», – дей келіп, «Көшпелі халық – қабір ұлы» деген сөз бар, көшпелі болмақ балиғилық емес, сәбилік белгісі дейді»,[64] – деп қазақ халқын отырықшы болуға шақырады.

Бекмырза Бекжановтың «Айқаптың» 1911 жылғы 3 санында жарық көрген «Қазақтың қазіргі халі» мақаласында артта қалуымызға басты себеп феодалдық қоғам, ұлттық томаға тұйықтық, көшіп-қонумен жүріп, көрші елдердің өнегесінен үлгі алмау деп түйеді. Осы мақаламен аттас келесі бір материалда озық елдер қатарына қосылу үшін фабрика салып, өнеркәсіпті өркендету туралы сөз болды. Онда: «Өнеркәсіпті өркендету негізінен тас көмір, темір, шойын алатын, жер қазатын құралдарға байланысты. Ондай жағдайымыз болса, бұл кәсіппен айналысар едік. Орыс, ағылшын, француз елдерінің алға шығып, қуатты ел болып отырғаны да өнеркәсіптің өркендеуінен»,[65] – деп дамудың қандай жолына түсу қажеттігіне көңіл аударылған.

Мұның бәрі де сол кезең үшін саяси-әлеуметтік мәні терең, тың мәселелер болатын. Мұны «Айқаптың» жете түсініп, дұрыс жаза білуі, сол замандағы қазақ баспасөзінің шын мәніндегі үлкен прогресшілдік табысы еді деуіміз керек.

Ал, жер мәселесі туралы «Қазақ» не жазды? Оның біз сөз еткен «Айқап» пен «Қазақстаннан» қандай өзгешелігі болды деген мәселеге келсек, онда «Қазақ» қарсыластарына да көбірек сөз беріп, екі ойды салыстырып, оқырманның екі пікірден де хабардар болып, ой түйуіне көбірек көңіл аударды.

Бұл орайда бір ғана Ахаңның (А.Байтұрсынов) көптеген ойға өзек болған «Жер жалдау жайынан»,[66] «Қазақ жерін алу турасындағы низам», [67] «Шаруа жайынан»[68], «Қазақ һәм жер мәселесі» сияқты өзекті де өрелі материалдарын айтсақ та жеткілікті.

Екіншіден, жаңа ғасыр алға тартқан капиталистік қатынастар толықтай өз әмірін жүргізе бастаған кезде қазақтардың да қатардан қалып қалмау жайын көп ойлап, оларға ақыл-кеңесін де аямаған «Қазақ» болды. Бұл газет өзінің отырықшылыққа қарсылығын бос сөзбен емес, нақты істер жасау арқылы көрсетуге тырысты.

Мәселен, «Қазақтың» 1915 жылғы 145, 148, 158, 190, 161, 167 – нөмірлерінде «Шаруашылықтың өзгеруі жайынан», – деп аталатын Ә.Бөкейхановтың топтама мақалалары берілді. Онда автор қазақ шаруашылығының табиғи дамуына назар аудара отырып, шаруашылықтың бір сатысынан екіншісіне өту үшін ұзақ ғасырлар керек болғанын, дүние секірмелі түрде емес, эволюциялық жолмен бірте-бірте өзгереді деген пікір айтады.

Қорыта айтар болсақ, кезінде «Айқап» журналы да, «Қазақ» газеті де жер мәселесі туралы жазғанда ең алдымен халықтың жайын ойлады. Тоз-тоз болып, елдіктен айырылып қалмаудың қамын қарастырды.

ТҰРТИНШІ ТАРАУ

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс және «Қазақ» газеті

Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің себеп-салдарын, бар тауқыметін біліп, түсіну үшін аз ғана уақыттың оқиғаларына иек артып, содан қорытынды шығару дұрыс еместігі белгілі. Ол үстірт пікір айтуға, жаңсақ сөйлеуге жетелейтіні күмәнсіз. Десек те, патша өкіметі тұсында да, одан кейінгі «қызыл империя» кезінде де елдің пікірі әрқилы болып келді. Бұл – тарихи шындық. Алайда, әр нәрсенің екі жағы болады. Мәселен, қазір жылдар, ғасырлар бойы алдымен патшалы Ресейдің, одан кеңестік империяның езгісіне түсіп, көрмегенді көрген, тіпті жер бетінен ұлт ретінде құрып бітуге айналған немесе құрып кете жаздаған бодан елдер, жеке халықтар дербестік алғандарына 5-6 жылдың қарасы өтсе де әлі естерін жия алмай, қиюы қашқан тіршілігінің түйінін қалай шешерін, не істерін білмей қиналған, тығырықтан шығар жол іздеп шарқ ұрған күйге түсті. Осының барлығын біздер өткеннің белгісі, ұзақ уақыт бойы жүйелі жүргізілген отарлау саясатының зардаптары деп түсінеміз. Ал, шын мәнінде бұл қалай болып еді?

Күні кешеге дейін тарихта айтылып, жазылып келгеніндей 1916 жылғы көтеріліс патшаның «июнь» жарлығына қарсы бағытталған стихиялы түрде болған бас көтерулер мен толқулар ма, жоқ, әлде соңғы кездері айтылып жүргеніндей саналы түрде ұйымдасқан жалпы халықтық ұлт-азаттық көтеріліс пе еді?

Патшалы Ресейдің Қазақстанды ХІХ ғасырдың екінші жартысында толық жаулап алғаны тарихтан белгілі. Осыған орай қазақ халқының басына қара күндер туды. Салықтар мен түрлі зекеттердің саны да, мөлшері де көбейді. Мұны аз дегендей халықтың шұрайлы жерінің күшпен тартылып алынуы қазақ ауылындағы іштей қарама-қарсылықты тудырып, мал шаруашылығының тұралауына әкеп соқтырды. Осындай үсті-үстіне шиеленіскен әлеуметтік-экономикалық жағдайлар ХХ ғасырдың басында ұлт наразылығын туғызып қана қоймай, оның күрт өсуіне де себеп болды. Осы күреске ел жақсыларымен қатар Петербург, Мәскеу, Варшава, Қазан, Омбы, Орынбор жоғары оқу орындары мен училищелерін бітіріп, қазақ интеллигенциясын құраған бір топ көзі ашық жастар да кірісіп кетті. Бұл күресте ірі саяси қайраткер, белгілі ғалым-экономист, «Алаш» партиясының ірге тасын қалаушы, Кадеттер

партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Мемлекеттік думадағы мұсылмандар фракциясының мүшесі Ә.Бөкейханов ерекше көрінді.

XX ғасырдың басында патшалық Россияның озбырлығынан мезгіл болған түркі тілдес халықтардың бас қосып, бірігуі басталды. Осының нәтижесінде 1905-1906 жылдары Россия мұсылмандарының І-ІІІ құрылтайлары шақырылып, «Мұсылман партиясының қоғамы» құрылды, Мемлекеттік думаның құрамында мұсылмандардың парламенттік фракциясы пайда болды. 1905 жылдың желтоқсан айында Орал қаласында кадет партиясының программасын қабылдаған Семей облысынан басқа бес облыстың делегаттары қатысқан съезі өткізілді. Съезге қатысушылар А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Б.Қаратаев бастаған ұлттық қозғалыстың бағытын өздері диттеген арнаға түсіруге әрекет қылды. Сөйте тұра олар отарлау саясатын сынға алды. Мәселен, Мемлекеттік думаның мүшесі Б.Қаратаев өз сөзінде қазақтардың шұрайлы жерлерінің тартып алынуына қарсылық білдірді. Ол: «Біздің мемлекетте шиеленіскен мәселелерді қоныс аударушы шаруаларды далалық облыстардың, атап айтқанда Орал, Торғай, Ақмола және Семей жерлеріне көшіру арқылы шешпекші», – деп жер ісі және жерге орналастырушы басқарма бастығымен әңгімесінде орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуларын уақытша болса да тоқтата тұруларын сұрады. Бірақ, өкінішке орай, Қаратаевқа Қазақстанда жердің көп екендігі айтылып, оны қазақтардың өздері дұрыс пайдалана алмайтындығы көрсетіліп, қоныс аудару ісінің тоқтатылмайтындығы ескертілді.

Ал, бұл кезде шаруалардың демократиялық бағыттағы топтарының өкілдері 1911-1915 жылдары Троицк қаласында шығып тұрған «Айқап» журналының маңына топтасты. Оның шығарушысы әрі редакторы М.Сералин болғандығы белгілі. Журналда Ж.Сейдалин, Б.Қаратаев, С.Торайғыров, С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Дөнентаев т.б. қатысып, қызмет істеді.

Бірінші орыс революциясы жеңілген соң, елде қара түнек реакция кезеңі басталды. Сондай-ақ Столыпиннің аграрлы реформасы, яғни қоныс аудару саясаты белсенді түрде жүргізіледі. Мәселен, тек 1910-1913 жылдардың өзінде ғана Ақмола, Торғай, Орал және Семей облыстарына 400 мыңнан астам еркектер қоныс аударды. Осы жаңадан келгендерді дұрыс орналастыру үшін қазақ тұрғындарының жері тартып алынды. Көптеген жағдайларда осындай қиянатқа қарсы шыққан шаруалардың бой көрсетулері қарулы күшпен басылып тасталды.

Осы және басқа да саяси әлеуметтік-экономикалық қысымшылықтарға байланысты Қазақстанда 1913-1914 жылдары ұлт-азаттық

қозғалысының жаңа толқыны басталды. Мысалы, Айдарлы приискісінің, Спасск мыс балқыту зауытының, Торғай уезіндегі тас көмір шығару орындарының жұмысшылары саяси және экономикалық талаптармен ереуілге шықты. Оның үстіне патшалы Ресей қатысқан дүниежүзілік империалистік соғыс та еңбекшілердің жағдайын, күн көрісін төмендетіп жіберді. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің ұрығы осындай қолайлы кезеңде тамырын жайып, өсіп-өніп шықты. Бұл империалистік соғыстың қарапайым халықты одан әрі кедейлендіріп, помещиктер мен капиталистердің байи түсуіне ықпал жасағаны белгілі. Шаруалардың мойнына тағы бір салық – соғыс салығы қамыт болып киілді. Патша өкіметі соғыс қажетіне деп түйе, ат, өгіз сияқты көліктерді тартып алып отырды. Жергілікті тұрғындар әскерге алынғандардың отбасыларына көмек ретінде міндетті жұмыс атқаруға тиіс болды. Мәселен, Жетісудың соғыс губернаторы Фольмбаумның 1916 жылғы 16 ақпандағы бұйрығы бойынша қазақтар ешбір еңбек ақысыз жер жыртып, тұқым себуге міндетті болды.

Және кедейлердің жағдайын бұрынғыдан төмендетіп жіберген соғыс салығы енгізілді. Оның үстіне жергілікті жерлерде себепті де, себепсіз де алынатын түрлі алым-салықтардың саны күрт өсіп кетті. Әсіресе, ашықтан-ашық пара алу соғыс кезінде бұрын-соңды болып көрмеген межеге жетті. Империалистік соғыс жылдарында патша әкімшілігінің жергілікті тұрғындарға деген астамшылық қылықтары жан төзгісіз дәрежеге жетті. Мәселен, Түркістан өлкесі генерал-губернаторының міндетін атқарушы Ерофеев Жетісу соғыс губернаторына 1916 жылдың 21 шілдесінде жолдаған телеграммасында: «Түземдік тұрғындардың орыс билігінің алдында қауқарсыз екендігін білдіретін ерекше белгі ретінде барлық офицерлер мен шенеуніктерге олар орнынан атып тұрып, иіліп сәлем (құлдық ұратын) беретін болсын», - деген.

Алайда соғыстың ауыртпалығы Қазақстандағы жұмысшы және шаруа қозғалысына кең жол ашты. 1915 жылдың шілде айында Екібастұз көмір өндірісі, Спасск мыс кеніші және Орынбор-Ташкент теміржол бойының еңбекшілері ереуілге шықты. Зат пен азық-түлік қымбатшылығы күн өткен сайын өрши түсті. Мәселен, 1914 жылдың шілде айымен салыстырғанда 1917 жылдың қаңтар айында Верныйда ұнның бағасы 218 процентке, еттің бағасы 225 процентке артқан.

Міне, осындай жағдайдың бәрі онсыз да әбден титықтап, ызасы шегіне жеткен халықты мүлдем ызаландырып, жанын қорғау үшін белсенді әрекетке көшуге итермеледі.

Патшалы Ресейде революциялық дағдарыстың пісіп-жетілгендігін дәлелдейтін басты себептердің бірі – бүкіл Азия мен Қазақстанды қамтыған, отаршылық саясат пен соғысқа қарсы бағытталған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс болатын. Осы ұлт-азаттық көтерілістің шығуына тікелей себепкер болған жағдай – «1916 жылы 25-маусымда Николай патшаның Орта Азия, Қазақстан және тағы бірқатар өлкеден 19 бен 43 жас аралығындағыларды «Қорғаныс бекіністерін және әскери шептерін жасауға қара жұмысқа алу туралы» жарлыққа қол қоюы еді. Осы жылдың 28 маусым күні ішкі істер министрлігі мен қорғаныс министрінің «Бұратана халықтарды» тыл жұмыстарына «реквизициялау» (мүлікті мемлекет қарамағына еріксіз алу) туралы бұйрығы» еді.

Осыған орай, тізім жасау болыс басқарушыларына жүктелді. 1916 жылдың 23-тамызындағы генерал-губернатор Куропаткиннің бұйрығы бойынша тыл жұмыстарына шақырудан, бірінші – басқарманың жауапты қызметкерлері (болыстық, селолық және ауылдық), екінші – түземдіктерден шыққан төменгі шендегі полицейлер, үшінші – имамдар, молдалар және жеке мұдаристер, төртінші – ұсақ кредит мекемелерінің есепшілері мен бухгалтерлері, бесінші – мемлекеттік және жеке меншік жоғары оқу орындарының шәкірттері, алтыншы – мемлекеттік мекемелерде жоғары шенде қызмет істейтін түземдіктер, жетінші – дворяндардың құқықтарын пайдаланатын және елінің құрметті азаматы атанған түземдіктер босатылатын болды.

Іс жүзінде болыс басшылары жасаған тізімдер дұрыс болмай шықты. Көбіне байлардың, әлділердің балалары «ауру» не «жасы жетпегендер» қатарына жатқызылып, олардың орнына кедейлер ілігіп жатты.

Көтерілістің негізгі қозғаушы күші қазақ шаруалары мен жергілікті жұмысшылар, ұсақ қолөнершілер мен кедейлер еді. Олар шақыруға іліккен жастардың тізімін тартып алып, байлардың ауылдарына шабуылдады, жерді сату туралы құжаттарды жойып, болыс басқармаларын, болыс басшыларының ауылдарын қиратып, ақ патшаның әскерлерімен жалаңқол шайқасқа шықты.

Қазақ қоғамында патша бұйрығына байланысты түрлі көзқарастар болғаны рас. Жоғарыда айтылғандай жеңілдіктерден соң бай-манаптардың бір тобы өз отандастарын тыл жұмыстарына жіберуге дайын екендіктерін білдірді. Мәселен, Жетісу соғыс губернаторы

Фольмбаум 1916 жылдың шілде айында Верный уезінің болыс басқарушылары және байларымен мәжіліс өткізеді. Мәжіліске қатысқандар оған тыл жұмыстарына адам жинау ісіне толық көмек көрсететіндіктері жөнінде уәде беріп, жедел іске кіріседі.

Ал бұл жағдайда Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов бастаған қазақтың либералдық-демократиялық бағыттағы интеллигенциясы жағдайды жеңілдетіп, патша әкімшілігін қазақтарды тыл жұмыстарына алуға асықпауға, ол үшін ең алдымен жан-жақты дайындық жұмыстарын жүргізуге көндіру әрекеттерін жасауға кірісті. Сонымен қатар олар халықты указға қарсылық көрсетпеуге де шақырды. Себебі, қарусыз қазақтың патша өкіметінің жазалау шараларының құрбаны болып кету қаупінен қорықты. Сондай-ақ, олар егер қазақтар тыл жұмыстарына қатысса, соғыстан соң өз жағдайларының түзелуіне қол жеткізеді және автономия алады деп сенді. Ал патша жандаралдары көтерілісшілерді қырғынға ұшырата бастағанда олар «Қазақ» газетінің маңына топтасқан интеллигенция өкілдері жазалаушыларға қарсы өз наразылықтарын білдірді. Ең бастысы – қазақ интеллигенциясының өкілдері Ә.Бөкейханов, М.Дулатовтар Батыс майданға барып, Ақпан төңкерісіне дейін тыл жұмысшыларына бас-көз болып, солардың қатарында жүрді. Қазақстанда басты-басты аудандарды қамтыған бірнеше көтеріліс ошақтары болды. Жергілікті тұрғындарды жою жөніндегі жазалау экспедицияларында патша әскері, казактар, сондай-ақ әдейі қаруландырылған қоныс аударушы орыс шаруалары және қалада тұратын орыс тұрғындары болды. Тек қана Жетісудағы көтерілісті басу үшін 95 рота, 8750 мылтық, 24 жүздік, 3900 қылыш, 16 зеңбірек пен 47 пулемет пайдаланылған. Ал Ақмола мен Семей көтерілісшілеріне қарсы 12 кавалериялық жүздік пен 11 рота жаяу әскер жіберілген.

Бұл аз болғандай, колонизаторлық психологиямен уланған орыс қоныс аударушылары мен қала тұрғындары, патша әкімшілігінің қолдауына арқа сүйеп, бақайшағына дейін қаруланып, қазақ ауылдарына тынымсыз шабуыл жасаумен айналысты. Мұндай жауыздық қазақтармен қатар Шығыстың басқа халықтарына да жасалды. Мұндай жүгенсіздік жергілікті халықтың жұмсартып айтсақ, ашу-ызасын туғызды. Намысын қоздырып, орыс ұлтының әділетсіздігіне деген өшпенділігін өршітті, сенімін жойды.

Сөйтіп, келімсек отаршыларға қарсылық көрсету де бірте-бірте ұйымдасқан түрде жүргізіле бастады. Көтерілісшілер арасында сондай-ақ, сардарлар мен елбегілер де сайланып немесе тағайындалып отырды. Соның негізінде ел басқарудың дәстүрлі ұлттық заңдары қалпына

келтіріле бастады. Мәселен, Торғай облысында хандыққа Әбдіғапар Жанбосынов, сардарлыққа – Амангелді сайланып, тағайындалды.

Алайда, көтерілісшілердің үлкен империяның соғыс машинасымен қақтығысып, бетпе-бет келгендіктерін ескергеніміз жөн. Күш тең болмады. Соған қарамастан партизандық тактикаларды қолданған көтерілісшілер қойны-қонышына дейін қаруланған дұшпандарына лайықты қарсылық көрсете білді. Бұған ашынған жазалаушылар жергілікті тұрғындарға нағыз жауыздық, аяусыздық көрсетті. Көтерілісшілер амалсыздан қашып, Қытайға көше бастады. Жалпы алғанда 300 мыңдай қазақтар мен қырғыздар сонда паналады. Ал Торғай қазақтары болса, Иранның территориясына өтудің қамын ойлай бастады. Бірақ ол процесті ақпан төңкерісі тоқтатты.

Қазақстанда болған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс бүкіл Россияны қамтыған революциялық дағдарыстың бір бөлігі болып саналады. Сондай-ақ бұл көтеріліс отаршылдыққа қарап, антиимпериалистік, антифеодалдық көтеріліс болды делініп келді. Алайда, бүгінгі көзқарас тұрғысынан 1916 жылғы қозғалыс патшалы Ресейдің колониясында болған алғашқы ең ірі де күшті ұлт-азаттық көтерілісі болып табылады. Біз бұл тарауда осы туралы әңгіме етпекпіз.

Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романында көрсеткеніндей, ел абыр-сабыр аласапыран заманға енді де кетті. Ең алғашқы сәтте шұғыл қимыл көрсетіп, ежелгі жаумен белдесуге шыққан елдің бірі Жетісу өңірі болды. Столыпин реформасының әлегінен ата-бабасының қонысынан айырылып, қанаты қайырылған Жетісу сол 1916 жылдың жаз айларында ұлт-азаттық қозғалыстың туын тікті. Алайда, бұл өңірде Жетісу қазақтары қалың қол жасақтауды қамтамасыз ете алмады, оның үстіне қазақтардың атақонысына орналасқан қара шекпенді мұжықтарды да отарлаушылар жедел қаруландырып үлгерді. Теміржол торабы арқылы да Жетісуға бүкіл Түркістан өлкесінен жазалаушылар қосыны қосымша күш алып отырды... Көтерілісшілер бірігіп үлгермеді, ойдым-ойдым көтеріліске жазалаушы қосындары қанға бөктірді». [70]

Бұл – шындық. Себебі, көтеріліс басталған алғашқы сәттің өзінде-ақ Жетісу губернаторы Фольбаум уезд әкімшілігіне берген бұйрығында: «Бүлікті тез басу үшін әскерлер қозғалысқа бір облыста әлденеше жүз адамын салып, үлгі көрсеткені дұрыс болады», [71]-деп көрсетті. Ал белгілі қоғам қайраткері, дауылпаз ақын, дарынды жазушы С.Сейфуллин ел басына түскен ауыр тауқыметті былай деп бөлісті: «Солдат кез болған ел туғалы көрмеген жәбірін көрді. Атылған адам. Қып-қызыл дүре. Жәбір-

зорлық көрген қыз-қатын, жылаған бала. Асты-үстіне келген ел... Қысқасы, қырға қара пәле тигендей болды».[72] Бұл туралы Т.Рысқұлов: «В общей сложности нападению восставших казахов и киргизов Семиреченской области подверглось 94 селения... Сожжено и разрушено 5373 домов; убито 1905 чел., ранено 684, взято в плен и без вести пропали 1105... Потери воинских частей исчислялись в 171 чел., в том числе убито 3 офицера и 53 солдата»,[73]- деп жазды. Босқындар жайлы М.Тынышбаев: «Жоғарғы 44 болыс елде (Пішпек, Пржевальск, Жаркент, Алматы уездері) – барлығы 47 мың 759 түтін бар, сонан қашқаны 40 мың 250 түтін, қырылғаны 95 мың 200 жан»,[74]- деп нақты мәлімет берді.

Ал Қазақстанда 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің шығу себебін Бөкейханов пен Шестаков былай деп түсіндіреді: «Соғысқа дейін орыстың егіншісі – қазақ, қырғыздың жерінен таңдап 25 миллион десе жер алған. 1913 жылы жалғыз Жетісудан егінші орыс 4 миллион десе жер алған. Бақ та, жоңышқа да, жайлау да осы алған жердің ішінде кеткен. Келімсек орысты қазақ, қырғыздың мойнына артып берген. Алаштың баласы иттей ұлып, шөлде қалған. Жерім кетті деп қазақ арыз қылса, дала уалаятының жандаралы Шмидт: «Сен иттерді шөлге қуам» деген. Ұлт кеңесіне мүше, ақсүйек екінші Марков деген: «Қазақ, қырғыз – Шыңғыс хан мен Ақсақ Темірдің елі, Бұларға Америкада қызыл теріге қылғанды қылса, обал жоқ», - деп соққан.

Америкада қызыл тері – сондағы жер иесі ел. Америкалықтар олардың жерін өздерін андай атып тастап тартып алған. Марков – патшаның сүйген тобының жігіті қазақ, қырғызға осыны қылмақ болған. Өз жерінде төресіне құлақ кесті құл, егінші орыс біздің жерге келіп, сауырын иеленіп, орыстар төрге, өз үкіметіне сүйеніп, қазақ, қырғызға кешегі құл би болған. Жерін орыс алған қазақ, қырғыз сол орысқа жалданып құл болған. Қазақ, қырғыз атар таңнан, шығар күннен күдер үзген. Келімсек орыс байып өрге өрлеген. Жақсы жер де, бай тұрмыс та қазақ, қырғыздың жерінде, – деп Ресейде қалған аш егіншілерді хабарландырып, олар шегірткедей қазақ, қырғыз жері қайсысың деп ағылған. Қазақ, қырғыздың болыстары, қулары пайда қыла қоям деп елдің жерін келімсек орысқа жалдаған. Келер жыл қазақ, қырғыздың осы жері артық деп жалдама жерді алдымен келімсекке алып берген. Елді сатқан, қарғыс атқан қулар патша үкіметімен, келімсек орыспен таяқты қазақ, қырғыздың арқасына бірге соққан, жерін сатып жүзі қараның тонын киген.

Кедейшілік күн санап өскен. Соғыс басталған кезде бүкіл қырғыздың екіден бір бөлігі кедей еді. Орта шаруа күннен күнге кеміді. Шаруасы күшті әлді бөлегі аяққа басып, өзіне жол салып, байларға қосылды. Қалғаны бөліп, жарып, барлы-жоғынан айрылып, кедейдің санын көбейтті.

Патша үкіметі соғыста таяқты жеп, көп ит талаған көк ит қалпына түсіп, елден жәрдем жиған. Қызыл крестке ақша керек екен. Жер сатып жүзі қап-қара болған, арды беліне түйген, қарғыс атқан кулар қазақ, қырғыздан қызыл крестке деп ақша жинап, өстіп қазақ, қырғыздың рулары көттақы болған. Елдің арқасын ершік, төсін айыл қиған. Орыс бар, қазақ-қырғыздың қарғыс атқаны бар елді осымен ығыр қылған».

Міне, осындай қиын-қыстау кезде салықты одан сайын көбейтіп, халықты мүлдем түңілтіп, құрдымға айдаған патшаның июнь (маусым) жарлығы шығады. Үйінен өрт шыққанын сезген алты алаштың балалары атой салып, атқа қонды. Қазақ даласы от шарпыған майдан төріне айналды. Қазақ, қырғызбен бірге Орта Азияның басқа халықтары да өзбек, тәжік, түрікпендер де Астрахань губерниясындағы қалмақтар мен Түстік Кавказдағы майда ұлттар көтеріліске шықты. Әрине, бұл жағдайда үкімет те, қол қусырып, бос жатпады. Бақайшағына дейін қаруланған казак-орыстар жалаң қол қазақ, қырғызбен айқасқа түсті.

Жетісу өңіріне патша әскерімен тайталасып соғысқан, жан алысып, жан беріскен қырғыздар болды. Бұл туралы Ә.Бөкейханов: «Қырғыздар патшаның әскері қолданған жолдардағы көпірді, телеграфты талқандайды. Аттанып келіп келімсектердің қаласын шабады. Ұсталар жиылып, қару-жарақ соғады. Қарақұмға баратын телеграмды тілсіз қылып, Белебұт қаласының орыстарын бауыздайды. Зағұрда приставты, байларды, ол ерткен бар әскерді жерлейді. Ағызда Жаркент уезіндегі Қарқара мен Ұқып арасындағы келімсектің бар қаласын шауып, өртеп, адамын қырып, әйелін ат көтіне салады. Қырғыз Қарақұмды қамайды, патшаның әскері эзер-эзер өлдім-талдым деп күшін қорғап қалады. Келімсектердің Мари, Иван қалалары жермен жексен болады, қырғыз күлін шашады, адамын бауыздайды. Ключевке қаласында 650 орыстан 35-ақ қалады. Қарақұмда қырғыз 24 казак-орысты бауыздайды. Әскерге де қасқырдай шабады, темір жолдың бекетіне де соқтығады. Кісі өлтіріп, ұстап та әкетеді.

Күзді күні үкімет қазақ, қырғызбен ұрыста қалып, жоғалған адамын санаса, жалғыз Жетісуда қырғыз көптеген орысын бауыздап, 1000 қатын-қызды күң етіп, алып кеткен екен. Жетісудың жандаралы

қырғыз шапқан келімсектің қаласы 94, өртенген қаласы 5373, жараланған адам 684, өлтіргені 1905 деп, өкіметке білдіреді. Әсіресе, Ыстық көлдің аймағы қанға толды. Келімсектен онда 1803 кісі бауыздалды, 1202 орыс аяқсыз жоғалды, 904 қора өртенді», [75] – деп жазды.

Ақыры қырғыздар әскерге адам бермей, қарсылығын тоқтатпай қойған соң, патша үкіметі бар күшін қырғыз жеріне төгеді. Ташкенттен, Самарқанттан, тіпті майданнан зеңбіректері бар әскер бөлімдерін алғызып, атты казактарды қырғыздарға айдап салады. Мұндай қарулы күшке төтеп бере алмаған қырғыздар енді бас сауғалап Қытайға өтеді. Бұл жолы ұрыстың жеңісін орыстар тойлайды. Олар мың қырғызды бауыздап, заттар мен малдарын олжалап, бөліседі. Бұдан басқа түрлі жауыздықтар жасап Тоқмақ, Пішпек, Қарақұм маңында 900-ден астам қырғызды зеңбірек оғының астына алып жойып жібереді. Олар Қарақұм, Пішпек уезінде тұратын қырғыздардың 53000 отбасын, яғни бүкіл қырғыздардың үштен бірін қырғынға ұшыратады.

Бұл туралы жоғарыда аталған Бөкейханов пен Шестаковтың «1916 жыл» еңбектерінде: «Қытай ауған қырғыз 1917 жылғы февральдан кейін жеріне қайтты. Малдан таза айрылды. Ауған елдің сексені өлді де, жиырмасы ғана қайтып келді. Ауған ел егіннен, бақтан, жоңышқадан таза айрылды. Өртенген қора, ойрандаған ошағының орнына келді, аш та, жалаңаш та өзі болды. Қырғызбен соғыста орыс әскерінен тышқан мұрны қанапты: 3 әскер басы, 53 әскерлік өліпті, 77-сі дерексіз жоғалыпты. Осындай бола ма? Бір жағы жасаулы әскер, екінші жағы қарусыз ел, патша үкіметі қарусыз елді, батыста көрген қорлықтың өшін қырғыздан алады, қырғызды құртып тастап, келімсек орысқа босатпақ болды», – деп жазады.

Сөйтіп, Жетісу өңіріндегі қазақ, қырғыздың ұлт-азаттық көтерілісі бірақ аймаққа таралады. Олар қарусыз болса да патша үкіметін әбігерге түсіріп, майданнан әскер алуға мәжбүр етеді. Қойдай қырылып, басқа мемлекет жеріне өтуге мәжбүр болса да, жауының жағасынан қолын босатпайды. Оларға жалынып, жалбарынбайды да. Төрдегі басын босағаға имейді. Осы жерде тағы бір баса айта кететін мәселе ел басшылары – болыстар мен билер де халық жағында болады. Болыстар орыс төрелерін құрғақ сөзбен тойдырып, іс жүзінде жігіттердің қара жұмысқа алынуын тежейді. Үкіметке тізім де өткізбейді. Мәселен, Жетісуда бір болыс жандаралға қарсы сөйлеп, тізім бермей, халықты ашық жақтағаны үшін тұтқындалып, түрмеге қамалған.

Тараудың басында біз қазақ, қырғыздардың патша үкіметіне неге қарсы соғысқа шығып, өлімге бастарын тіккеніне тоқталған болатынбыз. Себебі, жерін тартып алып, өзін соғысқа айдаған патшаны кім жақсы көрсін. Осыдан да қазақ, қырғыз жеке-жеке де, бірге тізе қосып та келімсектер мен шенеуніктерге, бас бұзар казак-орыстарға қарсы шықты. Олар жерден, елден, малдан қор болып айырылғанша, жаудың жағасынан алып өлуді артық санады. Ақыры сөйтті де.

«Бірте-бірте қозғалыс Торғай даласына ойысты. Торғай оязының Шұбалаң болысы бірінші болып көтерілді. Тамыздың 9 күні Торғай облысына қарайтын Қостанай уезінің Қарабалық болысында жиналған қалың топ болыстан үй бас сайын жан санаған тізімді күшпен тартып алуға әрекет жасап, ауыл старшындарын дүреге жықты. Қарабалық болысы өзінің өкімет органдарына берген хабарында: «Жиылған қазақтар тәртіпсіздік көрсетті, тізімді жыртып тастауға дейін барды, старшындарды сабады...»,- деп көрсетті. 10-12 күндері Қарабалық, Бестөбе болыстарының жігіттері Сырдария облысынан жаз жайлауға келген елдің азаматтарымен қосылып, майданға жөнелтілетіндердің тізімін тартып алып, жағып жіберді. Болысты өлтіріп, кеңсесін өртеді. Қарабалық қыпшақтарының бұл қарсылығы туралы Торғай губернаторы астанаға хабарлап, дегбірі кеткенін жасыра алмады» [76].

Енді Жетісу өңірінде басталып, Торғай даласында бүкіл халықтық сипат алған ұлт-азаттық көтерілістің шарықтау шағына көз салар болсақ, ол былай өрбиді.

1916 жылдың шілде айы. Тосын болысының 600 жігіті Дәуренбекұлы Жақыптан тізімді талап етеді. Бірақ болыс тартып алмаса бермейтіндігін білдіреді. Оған ешкімнің батылы бармай тұрғанда жасы 50-ден асқан Шолақұлы Оспан деген: «Жастар үшін жанымды қидым», деп тізімді далаға алып шығады. Бұдан соң арғындар оны хан сайлап, Әбдіғапарға (қыпшақтарға) ынтымақтасуға адам жібереді. Бұл жайында «Ауыл» газетінің 1926 жылғы 31-шілде санында қыпшақтардың «Қолымыздан адам бермейміз, әскер келсе, бір орыннан екінші бір орынға көшіп, қаша ұрыс салып отырмыз», - деп дайындалып жатқаны туралы жазған.

Шілде айында бұндай толқулар Торғайдан асып, Ақтөбе уезіне де жетті. Осыған орай Ақтөбе уезінің бастығы орталыққа: «Бүкіл ай бойы халық сергелденде... тау мен далада босып жүр, Ақтөбе мен Ырғыз уездерінің шекарасынан шығандай Ырғыз уезінің қазақтарымен бірігуде...»,-деп хабарлауға мәжбүр болған.

Тамызда қазақ даласындағы көтерілісшілердің бірігу процесі басталды. Торғайға Қарсақпай, Байқоңыр кендерінің жұмысшылары, Қостанайдың Аманқарағай болысы, Перов, Атбасар уездерінің қазақтары ағылып келе бастады. Көтерілісшілердің жалпы саны 10 мыңнан асты. Міне, осы кезден бастап орыс әскерімен арада қақтығыс басталып, Шолақсай маңында алғашқы қантөгіс болды. Бұдан соң қазақтар бұрынғыдан да топтаса түсті. Қыркүйек айының соңына қарай Торғай даласына Ақмола облысының Петропавл, Атбасар уездері, Сырдарияның Перов уезінің жігіттері келіп қосылды.

Ал қазан айында болса, Амангелді бастаған топ Батпаққара маңында қалың көтерілісшілерден жасақ құра бастады. Бұл кезде патша үкіметі де бос жатпады. Мәселен, 27 қыркүйекте Торғай даласына генерал Лаврентьев бастаған жазалаушы экспедиция жолға шықты. 1916 жылы қазанның 13-і мен 16-ы арасында Қазан әскери округі жазалаушыларға қосымша күш берді. Оған Оралдан, Орынбордан, Астраханнан арнайы әскери бөлімшелер жөнелтілді. Сөйтіп, олардың құрамы 17 жаяу ротасынан, 19 жүздік және эскадрондардан, 14 зеңбірек, 17 оқшашардан тұрды. Мұның бәрі қолдарында небары 200-ге жуық бесатары бар, найза, айбалта, шоқпармен қаруланған бейбіт елдің азаматтарын жою үшін жіберілді. Осыған орай, елде дүрбелең-арбасу кезеңі аяқталып, патша қарулы қолымен бетпе-бет айқасу кезеңі басталды.

Осы бір қазақ халқының басына төнген қарбалас шақ, қиын-қыстау кезең туралы академик М.Қозыбаев жоғарыда аталып өткен «Әмір Әбдіғапар» деген еңбегінде былай деп жазады: «Патша өкіметінен түңілген ел тығырыққа тірелді. «Шешінген – судан тайынбас» деп тәуекелге бел байлаған ел, оның басшылары құрылтай шақыруды жөн көрді. 1916 жылы қараша айының 27-сінде Жалдама өзенінің бойында 13 болыстың өкілдері жиналды. Құрылтай маусым жарлығына қарсы көтерілген халық шешімін мақұлдады. «Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз болмайды» деп халық айтқандай, алты болыс арғын, алты болыс қыпшақ, бір болыс найман елін басқаратын елбасы – хан сайлауды мақұлдады. Ел басына күн туған кезде батылдығымен, парасаттылығымен, пайымдылығымен, әділдігімен көзге түскен, ертеден елге танымал азамат Әбдіғапар есімі жеке дара аталды»- дей келіп, ойын одан әрі сабақтайды: «Құрылтай Әбдіғапарды хан көтеріп, Торғай қолының өкілдері сардарбегі етіп Амангелді Үрдебайұлы Иманды сайлады. Амангелді хан Кененің атақты қолбасшыларының бірі батыр Иманның немересі еді. Нияз ханнан Әбдіғапарға, Иман батырдан

Амангелдіге дейінгі дәстүр жолы ұлт-азаттық қозғалысының тарихи жалғастығын тағы бір дәлелдеді»,- деп жалғастырады.

Әбдіғапар хан болып сайланғанына асып, таспады. Бәрін де ойлап, ақылмен жасады. Оның ең алғаш бітірген басты шаруасы хан кеңесін құруы еді. Кеңестің құрамына 20 адам кірді. Атап айтар болсақ, әр болыстан бір өкіл, сонымен қатар Әліби, Амангелді және жекелеген мыңбасылар болды. Ал кеңестің шешімін тікелей Әбдіғапардың өзі бекітіп отырды. Бұдан басқа кеңес, заң, үкім, бұйрықтар шығарып, ел арасына таратты. Әр болысқа елбегілер сайланып, олар мал-жанның есебін түгендеп, әскерге қару-жарақ, тамақ әзірлеу мәселесімен айналысты. Сөйтіп, билік жүйесі түгелдей өзгертілді. Қазақ даласында – дала демократиясы, қарулы халыққа негізделген хандық билік орнады. Себебі, торғайлықтарға Орталық Қазақстанның да атқа қонып, қолдарына қару алған халқы қосылған болатын.

Осы арада бір шегініс жасап, мына бір оқиғаға көңіл бөлген жөн сияқты. Өйткені, тарихтан қыркүйек айының басында губернатор М.Эверсман Торғай уезінің болыстарымен кездесіп, байларға, оның ішінде қара халыққа берілетін кейбір жеңілдіктер туралы айтқаны белгілі. Бірақ, қараша айында Торғай губернаторы Эверсманның ол уәделерінің барлығы жалған болып шыққаны анықталды. Ол көтеріліс кезінде Қарақоға, Қараторғай, Сарықопа, Наурызым, Майқараны аралап, елге ерекше зәбір көрсетіп, әйелдерді зорлады. Енді осындай жағдайда Ырғыз қазақтары хан сайлап, Торғай арғындары Амангелдінің қолына келіп қосылуының барысында Торғайды қоршап алады, өстіп тарихта екі айға созылған Торғай қамауы басталады.

Бірақ қаруға жалаң қол шабуылдаған Торғай қоршауы нәтижесіз аяқталады да, қазақтар тағы да қайтадан Бетпақдала маңына жиналады. Оларға қарсы Тургенев бастаған 13-ші Орынбор полкы ақтық айқасқа шықты. Бұл туралы: «Әбдіғапар –Амангелді сарбаздары Қараторғай болысының екінші ауылы түбінде (Құмкешу тұсы) полковник Тургенев отрядымен кездесті. Айқас күні бойы жүрді. Доғал соғысында тек қарулары бар мергендер ғана әскерге қарсы тұрып, күш көрсете алды, алайда, сарбаздан 70 шақты адам шейіт болды. Түн ортасы болмай Әбдіғапар сүйектерін жинатты. Патша жағынан өлім көп болды, жазалаушылар өліктерін 15-20 шанаға тиеп әкетті. Бас штабқа берген телеграммасында генерал Сандецкий Доғал соғысындағы әскердің шығынын жасырып: «2 ат, 2 казак өлді... Әбдіғапар ханның ауылы да, ордасы да жойылды...», [77]- деп хабарлады деген деректер бар.

Бұл дұрыс ақпар емес еді. Шындығына келсек, қазақ сарбаздары ол шайқаста жеңіске жеткен болатын. Себебі, осы кездесуден соң жазалаушы әскер Батпаққарадан Торғайға қашуға мәжбүр болып еді. 1917 жылдың ақпанында Ресейде патша өкіметі құлап, Уақытша үкімет орнағаны мәлім. Осыған орай наурыз айында Қазақстанда болған ұлт-азаттық көтерілісі аяқталып, Ақпан төңкерісіне ұласты. 1916 жылғы қозғалыстың өзіндік бірнеше ерекшеліктеріне тоқтала кетер болсақ, онда: «Біріншіден, Торғайдағы дүмпу көтеріліс аясынан шығып, бүкіл қазақтың төңкерісіне ұласты. Екіншіден, бұл қозғалыс тек патша өкіметінің 1916 жылғы жарлығына, әскери саясатына ғана қарсылық емес, халық бойында ғасырлар бойы жиналған наразылықтың запыраны еді. Аталық кек, бостандық, азаттық күрес кедейді де, байды да, мен қазақтың деген патриоттық сана-сезімі толқытқан баршасының басын қосқан қозғалыс еді. Үшіншіден, Торғай қозғалысының аясы облыс шеңберінен шықты, ол Ақмола, Сырдария облыстарын да қамтыды. Төртіншіден, қолына қару алған тек ауыл жігіттері емес еді, оның құрамында азды-көпті зиялы қауым өкілдері, кәсіпорындар мен теміржолжұмысшылары да болды. Басқаша айтқанда, қозғаушы күш толқыған халық болды. Бесіншіден, патша өкіметімен айқас, соғыс-ұрыстың күні өтті. Ең даланың перзенті қазақ жігіттері ғажайып төзімділік, қайсарлық көрсеті. Сарбаздар бүкіл елді сақтап, жазалаушы отрядтардан қорғап отырды. Алтыншыдан, Торғай асқан ұйымдасқандықтың үлгісі болды. Олай болатыны, ат үстіне мінген елді мемлекеттік негізі бар ұжым басқарады. Жетіншіден, Торғай өңіріндегі айқас отаршылдық жүйеге, өкіметке, оның қарулы күшіне қарсылық болды. Атадан қалған мемлекеттік үлгіні дамытып, қазақ хандығының үрдісін жасап, сардарбек сайлап, Отан деген қасиетті сөзді құрандай ұстап, Торғай елі 1916 жылғы оқиғаның ең басты ордасына осылай айналды. 1916 жыл – Қазақ елінің XX ғасырдағы өзіндік төңкерісі еді. Орыс мемлекетіндегі 1917 жылғы екі төңкерістің алдында өткен ол осы екі төңкеріске келіп қосылды. Қазақ елінің бұл төңкерісінің өзіндік сыры, мұңы, жыры бар екендігі аян. Бүкіл шығыс халықтарына «бұратана» халықтардың баршасына тән бұл отаршыл Ресейге қарсы төңкеріс осы уақытқа дейін Ресей төңкерістерін даярлайтын фактор ретінде ғана қаралып келе жатқанын жасыруға болмайды».[78]

Осы арада көтеріліске қазақ интеллигенциясы қатысты ма деген орынды сұрақ туындайды.

Қатысты (мысалы, Ә.Жангелдин). Қатыспағандары одан да зор қызмет атқарды дер едік. Бұл жөнінде жазушы Қ.Сәрсекеев кезінде

Н.Мартыненко құрастырған «Алашорда» деп аталатын құжаттар жинағына жазған алғы сөзінде былай деп көрсеткен: «Мне пришлось досконально изучать проблему, и я имею все основания заверить, что бытовавшее, да и сейчас еще не изжившее себя мнение о том, что в момент обнародования указа о призыве казахов на тыловые работы кроме Амангельды и некому, было заступиться за притесняемый народ, ошибочно. Это не так. Нисколько не покушаясь на авторитет легендарного Амангельды, я, тем не менее, утверждаю, что прогрессивные силы казахской интеллигенции делали все возможное, чтобы защитить свой народ, предотвратить жестокие последствия этого указа. Одной из акций, пожалуй, явилось совещание представителей Тургайской, Уральской, Акмолинской и Семиреченской областей в Оренбурге, протокол которого был направлен главе империи. Документ этот серьезный, обстоятельный и довольно рискованный, для тех, кто его подписывал».

Бұл мәжіліс Ә.Бөкейхановтың төрелік етуімен, Торғай облысы губернаторының рұқсатымен Орынбор қаласында 7 тамызда өткізілген. Оның ұйымдастыру жұмысына А.Байтұрсыновтың да тікелей мұрындық болғанын мына деректен айқын аңғаруға болады: «В редакции газеты «Союз» пишут из Тургайской области: «Губернатор Тургайской области пригласил к себе редактора киргизской газеты «Казах» и имея с ним обстоятельную беседу о призыве мусульман на оборонительные работы, по этому поводу местная киргизская интеллигенция имела общее собрание в котором участвовали также известные киргизские деятели и представители общественных организаций».[79]

Жоғарыда айтқанымыздай Ә.Бөкейхановтың төрелік етуімен бұл мәжіліс патша өкіметінің алдына мынадай нақты-нақты 17 талап қойған. Осы талап-тілектердің ең негізгілері мыналар болып табылады.: «1. Солтүстік уездеріндегі қазақ жігіттерін келер жаңа жылдың бірінші ғинуарына шейін, оңтүстік уездерін осылай кешіктірсе екен. 2. Ең әуелі 19 бен 31 арасындағы жастардың үштен бірі ғана алынса екен. Алғанда 19 жастан бастап алуы тиіс, өйткені бұл жастағылардың көбі үйленбегендер болады. 4. Бір үйдегі шаруа басқаратын алынатын жастағы бір жігіт қалса екен (егер сол үйдің басқа еркектері 17-де немесе 50-ден асқан болса). 7. Әр ауылда бір молдадан қалдырылсын, мұғалім қалдырылғанда алдымен қолында шаадатнамасы (куәлігі) барлар қалсын. 9. Шаһар медреселерінде оқып жүрген отыз кісіден қостас болсын...Алынған жігіттер отыз кісіден қостас болсын. Әр қосқа бір переводчик хәм он қосқа бір молда

сайлансын. 14. Ауырған жігіттер жаралылар мен тең дәрежеде дәрігерлік көмек көрсін. 17. Орынды себептер бойынша керектігіне қарай, қазақ жігіттері демалыс алатын болсын».

Өкінішке орай, бұл талап-тілектер орындалмады. Патша үкіметі: «Отказать, отсрочка предоставлено только до 15 сентября», [80] - деп жауап қайтарады.

Қазақ интеллигенциясының көтеріліске қатысы туралы деректі М.Тынышпаевтың 1916 жылы қыркүйек айында Черняев уезінің 4 учаскесінің мировой студиясына куә ретінде берген мына бір жауабынан да кездестіруге болады: «3 февраля 1916 г. выехали в Петроград бывший член 1-й государственной Думы А.Букейханов и киргиз Н.Багимбетов. Побывав в Петрограде у разных лиц, в том числе и у военного министра генерала Поливанова, дипломаты вернулись и сообщили на страницах «Казах», что вопрос о привлечении киргиз пока отложен... Тем не менее вопрос о том, какая служба для киргиз лучше кавалерия или пехота, рассматривался до июня месяца...».[81]

Бұл кезде қазақ интеллигенциясы сөзбен де, іспен де қатерлі қауіптің алдын алу үшін бастарын тасқа да, жарға да соғып, ел жайын ойлап жүрген болатын. Оған деректерді кезінде патша әкімдерінің жүргізген іс-қағаздарынан көптеп келтіруге болады. Соның бірі мынау: «Врач Аубакир Бекмухамедович Алдияров и сотрудник Оренбургской газеты «Казах» Мир-Якуб Дулатов обратились ко мне с просьбой о выдаче им удостоверений в том, что они по приглашению заведующего инородческим отделом земского городского союза отправляются в город Минск для поступления на службу в названный отдел, причем представили мне телеграмму, подписанную начальником названного отдела Букейхановым на имя Дулатова с приглашением на службу в инородческий отдел. Выдав 25 февраля с.г. за №291 и 292 просимые удостоверения Дулатову и Алдиярову, считаю долгом сообщить штабу».[82]

Осы бір онша құпия боларлықтай алып бара жатқан ештеңесі жоқ қарапайым құжаттан-ақ Әлихан, Ахмет, Міржақыптар сияқты қазақ интеллигенциясының 1916 жылдың басында-ақ отандастарының әскерге алынбай қойылмайтындықтарын біліп, оларға қалай болғанда да жәрдем беру жолдарын қарастырғандықтан байқаймыз. Мұның ар жағында майдан шебіне жақын жердегі тыл жұмыстарына алынатын қазақ жігіттері үшін көмек көрсетуді көздеген мақсаттары болғандығын байқататын сыр жатыр емес пе?

«1916 жылдың күзінде Ә.Бөкейхановтың кадеттер билеп тұрған Бүкілресейлік земство одағынан Батыс майданға – майдан ставкасы жанындағы «Одақ» бұратана бөлімнің меңгерушісі қызметіне жіберілгені белгілі».[83] Бұдан біздер қазақ жастарының қамын ойлаған қазақ зиялыларының ел болашағына деген үлкен сенімділігін және туған жерге, Отанға деген азаматтық сүйіспеншілігін көреміз.

Патша өкіметі соғыс кезінде бұратана елдерге деген отарлау саясатын бұрынғыдан да күшейте түсті. Олар бодан елдердің ешқандай да талап-тілектерімен санаспады. Оны мына бір құжаттан айқын байқауға болады: «Царский указ о призыве на тыловые работы «инородцев», не отбывавших воинской повинности, был объявлен 25 июня 1916 года. Это мероприятие правительство поддержало в Государственной Думе значительными группами русских помещиков при явном попустительстве кадетов... Государственной Думой был принят соответствующий законопроект».

Осы жарлықтың қазақ зиялыларына қалай әсер еткендігі туралы М.Дулатов: «1916 жылғы маусым жарлығы шыққан кезде Орынборда едім... Ахмет Байтұрсынов сол жаз Торғай уезіндегі санақ жұмысына кетіп, «Қазақ» газетін мен басқарып тұрдым. Бір күні төбеден түскендей, жайдың оғындай июнь жарлығы сарт ете қалды... «Қазақ» басқармасына қазақ жерінің тұс-тұсынан телеграммалар, хаттар жаза бастады. Ол кезде «Қазақ» газетін қазақ елінің көбі көз-құлағындай көретін... Қазақ даласы күңіренді», – деп жазды.

Осындай халық арасына от түсіп, сендей соғылысқан кезде оларға баспасөз арқылы басу айтып, ақылға шақырған тағы да қазақ интеллигенттері болатын. Мәселен, А.Байтұрсынов ә, дегеннен халықтың бірден арандап қалмауын ойлап, патша үкімін орындайық деп өзі басқарып отырған «Қазақ» газетіне мына сарындас бас мақала жариялады: «Мемлекет керегі үшін мынадай қырғын соғыста мал шығынынан тартынбай, кәтте әскерлікке алам десе де, ақылдасып барудан тайынбастай болып жүрген қазақ халқын бүгін қара жұмысқа алатын жарлық шыққанға дағдарып, таңырқап қалдық. Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді, қатарда жоқ қара жұмысқа байлануды кемшін санаймыз. Бірақ патша жарлығы хақ, оған қарсы айтар сөз жоқ. Бұл күнде соғыс уақыты, тәртіп қатты, қашқандардың артынан қуғыншы отряд шығып елді хәм артында қалған әке-шешесін, қатын-баласын шулатқаннан, шаруасын күйзелткеннен басқа өнер ешнәрсе жоқ». [84]

Кешегі кеңес өкіметі тұсында бұл мақала бетке шіркеу етіліп, қазақ интеллигенциясы патшалық самодержавияны жақтаған, мынау соның куәсі деп көлденең тартылып келді. Бірақ, мәселе мүлде олай емес еді. Керісінше, олар қандай жолмен болса да, халықты жаппай қырудан сақтап қалу қамын қарастырған болатын. Бұған тағы да бір-екі нақты мысал келтірсек, артықтығы болмас деп ойлаймыз. Мәселен, Семей уезінде жеті болыстың ақсақалдары мен ел жақсыларының кеңесі болып, Тұрағұл Құнанбаевтың төрағалығымен өтсе, Жетісу өлкесінде М.Тынышпаев елді сабырға шақырып, үндеу телеграммалар жөнелтті. Батыста Бақытжан Қаратаев пен Жақанша Сейдалиев Мемлекеттік Думаның төрағасына хат жолдап, әскерге шақырудың 1917 жылдың мамыр айына дейін шегерілуін талап етіп жатты.

Бұған қарама-қарсы ел ішіндегі арамзалардың халқын емес, құлқынын ойлағандардың сатқындық әрекеттері істің оңға басуына көп кесірін тигізді. Осыған орай, қазақ интеллигенциясының тылға жұмысқа алынғандардың жағдайымен танысу үшін арнайы делегация құрғандары да белгілі. Бөкейханов бастаған бұл делегация мүшелері қара жұмысқа алынған жігіттердің көбінің ауру, жұмысқа жарамсыз, тіпті араларында мылқау, кемтарлардың бар екенін де анықтады. Осыған орай, олар газетте: «Болыс пен ауылнайлар да халықты шиелендірмей, ақша алып біреуді құтқарам, біреуді жіберем демей, дұрыстықпен қызметін атқару керек»[85], – деп жазды.

Кейіннен өздерінің бұл әрекеттері туралы, алдарына қойған мақсаттары жайында М.Дулатов: «Төңкеріс жолында қазақ жұрты шығын болып кетсін деуге дәтімиз бармады. Сондықтан біз екінші жолды қаладық – көну керек дедік. Оған бел байлағаннан кейін елге көзіне айтатын сөзіміз де, басшылығымыз да осы бетте болды. Тек неше түрлі сылтаумен соза түсу жағын ескеріп отырдық...[86], – деп еске алды. Бұдан біздер қазақ зиялыларының дұрыс та берік саясат ұстанғанын көреміз. Себебі, ол кезде патша өкіметінің бұратана халыққа арналған қырып-жою саясатын жергілікті шенеуніктер асқан жігермен жүзеге асырып отырды. Оған Торғай вице губернаторы Обухов: «Біліп қойыңдар, әлгідей тәртіпсіздік шығатын болса, әскер шығарылады, құр шыққанмен қоймай, атқылайды, мұндай ойынды қойыңдар. Бұл – жаман ойын. Сөздің қысқасы, жалғыз қазақ қалмаса да, патша жарлығы сөзсіз, тоқтаусыз орнына келуі хақ» [87], – деп қаһарланса, аталған бұйрықта: «Кісі берудің ең соңғы срогы 15 январь 1917 жыл. 15 январьдан кейін шақыруға келмеген еркек жанның бірі қалмай жасын айыру үшін қаралады хәм жасы 19-31 арасында болып,

шақыруға келмегендер ауру-сауына қарамай, тегіс сотқа беріледі. Патша жарлығынан бас тартқаны үшін», – деп күш көрсетті.

Ә.Бөкейханов және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі

1915 жылдың соңынан бастап «Қазақ» газеті қазақ жігіттерінің келешекте әскерде қызмет етуінің жай-күйін сөз ете бастады. Бұл кезде Әлихан Орынборда, А.Байтұрсыновтың қарамағында «Қазақ» газетінде жұмыс істейтін. 1916 жылдың ақпанында олар Петроградқа аттанды. Соғыс министрі генерал Поливановқа, басқа да ресми орындарға кіріп, қазақтарды әскерге шақыру мәселесінің кейінге қалғанын анықтап қайтты. Содан жазға дейін «Қазақ» газетінің бетінде пікір алмасу жалғаса береді. Көпшілік қазақ жігіттері үшін атты әскерде қызмет етудің қолайлы болғанын айтып жатты. Жаяу әскерге баруды жақтағандар да болды. Сөйтіп жүргенде ақыры июнь жарлығы шықты. Қазақтар әскер қатарына емес, соғыстың қара жұмысына шақырылды. Одан соң жер-жерде толқулар бұрқ-бұрқ тұтанып, жазалаушылар қара істеріне кірісіп кетті.

Осындай «тар жол, тайғақ кешу» кезеңінде Орынборда Әлихан Бөкейханов басқарған Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Жетісу облыстары қазақтарының мәслихаты өткізілді. Бұл жиналыста ең алдымен: «Қазақ отрядтарын даладан кері шақырып алу арқылы және жер-жерде халық өкілдерінің съездерін өткізу арқылы халықты тыныштандыратын шараларды шұғыл қолдану қажет», – делінді. Одан әрі патша өкіметінің алдына: «Жергілікті өкімет, әсіресе, болыс басқарушылары өздерінің асығыс әрекеттерімен, дөрекіліктерімен және қиянаттарымен халық толқуларын өздері туғызды, ең бір бейбіт, жоғары әмірге көнімпаз халықты зығырданын қайната көтерді, өкімет пен заңға бағынбайды деп жариялады. Мұның бәрі жалған. Қазақтар жарлықты орындайды... Жұмысшыларды мобилизациялау туралы хабар қазақтардың пішен шабу науқаны қызып, астық жинау мерзімі тақалған уақытта шықты. Міне, бір айдан бері күллі дала толқу үстінде, шаруашылық жайына қалды, шөп шабылмады, астық орылмай жатыр. Осының бәрін ретке келтіру керек, жоғалған уақытты ұту керек. Бұл енді шаруашылықта жұмыскерлердің молырақ болуын талап етеді. Жұмысшыларды шақыру солтүстік уездерде 1917 жылғы 1-январьға, ал оңтүстік уездерде 15-мартқа дейін кейінге қалдырылсын», [88] – деген нақты талап-тілектер қойылды.

Қазақ жеріндегі бес облыс өкілдері жиналысының Ә.Бөкейханов төраға қол қойған қаулысында жігіттерді қара жұмысқа шақыруды ретке

келтіру шарттары 18 пунктке таратылып баяндалған. Солардың ішінде халықтың интеллектуалдық күшін сақтауды көздеген екі бап ерекше назар аудартады: жиналыс әр 50 үйдің балаларын оқытуға бір мұғалімнен қалдыруға, ал қалалардағы мұсылман медреселерінің шәкірттерін әскердің қара жұмысына шақырудан мүлдем босатуға қаулы еткенін айттық.

Ақыры тыл жұмыстарына шақырылған 400 мыңнан астам қазақтардың 130 мыңдайы, әр аймақта күннен-күнге өрістей түскен көтерілістерге қарамастан соғыс шебіндегі қорғаныс жүйелерін салуға жіберілді. Майданның қара жұмысын істей жүріп, жігіттер революциялық ниетке бауыр басты. Сөйтіп, өз іштерінде «Еркін дала» атты жасырын ұйым құрды. Ал, майдандағы қазақ жұмысшыларының ең үлкен басшысы – сол тұста орыс армиясы бас қолбасшысының ставкасында қызмет атқарған Әлихан Бөкейханов еді.

Сондықтан майдан тылында қара жұмыс істеп жүрген қандастарының Ә.Бөкейханов сынды білгір де білімді, бетті де беделді жерлестерінің ықпалында болмауы, оның әр басқан қадамы мен айтқан пікірін қадағалап, еліктемеуі мүмкін емес еді. Ендеше сол тұстағы қара жұмысқа алынған қазақ жастарының көзқарасына, қалыптасуына Ә.Бөкейхановтың ықпалы мол болды.

Т.Рысқұлов және баспасөз

Бұл жерде кезінде Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі жөнінде қысқа мерзім аралығында 6 еңбек жазып, шындыққа біртабан жақындаған Тұрар Рысқұлов туралы айтпай кеткеніміз орынсыз болар еді. Ең алдымен Т.Рысқұловтың творчествосындағы назар аударатын, рухани мұра ретінде қабылдап, қызыға оқитын туындыларының бір саласы – оның тарихи және әлеуметтік-экономикалық мәселелерге байланысты қалам тартқан публицистикалық еңбектері дер едік. Тұрар публицистикасының ерекшеліктері қандай деген сауал туындаса, оған ең алдымен, ол қай мәселе туралы жазбасын сол тақырыпты терең зерттеп, меңгере білген деп жауап қайтарамыз. Ол өз заманының тарихшысы, экономисі, этнографы, әдебиетшісі және қоғамтанушысы да бола білген жан.

Мәселен, Т.Рысқұлов өзінің: «О формировании казахской нации и казахском пролетариате», «Из прошлого национальной интеллигенции», «Современный Казахстан», «Восстание в средней Азии в 1916 г.» атты монографиялық еңбектерінде қазақ халқының тарихын ғылыми негізде тұжырымдап берген. Айталық, ол «Из прошлого казахской

национальной интеллигенции» атты еңбегінде: «В последнее время многие люди начали писать о революции в Туркестане. Остается только приветствовать это очень актуальное начинание людей, занимающихся литературой», – дей отырып, 1921-1922 жылдары орталық басылымдарда жұмыс істеген Н.Борисовтың «Түркістандағы Октябрь революциясы» деген мақаласын талдау барысында: «Товарищ Борисов, видимо, незнаком с историей революции в Туркестане, и когда писал статью, пользовался исключительно чужими сочинениями на эту тему», – деп келіп, «Перед нами стоят исключительно важные и ответственные задачи. Вопрос о том, какую политику нужно проводить в Средней Азии – это очень важный вопрос для федеративной республики в целом. Безответственное рассуждение недопустимо в таком вопросе», – дейді. Сөйтіп, жалқыдан жалпыға көшу арқылы сыншы қайдағы бір Н.Борисовтың Түркістандағы революция тарихын «қаламының ыңғайына қарай» бұрып алу тәсілін теріске шығарып, жалпы көкейкесті проблеманы қозғайды.

Мұның астарында автордың «Орта Азия халықтарының, оның ішінде Қазақстанның ұлттық мүдделерін, нәзік психологиялық мүмкіншіліктерімен санаспайынша – ешбір саясаттың жеңіске жетуі мүмкін емес» деген пікірі бар.

Т.Рысқұловтың өзіндік көзқарасын білдіретін «Тайжановқа жауап» ретінде жазған мақаласында: «По истории средне-азиатских народов, в том числе казахов, имеется большое количество изданных трудов буржуазных историков. Но в этих трудах история народов, в том числе казахов, преподносится как история борьбы отдельных ханов между собой, не освещается роль массы, не даются анализы социально-экономическим причинам отдельных исторических событий», – деп турасын айтады. Рысқұловтың бұл таңдағы хал-ахуалымен ұштасып жатқанын ешкім жоққа шығара алмаса керек.

Мәселен, 1986 жылдың желтоқсаны. Алаңға шыққан жастарды нашақорлар, экстремистер деп бүкіл халық болашағына күйе жақты. Тіпті, ол аз дегендей, Орталықтың көзжұмбақпен қабылдаған сорақы қаулысы отқа май құйып, жалақорлық өртін өршіте түсті... Алайда, шындық өлмейді. Тарих таразысы ақ-қарасын ажыратып, шындықты дәлелдеп берді. Ендеше, Тұрар көзқарасы нақ осы жағдаймен үндесіп жатыр.

Тұрар Рысқұловтың «Қазақтың ұлттық интеллигенциясының өткенінен» атты бір еңбегі (мақаласы) Қазан төңкерісіне дейінгі

қазақтың ұлттық интеллигенциясының қалыптасу кезеңдерін, оның бағыттарын теориялық тұрғыдан талдап беруге арналған. Бұл туындыдан 1905 жылғы бірінші орыс төңкерісіне дейін-ақ, қазақ зиялылары арасындағы екі толқынды байқауға болады. Бірінші – Шоқан, Ыбырай, Қази (Шоқанның інісі), екіншісі – татар, башқұрт медреселерінде білім алып, қазақтың ұлттық мәдениетін шығыс халқымен ұштастырушылар. Автор еңбегінде соңғы топтың әсерімен қазақ тілінде түрлі бағытта кітаптардың да жарық көре бастағанын сөз етеді де, жалпы 1913-1916 жылдар қазақтың ұлттық интеллигенциясының кең қанат жайып, кемеліне келген кезеңі болғанын, ақпан төңкерісінен кейін олардың бірқатары «Алаш» партиясының маңына топтасқанын айтады. Т.Рысқұловтың 1926 жылғы сәуір-мамыр айларында республикалық «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы болғаны тарихтан мәлім. Тұрардың журналистік шеберлігі нақ осы жылдармен ұштасып жатыр. Қысқа ғана мерзім аралығында «Қазақ ұлты мен қазақ пролетариатының қалыптасуы туралы», «Баспасөздің міндеттері», «Қазақ, қырғыздардың 1916 жылғы көтерілісі» сияқты маңызды еңбектерін жазғанын ескерсек, оның «редакторлық лауазымды» місе тұтпағанын байқау қиын емес.

Енді Тұрардың «Орта Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс» мақаласына тоқталық. Мұны біз тарихи әдебиетте 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті ғылыми түрде тұжырымдап берген тұңғыш еңбек ретінде бағалауға тиіспіз. 1927 жылы ғылыми баспасөз беттерінде Орта Азия және Қазақстандағы көтерілістер барысы жөнінде дискуссия туындаған тұста бұрынғы пікірлерін «1916 жылғы Орта Азиядағы көшпенділер көтерілісі» атты кітабында байыта түсті.

Сол пікірталастың бірінде мәскеулік журналист И.Миницкий Рысқұловтың көзқарасын сынай отырып: «Мұнда тек көтерілістің ұлттық сәттері ғана көрсетіліп, таптық мәні естен шығарылған», – деп айыптады. Оған жауап ретінде Рысқұлов көп кешіктірмей баспасөз бетінде өз көзқарасын бұрынғыдан да айқындай түсетін «Тағы да Түркістандағы 1916 жылғы күрестің маңызы туралы» деген еңбегін бастырды.

Мұнысымен қатар Т.Рысқұлов әрбір тарихи оқиғаларға байланысты өзінің жеке көзқарасын білдіргенімен, осы мәселелерді түрлі қырынан алып, жан-жақты байытып отырған. Оның тек бір ғана 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жөнінде алты еңбек жазуы осыны дәлелдейді. 1933 жылы республикалық «Казахстанская правда» газетінің үш нөмірінде Тұрардың «Странички из истории революционной борьбы» деп аталатын мақаласы жарияланған. Ол бұл еңбегінде метрология мен

отарлық жүйенің ара жігін ашып көрсетіп, көтеріліс қарсаңындағы тап күресінің шиеленісу себептерін нақты ғылыми теориялық тұрғыдан дәлелдеп берді.

«Көтеріліс барысында Қазақстандағы таптық күрестің құрылымы тамаша айқындалады... Меньшевиктік және эсерлік топта болып, отарлық жүйенің буына піскен әкімдер көтерілісті болдырмаудың барлық шараларын жасады. Бірақ езілген қазақ жұмысшыларының назары көтерілісшілер жағында болды», – деп жазды автор.

Мұнда Т.Рысқұлов публицист қана емес, көтеріліс барысында ой түйіп, тұжырымдай білетін тарихшы ретінде де көрінген. Ол тек өз еңбектерінде ғана емес, өз тұсында жарияланған тарихи дүниелерге де сын көзбен қарап, әділ бағалап, тарихи талдау жасап, түрлі оппортунистік көзқарастарға қарымды тойтарыс беріп отырған Азия тарихындағы зерттеуші, ғалым ретінде де тануымыз керек.

Міне, жалпы Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске интеллигенция өкілдерінің қатысы туралы айтқанда, біз осы мәселелерге тоқтаймыз. Себебі, ол кезде қалыптасып, халық қалаулыларына айналған зиялылар баршылық еді. Және де олар Кеңес өкіметі тұсында айтылып келгендей көтеріліс кезінде, ел басына қиын-қыстау заман туғанда, буржуазия жағында емес, ат төбеліндей қолдарында билік бар байлардың жасағында емес, қалың нөпір еңбекші халық қатарынан табылды. Табылып қана қойған жоқ, «қалың елі қазағын» төнген қатер мен қырғыннан арашалап қалу үшін қолынан келгенін жасап бақты. Бұл сөзімізге нақты дәлелді біз «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің сол жылдардағы беттерін парақтай отырып көріп, көз жеткіздік. Әсіресе, Ахмет Байтұрсынов, Мұхамеджан Сералин, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Бақытжан Қаратаев сынды арыстарымыздың бастарын бәйгіге тіге жүріп, жарғақ құлағы жастыққа тимей атқарған істерін разы болмай, қайран қалып, таң қалмай айту мүмкін емес. Ал бұл бес бәйтеректің, бес алыптың халқына сол бір зобалаң қара түнек кезеңде жарық жұлдыздай жарқырап жол сілтеген, елі үшін отқа өздері түскен ержүректігі мен адалдығын әлі де сан ұрпақ аңызға айналдырып айтары ақиқат.

БЕСІНШІ ТАРАУ

«Алашорда» қозғалысы және «Қазақ» газеті

XIX ғасырдың соңында қазақ халқын саяси жағынан қайта түлету қажет екенін айқын түсінген қазақ зиялылары қалыптаса бастады. Олардың арасынан саяси қызметтің қатерлі жолына жалтақтамай, жанқиярлықпен түскен көрнекті тұлғалар шықты. Демек, XX ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Бір жағынан, ескі, күні өткен феодалдық қатынастар өзінің барлық даму қуатын тауысып, қоғамдық өніп-өсуде кедергіге айналса, екінші жағдай, оларды ауыстыра аларлық жаңа қоғамдық қатынастар тым әлсіз, балаң күйде еді. Елдегі мұндай ауыр жағдай ресейлік империализмнің пәрменді отарлау және орыстандыру саясатын тереңдете түсті. Басқаша айтқанда, бұл мезгілде ортағасырлық мешеулік пен ұлттық езгі қыспағына бірдей іліккен қазақ елінің болашағына үлкен қауіп төнген еді. Қазақ зиялыларының жүріп өткен тарихи жолы, әсіресе, 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі қоғамдық-саяси қызметі халқымыздың күрделі тарихының әлі жазылмаған ақтаңдақтарының қатарына жатады.

XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихының өзекті мәселелерінің бірі, әрине, «Алаш» партиясының құрылуы, оның тарихи негіздері, саяси-әлеуметтік сипаты және қазақ тарихында алатын орны. Қазақ зиялылары қоғамдық сұранысты білдіре отырып, саяси партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ қолға алды.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан тарихының «ақтаңдақтарының» біразы Алаш партиясы мен Алашордаға тікелей байланысты. «Алаш» немесе «Алашорда қозғалысы» – бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Сондықтан да әуел бастан Алаш (Алашорда) қозғалысына жататын жекелеген мәселелердің басын ашып, оларды нақты түрде қарастырған жөн. Біріншіден, олар саяси партия ретіндегі Алаш, екіншіден, мемлекет құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны (Алаш атты қазақтың мемлекеттігін) басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы (Алашорда үкіметі) туралы мәселелер. Осы нақты үш мәселе жиынтығы «Алаш» немесе «Алашорда» қозғалысы деген ұғымды білдіреді. [89] Жиырмамыншы жылдардан бастап, әсіресе, 1928-1932 жылдары орын алған бұрынғы «Алаш» партиясы мен қозғалысының жетекшілеріне

қарсы ұйымдастырылған алғашқы сот процестерінен кейін, бұл тақырыпты тарихи тұрғыдан зерттеуге ресми түрде тыйым салынды.

1905 жылы ұйымдастырылған жасырын «Алаш» партиясы өз қызметін 1917 жылғы көктем айына дейін жалғастырып келді. Партия қызметі жасырын жүргізілгендіктен, «Алаш» партиясының тарихқа белгілі тұңғыш құрылтай съезі 1905 жылы маусым айында 14500 қазақтың қатысуымен Қарқаралыда өткізілді. Бірақ, ресми түрде «Алаш» партиясының съезі болып есептелінбеді. [90]

«Алаш» партиясы 1917 жылдың шілде айында құрылды. Онда саяси партияға қабылданған жарғы, бағдарлама болмаған. Ресми басқару органдар сайланбаған. Ол шын мәніндегі саяси партия ретінде қалыптаспаған ұйым. Алашты саяси ұйым ретінде қоғамдық қозғалыс дәрежесінен, әдеттегі таптық партияға ауысу «кезеңін» бастан кешірген өтпелі жалпыұлттық саяси ұйым деп қараған жөн.

Алаш қозғалысының көшбасшылары негізінде екі мақсатты көздеді. Біріншісі, қазақ елін отарлық езгіден азат ету болса, екіншісі, қазақ қоғамын орта ғасырлық мешеуліктен алып шығу еді.

Патша заманында отарлау саясатына қарсы шығып, елі, жері, халқы үшін шыбын жанын шүберекке түйіп қызмет еткен азаматтарымыз бар. [91]. Мәселен, А.Байтұрсынов ұйқыдағы халқын ояту үшін «Маса» болып ызындады, М.Дулатов «Оян қазақ!» деп атой салды, С.Торайғыров «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуға» тырысты.

«Алаш» партиясының саяси және экономикалық бастау көздері туралы, Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуы мен олардың Кеңес өкіметімен арақатынасы хақындағы алғашқы пікірлер большевиктік бағыттағы баспасөзде 1919-1920 жылдардан-ақ жариялана бастады. Осы мәселе бойынша алғашқы қалам тартушылар көш басында А.Байтұрсынов пен С.Сейфуллин тұрды.

Алашорда өкілдері социалистік идеологиясын таптық принцип негізінде күресті қабылдаған жоқ. «Алаш» партиясының қайраткерлері сол кездегі қазақ қауымы тұтас алғанда оған дайын емес еді деген пікірде болды. Сонда да олар өз күресін жалпы ұлттық мүддеге негіздеген «қазақ халқын отарлы езгіден құтқару үшін» деген ұранның астында топтастырылған бағыт болды. Бұл бағытты жүзеге асырудың басты құралы бірінші жалпы қазақтық съезде дүниеге келген Алаш партиясы болу керек деп түсінді А.Байтұрсынов («Жизнь национальностей» апталығы). «Қазақтарға ақпан төңкерісі қаншалықты түсінікті болса, Қазан социалистік революциясы соншалықты түсініксіз көрінді. Бірінші

революцияны қандай қуанышпен қарсы алса, екінші революцияны соншама үреймен қарсы алуға тура келді».

«Алаш» партиясы өз бағдарламасында Ресей мемлекетінің демократиялық, федеративтік республика болғандығын білдірді. Яғни, ұлт зиялыларының мемлекеттік дербестік мәселелеріне сақтықпен қарағандығын байқаймыз. Қазақ зиялыларының ең алдымен шешілуге тиіс жалпы ұлттық зәру мәселелерді талқылауға мұрындық болып, сол мәселелер бойынша ортақ тұжырымдарға келуде жетекші рөл атқарды. Бұл тұжырымдар партия бағдарламасының жобасында берілді. Бұл бір. Екіншіден, партияның ұйытқысы болған қайраткерлер қазақ елінің Алаш автономиясы атанған ұлттық мемлекетінің өмірге келгенін жария еткен екінші жалпықазақ съезін (1917 жыл, желтоқсан) дайындап өткізді. Осы кезде Алашорда үкіметінің өмірге келуіне тікелей себепші болған жағдай уақытша үкіметтің басқа да шет аймақтарындағыдай Қазақстанда да ең өзекті ұлт өміріне қатысты мәселелерді шеше алмаған әлжуаз, тұрақсыз саяси билікке айналуы, оның арты бүкіл империяны қамтыған анархия, зорлық пен зомбылыққа ұласуы еді. [92]

Алаш 1917 жылдың жазында қалыптасқан жағдайда халықтың келешек тағдырын анықтауға тікелей қатынасы бар жалпыұлттық мәселелерді саяси күрестің күн тәртібіне қойып, оларды шешу жолында айтарлықтай қызмет атқарды. Бұл ең алдымен партияның бағдарламасының жобасын дайындаудан қазақ ұлттық мемлекетін құру ісіне белсенді түрде кірісуден, қазақ қауымынан құрылтай жиылысына депутаттар ұсынып, оларды сайлау ісіне қажырлықпен атсалысудан аса айқын көрінді. «Алаш» партиясы өзінің бірнеше айларға созылған қысқа ғұмырында шын мәніндегі саяси партия ретінде қалыптаса алмады, үлгермеді. Партияға тән жарғысының да, бағдарламасының да болмағанын жоғарыда айтып кеттік. Оның мүшелеріне партиялық билеттер берілгендігі жөнінде де архивте сенімді деректер кездеспейді. Біздің бұл сөзімізді Міржақып Дулатовтың тергеудегі жауабы растай түседі: «Алаш партиясының жарғысын бекіткен съезд болған емес. Газет арқылы жарияланған жобамен танысқан және оны мақұлдағанның бәрі өзін партияның мүшесімін деп санады... Сондықтан да «Алаш» партиясы көпшілікке кең танымал Алашорданың көлеңкесінде қалды». Ал, Мағжан Жұмабаев: «Алашты саяси партия деп санаған емеспін. Тек қана Алашорда үкіметі болды», – деген пікір айтады. «[93]

Демек, Алашты саяси ұйым ретінде қоғамдық қозғалыс дәрежесінен әдеттегі партияға ауысу (айналу) «кезеңін» бастан кешірген өтпелі саяси

ұйым деп қарастырған жөн. Алаштың әдеттегі саяси партияға айналу процесі 1917 жылғы шілдеден соң сол жылдың соңына, яғни Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметі құрылғанға дейін айтарлықтай қарқынмен жүргізілді. Оның жергілікті комитеттері жекелеген облыстарда 1917 жылғы қазан-қараша айларында құрылғандығы жөнінде құжаттар да сақталған. Дегенмен, Кеңес өкіметінің орнауына байланысты, 1918 жылдың көктемінің соңы – жазының басталуына орай Алаштың партия болып қалыптасуы аяқсыз қалды.

Халел Досмұхамедовтың төрағалығымен, А.Байтұрсынов, Ә.Көтібаров, М.Дулатов, А.Сейітовтың хатшылығымен өткен бірінші қазақ съезі (1917 жылдың 16-шілдесінде Орынбор қаласында өтті) делегаттары Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси өміріне байланысты қаралған он төрт мәселе ішінде басты назарды ұлттық автономия, жер, құрылтай съезіне дайындық, баспасөз мәселелеріне аударды.

Съезде А.Байтұрсынов, М.Дулатов автономиялы тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру идеясын ұсынды. Ә.Бөкейханов демократиялық Федеративтік және парламенттік Россия Республикасының құрамында Қазақстан ұлттық территориялық автономиясы болуын қолдады. Съезд делегаттарының басым көпшілігі Әлихан ұсынысын жақтады.

Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов сияқты қазақтың либералды интеллигенциясының көсемдері басқарған «Алаш» партиясының құрамына ғылыми және шығармашылық зиялы қауымның белгілі өкілдері М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, Ғ.Қарашев, С.Торайғыров, Х.Ғаббасов, М.Дулатов және тағы басқалар енді.

1920 жылдың 25 қарашасында жарияланған «Жизнь национальностей» апталығында С.Сейфуллиннің «Манап-Шамиль» деген бүркеншік атпен «Қазақ интеллигенциясы» атты мақаласында, (ол «Қырғыз (қазақ) интеллигенциясының арасындағы партиялық» және «Қазақстанның кешегі революционерлері» деген екі бөлімнен тұрады) «Жас қазақ интеллигенциясына дем беруші басшылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және М.Дулатов» болғандығын айтады.

1910 жылы Ә.Бөкейхановтың «Қырғыздар (қазақтар) атты әйгілі мақаласында: «Жарқын болашақта қазақтар арасында қалыптасып келе жатқан екі саяси бағытқа сай екі партия құрылуы керек», – деп көрсетті.

«Алашорда» іс жүзінде 1918 жылдың ортасынан 1919 жылдың желтоқсанына дейін өмір сүрді. Россия үкіметінің территориялық автономиясы болуды мақсат тұтты. Азамат соғысы және шетел

интервенциясы жылдары «Алаш» партиясы үшін түрлі шытырман оқиғаға толы қиын-қыстау кезең болып саналды.

Қазақ елінің оңаша отауын құрамыз. Ресей қол астындағы автономиясын алып береміз деген алаш қозғалысының идеясын Ресейде орнап жатқан большевиктер өкіметі, не тарихи сахнадан шығып жатқан уақытша үкіметтердің бірде-бірі қолдамады, мойындамады. Соның салдарынан 1919 жылдың наурыз айында А.Байтұрсынов, М.Дулатов бастаған Торғай отряды кеңес өкіметі жағына шыққаннан кейін не істерін білмей Алашорда қалжырай бастады. Ойыл уалаяты 1920 жылдың басына дейін өмір сүргенмен, бүкіл қазақтың тілегін ту қылып көтере алмады. Ереуілдеп шапқандардың шаңында қалған ел ауызбірліктің жоқтығынан опық жеді, қарсыласар, табан тіреп күресер күші болмады. Осы дүрбелеңді заңды деп танып, тағдырға мойын ұсынып, жоғымызды кеңес тауып берер деп үміттенгендер аз болса да айғайы жер жарды. Алашшыл оқығандардың «бұл төңкеріс қазақтың қалауымен, тілегімен болмаған жат құбылыс» [94] дегені тағы белгілі.

«Қазақ» газеті 1913 жылдың 2-ші ақпанынан бастап Орынборда аптасына бір рет шығып тұрған. Таралымы 3000, кейбір мағлұматтарда 8000-ға жеткен. Бірінші редакторы – белгілі ғалым, жазушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы – қоғам қайраткері, жазушы Міржақып Дулатов, бастырушысы – «Азамат» серіктігі, Хусаинов-Каримов баспаханасында басылып тұрған Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзақ Жәнібеков. Барлығы 265 нөмірі жарық көрді. [95]

Ұлттық-демократиялық бағытты уағыздайтын басылым өз төңірегіне мұғалімдердің айтарлықтай бөлігін, Орынбор мен Уфа қалаларындағы «Ғалия» мен «Хұсния» медреселерінде оқитын шәкірттерді топтастыра білді. Орта және жоғары білімді қазақ зиялыларының басым көпшілігі «Қазаққа» ерді. Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінің басты жетекшісі болды, оның платформасын анықтауға атсалысты, бірақ газеттің күнделікті жұмысына араласып тұруына мүмкіндігі болмады. «Қазақ» қоғамдық-саяси газет болғандықтан, редакция алқасының үкімет саясатының жазылуына көп мән бергендігі байқалады. Олай болмағанда газеттің жабылып қалу қаупі бар еді. Бірақ, ондағы басты мақсат, патша өкіметіне жағыну емес – қазаққа үкімет жайын, оның не екені, мүдделері түсіндіріліп, жиылыс-мәжілістермен таныстыру еді. Мәселен, «Г.Дума» (1915 жыл, №145), «Дума һәм үкімет» (1916 жыл, №207) атты материалдарда

мемлекеттік дума және кеңес жұмыстары жөнінде жан-жақты түсінік берілген. Мақалалардың көпшілігі Ә.Бөкейхановтың «Қыр баласы» деген бұркеншік атымен жазылған.

«Қазақ» газеті бірінші орыс революциясы оятқан қазақ халқының белгілі қауымын ұйымдастыратын және оған басшылық жасайтын орталыққа айналды. Газет қазақтың саяси өмірі жөнінен маңызды мақалалар беріп тұрды, көптеген көкейтесті мәселелер бойынша пікірталастар ұйымдастырды және сол кездегі қоғамдық-саяси ойды бір арнаға бағыттаушы болды.[96]

«Қазақ» алғашқы санынан бастап халықты ағарту, оның саясатқа деген ынтасын арттырып, тарихи зердесін ояту және ұлттық сана сезімді тәрбиелеу міндеттерін алдына қойды. А.Байтұрсынов газетке «газет халықтың көзі, құлағы һәм үні» деген анықтама берді.

Газетке ХХ ғасырдың басындағы қазақ жұртының саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, шаруашылық жайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған Ә.Бөкейханов, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, С.Дөнентаев, Б.Майлин, С.Торайғыров, Ғ.Қарашев, А.Мәметов, Б.Серікбаев, Р.Малабаев, Қ.Қоңыратбаев сынды әдебиетіміздің дамуына үлесін қосқан ардақты азаматтарымыздың ғылыми шығармалары, әңгіме, өлеңдері басылып, аудармалар туралы сын мақалалармен қатар Л.Толстойдан, А.Чеховтан, М.Лермонтовтан, И.Крыловтан алғашқы аудармалар жарық көрді.

«Қазақ» газетін жаздырып алу жергілікті байлардың, болыс-билердің хат танитын барша қазақтың беделін, игілігін, мәдениет дәрежесін анықтайтын бәсекенің мәселесіне айналды. Ұзақ жылдар бойы жөнсіз тыйым салынып, туған халқының рухани өміріндегі орны мен рөлі мүлде сызылып тасталған осы газеттің бұқараны оқуға, өнер-білімге, ілгері елдердің үлгісіне шақырумен қатар, патша әкімшілігінің отарлау саясатын да батыл әшкерелеп отырған анық демократияшылдық бағыты бүгінгі күннің биігінен қарағанда да өте мәнді көрінеді.

Шындығына келсек, «Қазақ» газеті қазақты бұқаралық таптық езгіден азат етуді өзіне міндет етіп алған жоқ. Ауыр отарлық езгі, Столыпин реформасы салдарынан жер үшін күрестің шиеленісе түсуі, шаруашылық дағдарысының тереңдеуі, саяси-әлеуметтік құқықтың жоқтығы, міне, осындай жағдайда «Қазақ» жалпы ұлттық мәселелерді көтеріп, сол үшін күресті. Егер таптық және жалпыұлттық мүдделерінің

белгілі бір қоғамдық даму сатыларында өзара ымыраға келе алатындығын есепке алсақ, «Қазақ» газетінің бұл ұстанған айқындамасы сол тарихи кезеңдердегі қазақ қоғамының объективті жағдайынан туындап, оның сол кездегі ең зәру талап-тілегін ұлт ретінде мақсат-мүддесін білдіретін еді.

Газеттің жалпыұлттық басылым ретінде ерекшелігі де, әлеуметтік шектеулігі де осы қырынан көрінген. Анығырақ айтқанда, «Қазақ» интеллигенциясы шет аймақтарда ұлы державалық мақсаттарды көздеген Столыпин реформасына байланысты үдей түскен ұлт-азаттық қозғалысының үні ретінде өмірге келді және 1918 жылдың наурызында жабылғанға дейін осы мақсатқа қызмет етті. Сонымен бірге оның бұл бағыты қазақ бұқарасының ауыр жағдайына іш тарта қарауға, қажет жерінде оған араша түсуге кедергі жасаған емес. «Қазақ» ең алдымен осы ұлттық бостандыққа байланысты өзекті мәселелерді тынымсыз көтеріп тұрғаны үшін де отаршыл әкімшіліктің қатал бақылауында болды.

Осындай түрлі қиындықтарға қарамастан газет алты жыл бойы үзіліссіз шығып тұрған. Сондықтан оның 265 нөмірінің әрқайсысы қазақ тарихындағы ояну дәуірінің күнтізбесі іспеттес. Себебі, «Қазақты» дүниеге келтірген және оның тұрақты авторларының қатарында Алаш қозғалысының бүкіл халық таныған жетекшілері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сияқты қайраткерлер болды. Осы азаматтар мен олардың сенімді серіктері «Қазақ» газетін жалпыұлттық басылым дәрежесіне көтерді.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Қазақтың жалпыұлттық демократиялық басылымдары және онда қызмет істеген ірі тұлғалар

«Кезінде ұлт қамын ойлап, шарқ ұрған «Сарыарқа» газеті әлі де болса толық зерттеліп, бағасын ала қойған жоқ. Бодан елдің санасына тәуелсіздік рухын сіңіріп, жұртты оятқан «Қазақ» үндес, бағытас бұл басылым 1917-1918 жылдары Семей қаласында шығып тұрған. Газеттің жауапты шығарушысы – алаштың ардақты азаматы, соңынан кеңестік саясаттың құрбаны болған Халел Ғаббасов». [97]

Алаш қозғалысы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда орын алған әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени өзгерістердің нәтижесінде дүниеге келді. Бұл қозғалыстың өзегі, орталық элементі өзінің бастау көздерін 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы әкелген өзгерістерден алған, ал саяси ұйым ретінде 1917 жылғы жазда құрылған тұңғыш жалпыұлттық Алаш партиясын құру үшін ұлттық-демократиялық қазақ интеллигенциясының жұрт таныған жетекшілері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқаев, Міржақып Дулатовтармен бірге Халел Ғаббасов секілді тағы басқа ондаған қайраткерлер 1905-1917 жылдар аралығында қажырлы еңбек етті. «Алаш» партиясы негізінен әлеуметтік табиғаты жөнінен әртекті ұлттық-демократиялық қазақ интеллигенциясының саяси ұйымы болды. «Алаш партиясы» деген атпен танылған ұлттық-демократиялық қазақ зиялыларының өтпелі кезеңдегі саяси ұйымы халық санасының қозғаушы күші міндетін, жалпы алғанда, заман талабына сай адал атқарды.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен бүкілхалықтық съезд Құрылтай жиналысында депутаттыққа кандидаттыққа ұсынылған 18 адамның ішінде Х.Ғаббасов та бар еді. Осы жылы жаңадан құрылған партия «Алаш» деген атқа ие болады. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов сияқты қазақтың либералды-демократиялық интеллигенциясының көсемдері басқарған Алаш партиясының құрамына қазақтың ғылыми және шығармашылық зиялыларының белгілі өкілдерінің бірі ретінде Х.Ғаббасов та кіреді.

Орынбор қаласында 1917 жылы желтоқсанның 5-13 күндері өткен екінші жалпы қазақ-қырғыз съезінде күн тәртібіндегі маңызды

проблемалар бойынша Ә.Бөкейханов, Х.Ғаббасовтар баяндама жасап, жарыс сөздерге белсенді түрде араласады.

Съезд қазақ автономиясы мен милиция туралы Халел Ғаббасов жасаған баяндаманы тыңдап, осы мәселе бойынша саяси мәні терең қаулы қабылдайды. Бұл жөнінде «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы қаңтардың 25 күнгі 29 санында жарияланған. «Жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы» атты құжатта былай делінген:

«Автономия туралы Халелдің баяндамасын тексеріп съезд бір ауыздан қаулы қылады:

1. Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы қазақ уездері Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері өз алдына ұлттық, жерлі автономия болсын;
2. Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын;
3. Алаш автономиясының жер үстіндегі түгі – суы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын;
4. Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтың хұқықтары теңгеріледі;
5. Алаш облыстарын бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша Ұлттық кеңес құрылсын. Мұның аты «Алашорда» болсын.

«Сарыарқа» газетінің жоғарыда аталған санында жарияланған Х.Ғаббасовтың «Алаш автономиясы» атты мақаласында: «Қазақ-қырғыз үкіметі – «Алашорда» Алаш қаласына келіп автономиясын жариялағаннан кейін қазақ-қарғаз балалары бағынған үкіметіміз осы деп сеніп, ант беріп, басқа үкіметті танымай, өз үкіметінің әмірін екі қылмай орындау керек», – деп баса көрсетті.

Х.Ғаббасов 1917-1918 жылдары Семей қаласында шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің редакторы болған. Оның жоғарыда айтқандардан басқа осы басылымға жарияланған «Мемлекет күйі» деген тарихи, ғылыми, публицистикалық мақаласынан күні бүгінге дейін «ақтаңдақтар» қатарына жатқызылып келген көптеген жайларды ұғынуға болады. Соның бірі – большевиктердің үкімет басына келуі туралы.

Оның «Большевиктер көсемі Лениннің екі әмірі – жер, су, өлі құрал мен тірі құрал жер комитеттері арқылы еңбек қуған жұрттарға бөлініп берілсін деген. Бұл үкіметіміздегі заманда өмір жүзіне орын таба алмайтын, әдемі ғана құр сөз. Жұрт бірімен бірі пышақтасар, бірақ бәрін

ортаға салып, жөншілікпен бөлісіп алыспас. Түптің түбінде бұл іске асса асар, бірақ осы күнде емес: жер-судың әділдікпен жұртқа бөліп беру жағын біз де көздейміз һәм осы пікірге қызмет қылмақшымыз. Россияның неше жүз жылдардан бері бір көрген бостандығы биылғы 25 феуралдан бері болса, ол бостандық осы күні большевиктердің найзасында ілулі болса, біз қайтіп ілгерілемекпіз?!» [98] – деген ойын қазіргідей заманда қалай теріске шығармақпыз.

Бұл басылымға басқаларға қарағанда көбірек дүниелерін (өлең, әңгіме, мақалалар) бастырып, белсенді түрде қатысқан Ж.Аймауытов па деп қаласыз. Өйткені оның «Сарыарқаның» бірінші нөмірінде «Тұр, бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар!», үшінші нөмірінде «Партия» деген мақалалары мен «Ғашықтық» (Абайша), «Жынды», «Айна» атты шағын әңгімелері мен оқшау сөздері жарық көрді.

Жалпы, Ж.Аймауытов әдебиетіміздегі аса ірі тұлғалардың бірі. Ол – ақын, прозашы, драмашы, сыншы, публицист, аудармашы. Әдебиеттің әр алуан жанрларында белсенді қызмет ете отырып, Жүсіпбек Қазан төңкерісіне дейін де, және одан кейін де туған қазақ әдебиетінің негізін салушылардың алғы легінде болды. Көптеген ірі шығармаларымен жаңа жанрлардағы ізденістерді орнықтырды.

Жоғарыда айтқанымыздай, Ж.Аймауытов тамаша ақын, талантты жазушылығымен қатар ойлы публицист те бола білген жан. Бұл туралы «Қазақ журналистикасының тарихында» былай деп жазылған: «... 1917 жылы ақпан төңкерісі болып, патша тақтан түскенде ол алғашқылардың бірі болып, «Сарыарқа» газетінің бетіне «Тұр, бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар!» деген мақала жазып, «Жасыратын қылық жоқ – бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген теңдік емес, бұл өзі қара бұқараға, кедейге келген теңдік, қолы жете алмай жүргендерге берілген бостандық», – деп жар салған болатын. Бұл жерде Ж.Аймауытовтың да өз тұтастары сияқты ақпан төңкерісін нағыз азаттық төңкерісі деп түсінгені жасыратын жай емес. Әрине, алдында төңкерістер мектебі жоқ, ұлт-азаттық қозғалысынан тәжірибе жинақтай қоймаған қазақ жастары, қазақ зиялылары үшін солай көрінуі заңды да еді. Жалпы төңкеріс атаулы азаттықтан гөрі бір партияның, бір ұлттың үстемдігін әкелетінін әлі де жете түсінбей жүргеніміз аз емес.

Бұл жерде Ж.Аймауытұлының ұлтжанды, күрескер, алымды сөз шебері екендігін, ақпан төңкерісін ілгері айтылғандай түсінген Аймауытов жетекші, халықты соңына ертетін партия қандай болуы керек, қазақтың партиясы қандай болмақ керек дегенде зор сауаттылық

танытқаның оның «Партия» деп аталатын мақаласынан толық сезінуге болады. Автор сөз басында «партия» деген ұғымға жан-жақты анықтама бере келіп, «басқа жұрттың партиясының негізгі мақсұды қай жолмен болсын, тұрмысын оңдауға тырысу», ал «біздің қазақтың партиясы бұл партияларға ұқсамайды, өйткені қазақ тұрмысын түзеуге партия болмайды, бұл – бір; байлар, күштілер бірыңғай, жұмысшы кедейлер бірыңғай одақтаса алмайды, бұл – екі; партияшылар көптің қамын ойламайды, өз басының билігін, атағын, мақтануы үшін таласады, бұл – үш. Ендеше қазақтың партиясы өзге жұрттай оғаш, мақсұды, шегі, тілеуі қиғаш, теріс партия», – деп тұжырым жасайды. [99]

Жүсіпбек бұл мақаласында қазақтардың іштей тоз-тоз болып партияға бөлінушіліктерінің соңы ешқашан да жақсылыққа апарып соқпағаны, қайта ел ішін бүлдіріп, сүттей ұйып отырған ағайындарды бас жарыстырып қоюын мынадай себептерден деп түсіндіреді:

1. Ескі хүкімет партияны өсірмесе, өшіруге қарқ қылған жоқ; зәлім ұлықтарға құл керек болды; болысты сүйеді, болыс дәуірлі, ел ішінде шәкене «хан» сықылды болды. Мұндай зор дәрежеге бектік, атақ көксеген қазақ қызықпай тұрмады, малды төге берді.
2. Халықтың надандығы себеп болды. Қара халық көзі жұмулы болып, ас бергенді «мырза» деп, мал шашқанның соңынан ерді де отырды. Кеше көрген қиянатты бүгін тойса ұмыту, өз пайдасын, келешегін болжамау – қазақтың ой-көзінің тарлығынан, надандығынан.
3. Партияға көмек берген нәрсе – қазақтың тұрмысы, кәсіпсіз қолының бостығы. Сарнайын десе жыны жоқ; ыңқылдайын десе ауруы жоқ, жаны тыныш отырған қазаққа әңгіме керек; әңгіменің аяғы тамаққа соғады, партия болмай, мол тамақ қайда? ... Бір күн де болса қожандап, «мырзаның» үйінде шіреніп, шалқиып отырып ішкен қымыз, жеген ет көкейден қайдан кетсін!?

Бұдан біздер автордың халық арасын былғаған партиядан бас тартып, бақытты болашақ үшін күресу қажет деген ниетін ұғамыз. Бұдан оның «Партия басыларға баяғыдан бергілері де жетер; енді партия шығарып елдің шырқын бұзбау, жақсылық заманның тілеуінде болып, елге береке келтірер деп сенеміз», – деген сөзі дәлел.

Ал, Мұстафа көтерген «Бірлік туы» деген жарияланымның алғы сөзінде: «Негізін Шоқайұлы Мұстафа қалаған бұл газет Ташкент

шаһарында 1917 жылдың 24 маусымынан 1918 жылдың сәуір айының ортасына дейін жарық көріп тұрған. Мұны да кеңес өкіметі жапқан. «Бірлік туының» мәдениеті, танымдық, тез ақпар жеткізушілік деңгейі – жалпы сапасы өте жоғары. Салыстыра қарағанда, 1920-1925 жылдары шыққан басылымдардан көш ілгері. Газетке Шоқайұлы М., Болғанбайұлы Қ., Қожанұлы С., Дулатұлы М., Мәметұлы., Құлжанұлы С., Сарыбайұлы Ш., Құлетұлы Қ., Басығарұлы Ж., Шәрменұлы Е., Майлыұлы Б. сынды арыстар атсалысқан», – деп жазылыпты. [100]

Тағдыр тәлкегіне ұшырап, ел арасында мемлекет тарапынан өзіндік орын ала алмай жүрген жандар: билер, батырлар, қайраткерлер төл тарихнамада баршылық. Солардың бірі – тек қазақ қана емес, бүкіл түркі халықтарының ортақ қайраткері, саясаткер, публицист, журналист Мұстафа Шоқаев.

Қазіргі күнде біз Мұстафаның екі еңбегімен таныспыз. Оның бірі «Советтер қоластындағы Түркістан. Пролетариат диктатурасына сипаттама» деген кітабы. Ол 1928 жылы француз тілінде, ал 1935 жылы толықтырылып, орыс тілінде Парижде жарық көрді. Кітап 1985 жылы Оксфордта қайта басылуы арқылы қазақстандықтардың қолына тиді. [101]

М.Шоқаевтың бұл шағын еңбегінің үлкен халықаралық маңызы болғанын ерекше атап өтуіміз керек. Онда Кеңес дәуіріндегі Қазақстан мен Орта Азия халықтарының саяси, экономикалық, мәдени өмірі объективті түрде, сыни тұрғыдан айқын сипатталады және кеңес баспасөзі материалдарына сүйене отырып айтылады. Сондықтан да Түркістандағы кеңес үкіметінің отаршылық, шовинистік, тоталитарлық сипаты, пролетариат диктатурасының мұнда халықтар жүрегінен орын таппағаны ап-анық, үлкен шеберлікпен, отты тілімен дәлелденген. Кітаптың шет елдерде таралуы да осыдан. Ондағы ғалымдар да, эмигранттар да М.Шоқаевты нағыз демократ, адал публицист деп таныды.

М.Шоқаев сондай-ақ 1917 жылы Ташкентте жарияланған «Ұлуғ Түркістан» газетінің басты авторларының бірі. Ал, 1918 жылы басылған орыс тіліндегі «Свободный Туркестан» газеті де Мұстафа жинаған қаржымен жарияланған.

М.Шоқаев және «Бірлік туы» газеті туралы «Ана тілі» газеті былай деп жазды: «Бірлік туы» мен оны шығарысқан азаматтардың газет жабылғаннан кейінгі, большевизм тұсындағы тағдыры аса қайғылы. Мұстафа лажсыздан шет елге кетті. Қалғандарының бәріне кезінде «Бірлік туына» қатыстың деп айып тағылды. Не керек, баршасы да кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбаны боп кете берді».

Әрине, бүгінгі газеттің бұлай деп жазылуына негізі бар еді. Себебі, өзіміз сөз қылып отырған «Бірлік туы» газетінде осы басылымды ұйымдастырушылардың бірі Мұстафа Шоқайдың қуғын-сүргінде жүріп, алаш азаматтарына арнап жазған хаты жарияланған.

Бұл хат туралы «Бірлік туының» редакция басқармасы: «Мұстафа хаты» [102] бізге күтілмеген жерден келіп тапсырылып отыр (Бұл хатты бізге бір жолаушы әкеп тапсырып кетті. Ол карандашпен жазылғандықтан біраз кірлеңкіреген екен. Бірақ Мұстафаның қолын танып, хатының анық екеніне көзіміз жеткен соң басып отырмыз). Осы хатты алған соң ғана біз оның амандығын біліп қуанып қалдық. Бұрын оның хақында неше түрлі алыпқашпа хабарлар естіп, көңіліміз қамығулы еді.

Мұстафа бұл хатты бізге жібергенде, оны газетке басып шығаруымызды өтінген екен. Соның үшін біз оны һешбір түрлі өзгертпестен төменде басып отырмыз», – деп жазған.

Ал Мұстафа Шоқайдың бұл ұзақ хаты былай аяқталған: «Бірлік туы» арқылы алаш азаматтарына сәлем Құдай тірлікте күліп-ойнап жолықтырсын. Жатқан жерім белгісіз, жария қылып болмайды», – деп жалғастырған да, соңына (4. II фиурал), «Тау арасы» Мұстафа», – деп қол қойған.

Қазақ баспасөзінің тарихында өз кезеңі үшін орны зор, мәні үлкен ұлттық баспасөз органдары «Бірлік туы», «Ақ жол» газеттерінің редакторы болған, басқа да басылымдардың беттерінде ой-пікірлерін білдіріп отырған, қоғам тағдырына жіті үңіле білген ірі қайраткер Сұлтанбек Қожановтың еңбектерінсіз, оның есімінсіз қазақ тарихы мен қазақ баспасөзін көзге елестету мүмкін емес.

С.Қожановтың «Жалаң ұрандардан іске көшу керек», «Тағы да атқамінерлер пайдаланып кететін болды», «Ұлт мәселесі – іс мәселесі», «Көп жұмылса, іс бітеді», «Оқытушыларды ескеру керек», «Менің жауабым», «Тілмаш жайынан», «Бас пайданды көзде», «Съездер тақырыбы», «Жақындық па, жалақорлық па?», «Еңбек еткен алады», «Өзінен кеткендік», «Сайлау науқанында», «Егістік-шабындық жерді бөлу туралы» деген мақалалары және «Түркістан автономиясы қалай құрылды?» сияқты еңбектері түбегейлі зерттеуді қажет ететіні сөзсіз. Ол алдағы күннің міндеті десек, тап қазір кейінге қалдырмай мойындап, әділ бағасын беруге тиісті мәселеміз – Сұлтанбек Қожановтың халық қамын жеген зор қайраткерлік қызметімен қатар қазақ баспасөзінің негізін салып, алғаш туын тігіскендердің бірі болғандығы және алуан тақырыпта қалам тартып, жас буын журналистерді баулуға ұшан-теңіз еңбек сіңіргендігі.

Мәселен, С.Қожановтың «Бірлік туы» газетінде «Түркістанда орыс сиездері» [103] атты мақаласы жарияланды. Онда ұлтжанды азамат: «Өткен жылғы нойабр басынан бері қарай Түркістан аймағының билігін қолдарына алып, өз үкіметін жүргізіп, өз айтқанын қылдырып тұр. Кезінде ірілі-уақты мұсылман ұйымдары «Біз мұндай қорлықпен күш қылып, бостандыққа қарсы іс қылғандарды танымаймыз. Айтқанын тыңдап, айдағанына жүрмейміз», – деп қарап еді. Бұны елең қылған болшеуиктер жоқ. «Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге енеді» деген осы дағы», – деп бір қиналса, «Сөйтіп, 18 ғинуардағы шақырған жалпы сиез жалғыз солдат пен жұмыскерлер Сиезі ғана болып, өздері жасаған істерін бүгін бұқара атынан шешіп отыр. Кристиандарды мүйіздеп айдап шығып, солдат, жұмыскер уәкілдері (он шақтысынан басқасының бәрі болшеуик) 74 адам сиез ашты. Халық комиссарларының докладтары тыңдалып болған соң, бірінші қаралатын мәселе автономия болды. Бұл туралы 23 ғинуарда сөз болып: «Автономия жоғалту тиіс. Мұсылмандар өздерін басқарып жүретін шекке жеткен жоқ. Әуелі өзіміз мұсылмандар басын қосып, соует ашып, солар керек десе ғана береміз», – деп қаулы жасады. Он миллионнан астам мұсылмандарды, оларға қоса көп христиандарды елеусіз етіп, 5-6 болшеуик бүтін Түркістанды билеуге бел байлап отыр. Түркістан аймағының мұсылманы бар, басқа халықтары бар, бұларды қаңтардағы бурадай ауыздарынан көбіктерін ағызып, сақылдатып қоя ма, жоқ болмаса бір нәрсе дей ме, оны келешек көрсетер.

Мынау жүре бара түзеліп кетер деп ардақтаған автономиямыз еді. Халық, бұған қол көтерейін деп тұр, қарсы іс етілейін деп тұр. Мұсылмандар, басқа Түркістан қамын жеген балалары, қайдасың?! Айтарыңыз бар ма, болмаса жұмған ауыздарыңызды ашпай қала бересіз бе?» – деп қиналады.

Сұлтанбек Қожановтың публицистикасындағы ең көлемді орын алатын, тарихта өз ерекшелігі бар, қай кезде де өзінің өмірлік маңызын жоймайтын «Түркістан автономиясы қалай құрылды?» деген тезисі кеңестік Түркістан Автономиясының он жылдығына жазылған.

Автор бұл еңбегінде: «Қазан төңкерісіне жергілікті халықтан шыққан жұмысшылар да орыс пролетариатына қосылып, бірақ ұлттық жұмысшы тобы ретінде айқын мәнге ие бола алған жоқ, бұған саяси дайындығы да жетіңкіремейді. Міне, сондықтан да орыс пролетариаты мен жергілікті шаруалар арасында дәнекерлік рөл атқаруға икемсіз болды», – деп орыс пролетариатымен жергілікті халықтың тіл табыспау себептеріне тоқталады.

Одан әрі мақалада ел ішіндегі, партия мен халық арасындағы түсінбеушіліктерге талдау беріледі. Және Түркістанның Советтік автономия жариялауына дейінгі даму кезені төмендегідей екі түрлі себеппен айқындалғанын көрсетеді:

1. Түземдік халық арасында советтік және партиялық тұрғыдан қоғамдасу біртіндеп туып, дамып жетілді;
2. Партия мен совет үкіметінің жергілікті халық еңбекшілерінің саяси өмірін Орталық партия комитетінің және Совет үкіметі органдарының директивалары негізінде ұйымдастырып, басқаруға күш салды.

Ұлт мәселесін елемеу 1917 жылы Ленин қол қойған: «Бұдан былай сіздердің әдет-ғұрыптарыңыз, ұлттық және мәдени мекемелеріңіз еріктілік жағдайында деп жарияланады. Өз өмірлеріңізге қожа, өз елдеріңізді қалаған жолмен құруларыңыз керек. Сіздер бұған праволысыздар, сіздердің тағдырларыңыз өз қолдарыңызда» деген шақыруынан кейін бәсеңсіп, нәтижесінде 1918 жылдың 30 сәуірінде «Түркістан өлкесі – Федеративті кеңес республикасы» болып жарияланды.

Тарихымызды таразылай отырып, осы тезисті оқи отырып, Сұлтанбек Қожановты өз ұлты алдында, жалпы адамзат алдында айрықша жеке бір қырынан көргендей боламыз.

XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзін ілгері дамытуға өзіндік үлес қосқан ірі тұлғалардың бірі – Қошмұхамед Кемеңгеров. Ол 1896 жылы 15 шілдеде Омбы уезі, Теке болыстығында дүниеге келген. Ол алғаш проходская школаны, сосын ветеринарлық-фельдшерлік мектептің екі класын бітіреді. Өзге оқушылардан оқшауланып, өзінің алғырлығымен, елгезектігімен ерте көзге түседі. Мұны бітіріп, ол 1913 жылы тамыз айының бірінші жұлдызында Омбы ауылшаруашылық училищесінің ауылшаруашылық бөліміне түседі. Мұнда Қошке өзі сынды Смағұл Садуақасов, Асфандияр Шорманов және т.б. білімдарлармен бірге оқып, етене араласып, оның өмірге, ортақ қоғамға, жалпы саясатқа деген көзқарасы ашылып, айқындала түседі. Осы училище қабырғасында жүріп, ол 1915 жылы өзінің алғашқы өлеңдерін сол кездегі көпшілік көңілінен орын алатын басылымның бірі – «Айқапқа» беріп отырады. Солардың кейбіреуі «Бак іздеген», «Жазғытұры», «Солғын гүл», «Пайғамбар» – Пушкиннен аударма, «Сәскелік көлдің жағасында» – Никитиннен аударма деп аталады.

1915 жылы Омбыда «Бірлік» атты қазақ жастарының ұйымы құрылады. Бұл ұйым ұлт тәуелсіздігіне аса мән беріп, қазақ жастарын бірлікке, елдікке, татулыққа шақырған. Осы ұйымнан таралып шығып

тұрған «Балапан» қолжазба журналында Қ.Кемеңгеров редакторлық қызмет атқарған. «Журналда негізінен жастардың тәй-тәй басқан алғашқы жазбалары, өлеңдері, шағын әңгімелері жарық көріп тұрған» – дейді бүгінгі әдебиет зерттеушілері өз еңбектерінде. Себебі, бүгінгі күні «Бірлік» ұйымы туралы там-тұмдап аз ғана деректер жиналған, ал «Балапан» қолжазба журналы туралы көрдік-білдік деген мәліметтер мүлдем жоқ. Қошке ауылшаруашылық училищесін 1918 жылы бітіреді. Енді ол Омбы губерниялық халық ағарту бөлімінің нұсқаушы қызметін атқарады.

«Балапан» журналынан бастап қазақ баспасөзінің бәріне ат салысқан Қошке қоғамдық жұмыстарға белсене араласудан да ерекше көзге түседі. Осы кезде Омбы қаласында жас алаштардың құрған «Жас азамат» ұйымына мүше болып кіреді. Осы ұйымның Қызылжар қаласында шығып тұрған «Жас азамат» газетіне қаламгер Кемеңгеров редакторлық қызмет атқарады. Газеттің алғашқы саны 1918 жылы 30 шілде күні жарық көреді. Бұл басылым қазақ жастарының баспасөзі, жастар органы ретінде шыға бастады. Ал бұл органның төрағасы Байділдә Мырзаұлы болған еді. «Жас азамат» газеті негізінен қоғамдық-саяси мәселелерді кеңінен қамтыды, өз дәуірінің саясатына белсене араласып, ел басындағы қиыншылықтарды ашық жазып, сынап отырды. Жалпы, газет ұлт тәуелсіздігін, қазақ жастарының бірлігін, алаш мұңын жоқтады. Сол заманда өзі құралпы шығып тұрған «Сарыарқа», «Қазақ», «Бірлік туы» газеттері мен «Абай» атты журналмен мазмұны, көтерген идеясы жағынан үндес болды.

Бұдан соң Қошке 1924 жылы Ташкентте шығып тұрған «Сана» деп аталатын ғылыми-танымдық журналда жауапты хатшы қызметін атқарған. Тек Омбыда емес, Ташкенттегі САГУ-де М.Әуезовпен бірге аспирантураны бітірген. Қазақ тарихын зерттеуде «Езілген ұлттар» деген деректі кітап та жазған. Сонымен қатар «Жабропалықтар үшін оқу құралы» атты екі кітаптан тұратын, «Қазақ-орыс тілмашы» атты сөздік еңбектерінің де рөлі өте зор. Әсіресе, Омбыдан шыққан «Қазақ тарихынан» зерттеуі оның есімін көпке танымал етті.

Жазушы талантының тағы да бір ерекше атап өтетін құндылығы – Қошке Кемеңгеров қазақ халқының алғашқы драматургтерінің бірі. Осы күнге дейін әдебиет қойнауында алғашқы қойылым М.Әуезовтің «Еңлік-Кебегімен» ашылды деп келсе, бұл күні жаңа зерттеу, соны деректерге сүйене отырып қазақ театрының алғашқы қойылымы 1923 жылы қаңтардың 13 күні Қ.Кемеңгеровтың «Алтын сақина» атты пьесасымен

ашылғанына көз жеткізілді. Мұнда семья, отбасы, мәңгілік ескірмейтін тақырып – ене мен келін арасындағы қатынас суреттелген.

«Абай» журналын шығару жөніндегі алғашқы ұсыныс қазақ зиялыларының арасында 1914 жылдың өзінде-ақ қабыл алынып, ұлы ақынның қазасының он жылдығына байланысты Семей қаласында өткізілген үлкен жиылыс үстінде бекітілген болатын. Алайда, бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына және патшалық Ресей тарапынан отарлау саясатының бұрынғыдан да күшейе түсуіне орай журнал шығару міндеті орындалмай қалды.

Бұл арманға қазақ зиялыларының қолы тек 1918 жылы ғана жетті. Осы жылдың 4-жұлдызынан бастап «Абай» атты ғылыми, әдеби, шаруашылық журнал белгілі қазақ жазушысы Ж.Аймауытовтың редакторлық етуімен Семей қаласында шыға бастады. Негізінен бұл басылымды шығарушылар «Екеу» деген лақап атпен қол қоюшылар болатын. Оның бірі журналдың ресми редакторы Ж.Аймауытов болса, екіншісі әдебиет майданына енді араласқан М.Әуезов еді. [104]

Осы «Абай» журналында М.Әуезовтің бірталай мақалалары жарияланды. Басылымның тұңғыш санында басылған «Ғылым» мақаласында ол адам баласының ұзақ сапар тарихынан көптеген мысалдар келтіріп, ғылым қалай пайда болғанын сөз етеді. Тәжірибеден, өмірлік қажеттіліктен туған нанымды дәлелдейді.

Рухани тіршілік үшін ғылым атқарар қызметті айрықша дәріптеп: «Шын ғылым жолын түсінсе, шын көздеген мақсаты адамдық, ақтық болар еді», – дейді. Бұл мақала лейтмотивті де адамшылық, ағартушылық. Білімнің жетістіктерін санай келіп, публицист мақаласын: «Мұншаны тапқан көркем ақыл, көсем ғалым осы араға келіп тоқтап қалмай, адамшылықтың иманжүзді жарық күннің астына апарып, бар адам баласын бұрынғы қаскүнемдік, қанішер, жауыздығын тастатып, бір сүйіспеншілік, бір туысқандық жүрекпен табыстырса керек деп білемін», – деген бауырмашылық ойлармен аяқтайды.

«Қайсысын қолданамыз?» (1917), «Ғылым тілі» (1918), «Оқу ісі» (1917) мақалалары – қазақ тілінде оқулықтар шығару туралы. «Қайсысын қолданамыз?» мақаласы педагогиканың жанды тармағы – оқулықтар жасау мәселесін сол уақыттың өзінде өте дұрыс көтерген құнды еңбек «Қазаққа келсек, мектепке арналған ретті бір кітап жоқ», – деп күйзелген автор кедергінің түп төркіні – терминдердің жөнге түспеуінде, мектептердегі бірізділіктің жоқтығында деп біледі. Бір нұсқалы оқу құралдарын жасау керек дейді Әуезов. Бұл ойлар «Ғылым тілі»

мақаласында одан әрі таратылып, толықтырылып, тереңдей түседі, термин мәселесі айрықша сөз болып, автор өз байламын ұсынады.

М.Әуезов бұл жерде «түрікшілдікке» қарсы шығып отыр. Терминдер жасауда ең алдымен ана тілінің байырғы мүмкіндіктерін сарқа пайдалануды, қажет болғанда ғана басқа тілдерден жаңа сөздер, жаңа ұғымдар алуды жақтайды, бірақ қазақ тілін орынсыз шұбарлауға қарсы шығады.

Мұхтардың бұл кездегі ғылыми-мәдени саладағы ізденістері әр қиырда, әр салада. «Философия жайынан» (1918) мақаласында автор философияның басқа ғылымдарға қатысын, олардың қатарында алатын орнын, зерттейтін объектісін дұрыс түсіндіреді. Шәкірттік мінез, білімге құштарлықтан туған философияға тандай қаға табыну да бар.

Олқылық, әлеуметтік-қоғамдық проблемаларға арнап жазылған «Мәдениетке қай кәсіп жуық?» (1918), «Мәдениет және ұлт», «Земство һәм кооператив қауымдары» сияқты мақалалары бар. Мәселен, негізінен экономиканы сөз ететін «Мәдениетке қай кәсіп жуық?» еңбегінде әртүрлі халықтардың белгілі бір шаруашылықпен айналысуына географиялық орта жасайтын ықпал дүние жүзіндегі көптеген елдер тарихынан алынған ұтымды мысалдармен сенімді дәлелденеді. Ғылымға, мәдениетке ең жуық кәсіп – егіншілік деген пікірді публицист ерекше қуаттайды.

Жан-Жак Руссоның «Цивилизация адамды бұзады» дейтін қате байламына М.Әуезов «Мәдениет һәм ұлт» мақаласында қарсы шығады, ондай концепцияның зияндығын, жалғандығын дәлелдейді.

Ағартушылық бағытта, педагогикалық жүйеде сапалы ойлар айта алған Әуезов қазақ қоғамындағы әлеуметтік қайшылықтарды анық көре алады, жалпы теңсіздік, жалпы бақсыздықтың қыр тіршілігіне қас нәрсе деп ұқты. Дала өміріне түскен сан қилы жарықшақтың себебін тап баса алмай, оны бас бірікпеушілікте, партияшылықта деп түсінген автор өзінше қамаудан шығар жол іздейді. «Ескеру керек» деген мақаласында былай деп жазады: «Жуан ауыл – қырдағы бұзық мінездің ұясы. Ел ішіне күшті, әділ үкімет орнатып, нашар мен жуанды теңестіріп, жуан зорлықшылды не қылса да елден айырып, әлсіретуге тырысу керек».

Бұл байламдардың реформашылдық екені көрініп тұр. Мұхтардың тапқаны бірінші, қара қылды қақ жаратын оқыған, білімді, әділ болыс, екінші, жұрттың тиын-тебенін жемейтін – тұтынушылар дүкендері, үшінші, өнімді еңбекке жұмылу. «Земство һәм кооператив қауымдары» мақаласында кооперативтің пайдалы, тиімді жақтарын жан-жақты сөз қылады. Тұрмысымды түзейін десең, дүниенің ебін біл, саудагерге

алданба, өзара бірлескен серіктік құр дейді. Мұның бәрі де қоғамдық құбылыстардың заңдылықтарын білмеуден туған байламдар деді.

Мұхтардың сол кездегі педагогикалық ойларының қорытындысы – «Оқу ісі» мақаласы». Мұнда мектеп мұқтажын сынай сөз ету бар. Түпті олқылық мұғалімдер кадрларын даярлаудың сапасында жатқаны айтылады. Қазақ мектептерінің кінәратты қиыншылықтары – ортақ бағдарлама, ортақ оқулық жоқтығы, мұғалімдерді қызметке тұрақтандыру мәселелерінің шешілу жолдары қарастырылады.

М.Әуезов 1922-1923 жылдардың қысында Ташкентте оқып, одан кейін Ленинград университетіне ауысады. Оның кеңес үкіметін орнату жолындағы еңбегін көрсететін тарихи құжаттар ретінде губревком органы «Қазақ тілі» газетінде «Уәкілдер келді» (1921), «Төңкеріс комитеті сайланды» (1921) деген материалдарды атауға болады.

Кеңес мекемелерінде қоғамдық қызмет атқарып, ірі орындарда болу Әуезовті саяси жағынан шыңдап, ой-өрісін, дүниетанымын байытты, оның шығармаларының таптық, сапалық өткірлігі күшейеді. Семей губревкомының «Қазақ тілі» газетінде жарияланған «Қазақ оқығандарына ашық хат» (1920) мақаласының принципті маңызы бар. Өйткені, бұл мақала Әуезовтің идеялық жағынан жаңа биіктерге көтерілгендігін байқататын еңбек.

Оқығандарды Әуезов кеңес үкіметі үшін аянбай қызмет атқаруға шақырады. «Қазіргі заман қазақтың басына келіп тұрған әрі ең қиын, әрі ең пайдалы, жайлы заман» – деген пікірді интеллигенцияның көкірегіне құяды. Қарақан бастың тыныштық қамын ойлап, әлеуметтік істерден тысқары қалудан безіндіреді.

«Жалпы жарлық» (1921), «Бүгінгі зор міндет» (1920) мақалаларында кеңес өкіметінің жүргізіп отырған күнделікті маңызды шаралары түсіндіріледі. Сауатсыздықты жоюдың мемлекеттік маңызы айтылады.

ЖЕТІНШІ ТАРАУ

«Үш жүз» партиясы және «Үш жүз» газеті туралы

Кешегі түкірігі жерге тимей тұрған Кеңес өкіметі тұсында «Алаш» партиясы туралы ауызға алынбаса, оған қарсы бағыттағы «Үш жүз» партиясы жайында аз да болса мәліметтер оқушыларға жетіп отырды. Мәселен, кезінде бұл тақырыпқа белгілі ғалымдарымыз Зиманов С., Богачев А.К., Бурабаев М.С., Елеуов Т., Елкеев Б. және т.б. қалам тартқан. [105] Алайда, еліміз тәуелсіздік алғанға дейін «Алаш» партиясы сияқты «Үш жүз» де тарихтан өзінің шын орын ала алмай келді. Оған түрлі бағыт ұстанған тарихшы, зерттеушілер әр кезде түрлі баға беріп келді. Мәселен, жоғарыда айтылған Богачев А.К. «Алашты» – «ұсақ-буржуазияның партиясы» десе, Брайнин С. пен Шафиरो Ш. – «бүкіл байлардың саяси ұйымы» ал, Құрамысов – «жартылай феодалдық байлардың партиясы» дегені белгілі. Сондай-ақ «Үш жүз» партиясын да олар осылай «қазақтардың ұсақ буржуазиясының оппозициялық фракциясы», «ұлттық саяси ұйым немесе қозғалыс», «қазақ кедейлері мен жалшыларының одағы» деп келді.

Бұл екі партияның да кезінде қоғамнан алған шын мағынасындағы орны, яғни, рөлі тек кейінгі жылдары ғана ақиқат көзіне айнала бастаған сияқты. Алаш партиясы туралы және оның басылымдары жайында біздер бұдан бұрынғы кейбір мақалаларымызды сөз еткендіктен бұл жолы тек қана «Үш жүз» партиясы төңірегінде әңгіме қозғамақпыз. [106]

Белгілі ғалым, тарихшы К.Нұрпейісов бұл екі партия туралы да өзінің «Алаш һәм Алашорда» атты зерттеу-монографиясында былай деп жазады: «1917 жылдың күзіне қарай Қазақстанда тағы да бір ұлттық-саяси ұйым – «Үш жүз» партиясы дүниеге келді. Ол өзін «қырғыздың (қазақтың – авт) социалистік партиясы» деп атады.

Жоғарыда айтылғандай қазақ интеллигенциясы, жалпы алғанда қазақ қоғамы сияқты бір текті болған жоқ. Оның қатарында, сан жағынан аз болса да, ұсақ буржуазиялық ортадан немесе соларға жақын әлеуметтік ортадан шыққан жекелеген топтар болды. Қазақ зиялыларының осы тобында Россиядағы социалистік бағыттағы партиялар насихаттаған идеялар айтарлықтай ықпал етті. Мұндай партиялар татар, башқұрт сияқты қазақтарға жақын халықтардың еңбекшілері тарапынан белгілі дәрежеде қолдау тапты. Түрік халықтары шыққан әртүрлі бағыттағы социалистер Россиялық буржуазияға және

оның елдің қоғамдық-саяси өмірдегі өкілі кадеттерге тән шовинизмді белсенді түрде әшкерелеп отырды. 1917 жылы Россиядағы Советтер мен Уақытша үкімет арасындағы саяси қарсылықтың тереңдей, шиеленісе түсуі барысында ұлттық социалистер ұлттық буржуазиялық ұйымдардан өз іргелерін алысырақ салып, тіпті кейбір әлеуметтік-саяси мәселелер төңірегінде оларға ашық түрде қарсы шыға бастады. Осыған ұқсас, осымен сабақтас процестер Қазақстанда да орын алды. Мұны «Үш жүз» партиясының өмірге келуінен анық көруге болады.

«Үш жүз» 1917 жылғы қазан-қараша айларында пайда болды. Әуел бастан ол Алашпен бірлесе әрекет жасау мүмкіндігі туралы мәлімдегенімен, ол ойынан тез қайтты да көп кешікпей Қазақстанның қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелері жөнінен Алаштың басты сынаушысына (оппонентіне) айналды. «Үш жүз» саяси ұйымындағы жетекшілік ролдерді бұрынғы қорғаушы адвокат, журналист және драматург Көлбай Тоғысов, фельдшер және тілмаш Шаймерден Досов, жүк тасушы жұмысшы Ысхан Кабеков, журналист Мұқан Әйтпенов атқарды.

Ш.Әлжанов, М.Әйтпенов және К.Тоғысов 1912-1915 жылдары «Айқап» журналына жақын болып, оның істерінде мәдениет, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, жер мәселелері туралы мақалалар жазып тұрған. К.Тоғысов 1907-1912 жылдары патшалық әкімшілік тарапынан қуғын-сүргінге ұшыраған. 1916 жылдан бастап ол Ташкент қаласында «Алаш» атты газет шығарды. Оның алғашқы сандарында ресми өкіметке қарсы мазмұндағы мақалалар жарияланған жоқ, алайда бұл басылым өзінің 12-ші санынан бастап (1917 жылғы 24 ақпан) революциялық-демократиялық бағыт ұстады.

1917 жылғы наурыз-сәуір айларында Көлбай Тоғысов Сырдария облысының қалалары мен басқа елді мекендерінде «Шора-и-Ислам» партиясының ұйымдарын құруда Мұстафа Шоқайұлына көмектесті және оның Ташкент ұйымына мүше болды. Осы ұйымның атынан мұсылмандардың бүкілроссиялық Съезіне делегат болып қатынасып, оның атқару комитетінің құрамына сайланды.

1917 жылдың бірінші жартысында Көлбай Тоғысов қазақ қауымының демократиялық бағытты ұстайтын пікірлестерімен бірге жалпымұсылмандық және оның аймақтық қозғалыстары аясында белсенді түрде саясатпен айналысты. Алайда ол 1917 жылғы көктемде өткен бірде-бір қазақ съездеріне қатыспады, шілде айында өткен бірінші жалпықазақ съезіне де шақырылмады. Мұның себебін қазір дәл басып

айту мүмкін емес. Дей тұрсақ та, Әлихан Бөкейханов пен оның жақын серіктері сол кездің өзінде Көлбай Тоғысовқа сенімсіздікпен қарағаны дау туғызбаса керек.

Қалай десек те, Көлбай Тоғысов 1917 жылғы көктемде қазақ қауымының солшыл пікірде болған әртектілер өкілінен өзінің саяси ұйымын (партиясын) құру ісіне кірісті.

Саясат сахнасында өз партиясын орнықтырып, оны көпшілікке кеңінен таныстыру үшін К.Тоғысов пен оның пікірлестері өз жақтастарының бір тобын Құрылтай жиналысы депутаттығына кандидаттар етіп ұсынды. Ұсынғандардың Семейде тұратын Нұрғали Құлжановтан басқасының барлығы Ақмола облыстық қазақ комитетінің үш мүшесі: Хасенқожа Бекхожин, Қазы Торсанов және Байсейіт Әділов, Омбы уездік қазақ комитетінің төрағасы Мұқан Әйтпенев және Петропавл уездік қазақ комитетінің төрағасы Ғалиасқар Қуанышев болды. Көлбай Тоғысовтың өзі кандидаттар қатарынан Бүкілроссиялық шаруалар Советінің атқару комитетінің мүшесі ретінде орын алды. Жоғарыда айтылғандардан тыс кандидаттар тізімінде Үсен Қасаев, Сәкен Сейфуллин, Семей семинариясының оқытушысы Нұрғали Құлжанов, әскер қатарынан кеткен офицер Махмұт Уәлиханов, фельдшер Шаймерден Әлжанов, Сұлтан Абылаев және Ыбырай Төлебаев болды. «Үш жүз» тізімі бойынша Құрылтай жиналысы депутаттығына ұсынылған жоғарыда аталған он үш адам негізінен сол кездегі россиялық үш саяси партияға: эсерлерге, ұлттық социалистерге және социал-демократтарға іш тартты. 1917 жыл жағдайында жоғарыда есімдері аталған кандидаттардың «Үш жүз» тізімі арқылы депутаттыққа ұсынғандықтарына қарсы болғандығы жөнінде сол кездің баспасөзінде және архив құжаттарында сақталған мәліметтер тарихшыларға белгісіз. Совет өкіметі азамат соғысында жеңіске жеткеннен кейін Сәкен Сейфуллин ғана «Үш жүз» атынан құрылтай жиналысы мүшелігіне кандидат етіп ұсынылуға өз келісімін бермегендігі жөнінде мәлімдеді.

Кандидаттар тізімі «Қырғыздың (қазақтың- авт.) социалистік «Үш жүз» партиясының Орталық комитетінің құрылуы туралы» хабарымен қатар жарияланды. «Үш жүз» партиясы Орталық комитетінің алғашқы төрағасы болып Мұқан Әйтпенев, оның орынбасарлығына Көлбай Тоғысов сайланды. Өзінің әлеуметтік тегі жағынан «Үш жүз» ұсақ-буржуазияшыл демократтардың саяси ұйымы болды. Оның бағдарламалық мақсаты – мүдделерінің алғашқы кезде Алаштық программасымен көп айырмасы болған жоқ. Олар соғыс мәселесі жөнінде ғана Алаштан басқа позиция

ұстады. Кейінірек, елде саяси хал-ахуал шиеленісіп, өкімет үшін шырқау шегіне жетіп, таптық жіктелу процесі күшейген жағдайда «Үш жүз» іргесін Алаштан аулақ салып, большевиктермен солшыл эссерлерге жақындай түсті және Қазан революциясы жеңіске жеткен соң Алаш партиясына қарсы ашық күреске шықты. [107]

«Үш жүз» партиясы туралы Қ.Есмағамбетов өзінің «Қазақтар шетел әдебиетінде» атты еңбегінде: «Уақытша үкіметтен көңілі қалған кейбір қазақтар Бүкілқазақтық конгресс шешімдерінен бас тартты. Олардың көпшілігі Көлбай Тоғысов есімді кісінің айналасына топталды, ол құрылған күнінен бастап «Бірлік» тобының белсендісі болды. Ақпан төңкерісінен кейінгі кезде қазақ тілінде шығатын «Алаш» газетінің редакторы бола жүріп, Оңтүстік Қазақстандағы Түркістан қазақтарын ұйымдастыруға қызу араласқанымен, Бөкейханов пен «Қазақ» тобының қызметіне еш уақытта тартылмаған болатын. 1917 жылғы 12 наурызда Тоғысов Ташкентте жиналыс ұйымдастырады, оған бұған дейін Ташкент кеңсесіндегі қызметімен көрінген Тұрар Рысқұлов қатысады. Жиналыс Тоғысов үшін жайлы болмағанға ұқсайды, айдың аяғында ол өзінің саяси белсенділік орталығын асығыс түрде Қазалыға көшіреді, онда 27 наурызда 5000-дай қазақ, өзбек және татар қатысқан (бұларды кейінірек кеңес деректері мұсылман солдаттары деп дұрыс көрсетпейді) жиналысқа төрағалық етеді. Қолдары бос болмағанына қарамастан, олар 1917 жылғы мамырда болатын бүкілресейлік мұсылмандар конгрессіне үш татар, үш қазақ және үш өзбек делегатын сайлайды», [108] – деп жазды.

Тоғысовтың ықпалы күн санап өсе берді. 1917 жылдың қарашасында Алашорда үкіметі құрылған кезде ол неғұрлым ықпалды-ау деген қазақ оппозициялық фракциясын басқарады. Фракция құрамында Сәкен Сейфуллин мен Шаймерден Әлжанов енеді. Олар Тоғысовпен бірге Ташкентте «Үш жүз» (Үш Орда) партиясының негізін қалады. Осы топтың, әсіресе, Сефуллиннің социалистік идеялар ықпалында болғандығы туралы көп жазылғанына қарамастан, Алашорда басшыларымен арадағы жеке бастарының бәсекелестігі, алашордашылардың өздерінің ақсүйектік шығу тегін даусыз жоғары қоюлары Тоғысов пен оның достарын өз беттерінше қимылдауға итермеледі. Қалай болғанымен де Тоғысовтың фракциясы большевиктік билікті қолдауда пысықтық таныта білді, – дегендер де болды.

Ал Сәкен Сейфуллиннің өзі болса «Үш жүз» партиясы, оған өзінің қатысуы туралы «Тар жол, тайғақ кешуінде» былай деп көрсеткен: «Бұл партияны ашушылар сол Омбыдағы Мұқан Әйтпенұлы, Көлбай

Тоғысұлы, Шаймерден Әлжанұлы, т.б. Бұлар партияның атын «социалшыл», «Үш жүз» партиясы деген. Партияларының тізіміне сырттан Ақмола қаласындағы бізді де кіргізіп қойыпты...» дей келе одан әрі өздерінің бұл партиядан не себепті бас тартатындықтары туралы «Біздің «Үш жүзге» қосыла алмайтынымызды «Тіршілікке» жазғанымыз былай тұрсын, менің «Қазақ» газетіне телеграмма бергенім былай тұрсын, әуелі сондағы «Алаш» партиясын ашып және учредительное собрание сайлауын өткізуге Ақмолаға келіп жатқан Мұқтар Сматұлы көзімен көрген. Мұның бұл туралы Орынборға соққан телергаммасы «Қазақ» газетіне басылған. «Қазақ» газетінің 259-ыншы нөмірінде 1918 жылы, 12 январда хабар ретінде былай деген:

«Мұхтар Сматұлы басқармаға телеграмма берді: 26-31-ші декабрьде болатын сайлауға керекті нәрселер жетпей қалды. Сайлау кейін болуын сұранып тұрмыз. «Үш жүз» партиясы көрсеткен Ақмола кандидаттарының бәрі тасқа түспейтін болды...».

Біз «Үш жүзден» бөлек екенімізді білдіреміз деп тасқа түспедік. Әйтпесе, Алаш партиясынан қорыққанымыз жоқ. Және «Үш жүз» партиясынан бойымызды аулақ қылғанда, бұл партияның бастықтары «Алаш» партиясының бастықтарынан кем адамдар деп және теріс адамдар деп бой тартқанымыз жоқ. Қайта «Үш жүздің» ішінде Шаймерден тәрізді, Ысқақ тәрізді артық адамдар бар еді. Революцияға «Үш жүзден», «Алаш» зияндырақ еді. Жақсы болсын, жаман болсын «Үш жүздің» бастықтары 1917-1918 жылы, ердің ерін сынайтын тарихи күндерде қызылдар жағында болды, революция жағында болды.

Бізді «Үш жүзге» қосылды деген шатпақтардан (демогогия) соң, учредительное собрание сайлауына белсеніп кірісе алмай қалдық. Кіріскенде Ақмола қазақтарының қалың бұқарасы біздің жақта болатын еді. Оны сол учредительное собрание сайлануынан бірнеше күн бұрын ғана кейін болған Земство сайлауында көрдік. Бұл земство сайлауына біраз қатынасып едік. Земствоның уездік жиылысында зор көпшілік (90 проценті) біздікі болды. Оны сонда Ақмолада болған «Алашорданың» Нұралин, Сейітұлы, Абылайханұлы тәрізді адамдары және басқа адамдары көзімен көрген» деп жазды.

Ғасыр басында айтылған Сәкен Сейфуллиннің бұл ойын ХХ ғасырдың соңында белгілі тарихшы, зерттеуші К.Нұрпейісов былай деп жалғастырады: «Қазақ мемлекеттігін (қазақ автономиясын) құру ісін күн тәртібіне қойылған сәтте өлкенің көп ұлттылығы, әсіресе, оны бір жарым миллионнан астам орыстар мен басқа славян тектілердің мекендеуі тек

қана Алаш партиясы жетекшілерін аландатып қойған жоқ. Сонымен қатар «Үш жүз» партиясы басшыларын да қатты ойландырды.

«Үш жүз» партиясының қазақ автономиясы туралы, әсіресе, осы автономия мен ұлтаралық қатынас мәселелері хақындағы көзқарас бірде «Алаш» көсемдерінің пікірлеріне қайшы келіп, бірде жақындағанын байқауға болады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін «Үш жүз» газетінің 1918 жылы наурыздың 2 – ісіндегі жетінші санында жарияланған «Алаш автономиясы» атты мақаладан үзінділер келтірейін: «... қазақ-қырғыз оқу, өнер, ғылыммен және басқа дүние байлықтарынан айнала жарлы ... Азат болып отырғаның кеше. Енді мынау жаңа заман жайғаспай, бостандық, теңдік дариясынан, тым болмаса, ерсілі-қарсылы жүзіп, түр көріп, нұсқа алмай, жалаңаш кеуде, құр қолмен аюдай автономияны қалай ұстап бағамыз... Біздің қазақ-қырғыз шөлдегі бытыраңқы құландар сияқты. Құланды қорқыту (қоршауға алу мағынасында – К.Н.) қандай қиын болса, қырдағы қырғыз-қазақты автономияға көндіру сондай ауыр».

Көп ұлтты Қазақстанның автономия болу қиыншылықтарын түсіндірудегі «Үш жүз» партиясының пікірі, кейбір қиыншылықтарға қарамастан, Ә.Бөкейханов ойларымен сабақтас. Мұны аталған мақалада айтылған мына пікірден анық көруге болады: «... қазақтар өз алдына автономия болуына, жер-суы шалғай жатыр. Қазақ-қырғыз басы Астраханьда, аяғы Қытайда, ортамызда ұзын аққан Ертіс, Есіл, Тобыл, Еділ, Жайық секілді өзендер жатыр. Бұлардың алқабындағы жердің бәрінде де қашаннан бері орналасып қалған кірме, көрші орыстар бар. Бұлардың өзінде я бізге кіру жоқ, я бізден кету жоқ, ауыл шетіне отыру тағы жоқ. Бұлай болған соң олармен, әлбетте сыйласып-сипасып отырыспасақ жоқ нәрсе. Көп орыс аз орысты қазаққа бауырлата қоймайды». Одан әрі газет: «Қазақ халқы өзі көшпелі, өзі кедей, өзі ата қуып, тап тайпасымен тұратын, өзі бұрын тарих жүзінде мемлекет болып өрнек алмаған жұрт», – дей келіп былай қорытындылайды: «Басқасын тастап, осы аталған бес нұсқаның көзі түгел тұрғанда қазақ-қырғыз бөлек автономия боламыз деп, жұртқа жар салып, жария қылғанымыз аспанға атқан мылтықпен бір есеп... Қысқасы, мына сұрапыл заманда қазақ-қырғыз аралас көрші отырған жұрттармен қостас болып, қол ұстасып, қазықты я Сібірге, я Түркістанға бірге қағысып бас қамдарын қылмаса, өз алдымызға автономия болғанымыз қатер». ... «Үш жүз» партиясының қазақ автономиясы туралы бұл пікірлері газет бетіне 1918 жылғы наурыз айының басында жарияланғанымен, олар 1917 жылғы қараша-желтоқсан айларында жасалған тұжырымдар еді.

Әлихан Бөкейханов пен жоғарыда келтірілген «Үш жүз» партиясының қазақ автономиясы туралы көзқарастарының ұқсастықтары мен қайшылықтары неде деген сұраққа жауап берер болсақ, ол мынаған саяды: «Қайшылықтар – Ә.Бөкейханов көп ұлтты Қазақстан жеке автономия болса, ішімізде орыстар оны қолдайды деп үміттенді, ал «Үш жүздегілер» «Көп орыс аз орысты қазаққа бауырлата қоймайды» дейді. Ә.Бөкейханов отарлау саясаты нәтижесінде жойылған қазақ мемлекетігін жаңа жағдайда кіргізе отырып, кейін бөлініп шығу» жайын ойласа, «Үш жүздегілер» Қазақстан Түркістан өлкесімен бірлесе отырып, Ресей құрамына федерациялық негізде кіруді жақтаған. «Үш жүз» газетінің бетінде: «...Қысқасы, мына сұрапыл заманда қазақ-қырғыз аралас көрші отырған жұрттармен қостас болып, қол ұстасып, қазықты я Сібірге, я Түркістанға бірге қағысып бас қамдарын қылмаса, өз алдымызға автономия болғанымыз қатер». [109]

«Үш жүз» партиясының негізгі лидері Көлбай Тоғысов 1879 жылы Зайсан оязы Шорға болысында, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында туған. Оның қоғамдық-саяси әрекетпен белсене араласуы бірінші орыс революциясымен тұспа-тұс келіп, 1905 жылғы 17 қарашада Қарқаралыда патшаның 1905 жылғы 17 қазандағы манифесіне орай митинг пен ереуілді ұйымдастырушылардың бірі ретінде аталады. Ол баспасөз істерінде сол кездегі саяси ахуал, патша шенеуніктерінің қиянат, озбырлықтары мен паракорлығы жөнінде жиі-жиі мақалалар жариялап тұрған. Мәселен, «Айқаптағы» «Әй, қазақ!» өлеңі:

...Қайран жұрт шын адасып кетемісің,
Жер үшін малын сатып бітемісің,
Болмаса, бала оқытып, ғылым іздеп,
Әр итке адамшылық жетемісің.
Лапылдап келіп қалған өртке кетпей,
Көпірден анау тұрған өтемісің?!
Бұл бір жұмбақ ойландым, шеше алмадым,
Ерте ойландым, сандалдым, жете алмадым,
Ішім толған қан, жара, сыртым дүлей,
Надандық қақпанынан өте алмадым.
Талаптандым, талпындым, көп ойландым,
Шеңгелінен зорлықтың өте алмадым.
Мен шаршадым, қаламын, сен де тоқта,
Кім естіді сөзіңді, ісің жоқ па?!
Қанша айтсаң да тіліңді қазақ алмас,

Жазған өлең сырынды көпке жаяр,
Қой тоқта, жолығарсың атқан оққа.
Дарияны бір тамшы сүт ағарта ма?
Ғаділдік үстін болмақ бақ арта ма?
Шындық пен өтірікті айырмасаң,
Тарихыңда жазылар қара таңба!
Бір бес күнге аптығып, аңғалданып,
Адамшылық туынан босқа қалма.
Туыппыз жиырмасыншы ғасыр саясында,
Арналсын бұл қазақтың баласына.
Адасқан алашыңды жолға бастап,
Жүректің дәрі ізделік жарасына.
Көзіңді аш, таң келеді, оян қазақ,
Мәз болмай кісіліктің жаласына, –

деп дүйім қазақ халқын жарқын болашаққа шақырып, олардың алдарында тұрған негізгі міндеттерді өлең жолдарымен өріп берген.

Бұдан басқа оның «Айқап» журналында Қапалдағы елдердің мәдениеті, шаруашылығы, оқу-ағарту ісі, сот жұмысы жайында жазылған «Қазақ даласынан», «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 98 нөмірінде қазақ арасындағы сот туралы жазылған мақала жайында «Қайсінікі дұрыс?», «Қапал жағында болған уақиғалар», «Райымжанның сөзінде шындық бар ма?» және т.б. мақалалары жарық көрген. Сондай-ақ оның «Қазақ» газетінде Жетісу маңындағы Жалайыр руы жайында «Жалайыр елі» деген хабары, «Алаш» газетінде әр халық өз алдына егеменді ел, демократиялық республика болу керек деген идеяны ұсынатын «Жоғалсын Романовтар!» деген көптеген мақалалары жарияланған.

Саяси әрекеттері үшін патша өкіметі Көлбайды қуғын-сүргінге ұшыратып, үстінен қылмыстық іс қозғап, абақтыға жауып, үш жыл мерзімге Қапалға жер аударады. Қапалда мерзімін өтеген соң Наманған, Ташкент жаққа кетіп, 1916 жылғы 26-қарашадан бастап «Алаш» газетін шығара бастаған. Көлбайдың өзі қоғамдық-саяси жұмыстармен айналысу құқығынан айырылғандықтан газетті әйелі Мариямның атынан шығарған.

Көлбай Тоғысов «Алаштың» бірінші санындағы бас мақаласында «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының «Алаш» газетінің ағасы екенін айта келіп, қазақ халқының болашағы үшін бірлесіп қимылдауға шақырады.

Омбыда шығып тұрған «Революционная мысль» газетінің 1917 жылғы 23 қарашадағы нөмірінде «Қазақстан социалистік партиясы» – «Үш жүздің» құрылғаны жазылды. Партияның Орталық комитетінің төрағасы –

Мұқан Әйтпенев, оның жолдасы (орынбасары) болып Көлбай Тоғысов сайланды. Кейін ол партияның төрағасы болды. Партияның баспа органы «Үш жүз» газеті шықты. Редакторы – Көлбай Тоғысов болды.

Бұл жөнінде Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол тайғақ кешу» романында былай деп жазды: «Қызылжар қаласында «Үш жүз» деген газет шыға бастады. Газеттің бетін «Алаштың» көсемдерін сөгумен толтыра берді.

Әрине, «Алаш» партиясының көсемдері де «Үш жүз» басындағыларды сөгуден кенде қалған жоқ. Бұлар да боқтады. Қайта бұлар сөгуді, жамандауды «Үш жүзден» асырып жіберді. Өйткені, бұлар сөзге шеберірек. Бұлардың саны көп, бұлардың бастықтарының бәрі де зор оқығандар. Және әр облыстарды шығып жатқан қазақ газеттерінің «Тіршіліктен» басқасының бәрі бұлардікі еді. Семейдегі «Сарыарқа» газеті, Ташкенттегі «Бірлік туы» деген газет, Астраханьдағы «Ұран» деген газет, Орынбордағы «Қазақ» газеті бәрі де Омбыда «Үш жүздің» бастықтарын сөгіп бақты. Әрине, кімді болса да сөуге «Алаштың» шешендері шеберірек болып шықты.

Әрине, шеберлікті бәрінен Орынбордағы «Қазақ» газеті асырды. Өзге «Алаш» газеттерінің «Қазақ» газеті ағасы болған соң, шеберлікті асырмай қояр ма? «Шеберліктерін» көзбен көру үшін және «Үш жүзге» көзқарастарын аңду үшін «Қазақстан» және «Сарыарқадан» «Үш жүзді» балағаттаған біраз ғана сөздер келтірелік. Ал «Үш жүз» газетінен сөз келтіруге бұл күнде қолымызда ол газет болмады.

«Сарыарқаның» 26-шы нөмірінде бұлай дейді және мұны 260-шы нөмірінде «Қазақ» көшіріп басқан. Газеттен:

«Қазақтан шыққан арамзалар.

Бостандық болғаннан бері жұрттың көзі ашылып, қайда болса да ынтымақ бірлік табылып, қалың қазақ ішіне береке ұйтқысы орнағандай болып тұр еді. Қазақ арасында кейбір жүгенсіздік ұлғайып, азаматтарының соңына ерген жұртты арамза қулары азғырып, адастарып тұр еді. Біздің ұяттан кешкен, ардан безген арамзалар шығып, газет таратқан болып, ел ішіне әрекет шашқалы жүр. «Алаштың» туын ұстаған, асқар белдей ерлерімізді жынданған итке ұқсап, арамзалар қаппақ болып, жынын құсып, уын шашып жүр. Түрі адамға ұқсағанмен пікірі аюан сияқты адамдар. «Үш жүздің» партиясы деп атақ байланып, ұйытқысы болған «Алаш» партиясының адамдарын арам аузымен былғамақ болып жүр. Төрт аяқты қасқырға астыртын у салушы еді, ал оған деген у мынау:

«Үш жүз» партиясы – содырлы-сойқанды, жүзі қаралар партиясы. Бұл жұртқа келген үлкен дерт. Сөзіне құлақ қоймай, өздерінен аулақ болып, сақтану – алаш балаларына борыш. Қазақтың баяғыдан бері аяқ астына басылып, көрген қорлығы, көрген зорлығы мен зомбылығы аз емес. Енді «Үш жүздің» қуларына айтарымыз: «Елімізді ертпеніздер, ел қылып ұстау сендердің қолдарыңнан келетін іс емес. Ел де есін біледі, сендердің соңдарыңнан еріп, жарға жамалып жығылмайды. Халықты әуре қылмай, өлген мұжықтың қойнында қалаш табылатын болса, соны іздеп қарандар!

Біз «Алаш» партиясының соңынан ереміз: анық басшыларымыз сонда.

Семейдің уезный Земствоның мүшелері Ахметжан Аңдамасұлы, Жамшырбай Шөлембайұлы, Темірші Жүсіпұлы, Садық Дүйсенбайұлы, Құрмабай Мұздыбайұлы, Бәйсеке Есіркепұлы, Майлыбай Есенбайұлы, Имамбазар Қазанғапұлы, Рақымжан Мәрсекұлы, Қалдыбай Бұдамбайұлы, Көкбай Шанатайұлы».

Одан әрі Көлбай Тоғысовтың Түрмеге қамалғандығы туралы Сәкен Сейфуллин былай деп жазды: «... 1918 жылдың жазы шықты. «Алашорда» да және оның інішектері де қарап жатпады. Бұлардың Омбыдағылары большевиктерге қосылған Мұқан Әйтпенұлы мен Көлбай Тоғысұлының арасына от жақты. Екеуін жауластырды. «Киімді шайтандардың» әрекеттерінің ақырында Көлбай Мұқанды қаматты. Соңсоң тез Мұқан қамаудан шықты. Енді Көлбайдың үстінен қаралайтын материалдар жинап, Совдеп арқылы Көлбайды қаматтырды.

Омбыда оқып жүрген жастардың 1914 жылдан бері келе жатқан «Бірлік» ұйымының мүшелерінің көбі әбден «Алашорданың» жолына түсіп алған соң, біраз жас «Бірлік» ұйымынан шығып, Совдеп туының астына кірген. Олардың өйткенін айтып кеткем. Кейін толығырақ баяндаймын... Ал «Бірлікте» қалған «Алашорданың» қазақтары Көлбайға аласұрып жабылды. Көлбайдың үстінен қаралап, Совдепке «материалдар» жинап жаудырды. Елде болыстық, билік, старшындық, «партия» аталастарында бірін-бірі қаралауға, өтірік арыз, ұятсыз шағымдары көп көріп ысылып қалған «Алашордашыл» қулар материалдар жинауға қандай ұста болады!

Менің өз басым Көлбайды ақтауға ақтығын білмеймін, қаралауға қаралығын білмеймін. Омбыда жүрген «Бірлік» ұйымындағы «Алашорда» лаңдары Көлбайды Совдепке қаралап көрсетуге материал тапты.

Бұларды қуаттап, Көлбайды жаптырған Омбыда большевиктер жағына шыққан казак-орыс офицері – Прудов деген белгілі казак-орыс.

Ол Көлбайды жамандап, Байтұрсынұлын, Бөкейханұлын мақтап газетке сөз жазып шығарды...

Семейдегі «Алашорда», «Сарыарқа» газетіне телеграммалар соқты, «Сарыарқа» газетінің 1918 жылы, 9 апрельдегі 38-ші нөміріндегі басылған Омбыдағы «Жас алаштардың» телеграммаларының түрі мынадай еді:

«Күндіз 11 апрельде Омбыдан «Сарыарқа» басқармасына тағы екі телеграмма алынды. Бірі «Көлбайға қосарланып, Шаймерден Әлжанұлы, Сүлеймен Тоғызұлдары да абақтыға жабылды. Көбекұлының да жабылатын ыңғайы бар. Көлбай бұрын қандай жұмыс істеп жүрген кісі екенін айтып беруге Ермекұлы мен Сәрсенұлын жіберіңіздер. Бірлік болды» [110] деген телеграмма беруші «Кашарский».

«Алаштың» қулары Көлбайдың соңынан сонша түсіп, «ескі атқа мінер» әкелерінің әдетінше жан-жақтан «қаралау қағаз» жинап телергамм соққанда шын аттарын жасырып, «Кашарский» деп қол қояды. Істері адал болса, аттарын неге жасырады?...

Екінші телеграмма ескіше 17 апрельде Омбыда жалпы бұқара кедейлерінің съезі болады. Съез Көлбай жұмыстарына байланысқан мәселелерді қарастырмақ. Съезге Сәрсенұлын жіберуіңізді сұраймын» деген. Телеграмма беруші: «Бірлік».

«Алашорданың кәрілері, жастары болып аласұрып жабылып, Көлбайды қаматты. Көлбаймен бірге Шаймерденді де қаматты. Тағы Ысқақ Көбекұлының соңына түсіп, қаматуға әрекет қылды. Бірақ Ысқақты Қызылжардағы қазақ жұмыскерлері шығарып алуға әрекет қылды. Бірақ чехтардың бунты олардың әрекетін аяқтатпай кетті. Көлбайды жамандайды. Көлбайды айыпты дейді. Көлбай жаман болсын, ал Шаймерден мен Ысқақ төңкеріске белсенді қатысқаннан басқа «Алашқа» қарсы болғаннан басқа не қылды екен? [111]

Көлбай Тоғысовтың кезінде қандай қызмет істеп, түрмеге қалай түскендігі туралы соңғы дерек мынау: «1918 жылдың басында Көлбай Омбы губерниялық кеңесінің атқару комитетіне мүше болып, басқа да қызметтермен бірге Заң комиссары міндетін де атқарады. Осы кезде Батыс Сібірде Колчак өкіметі орнап, олар «Үш жүз» қайраткерлерін қуғындап, қамайды. Ол 1919 жылы Колчак түрмесінде қазаға ұшырайды. [112]

Иә, «Үш жүз» партиясының және оның органы «Үш жүз» газетінің редакторы Көлбай Тоғысовтың өмірбаяны, жүріп өткен жолы әлі күнге дейін толық зерттеліп, бір ізге түсе қойды деп кесіп айту өте қиын. Кезінде ол да қазақтың басқа зиялылары сияқты елі, жері, халқы үшін

күрес сахнасына шыққан. Бірақ, өзі таңдаған жолға ол басқа жолмен жетем деп күрескен. Соңынан сол идеяға сенушілерді ерте білген. Өз алдында партия құрып, жоспарлар құрған. Қазақтың негізгі сенері «Алаш» партиясынан да алшақтап кетпеген. Алайда, XX ғасырдың басындағы түрлі саяси жағдайлар оларға өз бағыт- бағдарларын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеген.

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Қазақ тілінде 1917-1933 жылдар аралығында жарық көрген кітаптар

Кезінде ұлы ақынымыз Абай Құнанбаев: «...өстіп, бірімізді-біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік-өсек, қастық қылып, өнерді, малды... түзу жолмен іздеп, өрістетерлік күн бар ма екен?» – деп қараңғылық тұмшалаған, надандыққа бөккен халқына налыған болатын. Рас, Абай жаңа заман шапағатын көре алмай кетті. Ақынның көзі тірісінде бірде-бір шығармасы баспадан шықпай халыққа ауызша тарады. Бірақ қазір бір кезде мешеу аталған ел көп қиыншылық көріп мәдениетті елге айналды. Қазақ жұртын бұл күнде аш-жалаңаш деуі ықтимал, бірақ мәдениетсіз, білімсіз дей алмайды. Бұған да шүкір. Қазақстандағы баспа ісі бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген дәрежеде өркен жайды...

1917-1920 жылдар аралығында баспа тарихына зер салсақ, оның өте ауыр кезең болғанын аңғарамыз. Бұл кезде халыққа кітап ауадай қажет болды. Ал көп кітап шығаруға біріншіден, қаржы, қағаз жетіспеді; екіншіден, баспахана техникасының нашарлығы қолбайлау болды; үшіншіден, маман кадрлар жетіспеді. Сондықтан бұл жылдары ел аса зәру кітаптарды басумен ғана шектелді.

«1920-1921 жылдары шыққан кітаптар саны 1913 жылғы жеке меншік баспалардан шыққан кітаптардан 3-4 есеге азайып кетті» 114.

Атап айтқанда, жаңа шығармалар, еңбектер жоқтың қасы еді.

Бұрын-соңды кітап басу тәжірибесі болмаған, маман кадрлары, баспаханалары атымен жоқ өзі іргетасын жаңа қалаған жас республика үшін бұл да бір үлкен сын болды.

Әдеби және балаларға арналған оқулықтар мен басқа да кітаптарды басып шығару ісі Қазақстанда 1917-1920 жылдар аралығында өте баяу жүргізілді. Азын-аулақ кітаптар Қазақстанның өзінде басу мүмкіндігі болмағандықтан, көбіне Ташкент, Қазан қалаларында шығарылды.

Бекет Өтетілеуівтың, Спандияр Көбеевтің, Сәбит Дөнентаевтың балаларды оқу-білімге, пайдалы еңбекке шақырған өлең-кітаптары сол қалаларда жарық көрді. Ол кітаптар негізінен ауыз әдебиетінің жинағы іспеттес еді.

1917 жылы Қазаннан: «Қисса әнхәзрәтрәсуының Миражға қонақ болғаны» атты кітап «Домбровский» баспаханасынан басылып шығады.

Авторы – Жүсіпбек Шайхусламұлы. Жүсіпбек бұл кітабын ел аузындағы ең көркем жырлардан құрастырған. Солардың кейбірін өзінше өңдеген. Сондай-ақ, оның сол Қазан қаласында 102 беттік «Қисса сал-сал», «Қисса и Бағлан-Бағұр» деген кітаптары да жарық көргенін де айта кету жөн болар. Осы жылдары Қазан қаласындағы «Мағриф» баспасынан М.Юмачковтың көлемі 17 беттік «Қисса и Жұм-Жұма» деген кітапшасы да басылып шығады. Бұл кітаптың мазмұнында: Мұса пайғамбардың серуенге шығуы және оның жарымын су, жарымын құм басып жатқан бір бас сүйекті қалай көргені әңгімеленген.

Ол бас сүйек Жұм-Жұма патшаның бас сүйегі болып шығады. Автор сүйекке тіл бітіріп, Мұса пайғамбармен сөйлестіреді. Кітапшаның:

Салтанатпен жұрт болып тұрғанымда,
Жұртымның бәрін бірдей көруші едім.
Пақыр біткен үлкеннен зорлық көрсе,
Шақыртып, теңдік алып беруші едім,
Тірлікте сондай-ақ ғаділ едім...

деген өлең жолдарынан әділеттілікті, адамгершілікті уағыздағанын аңғарамыз.

Қазақ кітабының шежіресін түзуші ғалым Ү.Сұбханбердинаның деректеріне сүйенсек, 1919 жылы қазақ тілінде бар болғаны үш-ақ кітап жарық көрген. Оның екеуі Ташкент, біреуі Қазан қаласында басылған. Сол жылғы қазан айында Орда қаласында (Бұрынғы Бөкей облысының орталығы) баспа бөлімі құрылды. Онда қазақ және орыс тілдерінде газеттер, қазақ тілінде журнал, листовкалар, кітапшалар мен үндеулер басылды.

Сондай-ақ, Орал облыстық революциялық комитетінің 1919 жылғы 15 ақпанда жазылған жыл қорытындысы есебінде үгіт секциясынан бірнеше үндеу, әр түрлі бұйрықтар, М.В.Фрунзенің қазақ халқына арнаған үндеуі қазақ, татар тілдерінде жарияланғандығы баяндалған. Сол есепте мұсылман қаріптерімен арнаулы баспахана ұйымдастыру шаралары қолға алынып жатқандығы сөз етілген.

1917-1920 жылдар аралығында басылған кітаптардың қанша тиражбен шыққандығы жайында нақты дерек сақталмаған. Бұл жайды Алматыдағы мемлекеттік кітапханада сақталған картотеканы есептеп қарағанымызда осы жылдар аралығында қазақ тілінде шыққан кітаптардың саны шамамен төмендегідей болды:

Кітап шыққан қалалар	1917	1918	1919	1920
Ташкент	6	2	2	2
Қазан	4	1	-	-
Мәскеу	-	-	3	-
Ақмола	-	-	3	-
Орынбор	-	-	-	6
Жалпы саны	10	3	7	8

Сөйтіп, 1917-1920 жылдарда барлығы 28 кітап шамамен 25 мың тиражбен жарық көрген деп жорамалдауға болады. 1920 жылы К.Маркс пен В.И.Ленин шығармаларының қазақ тіліндегі аудармалары он үш мың тиражбен шығарылған. (115)

1920 жылғы 4 қазанда Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының құрылуы үлкен саяси оқиға болды. Бұл империалистік соғыс пен азамат соғысы кезінде күйреген халық шаруашылығын қалпына келтіру, өркендету қолға алынған кезең еді. Бұл жылдар елдегі сауатсыздықты жою жолында жаппай күрес басталған сәт болатын. Осы үлкен міндетті жүзеге асырудың шараларының бірі ретінде 1921жылы Орынбор қаласында қазақтың мемлекеттік баспасы құрылды. Қазақстанның губерниялық ірі қалаларында баспаханалар ашылды. Сонымен қатар Мәскеу, Қазан, Ташкент қалаларында кітап шығару жұмысы ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде 1921-1925жылдар аралығында баспа өнімдері бұрынғы жылдарға қарағанда едәуір көбейді. Олардың көрсеткіші төмендегідей:

Мерзімі	1921	1922	1923	1924	1925
Кітап	5	30	31	79	104
Газет	6	8	9	10	13
Журнал	3	2	3	2	5

Қазақ АССР-і құрылған жылы небәрі 129 кітапхана, 117 клуб, бірнеше қызыл керуен, қызыл отау жұмыс істеді. Әубәкір Диваев қазақтың бай әдеби мұрасын жинаумен шұғылданды.

1922 жылы Ташкентте қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтушілер қауымы «Талап» құрылды. Сонда қазақ ағарту институтының жанынан жұмысшылар факультеті ашылды.

1921-1925 жылдарда Қазақстанда кітап басып шығару ісін дамытуда Советтердің бірінші съезінің тапсыруы бойынша Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті де 1922 жылдың бірінші маусымында қазақ тілінде баспа шығармаларын көбейту туралы арнаулы қаулы қабылдады. Онда еңбекші қазақ халқын ағартуға, мәдени дәрежесін арттыруға барлық білімді азаматтардың борышты екені айтылды.

Әсіресе, Заң, Әлеуметтік қамсыздандыру, Егіншілік, Денсаулық, Оқу-ағарту комиссариатына сауатсыздықты жою үшін алғашқы қарапайым оқулықтарды, үндеулерді, плакаттарды, жалпы білім беруге, ғылымға, саяси-үгіт жұмысына керекті кітапшалар мен көркем әдебиет жинақтарын шығару тапсырылды.

Осындай пәрменді шаралардың және практикалық істердің жүзеге асырылуы нәтижесінде 1921-1925 жылдар аралығында қазақ тілінде 277-ден астам кітап басылып шықты.(116)

1921 жылы Ташкентте «Үлкендер үшін әліппе» деген кітап Ш.Сартаев, Е.Қожантаевтардың редакциялауымен жарық көрді. Ол араб әрпімен 5000 дана болып басылды. 1925 жылы Ж.Арыстанұлының «Жаңа тұрмыс жайында» атты кітабында жас республикамызда өркен жайған жаңа өмір құрудың барысы сөз етілді.

1924 жылы Ж.Арыстановтың аударуымен Ташкентте «Жастар ұйымының мақсаты, міндеттері», 1925 жылы Мәскеуде «Күншығыс баспасында» шығады. Анучиннің «Адам тегі» атты оқулығы Мамытовтың аударуында Мәскеуде басылып шықты.

Сондай-ақ, 1924 жылы Сала Жүсіпов «Интернационалдағы жұмыскер әйелдер» атты кітапшасын 3500 дана етіп шығарды.

Бұл жылдарда қазақ тілінде саяси кітаптарды басу ісі біршама жолға қойылды. Соның нәтижесінде 1924 жылы Орынборда көлемі 60 беттік «Ақылды істерді жүргізу заңы», 1925 жылы Ташкентте көлемі 123 беттік «Ауыл ұйымдарына жолбасшы», «Түркістанда келімсектерге арналған аудандарда жер мәселесі» атты кітаптар шыққан. Сонымен қатар жоғарыда аталған «Талап» ұйымы – «Қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтуші қауымы», «Талаптың жолы» атты кітапша шығарды.(117)

Сөз болып отырған жылдар аралығында әдеби кітаптар шығару көрсеткіші төмендегідей:

1922 жылы А.Құнанбаевтың таңдамалы өлеңдері жарық көрді. Ұлы ақынның бұл үшінші басылымы Ташкентте шықты. Онда бұрын Кәкітай құрастырған екі жинаққа кірген өлеңдер енгізілген. Абайдың бұл мұрасын құрастыруға 1922 жылы Орта Азия университетінде оқып жүрген М.Әуезов көп еңбек сіңірген.

Ахмет Баржақсиннің 1923 жылы Мәскеуде жарық көрген «Мың бір мақал» атты кітабы өте құнды кітап. Онда қазақтың ел арасына кең тараған шешендік сөздері, мақал-мәтелдері жинақталған.

1924 жылы қазақ әндерін зерттеуші А.Затаевич Мәскеудегі «Музыка» баспасынан «Қазақтың мың әні» атты кітабын бастырып шығарды.

Бұл еңбекті француз жазушысы Ромен Роллан аса жоғары бағалады. Ол Затаевичке жазған хатында былай деп көрсетті: «Маған сіз Шығыстың бұрын білмейтін ғажап бір дүниесінің есігін ашып бердіңіз. Бұл қайран қалар ерлік және көркемдік».(118)

1923 жылы Орынборда қазақтың 146 беттік тұңғыш календары басылып шықты. Ол «1923 жылдың қазақ календары» деп аталды. Календарь алты тараудан тұрады. Календарға республикамыздың географиялық сипаттамасы, әкімшілік бөліктері, шаруашылығы жайлы материалдар енгізілген.

1923 жылдың күнтізбесіне көбірек тоқталған себебіміз, оның ең әуелі тұңғыш күнтізбе болғандығы. Оның үстіне тілі көркем, идеясы айқын бұл басылым қазақ еңбекшілерінің арасында кең танымал болды. Мұндай күнтізбе кейінгі жылдарда да шығып тұрған сияқты. Республикамыздың мелекеттік кітапханасының сирек кітаптар қорында осы күнтізбенің 1929, 1930, 1931 жылдары басылған кітапшаларының сақталуы осы пікірді орнықтыра түседі.

Бұл жылдарда көркем әдебиет нұсқалары, түрлі әдеби жинақтар шыға бастады. Ауыл шаруашылығы мамандарына мектеп оқушылары мен мұғалімдерге арналған кітаптар саны да жыл санап молая түсті.

Аталған кезеңде шыққан таңдаулы кітаптардың бірі – «Домбыра» атты өлеңдер жинағы. Оған сол кезде таныла бастаған қазақ ақындарының өлеңдері кірген. Әсіресе, Ә.Тәжібаевтың, Ө.Тұрманжановтың өлеңдерінің идеялық-көркемдік сапасы ерекше айтарлық.

Шаруашылық мәселелерге қатысты 1925жылы «Егіндік жерлерге қарды қалай тоқтатуға болады және мұның қандай пайдасы бар» деген екі кітапша жарық көрді. 1920-1925 жылдар аралығында шыққан кітаптардың сауаты артып, сапасы да жақсара түскен.

Келтірілген деректерден көрініп отырғандай 1921-1925 жылдарда кітап бастыру ісі біршама ілгеріледі. Тікелей жұмысшы шаруаларға арналып шығарылған кітаптар саны қауырт өсті, әрі олар арзан бағамен шығарылды. Сөйтіп, 1921-1922 жылдары ғана оқулықтар тиражының өзі 178 мыңды көрсетті. 1924 жылмен салыстырғанда еңбекшілерге кітап тарату 1925 жылы 5 есе көбейді.(119)

«Адамды мәдениетті етіп тәрбиелеуге екі нәрсе күшті әсер етеді. Ол – көркем өнер мен ғылым. Бұл екеуі де кітапта табысқан»(120), – деп М.Горький айтқандай, қоғамымызды алға бастыру үшін кітап шығару ісін одан әрі дамыту қажеттігі күмәнсіз шындыққа айналды. 1926-1929 жылдарда біздің өлкемізде де кітап басу ерекше маңызды міндеттердің қатарынан орын алды.

Бұл мәселені 1925 жылы Қазақстан РКП (б) облыстық комитеті өзінің Пленумында дербес мәселе ретінде қарады. Онда Қазақстанда еңбекшілерге кітаптың жетіспеушілігі, әсіресе, ана тіліміздегі оқулық кітаптардың жеткіліксіз болып отырғандығы айрықша айтылды. Осы Пленумның шешіміне байланысты қазақтың мемлекеттік баспасының жанынан оқулықтар шығарумен айналысатын арнайы редакция құрылды. Оны алғашында Ө.Тұрманжанов, М.Жанғалин, ал 1926 жылдан Р.Бөкейханов басқарды. Осыдан кейін-ақ қазақ тілінде басылған оқулықтардың мұқабаларында қазақ авторларының фамилиялары төбе көрсете бастады. Ал бұған дейінгі қазақ тіліндегі оқулықтар аударма болып, тек мәскеуде шығарылып келген еді. Сөйтіп, 1926 жылдың басында Н.Қожановтың «Мектепке дейінгі тәрбие», И.Тоқтыбаевтың «Бастауыш географиясы» С.Қожановтың «Арифметикалық оқулық» кітаптары басылып шықты, тіл мамандарына арналып «Синтаксис», «Грамматика» атты кітаптар алғаш дүниеге келді.(121)

Дегенмен, бұрын осы іспен айналысу міндеті жүктелген Академиялық орталық еңбекшілерді қажетті кітаптармен қамтамасыз етуде әлі елеулі жұмыс атқара алмай отырды. Бұл орталық 1926 жыл қарсаңында небары үш-ақ кітап бастырды. Олардың өзі М.Жұмабаевтың өлеңдер жинағы, М.Дулатовтың пьесалары, Баймұратовтың өлеңдері еді және бұлардың бәрі Ташкент қаласынан жарық көрді.

Газет-журналдар рецензия жариялауды дәстүрге айналдыра бастады. Соның ішінде жастар газеті: «Жыл құсы» не деген сөз? «Жыл құсы» қар кеткенде келетін жылдың құсы ма? Жоқ, «Жыл құсы» деген аттың мәні басқаша. «Жыл құсы» – қазақ әдебиетінің жыл құсы, онда аты қазақтың әдебиетінің емес, еңбекші кедей әдебиетінің жыл құсы.

Солардың мұңын мұндап, жабыққан көңілін көтеретін өз тұрмыстарын маржандай тізіп, суретті, әшекейлі, пернелі сөз қозғайтын жыл құсы» – деп жазды.

«Жыл құсы» халыққа тез тарады, тіпті жетпей қалды. ҚазАПП басқармасында Риддер зауытының жұмыскері Шыныбайұлы Қасымның: «Жыл құсы» деген кітапты тез жіберуіңізді өтінемін, неге десеңіз, мұндағы, жұмыскер бауырларыңыз әрқашан сондай кітаптан сусап тұрады. Біз, алыста, қараңғы түпкірде жатқан өңкей жұмыскерлер көзімізді ашсақ, осындай кітаппен, басқа кеңес өкіметінің тәрбиесімен ашамыз. Сондықтан кітап керек»(122), – деуі қазақ әдебиетінде жаңа процестің туғандығына оқушы мен жазушының арасында байланыс жасала бастағандығына, демек, әдебиеттің өмірмен қоян-қолтықтығының күшейе түскендігіне нақты дәлел болмақ деп жазды Т.Кәкішев.(123)

Бұл жылары саяси кітаптар көп аударылды. Әсіресе, 1926-1929 жылдарда қалың еңбекші бұқараға арналған кітаптарды шығару ісін дұрыс жолға қою міндеттері алға қойылды. Бұл міндеттер Қазақстан жазушыларының ұйымына жүктелді. Бұл істі көркем әдебиет туындыларын басатын арнаулы органдар ұйымдастырудың зор маңызы боды. Сөйтіп, 1927 жылдың жазында «Жыл құсы» атты әдеби альманах дүниеге келді.

«Жыл құсының» бірінші саны 4000 дана болып басылды. Ол кейін 1928 жылдан ай сайын шығатын «Жаңа әдебиет» журналына айналды. «Жаңа әдебиеттің» алғашқы екі саны араб әрпімен, қалғаны жаңа латын әрпімен шығарылды.

Қазақ халқы орыс алфавитіне 40-жылдары көшті. Бұған дейінгі кітаптары 1929 жылдан 1939 жылдар арасында латын әрпімен басылып келген болса, 1929 жылға дейін бірнеше ғасыр бойы араб әрпімен жазылып келгені белгілі. Қазақ кітаптарының тарихын, мазмұнын, білемін деуші талапкерлерге үш алфавитті де оқи, жаза білуі қажет екендігі түсінікті. (124)

«Жұлдыз» журналының тарихы «Жаңа әдебиеттен» басталады. Журнал беттері әдеби шығармаларды жариялауға аздық етті. Аталған жылдары жеке авторлардың ұжымдық жинақтарға сыймаған шығармаларын Қазақстан Мемлекеттік баспасы дербес кітап етіп шығару ісін жүзеге асыра бастады. Міне, соның нәтижесінде өлеңдері мен шығармалары бұрын да мерзімді баспасөз бетінде басылып жүрген белгілі қаламгерлер С.Сейфулиннің, Б.Майлиннің, С.Мұқановтың т.б. авторлардың туындылары жеке кітап болып шықты. Мәселен, 1926

жылы С.Сейфуллиннің «Экспреси», 1927 жылы «Тар жол тайғақ кешуі», 1928 жылы «Тұрмыс толқынында» атты шығармалары жарық көрді. 1926 жылы Семей қаласынан Б.Майлиннің «Ел сыры» атты кітабы, 1927 жылы Қызылордада «Жол үстінде» атты әңгімелер жинағы және «Құрақ», «Сойқанды содырлар» деген сатиралық туындылары дүниеге келді. Осы аталған жылдарда С.Мұқановтың үш өлеңдер жинағы: «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы», «Октябрь өткелдері», «Сұлушаш» поэмалары кітап болып басылды.

Осы жылдары – жаңа есімдер жиі көріне бастады. Солардың қатарының бірі болып Ө.Тұрманжанов тұрды. 1927 жылы оның «Қашан кедей» (әңгімелер), 1928 жылы «Таң сыры» (өлеңдері) Қызылордадан 3 мың данамен басылып шықты.

Жиырмамыншы жылдың орта кезіне дейін қазақ әдебиетінде поэзия өктем болды. Ал 1927-1928 жылары Сәкен, Бейімбет сияқты прозаиктерді қоспағанның өзінде Ғ.Мүсіреповтің «Тулаған толқында», Е.Бекеновтың қазақ әйелдерінің бостандығын баяндайтын «Жәмила қалай сауаттанды?», т.б. авторлардың туындылары жеке-жеке кітап болып қосылды.

1926-1929 жылдары туған әдебиетіміздің алыптары С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтің, М.Әуезовтің көркем туындылары үсті-үстіне жариялана бастаған кезі болатын.

М.Дулатовтың қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш романы «Бақытсыз Жамалдан» кейінгі уақыта қарбыта сілтеп, өндірте жұмыс істеген аса бір жемісті жылдары болды. Атап айтқанда, 1922 жылы ол екі бөлімнен тұратын «Есеп құралын» жазып, Ташкент қаласында бастырып шығарды.

1924 жылы Орынборда екі жылдық «Қирағат кітабы», Қызылордада «Есеп құралының» жаңа басылымы жарық көрді (кейін бұл оқулық үш-төрт жыл бойы жылма-жыл қайта басылып тұрған)(125).

«Балқия» – төрт актілі пьеса, Орынборда 1922 жылы жеке кітап болып басылған. Бұл шығарма М.Дулатовтың 1911 жылы ұсталғанға дейінгі қайраткерлік негізінде жазылған.

«Мерезден құтқарды» – екі актілі пьеса, 1926 жылы Қызылордада «Казнаркомздрав» баспасында жеке кітап болып басылған.

Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романы тұңғыш рет 1926 жылы Қызылорда қаласында жеке кітап болып басылып шықты. «Ақбілек» – жеке кітап болып басылып үлгермеген шығарма.

«Ақбілектің» бірінші бөлімінде: «Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманның оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күз күзеткен Күршім бар.

Алтай, Күршім – не заманнан қалың найман мекені... Әлгі Алтайдың аруларын айтуға, тіл жетпейді. Жүзі айтарлық айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба талындай боп, былқ-сылқ етіп бұрандасып, күбірлесіп, көлеңдесіп, езу тартса – есің кетіп, сұңқыл қақса – шым-шым етіп, бойың босап, ойың босап, қиялың қия кезеді (126),- деп келеді. Бұл шығарма кезінде «Әйел теңдігі» журналының 1927-1928 жылдар ішіндегі бірнеше санында жарияланған. Сондай-ақ «Нұр күйі» поэмасы 1929 жылы Қызылордада жеке кітап болып басылған.

Жүсіпбектің соңында бірталай ғылыми мұра қалды. Ғылым саласындағы оқу құралдары «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926), атты елеулі кітаптар бар. «Қанапия мен Шәрбану» 1926 – жылы Қазақстан Мемлекеттік баспасының күншығыс бөлімінен жеке кітап болып шықты. «Шернияз» – бес бөлімді пьеса. 1926 жылы Қазақстан Оқу Комиссариаты, Семей баспаханасынан жарық көрген. «Ел қорғаны» бір перделі пьеса. 1925 жылы Ташкенттен жеке кітап болып басылып шықты. «Мансапқорлар» – екі перделі драма. 1925 жылы Мәскеуде жарық көрген. Бұл, кітаптар, әрине өз кезеңі үшін аса пайдалы қызмет атқарды.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде- желмін гулеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?-

деген ақын Мағжан Жұмабаев – қайта тірілген, қайта жанған отымыздың бірі.

Қазақ поэзиясының атасы Абайды сүйетінін айта келіп, М.Әуезов: «Бұдан соң Мағжанды сүйемін, еуропалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін»(127), – деген екен.

Сондай-ақ, М.Жұмабаев – Гете, Гейне, Лермонтов өлеңдерін, М.Горькийдің «Сұңқар туралы жырын», Мамин-Сибиряктің «Ақбоз атын», Ивановтың әңгімелерін қазақ тілінде сөйлеткен шебер аудармашы.

Оның 1922 жылы Орынборда «Педагогика» деген еңбегі жарық көрді. Бұл кітап жастарды өнер-білімге баулу, тәлім беру, оларды оқыту проблемалары жайында жазылған. Сол жылы Бернияз Күлеевтің

көмегімен Мағжанның өлеңдер жинағы Қазан қаласында басылып шығады. Ал «Шолпан» жинағы 1923 жылы Ташкенттен жарық көрген.

Ұлы Абайдың талантты шәкірті Шәкәрімнің шығармалары жөнінде кезінде «Айқап» журналы: «Әрбір кітап қадірін білген қазақтың алып оқуы тиіс. Сөзі жеңіл, жазуы ұғымды»(128), – деп жазған.

«Шәкәрімнің халық бірден қабылдаған, жыр етіп айтып, көшіріп оқыған, бірақ кешеуілдеп, кітап бетін 1924 жылы ғана көрген, оның есесіне ақын өлімінен соң 1935 жылы қайыра жарияланған (баспаға дайындаған Б.Кенжебаев) ең әуелгі еңбектерінің бірі – «Дубровскийдің» өлеңмен жасалған аудармасы.(129)

Ақынның бел баласы Ахат 1936 жылы ұлттық кітапхананың сирек кітаптар қорына екі томдық жинағын тапсырған. «Мұтылғанның өмірі» – ақын өмірінің соңғы жылдарында жазылған. Ақын кітаптары қолдан-қолға тимей, елге таралған.

А.Байтұрсынов – ғалым-лингвист, әдебиет зерттеушісі, ақын-аудармашы, публицист. Оның өз қолымен 1929 жылдың 5 маусымында жасап берген «Газет және журналда жарияланғаннан басқа, ғылыми, ғылыми-методикалық еңбектердің тізімі» деген құжат ҚазГПУ архивінде сақталған. Мұнда: 1.«Тіл құралы», 1-бөлім. Фонетика. 2.«Тіл құрал», 2-бөлім. Морфология. 3.«Тіл құрал», 3-бөлім. Синтаксис. 4.«Әдебиет танытқыш» 5.«Баяншы», методикалық жазбалар. 6.«Тіл жұмсар», 2-бөлім. Практикалық грамматика. 8.«Оқу құрал», балалар әліппесі 9.«Әліппе» 10.«Сауат ашқыш», ересектер әліппесі. 11.«Әліппе астар», әліппеге методикалық нұсқау. 12.«Қырық мысал» – Крылов мысалдары аудармасының жинағы. 13.«Маса», төлтума және аударма өлеңдер жинағы. 14.«Оқу құралы» хрестоматия (нұсқалық, Шонановпен бірге жазған) – еңбектері көрсетілген.(130) Сонымен қатар 1923 жылы Мәскеуде «Ер Сайын» жыры кітабы, Ташкентте 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» кітабы басылған.

Кезінде А.Байтұрсыновты барлық қазақ зиялылары пір тұтып, соған ұқсауға тырысқан. Әсіресе, ақын, жазушылар: «... жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті ақынды өзінің басшысы деп санайды. Қаламынан тамған бал еш бояудан айнымайды. Әлде болса өмірінің ұзақ болып, еңбегінің өнімді болуын тілеуден қазақ баласы қайтпайды»(131) – деп түсіндірген.

Бір ерекше айтарлық жай, 1926-1929 жылдары жазушылардың барлық жанрда қалам тербегендігі. Мәселен, М.Әуезов осы кезеңде кесек көркем туындыларымен қоса, педагогикалық кітаптар да жазған. Сол жылдары ол

өзінің әйгілі «Қаракөзімен» қоса, 1926 жылы Қызылорда қаласында жастарға арналған «Жеткіншек» атты оқулығын бастырып шығарды.

Қазақ әдебиеті тарихында төкпе ақын И.Байзақовтың орны ерекше. 1927 жылы Исаның өлеңдер жинағы оқушыларға тиді.

Қазақтың әйгілі драматург режиссері Ж.Шаниннің «Торсықбай», «Айдарбек», «Шахта» деген пьеса кітаптарының да маңызы ерекше. Бұл пьесалары 1926 жылы Қызылордада басылды.

«1926-1929 жылдары кітап басып шығаратын баспалардың материалдық-техникалық базасы нығайды. Осы мақсатта Қазақстанда 29 баспахана мен бір литография жұмыс істеді. Содан 1926 жылдың өзінде ғана 408 мың дана тиражбен 51 кітап шығарылды».(132)

Жалпы 1926-1929 жылдар аралығында кітаптар санының көрсеткіші мына төмендегідей:

Кітап шыққан қалалар	1926	1927	1928	1929
Қызылорда	30	70	40	44
Семей	5	-	-	-
Мәскеу	14	16	2	5
Ташкент	2	4	3	8
Алматы	-	2	-	10
Қазан	-	1	2	4

Енді, сарқылмас байлығымыз – кітаптардың 1930-1933 жылдардағы тарихына үңіліп көрелік.

1930 жылы Қазақ АССР-нің құрылуының он жылдық мерекесіне орай С.Мұқанов «Ақындар шашуы» деген авторлар жинағын әзірлеп, Қызылордадан бастырып шығарады.

Бұл кезде ана тіліміздің мектеп пен жоғары оқу орындарында жеке пән ретінде оқытылуына байланысты қазақ тілінде оқу құралдарын жазу міндеті қойылды.

Ұлт республикаларында да өз ана тілінде кітап шығару ісін дамытуға қажетті жағдайлар жасалды. ВКП(б) қазақ өлкелік комитеті «Қазақстанда баспа ісін қайта құру» жөнінде шешім қабылдады. Бұл республикамызда кітап баспасын дамытуға одан әрі кең жол ашты.

Осыған орай республикамыздағы баспалар «Қазақстан» баспасы болып қайта құрылды. «Онда ауыл шаруашылық, оқу-педагогикалық, жас өспірімдер мен балалар, саяси, көркем әдебиеттер секторлары болды. Бұл жақсы нәтиже берді. Егер, 1931 жылы республика баспа

орындарында 390 кітап пен кітапшалар шығарылса, 1938 жылы кітап саны 476-ға жетті».(133)

Енді, 1930 жылдан бастап жергілікті авторлардың кітаптарын орыс тілінде шығаратын бөлімше жұмыс істей бастады.

1932 жылы Қазақ өлкелік партия комитеті Ғ.Мүсіреповті республиканың полиграфия базасын нығайтуға көмек сұрау үшін Мәскеуге С.Ордженикидзеге жібереді. Сөйтіп, С.Ордженикидzenің жеке нұсқауы бойынша Ғ.Мүсірепов Алматыға олжалы оралады. Қазақстанға алғаш рет ротация машинасы мен линотип және бірнеше баспа машиналары келеді. Осыған байланысты, кітап басу едәуір табысқа жетеді. Мәселен, осыған орай 1932 жылы «Қазақстан» баспасы төрағасының орынбасары Әлібайұлы Абаттың «Жұмысшы әліппесі», «Қарқын», «Үлкендер оқу құралы» деген кітаптары әрқайсысы 3000 данамен шығады.

Саяси кітаптар шығару барысында, аударма шығармалар молайды. Соның бірі 1932 жылы Өтепұлы Құлмырзаның аударуымен Роза Люксембургтің «Политэкономияға кірісу» деген кітабы жарық көреді.

1930-1933 жылдардағы қазақ прозасының шоқтығы С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» болса, І.Жансүгіровтің «Жаңа туған» поэмасы поэзия шоқтығы еді. 1930 жылы Ө.Тұрманжановтың «Ақ алтын» өлеңдер жинағы Самарқанд Өзбек Мемлекеттік баспасынан шығады. Бұл Шымкент мақташыларының ерен еңбегіне арналған өлеңдер топтамасы еді. Ал оның «Тілші» деген екінші бір кітабы тілші жастарға жетекші бағыт, кеңес берер құралы ретінде араб әрпімен 15000 дана тиражбен Ташкентте осы жылы жарық көреді.

«Жаңалық» колхоз мектептері үшін әліппе Алматыдан (1930 жылы) 15000 тиражбен халыққа тараған. Бұл тиражы ең көп кітаптардың бірі болған. Ал ол кездегі бір кітаптың орташа таралымы 1,5 мыңнан 3000 аралығыныда болатын. Себебі, баспахана техникасы нашар болды, қағаз жетіспеді. Оның үстіне халық әлі де толық сауаттана қоймаған, әрі жаңа шыққан кітаптарды іздеп, сатып алып оқуды дәстүрге айналдыра қоймаған кез еді. Сондықтан да әліппелік оқуға жеңіл кітаптар көбірек тиражбен шығып тұрды.

Оралдағы пролетариат қара шаруа жұмысшылар ұйымы Оралдан қазақша, орысша, арабша жазған «Жусан» өлеңдер жинағын 15000 тиражбен шығарды. «Жаңа күш» (1931 жыл), «Қызыл әскер әліппесі» (1932 жыл) деген кітаптармен бірге А.Хангелдиннің осы жылдары «Он

жылда» атты жинағы Алматыдан, ал «Серік» деген кітабы Ташкенттен 4000 данамен тараған.

Сондай-ақ, І.Жансүгіровтің шығармалар жинағының екі томы Семейден 3000 данамен, Б.Майлиннің «Толық жинағы» 1-2 том Алматыда және «Азамат Азаматыч» романы Қызылордада (5000 тиражбен), «Асулардан асқанда» әңгімелер жинағы, «Майдан» төрт перделі пьесасы Семейде (тиражы 3000), «Он бес үй» Қызылордада (3000) жеке-жеке кітап болып басылып шыққан.

Қара сөздің шебері атанған жазушының «Азамат Азаматыч» романы тап дұшпандарының тұзағына түсіп алданған азаматтың одан қалай жол тауып, түзу жолға түскен қиын да күрделі тағдырын нәзік те сырлы сезім пернелері арқылы бейнелейді.

Балалар әдебиетінің жайы бұл кезеңде бәлендей емес еді. Бұл жылдарда С.Дөнентаевтың балаларға арналған мысалдар жинағынан басқа кітаптар болмады. Ақынның «Көзі тоймаған ит», «Екі теке», «Ауырған арыстан» т.б. шығармалары мектеп жасындағы балаларға арнайы жазылған, тілі жеңіл, мазмұны айқын шығармалар болды.

Осы тұрғыдан алғанда, С.Сейфулиннің «Балалар» деген өлеңі жас ұрпаққа тікелей арнау десе болғандай. Ақын «Маузер» атты балладасында балаларға аға ұрпақтың азаматтық жолындағы күресінің бір эпизодын баяндап береді.

Жау қолында қапылыста қаза тапқан әке қолындағы Маузерін ұрпағына аманат етеді.

Бесіктегі жас ұлым,
Ер жетсе өсіп балдырған,
Мына кекті Маузерім –
Соған мұрам қалдырған,-

деп революцияны қолымен жасаған ерлерден үлгі алып, оның жеңісін баянды етуді жас ұрпаққа тапсырады.

Қазақ ақын-жазушыларының поэзиясының әр үлгіде, әр стильде, алуан түрлі тақырыпта қанат жая түсуін мұрат тұтқанын І.Жансүгіровтің шығармашылығынан анық көреміз. Абайдан кейінгі дәуірде жылдың 4 мезгілін жырға қосқан да Ілияс ақын еді. Оның «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз», «Қыс» атты өлеңдері табиғаттың жанды тіршілігін әсерлі де әдемі суреттейді.

Бұл жылдар ішінде көбірек жарияланған кітаптар тобы – салалық кітаптарға келетін болсақ, 1930 жылдары алуан тақырыпта 30-ға жуық кітап шығарылды. Медицина саласында аударма, жалпы ғылыми

кітаптар саны 17-ге таяу болды. Әлбетте, бұл кітаптің дені аударма кітаптар еді. Мысалы, «Жеті аурулар» (Авторы – М.Броннар, 44 беттік) Малдыбаевтың аударуымен 4000 дана болып Қызылордада басылды. Сондай-ақ, «Баланың денсаулығын күт», «Теміреткі мен таз туралы» деген материалдар жинағы кітап болып шықты.

Сонымен қатар, «Егін шығымын арттыру» (67 бет, Семей), «Егіндік жерлерде қарды қалай тоқтатуға болады», «Еңбек заңдары» т.б. кітаптар басылды.

Бұл кезеңде Қазақстанда саяси кітаптар саны күрт көбейе түсті. Атап айтқанда, 1930-1933 жылдар аралығында республика бойынша саяси кітап шығарудың жалпы даму дәрежесі төмендегідей болды:

Қалалар	1930	1931	1932	1933
Қызылордада	20	15	18	16
Семейде	5	10	4	12
Алматыда	14	25	27	28
Ташкентте	9	2	-	8
Шымкентте	5	-	-	1
Жалпы саны	43	52	39	55
Тиражы	304 мың	361 мың	603 мың	700 мың

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

Қазақ жеріндегі жаппай ашаршылық және репрессия жылдарындағы баспасөз

Әйгілі отызыншы жылдар қазақ халқының басына төнген «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» кейінгі ең бір қара түнек жылдар болып саналады. Ф.Голощекин 8 жыл ішінде қазақ жерінен құйындай ұйтқып өткен социализмді қайтару ниетімен «Кіші Октябрь» бағдарламасын жасап, адамдарға «қасық пен шанышқыны қалай ұстау керектігін» үйретумен айналысты. Соның нәтижесінде 1933 жылдың басында қазақ халқы тең жартысынан айрылып, 40 миллион малдың 5-ақ миллионы қалды. Мұның өзі күні кешеге дейін «ұсақ-түйек» қателіктер мен «елеусіз кемшіліктер» деп аталып келді.

Аға ұрпақ, оның ішінде ғалымдар мен зерттеушілер бұл нәубеттің сырына қанық болса да, ол туралы ауыз ашуға дәрменсіз болды. Үнемі қуғын-сүргін, репрессияға ұшыраған интеллигенция өкілдері алмас қылыштан тот басқан бақырға айналды. Енді олар күнделікті күйбең тіршіліктің маңынан шыға алмайтын, басқаның айтқанын құп алып, солардың айдауымен жүретін жансыз роботтың бет-бейнесіне енді.

«Ұлы» халықты мадақтап том-том кітап, мемуар жазғандар өз халқының аянышты халін суреттейтін биттің қабығындай кітап жазуға да жарамады. Тіпті, қыза-қыза келе халықтың 40 проценті өз ана тілін ұмытуға дейін барды. Міне, өстіп мың өліп, мың тірілген қазақ халқы демократиялық пен жариялылыққа да жетті-ау!

Қазір осы «тарих ақтаңдақтары» күн өткен сайын анықталып, сол бір ауыр кесапатты жылдардағы халқымыздың аяулы ұлдары мен қыздарының қилы тағдырлары жан-жақты зерттелу үстінде. Елім деп еңіреп өткен абзал азаматтардың өнегелі өмір жолдарын халқымызға және кейінгі ұрпаққа паш етуді бүгінгі зиялы қауым да өз міндеттеріне алған сияқты.

Осы орайда елін сүйген ақын бауырласымыз О.Сүлейменовтың мына қысқаша түйінді сөзін келтірудің артықтығы жоқ шығар: «біз жазықсыз жапа шеккен данышпандарымыздың мұраларын өмірге қайтара бастадық және бұларды шолақбелсенділер не үшін, ненің жоқтауы үшін құрбандыққа шалып еді деп ойлана бастадық.

Біз қазақтар ешкімге ешнәрсе қарыз емес екенімізді енді ғана түсіне бастаған сияқтымыз. Мәселен, осы уақытқа дейін «ұжымдандыру – ауыл

шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың классикалық үлгісі» деген Сталиннің асырасілтеушілік пікіріне жарты ғасырдан астам уақыт бойы ешкім күмән келтіруге қорықты, керісінше, оны тек марапаттаумен келдік.

Бірақ ұжымдастыру ісі Қазақстанда қалай өтті, барлық мәселе сонда. Шолақ саясатшы Голощекиннің «Кіші Октябрі» тек малымен күн көріп отырған қазақтың алдымен байларына, онан соң орташаларына, ең соңында астық екпейтін малшыға, астық тауып бере алмағандарының малын тартып алып, өздерін қаңғып кетуге мәжбүр етті. Малынан айрылған қазақтың мұнан кейінгі көрген күнін дұшпаныңа да бермесін дейтіндей болған. Ағылшын-американдық тарихшы әрі жазушы Р.Конквестің осы кезең туралы жазған «Қасірет зардабы. Кеңестік ұжымдандыру және аштық терроры» атты тарихи-публицистикалық еңбегінде бұрынғы кеңес өкіметінің әр аймағындағы аштық жайлы айтылып, «Алайда бұл фактілер қаншама қайғылы болғанымен, қазақтардың басына түскен ұлан-асыр қасіреттің жанында түк те емес болып қалады», – деп ерекше аталған.

Егер бүгінгі күннің биігінен өткен тарихи кезеңдерге ой жіберсек, қазақ халқы ақын Ж.Молдағалиев айтқандай, шынында да «мың өліп, мың тірілгенін» байқаймыз. Ал отызыншы жылдардағы аштықтың себебіне келсек, «Аңқау елге – арамза молда» дегендей, халық жауын қолдан жасап, ақты да, қараны да бір жіпке байлап, қазақтың кең даласын азалылар еліне айналдырғандар болды. Олар тағы да адамдар арасында мансапқорлық пен шенқұмарлыққа, рушылдық пен жікшілдікке жол ашты. Сөйтіп, қазақ жерінде «Кіші Октябрь» орнап, адам мен мал қоса қырылып, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» заманы басталды. Оның себебі – 1925 жылдың басында Қырғыз (қазақ) облыстық комитеті ретінде қайта құрылған республика партия ұйымының хатшысы болып Филлип Голощекин сайланған еді. Содан ол 1933 жылдың қаңтар айының 21 жұлдызына дейін Қазақстанды 8 жыл бойы сергелдеңге түсіріп, ақыры қызметтен босатылды. Ол жетекшілік жасаған кезең қазақ халқының өмірінде «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі ең қайғылы, ең қасіретті кезең болып тарихқа енді. Өкінішке орай, күні кешеге дейін қай қазақтың болмасын жан-жүрегін сыздатар осы бір шындықтың ақиқатын көрсетуге мүмкіндік болмады.

Голощекин туралы алғашқы көлемді зерттеу еңбек «Қазақ әдебиеті» газетінің 1988 жылғы желтоқсан айының 9 жұлдызында жарияланды. Авторы Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының

академигі М.Қозыбаев ағамыз Голощекиннің саяси портретін ашуға арналған бұл материалда оның ленинизмді бұрмалап, сталинизм жолына түсу бағытын көрсетеді:

- Біріншіден, Ф.И.Голощекин: «Октябрь қазақтардың ауылының тұсынан құйындай өтіп кетті. Сондықтан, қазақ даласында «Кіші Октябрь» жасау керек» деген қайшылықты пікірден сегіз жыл бойы тынбады. Екіншіден, қазақ шаруаларының көшпенділігі – оның бойына сіңген әдеттегі тұрмыстық құбылыс деп, сергелдеңге түскен елдің болмысын теориялық тұрғыдан дәлелдемек болды. Үшіншіден, көшпелі елді социалистік жолға түсіру құрбандықсыз болмайды деген идеяны тұжырымдады. Төртіншіден, экстенсивті мал шаруашылығын қоғам дамуының жоғары сатысына көтеруде мал басының кемуі объективтік заңдылық дегенді шығарды. Бесіншіден, Қазақстанның негізгі ерекшеліктері 1925-1930 жылдарда, басқаша айтқанда, Ф.Голощекиннің кезінде жойылды, ол Қазақстанның осы қазіргі жағдайда бүкіл одақпен терезесі тең деген пікірді қалыптастырды. Ал, бұл «теориялық» база ұжымдандыруды дамуы жағынан жоғары аудандармен қатар деңгейде өткізу үшін керек болды. Алтыншыдан, Ф.Голощекин «өте жоғары дәрежеде», әсіресе, ауылда тап тартысының шиеленісуі жартылай феодалдық қатынастарды бұзу кезеңінде болмай қалмайды» деген теориялық қисынсыз қорытынды жасады. Сөйтіп, болып жатқан репрессиялық шараларға «теориялық» негіз жасады. Жетіншіден, Ф.Голощекин қазақ коммунистерінің бір тобын тәрбиеге көнбейтін, пайдалануға мүмкін емес, ұлтшыл уклонистер қатарына жатқызды. Екінші категориясын жағдайға қарай терісін өзгертіп отыратын хамелеонға теңеді.

- Олардың үшінші тобы,- деді ол орын алған қателіктер үшін барлық жауапкершілікті бір ғана Голощекинге аударғысы келетіндер. Бұл пікірді Ф.Голощекин Қазақстан өлкелік партия ұйымының басында 8 жыл еңбек етіп, қоштасар сөзінде айтқан еді. Басқаша айтқанда, ол басшылыққа бүкіл республикада бірде-бір лайықты адам – қазақ коммунисті жоқ деген пікірде болып келді.

Бұл 30-жылдардың бір қасіреті – ашаршылықтың бүкіл қазақ жеріне оба ауруындай тараған сәті болатын. Осы жайлы Шымкент қаласының тұрғыны З.Рысбекова былай деп еске алады: «Пірімбет деген қария Үмбет деген баласы, Сәнен деген келіні үшеуі бірдей үйлерінде аштан өліп, сасып кеткен екен. Тірі қалғандар тамдарын үстеріне құлатып, жан жағындағы топырағын үйіп, мола жасай салды. Ауылда

көп өліктерді жер қазбай-ақ осылай көме салатын. Себебі, жер қазуға арық-тұрық адамдардың шамасы да келмейтін».

Ал, республикалық дәрежедегі зейнеткер, кезінде аштарға көмектесетін комиссияның төрағасы болған Бәдігүл Жолмұхамедқызының мына әңгімесінен соң тіпті ойға қаласың: «Ол кезде аштарға тамақ, жатақхана ұйымдастыратынбыз. Бірде комиссия мүшелері Талас жаққа бардық. Адамдар құмырсқа қалай тізіліп жүрсе, солай ілбіп келеді. Өлгендері шетінен жолда қалып жатыр. Тірілерінің қолында жалаңдаған пышақ. Кеудесінде жаны бар тірі хайуан көрсе, сойып жіберіп, шикідей жұлып жей береді. Бесікте аштан қатып қалған нәрестелерді көргенде, сай-сүйегің сырқырап кетеді. Жылай-жылай көзімізден жас та шықпайтын болды. Аш адам ісіп-кеуіп өледі екен. Күмпііп ісіп кеткен адамдарды талай көрдік. Олардың қайтадан адам қатарына қосылуы екіталай...».

Тарихтан 1929-1930 жылдары Қазақстанның солтүстігіндегі астықты аудандарына егін шықпай қалып, сол жылы қыста даланы жұт жайлағаны белгілі. Нақты жағдайға қарамай мемлекетке астық тапсыру жоспары арта түскен. Соның нәтижесінде жер-жердегі ауылдарға өлкелік, округтік органдардан, әсіресе, қатал билік пен құқ берілген уәкілдер қаптап кеткен. Олардың қаһарынан қаймықпайтын жан болмаған. Жылап жатқан балаға «Әне, уәкіл келе жатыр» десе сап тыйылған.

Ашаршылық, әсіресе, 1931-1932 жылдары меңдей түсіп, елді мүлдем есеңгіретті. Осындай ел басына күн туған сәтте халқы үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, қызмет атқарған ұл-қыздар аз болған жоқ солардың бірі – Әбдіжаппар Үсенов. Халық жауы емес, халқының нағыз баласы еді. Үлкен ұйымдастырушы, суырып салма ақын болатын. Біз ол кісіден мол өнеге алып, өскен атбайлар інілерінің бірі едік. Міне, заман түзеліп, сондай аяулы жандардың атын атап, түсін түстеп, өнегелі жақтарын жастарға айтатын халге жеттік, әйтеуір. Бұған да шүкірлік.

1931-1932 жылдардағы ашаршылыққа Әлжаппар өзі басқаратын «Игілік» колхозының 100-ден астам ошағын ашаршылықтан аман-есен алып шықты. Әрине, Әбекеңнің жалғыз өзі елге қорған болды деуден аулақпыз. Аяулы азамат жүз шаңырақты аштықтан құтқару жолында Керімбек Маңқытаев, Бекшора Бекқожаев, Алтынбек Қошқарбаев, Шалабай Дүйсенбаев, Қожахмет Наров секілді үзеңгілес серіктеріне сүйенген. Мен оны соңғы рет 1937 жылы қыс айында «Шорнақ» шеберханасының жанында машина үстінде көрдім.

Жұмысқа жанұшыра жүгіріп келе жатқан бетім еді. Ол кезде «полуторка» машинасының өзі таңсық болатын. Ойламаған жерден назарым сол машинаға ауды. Қарасам, үстінде Әбжаппар ағай отыр.

- Шырағым, маған жақындамай-ақ қой. Мен халық жауы деген жаламен айдалып барамын, – деді ол сәлемдескен маған.

- Не үшін?

- Өзім де білмеймін. Ауылға сәлем айт. Өтекең (ағасы Отабекті айтады) жесір мен жетімдеріме көз болсын. Ал, енді жұмыстан қалма, заман белгілі ғой,- деп қош айтысты...».

Міне, көріп отырсыздар қиын-қыстау заманда халқым деп басын көтерген ер азаматтар осылайша «халық жауы» атанып, жазықсыз жазаланып отырылған. Бұл аз болғандай шолақ ойлы, белсенді уәкілдер «халық жауларын» қолдан жасап, Голощекиннің «Кіші Октябрін» тездетіп жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Кезінде осындай жауапқа тартылған сан мыңдаған адамдарға ешқандай жеке істер жүргізілмеген, олардың ақ, қарасын ажыратуды ешкім ойламаған. Ұсталса, жауапқа тартылса, не НКВД-ның қармағына ілінсе болды, «халық жауы», «троцкист-ұлтшылдар ұйымының мүшесі» немесе «халық жаулары – пәленше – түгеншелермен тығыз байланыста болған» деп кінә тағылып, жазаланып кете берген.

Сөйтіп, «Ел басына күн туып, ері қайда жүр екеннің» кезі келді. 1937 жылдың тажал аждаһасы Нығымет Нұрмақов, Сейітқали Меңдешев, Тұрар Рысқұлов сияқты миллиондардың өмірін қиды. Осыған қарамастан Сталин, Ежов, Берия, Вишинский сияқты жазалаушылардың заманы дәуірлеп тұрды.

Осындай «тарихтың ақтаңдақ беттері» туралы материалдар кезінде түрлі басылымдарда жиі жарияланып, одан қорытынды да шығарыла бастады. Бұл ретте Ресейдің тәуелсіз басылымдарының қара қылды қақ жарған әділ мақалаларын өнеге етіп айтуымыз орынды. Мәселен, бүгін кезінде халық жауы атанып, репрессияның қаһарына ұшыраған Н.И.Вавиловтың халық, партия, үкімет алдында ешқандай күнәсі болмағандығы айқындалып отыр. Керісінше, оған жала жауып, «халық академигі» атанған Г.Т.Лысенконың сол халыққа қарсы бағытталған қылмысты істері әшкереленуде.

Сондай-ақ, Михаил Кольцов сияқты халықтың талантты ұлын жазалағандардың шын мәнінде оның шығармаларын оқуға қауқары болмаған көрсоқыр, бұйрық орындаушылар болғаны қандай қиямет.

Біздер Сәкен, Бейімбет, Ілиястарымыздың қандай жағдайда ұсталып, қандай жағдайда қаза тапқандарын білмей жүрміз. НКВД оларды ұсталысымен атылды десе, тауқымет тақсыретін бірге тартқан көзі тірілер Сәкен де, Бейімбет те бертініректе қаза тапты деген деректер айтып жүр.

Мысалы, жарты ғасырдан астам уақыт бойы М.Дулатовтың есімі туған халқының басты жауларының қатарында аталып, оның есімі ұлт мәдениеті мен әдебиеті тарихынан өшіріліп тасталды. Содан барып туған халқы үшін жүрегі қоңыраудай күмбірлеген арысымыздың асыл бейнесі кейінгі ұрпақ үшін көмескі тартып кетті.

Ал, қазір халқы ұлы перзентінің өмір тарихымен де, өмірі және еңбегімен қайта табысты. Әділеттің таңы атып, күні шықты. М.Дулатов «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторының әдеби көмекшісі болып қызмет етіп жүрген кезінде, 1928 жылдың 17 желтоқсанында тұтқындалады. Одан ұзақ жауап алғаннан кейін 1929 жылдың 24 маусымында Бутырь түрмесіне жөнелтілген. Ал, 1930 жылдың 4 сәуірінде ішкі істер халкоматының «үштігі» М.Дулатовты ату жазасына бұйырады. 1931 жылдың 10 қаңтарында іс қайта қаралып, ату жазасы он жыл тұтқында отырумен алмастырылады. Тоғыз ай бойы өлім жазасы үкімімен отыру ақын жігерін жасыта алмады. Көптеген адамдар осы жүйкеге тиетін қияметті көтере алмай, өзін-өзі өлтіріп те жіберетін. Бұрын патша түрмесінде талай рет болған М.Дулатов зайыбына жазған бір хатында былай дейді: «Біріншіден, тергеушілерге сенбедім, екіншіден, қорыққаным жоқ, үшіншіден, олардан көмек сұрамадым...».

Сөйтіп, ол 1934 жылдың басынан Сталин атындағы Ақтеңіз-Балтық каналының құрылысында жұмыста болып, 1935 жылдың 5 қазанында Сосновец лагерінде жүрек дертінен қайтыс болған. Міне, халық жауы атанған мыңдаған қазақ зиялыларының бірі, белгілі қоғам қайраткері, қаламы қарымды журналист, қазақ баспасөзінің қалыптасуына көп еңбек сіңірген ардагеріміз М.Дулатовтың лагерьде болуы мен дүниеден қайтуының қысқаша тарихы осындай.

Сондықтан біздер М.Дулатов сияқты Нәзір Төрекұлов, Тұрар Рысқұлов, Нығмет Нұрмақов, Сейітқали Меңдешев, Сүлеймен Есқараевтардың кебін киген жүздеген, мыңдаған өз халқының адал перзенттерінің өмірлері де Қазақстан тарихымен, Қазан төңкерісінің орнау тарихымен тығыз байланыстырыла зерттелуі қажет деп білеміз. Мұнсыз біздер үшін мемлекетіміздің өткен тарихын, соғыс жылдарының

қиын қыстау тарихын, тоқырау мен қайта құру тарихын таразылап, баға беру қиынға соғары хақ.

Міне, сондықтан да тарихымыздың әр кезеңінде көзден таса, көңілден қағыс қалып келген, күні кешеге дейін «ұсақ-түйек қателіктер» мен «елеусіз кемшіліктерінің» арқасында 60 мыңнан астам қазақ зиялылары сталиндік репрессияның құрбанына айналыпты. Ал, бұған 1949-1956 жылдар аралығындағы «ұлтшылдық сарынға қарсы» ерістетілген науқаншылдықтың залалын қоссақ ше?

«Ұлтшылдық сарынға қарсы күрес» демекші әу, бастан-ақ, яғни 1937-1938 жылдары республикалық баспасөз бетінде көрнекті қазақтың партия, әдебиет, ғылым қайраткерлеріне «бай төбет», «қарақшы», «жапонның тыншысы», «шпион», «пантюкист» сияқты айтуға ауыз бармайтын түрлі жалалардың жабылуы, осындай оғаш пайымдаулардың ондаған жылдар бойы өзгеріссіз қалуы, содан кейінгі жылдардағы әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлеріне салқынын тигізбей қалған жоқ.

Бұл арада 1937-1938 және одан кейінгі жылдардағы репрессияға кім кінәлі? «Жаудан сақ болайық, жауды ымырасыз әшкерелейік!» деп нұсқау берген Сталин, Ежов, Бериялар кінәлі дейміз. Бірақ, сол нұсқау тек Қазақстанға ғана берілген нұсқау ма еді? Өзге республика халқы неліктен аз зардап шекті? Әлде бәлен адамды халық жауы деп тапсыру қажет деген жоспар берілді ме? Әрине, олай емес. Көп нәрсе қазекеннің өзіне де байланысты-ау! Шаш ал десе, бас алып жіберетін мінез қашан тыйылар екен? Жауды жанымыздан, өз қанымыздан іздей беретініміз неліктен деген бір жымысқы сұрақ тілге орала береді.

Бірін-бірі даттауға жомарт қазақ бірін-бірі ақтауға сараң болатыны несі? Сұрақ көп. Бәрі де бәрімізді ойландыратын сұрақтар...

ОНЫНШЫ ТАРАУ

«Ұлтшылдық сарынға қарсы күрестің» құрбандары

XVIII-XX ғасырлардағы Ресей империясының отарлық және одан кейінгі «қызыл империяның» саясаты сол кезеңнің өзінде-ақ шет мемлекеттерде төртінші билік болып есептелетін баспасөз, яғни, бұқаралық ақпарат құралдарына да әсерін тигізді. Соның бір көрінісі төртінші бесжылдықтың соңында 1949 жылы қайта жаңғырған «ұлтшылдық сарынға қарсы күрес» болып табылады.

Бұл – турасын айтсақ, 1937-1938 жылғы нәубеттің жалғасы. Ұлтшылдыққа қатысы бар деген адамдарды жазалаудың түрлі жолдары қолданылды. Алдымен 1950 жылдардың басында қазақ тарихы, әдебиеті мен мәдениеті сынға алынды.

Мәселен, 1951 жылы 28 қыркүйекте «Казахстанская правда» газетінде Мұқан Төлебаевтың «Қазақстан музыкасындағы бұрыс бағыт туралы» деген сын мақаласы жарияланды. Бұл сын Ахмет Жұбановтың «Қазақ сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы» атты тұңғыш зерттеу-монографиясына қарсы бағытталды. Мұнда, бұрынғы сынау шегінен асқан автор А.Жұбановты буржуазияшыл-ұлтшылдығы, панисламист және пантюркистігі үшін айыптады.

Осыған орай Ахмет Жұбанов 1951 жылдың қазан айының бесінде «Социалистік Қазақстан» газетіне «өз қателіктерін мойындап» мақала жазуға мәжбүр болды. Бірақ, бұл ақталу оны жалған сыншылардың түйреулерінен құтылған жоқ. Қайта, іле-шала арада бір апта өтпей жатып Республика сазгерлер одағы қазақ музыкасындағы буржуазияшыл-ұлтшыл бұрмалаушылық туралы арнайы мәжіліс өткізіп, оған Мәскеуден үш адамды шақырған.

Бұл мәжілісте тек А.Жұбановтың мәселесі ғана қаралып, оған әр шешен өз атынан жаңа теңеу табуға тырысқан. Мысалы, баяндамашы П.В.Аравин Ахметті «идеалист, тұрпайы социолог, формалист, буржуазияшыл-ұлтшыл», Б.Г.Ерзакович «ұлтшыл әрі космополит», Иванов-Сокольский «музыкадағы бекмахановшылдықты дәріптеуші»,- деп, 20-30 жылдардағы «шылдықты» қайта қоздырғанын байқау қиын емес.

Келесі кезек қазақ әдебиетінің мақтанышы – Мұхтар Әуезовке келді. Бұл науқан қазақ халқының мәдениетін, оның өкілдерін жоққа шығаруға бағытталды. Олар М.Әуезов ірге тасын қалаған «Абайдың поэтикалық мектебін», осы тақырыпқа алғаш диссертация қорғаған

Қайым Мұхамедхановтың еңбегін жоққа шығарып, Шәкәрім, Тұрағұлдарды буржуазияшыл-ұлтшылдардың қатарына қосты. Сөйтіп, Абайдан кеңестік дәуірге дейінгі кезең ақтаңдаққа айналып, өзінің көрнекті өкілдерінен айрылып 80-жылдарға дейін құлазып қалды. Ал, белгілі М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, А.Жиреншин сияқты әдебиеттанушылар мен сыншылардың есімдері айыптау үшін пайдаланылды.

1951 жылдың 11 қазанында идеология «қайраткерлері» тағы да «Казахстанская правданың» беделіне сүйеніп, жаңа бір бастаманың ұштығын шығарды. «Қазақ батырлық эпосын зерттеудегі қателіктерге қарап» деп аталатын мақалада газет «біртұтас ағым» теориясын сынап, ауыз әдебиетін «таптық күрес» тұрғысынан қарастыруды талап етті. Оған 1944 жылы ВКП (б) Орталық Комитеті Татарстанда феодалдық пиғылдағы «Едіге» жырын әшкерелеген қаулы негіз болды. Сөйтіп, газет оқырмандар арасында қазақ эпостарына қарсы идеологиялық ой-пікір туғызуға тырысты. Ал, фольклор зерттеушілері М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин буржуазияшыл-ұлтшылдықтары үшін сыналды

1950 жылы 26 желтоқсанда «Правда» газеті көтерген ұлтшылдыққа қарсы науқандардың төресі 1951 жылдың 16-17 қазанында Қазақстан Орталық Комитетінің VIII пленумында хатшы Ж.Шаяхметовтың баяндамасы болды. Баяндамада сыналғандардың саны өсе түсті. Ол өзінің 1944 жылы Абылай, Кенесары, Наурызбайларды қазақ батырлары санатына қосқанына өкініш білдірді.

Бірақ, қанша ақталғанымен, хатшының өзі де сыналды. Себебі, білімі таяз болса да сол кездегі обком хатшыларының бірі Жанбаев қоғамның ағымын, партияның бағытын түсінетін көреген саясаткер әрі ғалымдар мен Орталық комитет хатшыларының үлкен сыншысы болып шықты.

Бұдан кейін қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің үстінен жеке іс қозғалды. Енді нысанаға республика ғылымының мақтанышы академик Қаныш Сәтбаев ілікті. Жоғарыда айтылған VIII пленумда Ж.Шаяхметов, одан бұрынғы Орталық Комитетінің 10 тамыздағы «Вестник» және «Известия» журналдарына байланысты қаулысында Ғылым академиясының президенті Қ.Сәтбаев тарихшы Бекмахановқа қамқорлығы үшін, буржуазияшыл-ұлтшылдарды уақытында әшкерелемегені үшін айыпталды. Ал «Казахстанская правда» газеті болса, мұны «партия мүшелерінің халықтың үніне құлақ аспауы», - деп тұжырымдады.

Сондай-ақ, белгілі ғалым, педагог, психолог, Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры Т.Тәжібаев та бұрын саяси айыптар тағылып академиядан қуылған адамдарды университетке қызметке алғаны үшін, әсіресе, Бекмахановты қолдағаны үшін сыналды. Бұл сыннан жедел қорытынды шыға қоймаған соң, оған білек сыбана «Правда» газеті кірісті. Мұнда 1951 жылдың қазан айының 20-да «Қазақ университетінде сынға қысым жасауда» деген мақала жарияланды. Соның нәтижесінде 10 желтоқсанда орталық Комитетте болған мәжілістің ұйғарымымен үлкен ғалым, абзал азамат Т.Тәжібаевты ректорлық қызметтен алып тынды.

Бұл жылдары қазақ зиялыларының көзін жою үшін жасалған террордың алғы шарты орталық және республикалық басылымдар арқылы жасалды. Яғни, 30-жылдардың тәжірибесі қолданылды. Мәселен, «Правда» газетінде «Біздің арамыздағы ашық ауыздықтан арылайық» атты бас мақала жарияланды. Онда ашық ауыздықтың мысалына Бекмахановты әшкерелеушілердің бірі, тарихшы Б.Сүлейменовтың әшкереленбеуі сөз болды.

Осы орайда Орталық басылымдардан жергілікті газеттердің де қалыспай, тіпті озып кетуге тырысқандықтарын айтпай кетпеуге болмайды. Соның бір айқын мысалы Бекмахановты қудалаушылардың бірі – Шойынбаевтың «Казахстанская правда» газетінің сынына ілігуі болды. Сөйтіп, Орталық комитет бюросы бұл сыннан соң, оның Жанқожа көтерілісіне арналған кітабын буржуазияшыл-ұлтшылдығы үшін пайдалануға жаратпай тастады.

Тек, 1954 жылдың көктемінен кейін ғана Қазақстанның ғылымы мен мәдениетіне төнген қара түнектің бұлты ыдырап, саяси науқан бәсеңси бастады. Оған себеп болған бүкіл Одақ көлемінде басталған оң процестердің (Берияның «халық жауларымен» күрестегі зұлымдық әрекеттерінің ашылуы, жеке адамға табынушылықты әшкерелеген Хрущевтік «жылымықтың») әсері деуіміз керек.

ОН БІРІНШІ ТАРАУ

Тың көтеру зардаптары

Қазақстан тарихында өз ізін қалдырған қайшылықты кезеңдердің бірі – тың және тыңайған жерлерді игеру. Бұл өзі кеңес өкіметінің екі қоянды бір оқпен атуды көздеген, астары мол жымсысқы саясаттарының бірі еді. Тың көтеру идеясы Н.С.Хрущев келгеннен кейін көп ұзамай-ақ туған-ды. Бұл кездегі басты мақсаттардың бірі соғыстан жадап-жүдеп шыққан елдің қарнын тойдыру сылтауы болатын. Сол кезде Н.С.Хрущевтің көзі Ресейдің қара топырақты аймақтары мен Қазақстанға түсті. Орыс патшалары мен өкіметін қазақтың кең байтақ даласы ежелден-ақ қатты қызықтыратын. Сөйтіп, бұл мәселе КОКП Орталық Комитетінде бірнеше рет қаралғаннан кейін, XIX съездің қаулысымен тыңға жорық басталып та кетті.

1954 жылдың ақпан-наурыз айларында-ақ, Қазақстан жерінде Ресейдің қалалары мен селоларынан эшалон-эшалон адамдар келе бастады. Оларды жергілікті халық «Тың игерушілер» деп құрметтеп қарсы алуға тиіс еді. Солай болды да. Қазақ халқы ежелгі меймандостығын көрсетіп-ақ бақты. Алғашқы тыңгерлер қазақ даласына:

Едем мы, друзья,
В дальние края.
Станем новоселами,
И ты, и я! -

деген әнді екпіндете айтып келді. Олардың бәрі дерлік өздерін Қазақстанға жақсылық жасаушы батырлар ретінде сезінді, қазақ жерін елсіз дала деп білді. Кейіннен тарихшы Ф.Усов тыңға келген біреудің күнделік дәптерінен мынадай үзінді келтірді: «Өткен заманда Ақмола өлкесінде ел сирек болатын, – деп жазыпты ол өз күнделігінде, – Ұлан байтақ даланы көшпелі қазақтар мекендейтін. Қазақтар бірыңғай мал өнімімен күн көретін, егін екпейтін. Өлкенің алғашқы отырықшы тұрғындары – Сибирь казактары еді». Міне, тың игеруге келгендердің көбінің қазақ жері, қазақ халқы туралы түсінігі осы деңгейде ғана болды. Сол кездегі газет материалдарынан мынадай жолдарды оқуға болатын: «Мен тың өлкесіне келдім. Комсомолдың жолдамасы менің еңбектегі шамшырағым болды». Ал арада бірнеше жыл өткеннен кейін олардың кейбірі газетке мынадай хаттар жолдайтын болды: «Мен тың өлкесінен

өшпес бақытымды таптым. Коммунистік партияға мүше болып өттім. Семья құрдым. Мен еңбектің солдатымын».

Сонымен, күн сайын ағылып, жүз мыңдап келе бастаған осы адамдар айдалаға ақ шатырларын орнатып алды да, тың далаға түрен салып, оңды-солды жырта бастады. Нұсқау солай, ұран солай болды. Жергілікті жұрттан тың игерушілердің бетіне қарап сөз айтатын бір адам табылмады. Тіпті, ата-баба зираттары шынжыр балақ трактордың табанында тапталып қалғанда да ауыздарын аша алмады. Өйткені, қазақ халқы осыдан сәл-ақ бұрын көрген қуғын-сүргіннен, қырғыннан әлі есін де жиып үлгермеген еді. Үкімет пен партияның саясатына қарсы пікір айту, наразылық білдіру әлі де болса көпе-көрінеу отқа түсумен пара-пар еді... Бұл жай кейін бірлі-жарым жазушылардың көркем шығармаларында ғана елеусіздеу түрде елес берді.

Кеңес өкіметі кезінде баспасөз «партияның тілі мен қаруы», «өмір айнасы» деген атқа ие болғаны мәлім. Бұл, баспасөздің лақап аты десе де болғандай еді. Сондықтан баспасөз тіл алғыш, белсенді, көреген болды. Сол жылдардан бастап Қазақстан баспасөзі тыңның екінші майданына айналды. «Социалистік Қазақстан» газетінен бастап, балалардың «Қазақстан пионері» газетіне дейін тыңды мадақтаған, насихаттаған, үгіттеген мақалалар мен оқырман хаттары, өкімет қаулыларын бірінен кейін бірін үзбей жариялап жатты. Бұл бірауызды, бір дауысты «баспасөз хорын», әрине, орталықтағы «Правда» газеті бастап берді. Шындығын айту керек, баспасөз тыңның шашбауын көтерген осы әуенінен тоқсаныншы жылдарға дейін бір рет те жаңылысып көрген емес. Оған дәлел – 1984 жылы Қазақстан бойынша тың игерудің отыз жылдығы дәл бұрынғы дәстүрмен дүрілдеп өтті. Сол күндері, Қазақстан баспасөзі беттерінде мынадай тақырыптағы мақалалар жарық көріп жатты: «Партия мен халықтың аса үздік ерлігінің даңқы арта берсін!», «Даңқты жылдар эпопеясы», «Достық планетасы», «Партия мен халықтың ерлігі», «Әкелер жолын ұрпақтар жалғастыруда».

Тың игерудің алғашқы жылдары Қазақстан баспасөзі оны насихаттап қана қойған жоқ, бүкілхалықтық қозғалысты дамытуға тікелей үлес қосты. Газет тілшілері тың облыстарына лек-легімен барып-келіп жатты. Партиялық ұйымдастыру, бұқаралық саяси жұмыс баспасөзге арқа сүйеді. Тың игерудегі баспасөздің орасан зор рөлін білген өкімет басшылығы баспасөздің өз ішінде бірсыпыра ұйымдастыру шараларын жүргізді. 1954 жылы Қарағанды, Ақмола, Көкшетау, Орал облыстарында баспасөз қызметінің кеңесі өтті. Мұнда тыңды

насихаттаудағы баспасөздің міндеттері айқындалды. 1954-1955 жылдары барлық облыстың газеттері екі беттен төрт бетке ұлғайып, таралым саны көбейтілді. Оған қоса, тың өлкесіндегі 85 аудандық газет төрт беттік болып шығатын болды. Жаңадан құрылған шаруашылықтарда көп таралымды газеттер мен қабырға газеттері шығатын болды. 1956 жылы осындай 120 ауылдық жерде «Молния», «Крокодил» сатиралық газеттері пайда болды.

Баспасөз тың игерудің барлық проблемаларына араласып отырды. Мысалы, «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттері ауыл шаруашылығын техникамен жабдықтайтын өнеркәсіп орындарынан үзбей мақалалар беріп отырды. Социалистік жарысқа арнап мақалалар, очерктер мен арнаулы беттер ұйымдастырды. Жаңа қоныстанушылардың мәдени-тұрмыстық жағдайы (үй-жайы, сауда-саттық, дәрігерлік жәрдем, т.б.) үнемі баспасөздің назарынан тыс қалған жоқ.

«Правда», «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттері облыстық газеттерге шолу жасап, оларға бағыт беріп отырды. Журналистердің республикалық, облыстық кеңес, семинарлары мен курстары ұйымдастырылды. КОКП Орталық Комитетінің баспасөз қызметінің жағдайын жақсарту туралы қаулысы шығып, баспасөз мамандарын дайындау мен редакциялардың материалдық-техникалық жағдайын жақсарту шаралары жүргізіле бастады. Бұған газеттер де «іспен жауап беріп» жатты. Қ.Бекхожин «Қазақ баспасөзі тарихының очерктері» деген кітабында Солтүстік Қазақстан облысының «Ленинское знамя» газеті 1954 жылы үш айда тың игеру тақырыбына 80-нен аса материал, оның ішінде 6 бас мақала, 9 редакциялық және тілшілер мақаласы, 20-дан аса еңбекші хатын жариялап, социалистік жарыстың барысы жөнінде 15 жұмысшы бригадир мен директорға сөз бергені туралы деректі келтірді.

1956 жылы қазақстандық мол астық үшін күрес қозғалысы өрістеді. Осы жылдары Қазақстан партия ұйымдарының «Мемлекетке миллиард пұд астық берейік!» деген үндеуі мен соның шашбауын көтерген ұрандар баспасөз беттерінен түскен жоқ. Бұл науқанға тың көтермей «тыныш» отырған барлық облыстық газеттер де білек сыбанып кірісті. Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстық газеттерінің қаламы жүйрік журналистері Төлен Құлымбетов, Кәрім Баялиев, Әукен Жайлаубеков жақсы мақала, фельетондарымен жарқырай көрінді. Осы жылы республика диқандары көршілес республикалардағы әріптестерімен социалистік жарысқа түсті: қостанайлықтар –

алтайлықтармен, ақмолалықтар – красноярлықтармен, павлодарлықтар – новосібірліктермен, қарағандылықтар – кемеровтіктермен. Осыған орай, баспасөз беттерінде жарыс озаттары қостанайлық – Павел Бергун, Жансұлтан Демеев, Амангелді Исқақов, ақмолалық – Григорий Зубков, Николай Сергиенко, Қ.Алпысбаева, көкшетаулық – Александра Панфилова, Петр Музыка, т.б. туралы дабырата жазып жатты.

1952 жылы ақпан-наурыз айларында КОКП Орталық Комитетінің «Колхоз құрылысын одан әрі дамыту және машина-трактор станцияларын қайта құру туралы» ұсыныстары халықтық талқылаудан өтіп, МТС-тердегі техника ұжымшарларға сатып берілді. Осындай кезекті қайта құру кезеңінде, атап айтқанда 1958 жылы 30 тамызда КОКП Орталық Комитеті «Кеңес баспасөзінің жұмысшы және село тілшілерінің бұқаралық қозғалысына басшылықты жақсарту туралы» қаулысы қоса қабылданып, «социализм жағдайындағы баспасөз жұмысшының бағдарламалық құжаты» деп басталған бұл қаулыда: «XIX съезден кейін жұмысшы және село тілшілері сан жағынан да, сапа жағынан да өсті. Газеттер оларға сүйенуі керек!» – деген мазмұндағы нұсқаулар айтылды.

Өкімет тың игеруді белсенді насихаттаған газеттерді ынталандырып, баспаларға үлгі етіп отырды. 1958 жылы тың игерудің бес жылдығының қарсаңында және он мыңыншы нөмірінің шығуына орай «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттері «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталды. Газет тілшілеріне де наградалар берілді. Өз кезегінде газеттер мен тілшілер де тыңға дүниедегі барлық жақсы теңеулерді теліп бақты.

Ол жылдары «Партия айтты – комсомол орындайды!» деген сөз заңға айналған. Баспасөз де дәл осы жолмен жүрді. Аға газеттердің үлгісін ең аяғы қабырға газеттеріне дейін қайталау үлкен мақтанышқа айналды. «Қазақстан пионері» газеті 1969 жылдың көктемінде Шу өзені бойында қырғыз бен қазақ балаларының «Достық бағын» отырғызу қозғалысына айтарлықтай үлес қосты. Ол жылдары газет бетінде «Тың алқаптағы ауыл көңілді», «Мен де тыңгер боламын» секілді жаңа айдарлар көбейді. Газеттің 1957 жылғы редакторы М.Мамажанов: «Сол жылдары балалардың ұлы орыс тіліне деген құштарлығын, оны жетік үйрену жолындағы тәжірибесін жазу газеттің жетекші тақырыбы болған еді», – деп еске түсіреді. Бүгінгі көзбен қарасақ, мұның ана тіліміздің қағажу қалуына қаншалықты әсері болғанын да аңғарамыз.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Қазақстандағы тың игеру қозғалысын баспасөз сексенінші жылдардың соңына дейін сыпыра дәріптеу негізінде бір жақты жазып келді. Тың игерудің астық молшылығын жасау, жаңа қалалар мен селолар тұрғызу секілді жақсы жақтары асыра мақталғанымен, оның әсіресе қазақ халқының ұлттық тағдырына тигізген залалдары мен зардаптары жөнінде бір ауыз да сөз айтылмады. Оның есесіне, тоқсаныншы жылдан бергі қазақ тіліндегі баспасөз беттерінде тың игерудің қалтарыста қалған қара дақтары көбірек ашылып, көлеңкелі жақтары баса айтылды. Мұндай мақалалар, әсіресе, «Жұлдыз», «Арай», «Парасат» журналдарында, «Қазақ әдебиеті» мен бірқатар тың облыстарының газеттерінде жарияланды.

Қазіргі баспасөзде, әрине, бұрынғыдай тыңды насихаттау жоқ, тек бұл мәселеге өз көзқарасы тұрғысынан баға берушілік бар. Қазіргі кезде мұндай баға берудің екі түрлі тенденциясы басым көрініп жүр. Зерттеушілердің бір тобы тың игеру атымен жасалған қозғалыстың қазақтың елі мен жеріне келтірген кесел-залалдарын бұлтартпас дәлелдермен алға тартады. Бұл тақырып, әсіресе, «Арай» журналында 1991-1992 жылдары егжей-тегжейлі жазылды. Онда тың игерудің жоспарсыз басталып, тым асыра сілтеу болғандығы айтылады. Қазақстанда 25 миллион гектар жер жыртылып, соның 20 миллионы 1956 жылға дейін-ақ «игерілген» екен. Осының салдарынан тың жер эрозияға ұшырап, алғашқы 3-4 жылдан кейін өнімділік күрт азайған. Бүкіл тың тарихында үш-ақ рет миллиард пұт астық алынған. Демек, жел сөз көп болған. Ақырында, «Тың өлкесі» деп аталған облыстар экологиялық жағынан қатты бүлінді. Осы облыстардың көптеген аудандары «экономикалық және әлеуметтік жағынан артта қалған 70 аудан» дейтін тізімге ілікті. Жердің нәрін емген, халықты, әсіресе, жергілікті тұрғындарды ауру-сырқау жайлады. Рухани эрозия қоса келіп, адамдарды арақ аздырды. Тұрғын халық ана тілінен айырыла бастады. «Қазақ әдебиеті» газеті тың көтеру жылдары 700-дей қазақ мектебінің жабылып қалғанын ашына жазды.

Жазушы, журналист Ә.Көпішев өзінің «Адыра қалған ауылдар» атты мақаласында тың облысындағы «Жұмай» ауылының бұрын миллионер колхоз атанғанын айта келіп, тың игерілгеннен кейін бұл ауылдың қамқорлықтан мүлдем тыс қалғанын айтады. «...Қазіргі «Жұмайда» екі мыңға жуық сауын сиыр, 9 мың гектар егістік қалған. Еденіне тақтай да төселмеген сыз үйлер. Рахит, туберкулез т.б. қазақ ауылдарына кең тараған дімкәстерге душар болған балалар, үлкендер...»,

– дей келіп, автор бұл жүздеген қазақ ауылдарының басында бар жағдай екенін айтады.

Тың жерді игеру алғашында уақытша шара, астық қорын жасаудың тактикалық тәсілі ретінде ойластырылды десе де, оның астарында Мәскеудің басқа да мүдделері болғандығы мерзімді баспасөзде көп айтылып жүр. Тың көтерудің қате болғандығы Л.М.Богденко, В.П.Данилов секілді ғалымдар кейінірек айтты да. Бірақ өкімет тарапынан бұған құлақ асқан ешкім болмады. Шынында, ұлан-байтақ жерді мөлшерсіз жыртып тастап қарап отырумен ештеңе бітпейтіні түсінікті де. Бабын тауып, жағдайын жасамаса, жер өнім бере ме? Алғашқы үш-төрт жылдан кейінгі жағдай мұны дәлелдеп берді. Бірақ, журналист Ж.Қуанышев айтқандай, «көтеріңкі көңіл-күйге» негізделген орталықтың өктемдік саясаты жергілікті жерлердің мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне пысқырып та қарамады». «Қазақстан үшін тыңды игеру де тура «соғыс сипатында» басталды деуге болады. Жыртылған жерлер бірнеше күннің ішінде-ақ таңдап алынды, оның үстіне сәтсіз таңдалған жерлер көп кездесті», - деп жазды жоғарыда айтып өткен ғалым М.Л.Богденко тың туралы зерттеу еңбегінде.

Тың игеру науқанының үлкен зардаптарының бірі – Қазақстандағы демографиялық тепе-теңдіктің жасанды түрде әрі күшпен бұзылуы Қазақстанды «жүз ұлттың лабораториясына» айналдырған да дәл осы тың екені даусыз. «1954-1956 жылдарда Қазақстанға сырттан 640 мың адам қоныс аударып келді», - деп жазады тарихшылар С.Ковальский мен Х.Маданов. Ал журналист Ж.Қуанышев өзінің жоғарыдағы мақаласында бұл туралы: «...қалың тасқынның ішінде өзінің құлқыны мен жеке басының қамын көздеген ашкөз тобырдың көбейіп кетуі жергілікті тұрғындарды да, партия ұйымдарын да шоқ басып алғандай шаршатты», - деп жазды.

Тың игерудің экономикалық тиімділігіне қарағанда экологиялық зардабы анағұрлым ауыр болғаны бұл күні әркімге белгілі шындық. Қазір Солтүстік облыстарда топырақ құнарының 30 процентке жуығы жойылып, тек 1960 жылға дейінгі кезеңнің өзінде ғана 9 миллион гектар жер істен шыққаны белгілі болып отыр. Ғалымдардың есебіне қарағанда, осыншама шығынмен, ойсыраған зардаптармен тың көтерілмей-ақ, оның есесіне астық өнімін гектарына небәрі бір центнерден ғана арттыра алған болсақ, әлдеқайда ұтады екенбіз. Ал шындық жағдай бұған керісінше болды. Гектарына 20 центнерден астық жинауды көкसेген тың идеясының авторлары орта есеппен 7 центнерге қанағаттануға мәжбүр болды.

Тың игеру жылдары республикамызда басқа ұлт өкілдерінің үлес салмағының күрт артуына байланысты ұлттық тіліміз бен дініміздің, ұлттық болмысымыздың шеккен зардабы өз алдына бөлек әңгіме. Бұл туралы баспасөз беттерінде кейінгі кездері аз жазылып жүрген жоқ.

Тыңға байланысты баспасөз бетінде пікір айтушылардың екінші бір тобы тыңның зиянды болған жақтарын айта келіп, сонымен бірге оны мүлдем жоққа шығармай, жақсы жақтарын мойындайтынын білдіреді. Мысалы, К.Смайылов «Н.С.Хрущев: ағы мен қарасы» деген мақаласында: «Тың игеру кезіндегі еліміздегі селоға деген қаржы мен техниканың басым көпшілігі Қазақстанға бөлінді, жіберілді. Соның арқасында кең далада қанша поселкелер орнады, жолдар тартылды. Оны ұмытуға да, бұрмалауға да болмайды!»-десе, биология ғылымдарының докторы Р.Жанпейісов «Тыңды бірыңғай жамандауға қосылмаймыз»,- дей келіп, «Қазақ әдебиеті» газетінің 1990 жылғы 9 наурыздағы нөмірінде жарияланған «Аманат хат» деген мақаладағы «...жерімізді аздырып, құнарсыз қалған, жайылым өрісін тарылтып, зиянын тигізген тың игеру экономикалық қате саясат»,-деген пікірге реніш білдіреді. 1994 жылдың ақпан айында Қазақстанда тың көтерудің қырық жылдығы аталып өтті. Бұл жолы бұрынғыдай көпірме сөздер болмаса да, өзінің байыпты бағасын алды. Ақпанның 25-і күні Ақмоладағы тыңгерлер сарайында өткен салтанатты жиында Республика Президенті Н.Назарбаев Қазақстан тыңына баға бере келіп: «Тың игеру шын мәнінде дәуірлік сипат алған оқиға болды»,- деді. Осы тұста республикалық және облыстық баспасөз беттерінде тыңға байланысты ардагерлердің де естеліктері жарияланды. Солардың көпшілігінде сыпайыгершілік кемерінен асып кетпей, өткен оқиғаға байсалдылықпен баға берушілік байқалады.

Қалай дегенмен де, тың игеру қозғалысы қазақстандықтардың, оның ішінде қазақ халқының да тағдырымен терең байланысып кеткен, қайшылығы мол, күрделі оқиғалардың қатарына жататыны ақиқат. Ал баспасөз болса, тың ақиқатын енді ғана айта бастады. Сондықтан, тың туралы шынайы баға уақыт еншісінде деп білеміз.

ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

Желтоқсан ызғары

Ең алдымен 1986 жылғы Желтоқсан ақиқаты алғаш баспасөз бетінде қалай жария етіліп, түсіндірілгенін еске алайық. Барлық материалдар бір жақты сипатта болды. Алматыдағы оқиға туралы алғашқы мәліметті бұрынғы Кеңес одағының телеграф агенттігі Желтоқсанның 18 жұлдызында хабарлады. Жай ғана «Алматыдан хабар» деп аталған шағын материал бұған дейін баспасөз бетіне шығып көрмеген тосын оқиғаны таратқан. Оны жарыса қайталағандардың ішінде, өкінішке орай, көптеген қазақ газеттері де бар болатын? Бірақ, жариялылық деген құдірет жоқ кездегі жағдай үшін кімді кінәларсың? Одан кейін орталық баспасөз Желтоқсан оқиғаларын жіліктеп шағып, өздерінше «ақ-қарасын» ашып берген «сүбелі» материалдар ұсына бастады.

Ол басылым беттерінде негізінен Алматы көшелерінде байқалған ұлтшылдық көріністерге кінә тағу, сөгу, ал тәртіпсіздіктерді ұйымдастырушыларды міндетті түрде табу, ұстау, соттау керек деген пиғылдағы ойлар ашық айтылып жатты. Ал заң жүзінде бұл міндетті сол кезде халық соттары онсыз да қамшы салдырмай орындау үстінде еді. Кезінде жазықсыз сотталып, кейіннен толық ақталған Сәбитова мен Рахметовтың, Салықова мен Қожахметовтың және басқалардың істері соның дәлелі. Айтып, айтпай не керек, сол бір қазақ жастары туғызған дүрбелеңді сын сағатта аты-шулы оқиғаны арнайы ұйымдастырушылар болды деп биік мінбелерден айтылған тұжырымдарға да кейіннен дәйек пен дәлел табылмай, ақыры ол сиырқұйымшақтанып барып басылды.

1987 жылғы қаңтардың бірінде «Литературная газетада» жарық көрген мақаласына көңіл аударалық. Онда өкінішке орай: «Уақыты келгенде Алматыдағы оқиғаны ұйымдастырушылардың кім екенін білетін сәттің туатынына мен сенемін, шүбәсіз сенемін... Халық, мен өзінің ұлы болып саналатын халық республикада тұратын қазақтар мен басқа да халықтардың арасына баспалап келіп, сенімсіздік ұрығын сепкісі келгендердің түрін де, аты-жөнін де білуге тиіс. Біздің балаларымызды кімдердің алдағанын білетін күн де келеді. Өтірік және өсекпен, оларды студенттік жатақханалардан алып шығып, қолдарына дұшпандық, сауатсыз транспоранттар ұстатып өздері бас сауғалап қалғандарды әлі білетін боламыз», – деп жазды автор.

Одан кейін бұл пікірді араға екі апта салып шыққан нөміріндегі «Шындық сабақтары» атты мақаласында газеттің меншікті тілшісі А.Самойленко іліп алып, одан әрі «данышпандықпен» өрбітеді. Ол: «Көп жастар жазасын алды, комсомолдан шығарылды, правоға қарсы әрекеттері үшін оқу орындарынан қуылды, біразының бұзақылығы, жаппай тәртіпсіздік жасағаны үшін оқу орындарынан қуылды, біразының бұзақылығы жаппай тәртіпсіздік жасағаны үшін істері сотта қаралатын болды. Әрине, тәртіпсіздіктердің басшыларын, ұйымдастырушыларды іздестіруді табанды түрде жедел жүргізу керек», - деп шешендік танытты.

Шындығын айту керек, осы орталық басылымдардың беттерінде жарияланған материалдарда бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда біржақты, көлеңкелі, қара күйелі тұстары басым болуымен қатар, оқиғаға байыппен қарауға деген ұмтылыс, мәселенің түп-төркінін әлеуметтік жағдайлардан іздестіруге деген талпыныс та болды. Алайда, ең басты мәселе – жастардың алаңға неге шыққаны тұрғысындағы әңгімеге келгенде авторлардың барлығы да оларды біреулер айдап салды деген жалған тұжырыммен ғана шектеліп қалды.

Осындай ойдан сол кездегі комсомолдардың сүйікті органы «Комсомольская правда» да асып кете алған жоқ. Оның тілшісі А.Лапин өзінің «Ащы сабақ» деген материалында Алматыда болған желтоқсан оқиғасын былай деп айыптайды: «Біршама уақыт өтіп, ұлтшылдық пиғылдағы Желтоқсан оқиғаларындағы іс-әрекеттердің себебі айқындала түскен шақта бұған не деп жауап беруге болады? Бір нәрсені сеніммен айтар едік: «Болған жайдың себептері ең алдымен жастар арасындағы идеологиялық жұмыстардың елеулі кемшіліктері, патриоттық-интернационалдық тәрбиенің әлсіреуінде жатыр. Жастардың бір бөлігінің ұлтшылдық көзқарастары кеше ғана қалыптасқан жоқ. Олар баршаның көз алдында, уақытымен оталмаса қаулап өсетін арамшөп сияқты өскен болатын.

Республикада жүзден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері тұратынына қарамастан, қазақ астанасында, қаланың жоғары оқу орындары мен техникумдарында оқытындардың басым көпшілігі жергілікті ұлт өкілдері екендігіне назар аудармады. Жатақханада студенттердің ұлттық белгісіне қарай орналасуына ұсақ-түйек деп қарады».

Бұдан біздер жастар газеті тілшісінің бар мәселені ұлтшылдыққа ойыстырып, нақты жауаптан қашқақтағанын байқаймыз. Өйткені сол тұста партияның сенімді идеологиялық қаруына айналған бұқаралық

ақпарат құралдарында «ұлтшыл» жастардың оқу орындарында өз ана тілінде оқи алмайтыны, астана зауыттар мен фабрикаларында ең аз ақылы жұмысқа қолдары әрең жететінін, мүмкіндіктерінің толық жоқтығы, пәтер зардабын шеккендер тек қазақтар екендігін, қазақ тіліндегі мектептердің, бала-бақшалардың жыл санап жоғалып бара жатқандығын, ұлт тағдырына, тіл тағдырына қатысты көкейкесті, күрделі мәселелердің, проблемалардың шешімін таппай келе жатқаны жөнінде жергілікті ұлт өкілдерінің көп жерде кемсітушілікке ұшырап, өзінің азаматтық құқығын тіпті қорғай да алмай қалатыны жайында бір ауыз сөз айтылған жоқ.

Керісінше, қазақ жастарының мектепті қазақша бітіретіндігі, орыс тілін нашар білетіндігі негізгі күнә ретінде алға тартылды. Мәселен, орталықтан істің ақ-қарасын айыруға келген тілшіміз осыған орай комсомол қатарындағы студенттердің іс-қағаздарын қарап отырады да өзі үшін мынадай жайды анықтап, жаңалық ашады: «Біріншіден, олардың басым көпшілігі республиканың оңтүстік облыстарында тұратын халық болғандықтан негізінен бірыңғай болып келетін шағын селолар мен поселкелерде тұрған. Үлкен бөлігі ұлт мектептерін қазақ тілінде бітірген. Орыс тілін нашар біледі. Оқулары да орташа. Көбі өндірісте жұмыс істемеген немесе армия қатарында қызмет атқармағандар».

Жарайды, бұл біз айтып отырған «Комсомольская правданың» тілшісі халқымыздың тілінен, тарихынан, салт-дәстүрінен, қилы-қилы тағдырынан маһрұм болсын, оның республикаға аты беріліп отырған ұлт жайында білетіні шамалы, ол сол жақтағы Мәскеу тарапынан айтылатын әміршілдік сарынға үндескен ойын білдірді делік.

Ал, осы тұрғыдан алғанда, әр нәрсеге әділ қарауға тиісті болған, қара қылды қақ жарған партияның көзі мен құлағы есептелген «Правда» газетіне, оның Қазақстандағы «интернационалисіне» не жорық?! Осы басылымның тілшісі Т.Есілбаевтың бұл басылымның 1987 жылғы ақпанның он бірінші жұлдызында жарық көрген «Мардымсудың зардабы» атты мақаласы парықсыздыққа қара күйені баттастырып жаға салған қылмысқа пара-пар болды. Бұл мақала сол кездегі қиыншылыққа қарамастан қазақ оқырмандарының ашу-ызасын келтірді. Себебі сол кездегі саясатқа орай одақтық газет-журналдарда жарияланған барлық материалдар ұсақ-ірілеріне қарамастан арнайы нұсқаулар арқылы ұлт тіліне аударылып, халыққа жеткізіліп отырды.

Сөйтіп бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған желтоқсан жаңғырықтарында, олардың авторлары өз пікірлерін ешбір

негізсіз, ғылыми дәлелдерсіз жариялап жатты. Осы бір, қазақ ұлтшылдығын «дәлелдегенде», тырнақ астынан кір іздеуде, орыс зиялыларынан қазақ «оқығандары» да қалыса қойған жоқ. Бір сөзбен айтқанда, одақтық басылымдарда «Партия тұрмысы», «Баспасөзге шолу» айдарларымен берілген көптеген мақалаларда желтоқсан оқиғасының тууына республикалық газеттер мен журналдардың беттерінде интернационалдық тәрбие мәселелерінің аз жазылатындығы, коммунистік идеологияның өз дәрежесінде жүрмей отырғандығы тәтпіштеп жазылды.

Желтоқсан оқиғасын талқылау үшін іле-шала шыққан әшкере құжаттарда айтылып, кінә таққан, жұрттың аузынан түспеген ерекше бір дерек Алматыда «Ер Төстік» атты қазақ балабақшасының болғандығы. Астанамыздың мектеп жасына дейінгі мекемелері тарихында алғашқылар санында ашылып, «өлгенде бір көрген» сол қазақ балабақшасы, «Правда» журналисінің «жүрдек қаламынан» тыс қалған жоқ.

Қазақ балабақшасының жеке шаңырақ көтеруі сол кезде шын мәнінде жұрт қуанатын жаңалық болғаны рас. Ал «қазақ патриоты» Т.Есілбаев мырзаның пікірі бұған мүлде кереғар еді. Себебі орталықтың «идеологы» осы жаңалықты, халық қолдаған қуанышты, өз оқырмандарынан сүйінші сұрап, аңқылдай хабарлаған басылымдарды жерден алып, жерге салды. Ал осы бір балабақша мысалынан-ақ ұлттық оқшаулықтың ашықтан-ашық насихатталып отырғанына қатты ашуланып, оған республикалық газеттің бір бетінің едәуір бөлігін арналғаны қалай деген таудай реніш білдірді. Автор онымен де шектелмей сол кездегі одақтың сойбылын соғып «соншама дабырлайтындай шын мәнінде-ақ тарихи оқиға екен», – деп мысқылдап кекетті.

Тілші мырзаның бұдан кейінгі шүйілген жайы одан да бетер болды. Ол «Лениншіл жаста» жарияланған белгілі қазақ ақынның (Ә.Тәжібаевтің) тіл туралы пікіріне тиіседі. Ақсақал ақынымыз коммунистік «Правдаға» жақпайтын не айтты екен дейсіз ғой сонда? Ол мынау: «Туған тілін мақтан ету, оны сақтау, оның өрлеп, өсе түсуіне еңбек сіңіру әрбір қазақтың, әрбір қазақ семьясының, жүрегі қазақ әрбір адамның, бүкіл қауымның бірден-бір міндеті. Халықтың қуаты – тілдің қуаты. Біз қазақ ана тілімізді ең айтқыш, ең білгір, ең бай тілдердің біріне айналдыруымыз керек. Бұл бүгінгі біздің, ертеңгі жас ұрпақтың міндеті».

Осында не бар? Бұрыннан айтылып келе жатқан, бүгін де, ертең де айтылуға тиісті, ұрпақтарға өсиет емес пе? Ал орталық партия газеті, оның қазақ тілшісі осыдан ұлттық, өзімшілдік нышанын көреді және

мұндай ойлардың жастар газетінде насихатталуы теріс деген ой тастайды. Қысқартып айтсақ, «Правда» газетінің пікірінше, оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде жүргізілетін мектеп пен балабақшалар аз емес екен. Барлық жерде оларды ашу туралы мәселе қоюдан гөрі «әр ұлттың балалары оңаша болмай, ортақ бір мектепте оқып, ортақ бір балабақшада тәрбиеленгені әлдеқайда дұрыс». Жоғарыда айтқанымыздай, бұл «мардымсудың зардабы» ертеңінде-ақ республикада шығатын газеттердің барлығына жапа-тармағай аударылып, көшіріліп шығарылды.

Өзінің әріптестері ат басын еркін жіберген, жалған әшкерелеу шабысынан «Известия» газеті де қалысқан жоқ. Оның тілшісі Алматыға келген сапарынан «Шырмауық» атты мақала туындатып қайтты. Тағы сол бір жақты сарын. Тілші республика астанасындағы жоғары оқу орындарының ректорлары және факультет декандары қазақ ұлтынан екендігін жергілікті ұлт жалпы халық санының жартысына жетпейтіндігіне қарамастан институттардағы қазақ жастарының көбейгендігін, Брежнев алаңына шыққан жастардың арасында жұмысы бетімен жіберілген заң факультеттерінің студенттері, архитектура-құрылыс, зоотехникалық мал дәрігерлік институттарының дүмшелері болғанын және алаңға келгендердің басым көпшілігі күткендей-ақ оңтүстіктен келген жастар екендігін аса бір айызы қана отырып тізбелейді. Қазақ жастары арасындағы жоғары білім алуға деген құлшынысты қуаттаудан гөрі қаралауға бейім көзқарас, қазақ студенттері көбейіп кеткен Алматы, басқа да тұстарға қарағанда жергілікті ұлт көбірек жинақталған оңтүстіктегі облыстардың бел ортасында жатқандығын да қаперге алуды қажет деп таппайды. Өйткені желтоқсан оқиғасы сол кезде өртеніп тұрған тақырып болды. Ал, мұндайда кім отты көбірек көсесе, сол мықты көрінетіні бар. Бірақ, ол өтімділікті орталық газет тілшілерінің ұлтқа, халық мүддесіне тиісу арқылы тапқаны жалпы адамгершілік аясына сия бермейтін лас іс еді.

Осы жерде Мәскеулік журналистердің жұмысында сол желтоқсан оқиғасына байланысты қалай болса, солай көсілте, көпірте мақалалар жариялау дәстүрге айналып кеткенін ашып айтуымыз керек. Сол бір кез тарихта алтын әріппен жазылған 1986 жылдың желтоқсан ызғары жаңару күніне жеткізсе де, әлі де кей авторлардың тек ұлт мәселесіне байланысты тақырыпқа үйірсектік танытып, жоқ жерден ілік іздеп тұратыны жанға батады. Елімізде соңғы кездерде айқын демократиялық өзгерістер, бүкпесіз жариялылық, республика егемендігі мен дербестігі тұрғысында келелі жұмыстар өрістеп, жаңаша ойлаудың жарқын

арналары ашылуда. Алайда, орталық газеттердің сол бір дүрбелең кезде республика қамымен бас ауыртып, балтыр сыздатпағаны белгілі.

Сілтемелер көрсеткіші

1. М.Әуезов. Әдеби мұра және оны зерттеу. А., 1961.
2. С.Мұқанов. Халық мұрасы. А., 1974.
3. Б.Кенжебаев. Қазақ баспасөзі тарихынан мәліметтер. А., 1956.
4. Қ.Бекхожин. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. А., 1981.
5. «Дала уалаятының газеті». 1889жыл, 14-наурыз, №12.
6. «Дала уалаятының газеті». 1889 жыл, 17-ақпан, №7.
7. «Дала уалаятының газеті». 1894 жыл, №18.
8. «Дала уалаятының газеті». 1890 жыл, №6.
9. «Дала уалаятының газеті». 1896 жыл, №31,32.
10. «Дала уалаятының газеті». 1899 жыл, №22, 23.
11. «Дала уалаятының газеті». 1894 жыл, №12.
12. «Дала уалаятының газеті». 1900 жыл, №14.
13. «Дала уалаятының газеті». 1897 жыл, №10.
14. «Дала уалаятының газеті». 1890 жыл, №11.
15. «Дала уалаятының газеті». 1890 жыл, №21.
16. ҚСӘ. 2-том, 128 бет.
17. Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы. Алты алаштың ардақтылары. А.,1994.
18. «Қазақстан» газеті. 1911 жыл, 15-қараша.
19. «Айқап». А., 1995. Құрастырғандар Ү.Сұбханбердина мен С.Дәуітов.
20. «Қазақстан» газеті. 1912 жыл, №11.
21. «Айқап» журналы. 1911 жыл, №11.
22. «Айқап» журналы. 1912 жыл, №3.
23. «Айқап» журналы. 1912 жыл, №8.
24. «Айқап» журналы. 1913 жыл, №19.
25. Ү.Сұбханбердина. «Қазақ. Сарыарқа. Алаш». А., 1993.
26. «Қазақ» газеті. 1913 жыл, №11.
27. «Қазақ» газеті. 1913 жыл, №14.
28. «Айқап» журналы. 1912 жыл, №4,5.
29. «Қазақ» газеті. 1917 жыл, №240.
30. «Қазақ» газеті. 1913 жыл, №6.
31. «Қазақ» газеті. 1913 жыл, №30.
32. «Қазақ» газеті. 1913 жыл, №35.
33. «Қазақ» газеті. 1916 жыл, №200.

34. «Еңбекші қазақ» газеті. 1926 жыл, 8-шілде.
35. «Еңбекші қазақ» газеті. 1926 жыл, 8-шілде.
36. «Қазақ» газеті. 1917 жыл, №244.
37. «Қазақ» газеті. 1914 жыл, №65.
38. «Қазақ» газеті. 1915 жыл, №93.
39. «Қазақ» газеті. 1915 жыл, №112.
40. «Қазақ» газеті. 1917 жыл, №230.
41. «Қазақ» газеті. 1917 жыл, №247.
42. Ө.Әбдіманов. «Қазақ» газеті. А., 1993.
43. Кудаш С. Незабываемые минуты. М., 1964.
44. С.Байменшин. Майлының Бейімбеті. А., 1994.
45. Т.Кәкішев. Садақ. А., 1986.
46. «Қазақ әдебиеті» газеті. 1935 жыл, 2-қазан.
47. «Садақ» журналы. 1915 жыл, №3.
48. Қазақстан республикасының конституциясы. А., «Қазақстан». 1993 жыл, 12 бет.
49. «Хронолигический перечень войска». Омбы, 1891.
50. «Степной край» газеті. 1896 жыл, №42.
51. «Қазақ» газеті. 1913 жыл, №4.
52. Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. А., 1960.
53. С.Мұқанов. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Қызылорда. 1932 жыл.
54. «Қазақ» газеті. 1913 жыл, № 42.
55. Қазақ ССР тарихы. III том, 418 бет.
56. «Айқап» журналы. 1911 жыл, №11.
57. «Қазақ» газеті. 1914 жыл, № 48.
58. «Айқап» журналы. 1911 жыл, №2.
59. Ө.Әбдіманов. «Қазақ» газеті. А., «Қазақстан», 1993, 62-63 беттер.
60. «Қазақстан» газеті 1912 жыл, №11.
61. «Қазақстан» газеті. 1912 жыл, №11.
62. «Айқап» журналы. 1911 жыл, №11.
63. «Қазақстан» газеті. 1912 жыл, №4.
64. «Айқап» журналы. 1913 жыл, №20.
65. «Айқап» журналы. 1911 жыл, №9.
66. «Айқап» журналы. 1912 жыл, №6.
67. «Қазақ» газеті. 1913 жыл, №34.

68. «Қазақ» газеті. 1913 жыл, №36.
69. «Қазақ» газеті. 1913 жыл, №24.
70. «Қазақ» газеті. 1914 жыл, №54.
71. М.Қозыбаев. «Әмір Әбдіғапар» мақаласы. «Қазақ әдебиеті» газеті. №9, 1994 жыл.
72. Қазақстан республикасының Орталық мемлекеттік архиві. 44-қор, 164. 24-бет.
73. С.Сейфуллин. 5 томдық шығармалар жинағы. 4 том. А., 1988.
74. Т.Рысқұлов. Избранные труды. А., «Қазақстан». 1984.
75. «Қазақ» газеті. 1917 жыл. №254.
76. Бөкейханов, Шестаков. «1916 жыл». А., 1926 жыл.
77. М.Қозыбаев. Әмір Әбдіғапар. «Қазақ әдебиеті» газеті. №9. 4-наурыз, 1994 жыл.
78. Амангелді Иманов. Документы и материалы. 54-бет.
79. М.Қозыбаев. Әмір Әбдіғапар. «Қазақ әдебиеті» газеті. №9. 4- наурыз, 1994 жыл.
80. Восстание 1916 года в Казахстане (документы и материалы). А., 1947.
81. Сапарғалиев К. Карательная политика царизма в Казахстане (1905-1918). А., «Наука», 1916.
82. Восстание 1916 года в Казахстане (документы и материалы). А., 1947.
83. Восстание 1916 года в Казахстане (документы и материалы). А., 1948. Документ №26, С. 25.
84. Сармурзина А., Григорьев В. Бөкейханов және тарих шындығы. «Қазақ әдебиеті» газеті. 1989, 7-шілде.
85. «Қазақ» газеті. 1916 жыл, №188.
86. «Қазақ» газеті. 1916 жыл, №207.
87. «Еңбекші қазақ» газеті. 1926 жыл, 8-шілде.
88. «Қазақ» газеті. 1916 жыл, №190.
89. «Красный архив» журналы. 3-т. 1919 жыл, 60 бет.
90. К.Нұрпейісов. Алаш һәм Алашорда. А., «Ататек». 1995 жыл, 6-бет.
91. М.Дулатов. Шығармалары. А., 1991 жыл, 9-бет.
92. Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы. Алты алаштың ардақтылары». А., 1994, 42-бет.
93. М.Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. А., 1995. 324-бет.

94. К.Нұрпейісов. Алаш һәм Алашорда. А., 1995. 126-бет.
95. Т.Кәкішев. Кер заманның кереғар ойлары. А., 1995.
96. Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы. Алты алаштың ардақтылары». А., 1994.
97. К.Нұрпейісов. Алаш һәм Алашорда. А., 1995.
98. Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразаев. Қазақ журналистикасының тарихы.А., 1996.
99. «Сарыарқа» гезеті. 1917 жыл, №22,23.
100. «Сарыарқа» газеті. 1917 жыл, №3.
101. «Ана тілі» газеті. 1993 жыл, 11- ақпан.
102. Ә.Тәкенов, М.Шоқай өмірінің кейбір қырлары. «Қазақ тарихы» журналы. 1996 жыл, №5.
103. «Ана тілі» газеті. 1993 жыл, №6, 11-ақпан,
104. «Бірлік туы» газеті. 1918 жыл, №21.
105. Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразаев. Қазақ журналистикасының тарихы.А., 1996.
106. Богачев А.К. У истоков. Воспоминание. А., 1971. Бурабаев М.С. Общественная мысль Казахстана в 1917-1940 гг. А., 1991. Елеуов Т. Қазақ ауылында Совет өкіметінің орнауы мен мағынасы. А.,
107. К.Нұрпейісов. Алаш һәм Алашорда. А., 1995. 286-бет.
108. Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. А., Атамұра. 1994. 240- бет.
109. С.Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу. А., Жазушы. 1977. 392 бет.
110. Әбішев Т. Тағдыр. «Егемен Қазақстан» газеті. 1997, 11-маусым.
111. Сонда.
112. Абай. Қара сөздер. А., 1983. 64-бет.
113. Беренбаум, Давыдова. История книги. М., 1971, стр. 277.
114. Ә.Бектемісов. Қазақстандағы баспа бетінің дамуы. «Қазақстан коммунисті» журналы. 1968, №8.
115. Е.Нығметов. Мол мұра. «Қазақ әдебиеті» газеті. 1977, қараша.
116. М.Сужиков. Қазақстан кітап сүюшілер өлкесі. «Лениншіл жас» газеті. 1963 жыл, 12-маусым.
117. С.Мұқанов. Өмір мектебі. А., 1964. 116 бет.

118. Бектемисов. Книгоиздание в Советском Казахстане. А., 1972. с.35.
119. М.Горький. Әдебиет туралы. А., 1984. 257-бет.
120. А.Бектемисов. Книгоиздание в Советском Казахстане. А., 1972. С.35.
121. «Лениншіл жас» газеті. 1927 жыл, 23 желтоқсан.
122. Т.Кәкішев. Дәуір дидары. А., 1980. 61-бет.
123. Ә.Жиреншин. Қазақ кітаптарының тарихынан. А., 1971. 172 бет.
124. М.Дулатов. Шығармалары. А., 1991. 12 бет.
125. Ж.Аймауытов. Шығармалары. А., 1989, 146-бет.
126. «Қазақ әдебиеті» газеті. 1988.23-желтоқсан.
127. «Айқап» журналы. 1914,№4.
128. Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. А., 1988, 21 бет.
129. А.Байтұрсынов. Ақ жол. А., 1991. 10 бет.
130. М.Әуезовтың 1923 жылғы жазғанынан.
131. Ә.Қарағұлов. «Социалистік Қазақстан» газеті. 1957, 15-қыркүйек.
132. А. Бектемисов. Книгоиздание В Советском Казахстане. А., 1972.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
БІРІНШІ БӨЛІМ	
Қазақ мерзімді баспасөзінде тарихтың «АҚТАҢДАҚ» мәселелерінің жазылуы	
БІРІНШІ ТАРАУ.	
«Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Торғай газеті» қазақ халқының саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелері туралы	4
ЕКІНШІ ТАРАУ.	
Қазақ тіліндегі алғашқы биресми газет-журналдар және онда қызмет істеген ірі тұлғалар	12
ҮШІНШІ ТАРАУ.	
«Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жер мәселесінің жазылуы	27

ТӨРТІНШІ ТАРАУ.	
1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс және «Қазақ» газеті	53
БЕСІНШІ ТАРАУ.	
«Алашорда» қозғалысы және «Қазақ» газеті	75
АЛТЫНШЫ ТАРАУ	
Қазақтың жалпыұлттық демократиялық басылымдары және онда қызмет істеген ірі тұлғалар.....	82
ЖЕТІНШІ ТАРАУ	
«Үш жүз» партиясы және «Үш жүз» газеті туралы	94
СЕГІЗІНШІ ТАРАУ	
Қазақ тілінде 1917-1933 жылдар аралығында жарық көрген кітаптар.....	108
ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ	
Қазақ жеріндегі жаппай ашаршылық және репрессия жылдарындағы баспасөз	120
ОНЫНШЫ ТАРАУ	
«Ұлтшылдық сарынға қарсы күрестің» құрбандары	127
ОН БІРІНШІ ТАРАУ	
Тың көтеру зардаптары	130
ОН ЕКІНШІ ТАРАУ	
Желтоқсан ызғары	137
Сілтемелер көрсеткіші	143

Қырықбай Аллаберген

Тарих және баспасөз

*Редакторы А.Аманбекова
Көркемдеуші редакторы А.Әубәкірова
Техникалық редакторы Г.Н.Сейтахметова
Корректорлары: А.Жамалова, Ж.Шайманова*

*Теруге ж. жіберілді.
Басуға ж. қол қойылды.
Көлемі 7,85 шартты б.т.
Таралымы 300 экзemplяр.
Тапсырыс №*

*Павлодар мемлекеттік С.Торайғыров атындағы университетінің «Кереку»
баспасы,
637000, Павлодар қаласы, Ломов көшесі - 64.*